



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№11, ҚАРАША, 2013

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Мәннән ТҰРҒАНБАЙҰЛЫ. Ұлтшылдық.....3

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы және «Нұр Отан» партиясы.....5

Сейілбек МҰСАТАЕВ, Ғадылбек ҚИНАНҰЛЫ. «Қытай ғажайыбынан» Қазақстан қандай сабақ алуы тиіс?.....12

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жания ӘБДІБЕК. Тарих, тарихшылар және билік.....20

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Оразақ СМАҒҰЛОВ. Биліктің тарихқа әсері мол.....29

Эльмира ТЕЛЕУОВА. Тарихтағы саяси тәжірибелердің мемлекеттік саясатқа ықпалы болса.....30

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Тағы да мемлекетшілдік туралы.....33

Досай КЕНЖЕТАЙ. Иасауи атамыз «Зиялы» деп кімді айтады.....38

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Еркебұлан ӘЛІМХАНҰЛЫ. Жаһандану үдерісі: БАҚ, мемлекет және зиялы.....43

Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ. Ұлттық құндылықтарға көзқарастың бір қыры – ұлтсыздық.....48

МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Әмірхан МЕНДЕКЕ. Ұлтбезерлік немесе ұлтбезерлікті мемлекеттік саясаттың құралына айналдыруға бола ма?.....56

ДІНТАНЫМ

Әбдіжәлел БӘКІР. «Миссионер туралы жетілген» анықтама жетілдірді ме?.....61

ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАН СЫРЫ

Игілік ӘЙМЕН. «Өмір» деген – «Сіздер», «Өлім» деген – «Біздер».....68

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА	
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ. Қазақ қалпы.....	75
ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН – ҚЫЗЫЛ ТІЛ	
Серік ЕРҒАЛИ. «Жұрттың бәрі түсінетін тілде сөйлейік» деу – тілдік ортаны күйретеді.....	84
МҰРАТ МӨНКЕҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 170 ЖЫЛ	
Бауыржан ОМАРҰЛЫ. Мұратану және мұраттану.....	88
ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ	
Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ. Тарпаң тағдыр, тентек ойдың иесі.....	91
ТАРИХНАМА	
Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ. Ілияс Жансүгіровтің Мырзашөлге келуі.....	96
ОҚЫРМАН ХАТЫ	
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА. Аласқан адам – азғын адам.....	101
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ 70 ЖЫЛ	
Өнер-білім – сұлулық мекені.....	102
КІТАП ӘЛЕМІНДЕ	
Адамзаттың өткені мен келешегін зерделейтін еңбек.....	103
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Ербол ТІЛЕШОВ. Алаш қозғалысына қатысқандар: күрескерлерге тағзым, аяулы есімдерге құрмет	104
Әсет АҚАНОВ. Алашорда қайраткерлерінің ұлттық руханиятқа тигізген әсері.....	108
Құралай СӘРСЕМБИНА. Мұсылман діні – ұлттық рухтың тірегі.....	110
ЖЫЛ – ОН ЕКІ АЙ	
Желтоқсан.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТ-ТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184

ҰЛТШЫЛДЫҚ

Қазіргі үстіміздегі заманда пікір көбейіп, түрлі партиялар туғызып, ол партиялар майданға түсіп жарысып-тыртысып отырғанын көріп отырмыз. Партиялардың барлығының көздеген мақсаты теріс емес, әрқайсысы өзінше жоба жасап, іске кірісіп отыр. **Қай партия болсын, «дүниені түзетеміз, шын адамшылық жолы – біздің тұтынған жолымыз» – дейді.**

Дүниедегі кісінің тұрмысын жақсы жолға салу туралы бұрынғы ғалымдар көп ойланған, көп қызмет қылған.

Ғайса пайғамдар тумастан төрт ғасыр (**ғасыр – жүз жыл**) бұрынғы ғалымдардан Платон деген білімді кісінің тұрмысын бір түзу жолға салу туралы ойланып, түрлі ереже шығарған. **«Адамның санасы адамдардың ойыншығы болды»** – деген еді. Одан бері де Ғайса, Мұхаммед пайғамбарлар да тұрмыс туралы жалпылық жол үйретіп, жөн сілтеген. **Біздің пайғамбардың адам баласын бір санайтындығына дәлел қылып, көрсетемін.** Құран Кәрімдегі аяттар алғы кісіге арналып, «Палиа алнас!» (Ей, кісі) деп айтылған. Мысалы, **«Еренғайып»**, деп бір қауымға арнап келген емес, Иран, Рома сияқты мәдени халықтардан талай білімділер шығып, жалпы адам баласының қаліне қайғырған, кісінің тұрмысын түзетемін деп зарлаған. **Осы жалпының қамын ойлаушыларды «кісішілдер» дейміз. Кісішілдердің қыран жолы, өз жұртының жетіліп, қатарға кіріп, басқа қауымдардың табанына түспеу жағы. Ол адамдар дүниедегі барлық адам баласы үшін қайғырмайды. Өзінің тар ауданды ел-жұрты үшін қайғырады. Міне, мұндай адамдарды «ұлтшылдар» деп атаймыз. Кісішілдердің ұлтшылдарға қарсы айтатыны: «Дүниені**

ұлтшылдар бүлдіреді: бір ұлтты екінші ұлтқа дұшпан қылып өсіреді. Ұлтшылдар құрыса, дүниедегі жалпы жұрт бір ауыл, бір бауыр болып кетер еді, – дейді. Ұлтшылдар айтады: «ұлтшылдықтың кісішілдікке ереуілдігі жоқ: әр ұлт тегіс мәдениетті болып теңелсе, кісішілдік өзі де өркендейді, ұлтшылдардың мақсаты басқа ұлттарға қастық ету емес, өз ұлтын қатарға қосу. Кісішілдердің өзі де мәдени жұрттан шықпақ. Ұлтшылдық намысын білмеген жұрттан кісішілдік қайдан шықсын!» – дейді. Осы көрсетілген екі пікір елдің бірі, біздің қазақта болса, бұл пікірлер кіре бастаған көрінеді. Адам баласында «өзімшілдік» деген нәрсе бар. Бұл өзімшілдік кісінің табиғатына тәңірінің орнықтырып жаратқан нәрсесі. Кісі өзімшілдіктен құтылам дегенімен оңай құтылуы мүмкін емес. Әке мен бала суға бастаса, ортасында жалғыз тақтай болса, екеуі су бетінде сол тақтайға таласады.

Теңіз бетінде адасып, азықтары таусылып, аштан өліп бара жатқан адамдар бірін-бірі пісіріп жейді, кісінде өзімшілдік қандай күшті екенін осы мысалдар көрсетеді. Дұрыс кісі де өзімшілдік күшті дедік. Дүниедегі кісінің бәрі алғы өзімшіл болса, бас пайдасынан басқаны ойламаса, бірігіп жұрт болып жасау мүмкін емес қой. Олай болса өзімшілдіктен құтқарып, көпшіл қылатын нәрсе болуға тиіс. Ол бар нәрсе тәрбие деп білемін. Тәрбиені ғылымдар мойындаған. Тәрбиенің жалпы ережелері бар: жақыннан алысқа, аздан көпке, оңайдан қиынға, жеңілден ауырға қарай бару керек деген. Сол сияқты кісі ең әуелі баға беріп, өзін сүйсін, онан соң жаны

ашып ағайын-туғанына күйсін. Онан кейін ел-жұртын сүйсін. Ел үшін құрбан болсын, жанын қисын. Сонан соң бар адамды бауыр тұтып, пайдасы көпке тисін. Міне, әуелі өзін, онан кейін жақынын, онан Отанын, онан кейін бар адам баласын сүю боп табылу керек. Жақыннан, ұлтын сүймеген адам салғаннан барлық адамды жақсы көреді дегенге сенбеймін. Енді осы айтылған сөздеріміздің жобасын ұстап Қазақ жұртына келейік. Қазақ жұрты бұл күнге шейін көпшілікке үйренбеген жұрт. Бұрынғы заманда ел қамын жеген ерлер көп шығып, көпшілік мінездері болса да, Россияға қарағаннан кейін ол мінезден айырылды. Қазақ баласын оқытқанда, біліп шықса мал тауып береді, төре болып, беделімді күшейтіп, биік болады, дұшпанымызды мұқатып кек алып береді деген ойда болады. Білім алып көпке пайдасы тисін деген ой хабарында болмайды. Жақындарына мінерге көлік, сауарға сауын берсе, өзіне қоғам, күш қылу үшін береді, көмегі тиген адамын біржолата иемденіп алады. Не күшінен, не сөзінен, не еңбегінен пайда тимейтін кісіге (бірдемені көздемей) қайырылысқан қазақ болмайды. Газет, журнал ал, серіктікке жазыл десен әуелі өзіңнен тиетін пайдасы бар ма? – деп сұрайды. Жан пайдасын, көпшілік пайдасын ұғындырсаң, жұрт жұмылса көреміз. Я жазылған теріс емес, бәрі де жазылсын, пәленше неге алмайсың. Біз пәлендерден естіріміз. Бір маған деп арналған нәрсе емес шығар деп аяқсыз қалдырады. Мұқтаждарға жәрдем, игілік жұмыс деген нәрселерге жүре қарайды. Шариғатқа мойындаймыз десе де, бұл күнге шейін шариғатты таңдап неке, талақ, сират, зекет сияқтыларды орнына келтіріп отырған жері жоқ. Жаумен алыстан күн туса, неше есе көп болып, жеңулерін анық біліп тұрса да, қолға

түскендерін құтқармақ түгіл, тастай қашып, өздері жан сауға қылып тозып кетеді, осы айтылғандардың бәрі қазақтың бас пайдасын көп пайдасы үшін құрбан қылмайтындығын, ұлтын анық сүймейтіндігін, сүйсе де жанын қимайтындығын, көп көгерсін демейтіндігін көрсетеді.

Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдық кісішілдікті айыра білмеген, бас пайдасынан иіп іске асырмаған, мәдениеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек. Қысқасы: ұлтшылдардың мақсаты әрбір ұлттарға мәдениет кіргізіп, бақыт таңының атуына себепші болмақ. Мәдениет күшейген соң өздері-ақ кісішілдік пікірін тауып алады. Ұлтшылдар әр жұртты шиеленістіріп, қырылыстыру, өз ұлты үшін басқаларды құрбан қылу деген ойдан жырақ.

Ұлтшылдар іс жүзінде кісішілдердің пікіріне қарсы келмейді, тұтынған жолдарын жұртты кісішілдікке басқыштап жеткізу деп ойлайды. Ұлтшылдар тәрбиенің ережесін көз алдынан кетірмейді. Үйрету секілді ғып қазақ арасына адамшылдық пікірін танытуға ұлтшылдардың ешбір қарсылығы жоқ. Бірақ, ұлтшыл болу қата, адамшылыққа ылайық емес, ілгері басқыштағы жұрттардың терең пәлсапасын қазаққа қазір кіргіземін деушілерге қарсы болады. Жас балаға дүниедегі ләззат: нәрселердің бәрін дайындап, жасап қойған дастарханнан пайда жоқ. Ең пайдалы нәрсе – анасының сүті.

«Абай» журналы,
1918 жыл



«Қазақстан – 2050» Стратегиясы және «Нұр Отан» партиясы

Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XV съезінде сөйлеген сөзі

Құрметті съезд делегаттары!

Қадірлі қонақтар!

Бүгінгі басқосудың орны айрықша. Өткен 15 жылдың қорытындысын шығару тұрғысынан және болашақ бағдар тұрғысынан да бөлекше күн. Бұл – еліміз «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдағаннан бергі партиямыздың алғашқы басқосуы.

Біз алыс болашаққа көз тігіп, алдымызға биік межелер белгіледік. Қандай мақсатқа қай жолмен жететінімізді нақтылап, оны жүзеге асыруға кірістік. Еліміздің ертеңі стратегиясын қалай іске асыруымыз керек, соны ойластырамыз. Оны мүлтіксіз жүзеге асырып, Қазақ елін дамудың дара жолына бастау елдегі ең қуатты саяси күш – «Нұр Отанға» жүктеліп отыр.

Ең ұлы жолдың өзі шағын ғана қадамнан басталады. Осыдан 14 жыл бұрын партияның алғашқы съезіне небәрі 400-ге жуық делегат қатысқан еді. Аз ғана жылда «Нұр Отан» 250 филиалы, 6300 бастауыш ұйымы бар алып құрылымға айналды. Атқарушы және өкілетті билік тармақтарында тізгінді берік ұстады. Елдік істердің барлығына белсене араласып келеді. Менің бастамаларыма әрдайым қызу қолдау білдіріп, идеяларымды құлшына іске асырып келеді. Осы арқылы телегей тәжірибе жинақтады.

Халық көздегіні ғана емес, көңілдегіні де көреді. «Нұр Отан» нақты нәтиженің, ілкімді істің партиясы атанып, елдің көңілінен

шыға білді. «Елің қуатты болса, бағың тұрақты болады» дейді халқымыз. Күнімізді шуақты ете түсу үшін елімізді қуатты ету барлығымыздың ортақ парызымыз.

Елімізді әлемнің ең қуатты 30 елінің қатарына қосу – алдымыздағы үлкен, ұлы мақсат. Бұл «Нұр Отанның» болашаққа жол сілтейтін темірқазығы болуға тиіс. Бүгінгі съезде қабылданатын «Нұр Отанның» жаңа Саяси доктринасы да осыны көздейді. Біз қоғамымыздың ерекшеліктерін артықшылыққа айналдыра білдік. Әр алуандығымыз – байлығымызға, бірлігіміз – табысымызға айналды. Осыны ұлт зиялылары үнемі есте ұстап, жастарға әрдайым ынтымақтың үлгісін көрсеткені жөн.

Доктринада мемлекеттік тілдің ел бірлігінің факторы ретінде аталғаны да өте маңызды. Бұл мәселеге аса ден қоятын кез келді. Қазақ тілін білу азаматтық парызды ғана емес, ұлтқа деген құрметті де білдіреді. Отан отбасындағы өнегелі тәрбиеден бастау алады. Осыны әрбір азамат есінде ұстауы тиіс.

Биыл тәуелсіздігіміздің 22 жылдығын атап өтейін деп отырмыз. Ол – ата-бабамыздың аңсаған арманы. Соның баршасында осы отырған көпшіліктеріңіз, бірге келе жатқан менің серіктестерім, қызметтес достарым, жолдастарым, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, барлық деңгейдегі әкімдер бүкіл халықты ұйымдастырып, оны

жеңіске жеткіздік. Сол үшін баршаларыңызға зор ризашылығымды білдіремін.

Құрметті делегаттар мен съезд қонақтары!

Бұл форум Қазақстанның жаңа тарихының бетбұрысты белесінде өтіп отыр. Біздің қоғамымыз 2050 Стратегиясында жария етілген жаңа ұлы мақсатқа сенімді қадам жасады. ХХІ ғасырдың орта шеніндегі Қазақстанның тарихи шырқау шыңы шымыр да жұмыр белгіленген. Нені және қалай істейтінімізді, қандай мақсатқа қол жеткізгіміз келетінін білеміз. Өзінің ыңғайына қарай тарих қашанда уәждерін алға тартып отырады, тиісінше жағдаяттар да өзгереді, соған орай біздің де өзгеруімізге тура келеді. Алайда, алдағы мақсат біз үшін де, келер ұрпақ үшін де нақпа-нақ айқындалған. Мерзімінен бұрын орындалған 2030 Стратегиясын жүзеге асыру барысындағы сияқты, бұл бізді шабыттандырады. Бұл бағдарламаны да біздің орындай алатындығымызға және халқымыздың игілігі мен елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ете білетінімізге мен сенімдімін.

Бағдарламаның өзегі – біздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің бірі болуға тиісті екендігіміз. Мақсатымыздың аса ауқымдылығы айдан анық. Өзінің тарихында біздің халқымыз тап қазіргісіндей экономикалық және әлеуметтік шыңдарды бағындырып көрген емес. Мұны жасау тек қазақстандықтардың қазіргі ұрпағының ғана қолынан келді. Тәуелсіздікті жария етіп, Қазақстанымызды дамыта отырып, біз дамудың шалғай шетінен біржола шығып кеттік, Еуразияның лайықты жаңа мемлекеті болдық. Ендігі жерде қашанда бүкіләлемдік қоғамдастықпен қатар адымдауға тиіспіз.

2050 Стратегиясы – біздің әлемдегі ең танымал ұлттардың шоғырына біржолата қосылуымыз үшін берілген ұлы тарихи мүмкіншілік. Бүгінгі таңда шешілуі экономиканы, қоғам мен мемлекетті дамытудың жаңа белесіне шығуға мүмкіндік беретін нақты міндеттерді пысықтау аяқталып келеді.

Алдымызда ауқымды, күрделі жұмыс тұр. 2050 Стратегиясында мен ХХІ ғасырдың жаһандық 10 сын-қатерін нақты бөліп көрсеттім. Өткен жыл бұл болжамның дұрыстығын дәлелдеп берді. Жаһандық дамудың драмалық кернеу күші көзге ұрып-ақ тұр. Жыл басында «Кипр дағдарысының» өрті зорға дегенде өшірілген еді. Бүгінде Еуропа Одағының ең төменгі макрокөрсеткіштер шегінде тербетіліп тұрған экономикасы күрделі күйде. Әлеуметтік дағдарыс әлі де күшті, жұмыссыздықтың, адамдардың көңілі толмауының деңгейі жоғары. БРИКС-ке мүше елдердің барлығының дерлік экономикалық қарқыны едәуір бәсеңдеп қалды.

Жақында ғана Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун БҰҰ

сарапшыларының баяндамасын жария етті, онда 2050 жылға қарай Жер бетіндегі халықтың 50 пайызы судың қатты тапшылығын сезінетіні айтылған.

Таяу Шығыс енді «араб антикөктемін» бастан кешіруде. Египет пен Тунисіте исламшылар бір жылдан аз ғана астам уақыт билік басында тұрып еді, сол уақыттың өзі ел азаматтарының қалың тобының ондай саясаттың тығырыққа тірмей қоймайтынын түсінуіне жеткілікті болып шықты. Сириядағы азамат соғысының аяғы жаппай қырып-жоятын химиялық қаруды қорғансыз әрі ешқандай кінәсіз жандарға қарсы қолданумен тынды.

Менің ішкі түйсігім мен тәжірибем әлемнің таяу болашақтағы даму кезеңі аса күрделі болатынын аңдатады. Осындай жағдайда барлық қазақстандықтар өз Отанымыздағы тұрақтылық пен даму бағдарын болжауға болатындығының бағасын білуге тиіс!

Осындай қиындықтар мен дағдарыстар орын алып тұрғанда біздің еліміз биыл тұрақты дамып келеді. Болжамға қарағанда, биылғы жыл ІЖӨ-нің шамамен 6 пайыз өсімімен аяқталады. Бұл өткен жылға қарағанда жоғарырақ көрсеткіш, оған жаһандық нарықтағы құбылмалылыққа қарамастан қол жеткізілгенін қадап айтқым келеді.

Біздің диқандарымыз тамаша астық алды – 20 миллион тонна бидай жинады. Елдің жиынтық алтын валюта резервтері көбейе түсуде. Биыл ол көрсеткіш Ұлттық қор қаржысын қоса есептегенде 90 миллиард доллардан асып түсті. Мұның өзі біздің әлемдік экономикада орын алатын кез келген қиындықтар мен сүргіндерге қарсы қояр кепіліміз, қайтарар жауабымыз болмақ.

Отандық дайын өнім әлемнің 111 еліне шығарылуда! Қазақстандық экспорт дегеніміз аккумуляторлар, трансформаторлар, металл құбырлары, тыңайтқыштар, азық-түлік өнімдері сияқты көптеген дайын тауарлар. Бізде экономиканың атымен жаңа салалары пайда болды. Елімізде автомобиль, локомотив, вагон мен тікұшақтар жасайтын өндірістер ешқашан болған емес.

Индустриялық бағдарлама аясында өнімнің 250-ден астам жаңа түрлері игерілді. Олар – машина құрылысының, фармацевтиканың, химия өнеркәсібінің жоғары технологиялы өнімдері. Мысалы, емдік заттардың 100-ден астам түрлерін шығару игерілген!

Қазіргі таңда биылғы жылды барлық негізгі көрсеткіштер бойынша табысты аяқтап шығамыз деп күтуге толық негіз бар. 2050 Стратегиясын жүзеге асыра отырып біздің еліміз түбегейлі жақсаруға тиіс. Ол өзгерістер бәрін де қамтиды, бәрін де тереңнен көпарады. Олар біздің қоғамымыз өмірінің барлық қырларына қатысты болады. Бұл аса ауқымды жұмыстың

да басында «Нұр Отан» партиясы тұруға тиіс!

Бұл съездің түйінді міндеті – ХХІ ғасырдың орта шеніндегі біздің барша ұлы Мақсаттарымызға қол жеткізудегі «Нұр Отан» партиясының алар орны мен саяси маңызын айқындау.

Құрметті делегаттар!

Бірнеше айдан кейін, келесі жылдың наурызында біздің партиямызға 15 жыл толады. Партия Қазақстан тарихында тұңғыш рет баламалы негізде өткізілген президенттік сайлау қарсаңында менің реформаларымның бағытын қолдайтын жалпыхалықтық коалицияның арқауында құрылған болатын. Халықтың қалауына сәйкес басты саяси күшке айналған пікірлестер одағы дәл сол кезде қалыптасқан еді! Біздің жас демократиямыз да дәл сол кезде әлеуетін айқара ашқан еді!

Кезінде басқа ілгері елдердегі – Сингапурдағы, Оңтүстік Кореядағы, Жапониядағы сияқты біздің елде де демократия прогресшіл, көшбасшы партиямен – «Нұр Отанмен» бірге дүниеге келген болатын. «Нұр Отанның» қалыптасу тарихы – демократияның әлемдік тәжірибесінің ажырағысыз бөлігі.

Бірінші съездің қалай өткені жадымызда біржола жатталып қалды. Ол кезде біздің батыл армандарымыздың өзі қазіргі жетістіктерімізге де ілесіп алмай жататын. Қазір осы залда мен өзімнің Бірінші съезде айтқан сөздерімді қайталамақшымын, ол сөздер 15 жыл өткенде де көкейкестілігін жоймаған:

«Менің қымбатты жолдастарым, сіздерге Отан деп соққан жүректеріңіз үшін үлкен алғысымды айтамын. Сіздердің халықтың қадір-қасиетін ойлайтындарыңыз, мемлекеттілікті сақтау мен нығайту жолында бәріңіз бір үйдің баласындай жұмылғандарыңыз үшін рахмет деймін!».

Мен өзіммен бірге жаңа елді орнатқан барлық қазақстандықтарға еңбегі мен төзімділігі үшін алғысымды білдіремін! Айрықша алғысымды менімен бірге біздің партиямызды құрысқан серіктестеріме арнаймын! «Нұр Отан» партиясын өркендетуге үлес қосқандардың бәріне алғыс айтамын!

Әуелбастан-ақ партияменің пікірлестерімнің ынта-күлшынысы мен сеніміне арқа сүйеді. Осы залда Сергей Александрович Терещенко, Қайыржан Шайқыұлы Такуов, тағы басқалар отыр. Олар біздің даңқты дәстүрлерімізді сақтай біліп, партия жұмысына өз үлестерін қосуын жалғастырып жатыр.

Біз үшін алғашқы сынақ 1999 жылғы парламенттік сайлау болған еді. Міне, он бес жылға жуық уақыттан бері партия бәсекелесті адал күресте талай рет сайлау науқанының елегінен өтті және әрқашан жеңіске жетіп отырды! Бізді қай кезде де әр сайлау өткен сайын беки түскен халық қолдауы жігерлендіріп жүрді.

«Нұр Отан» партиясы қолынан келмейтінді ешқашан уәде еткен емес. Ол әрдайым нақты істер партиясы бола білді.

Жүздеген мың нұротандықтардың күш-жігерінің, әрбір қазақстандықтың қажырлы еңбегінің арқасында 2030 Стратегиясы мерзімінен бұрын жүзеге асырылды. Осы залда кең-байтақ Отанымыздың әр киырынан келген сан түрлі ұрпақтың, ұлттар мен кәсіптердің өкілдерін – менің серіктестерімді көріп отырмын. Сіздердің әрқайсыңыз өзінің отбасы мен жақын адамдарының, қаласы мен селосының, ауданы мен бүкіл елдің өміріндегі жаңа жетістіктермен бөлісе алатынына сенімдімін.

Әр отбасының тұрмысын жақсарту жөнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Жүздеген жаңа кәсіпорындар, жолдар салынды, жүздеген мың жаңа жұмыс орындары пайда болды. Жаңа балабақшалар мен мектептер, ауруханалар жұмыс істеп тұр. Жаңа университеттер, кітапханалар, театрлар, концерт залдары, стадиондар, спорт алаңдары ашылды. Ең бастысы – халқымыздың Рухы қайта өрледі.

Бүгінде «Нұр Отанның» қатарында 900 мыңдай партия мүшесі бар. Нұротандық депутаттар Парламент Мәжілісінде көпшілікті құрайды. Парламенттік заң шығару ісінде аса қомақты тәжірибе жинақталды. Парламенттің тек бесінші шақырылымы кезінде 140-тан астам заң қабылданған! «Нұр Отанның» фракциясы денсаулық сақтау, аграрлық сектор, мемлекеттің әлеуметтік маңызды қызметтері мәселелері бойынша 12 заң жобасын дайындады. Партия халық мүддесін қорғай білетін парламентшілер мен мәслихаттар депутаттарының тұтас шоғырын тәрбиелеп шығарды. Біздің партиямыз Үкіметті жасақтайды, биліктің барлық тармақтарының іс-қимылының реттілігін қамтамасыз етеді.

Партия жанындағы қоғамдық құрылымдардың – Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі кеңестің, Құқықтық Кеңестің және басқаларының қызметін айрықша атап өткім келеді. «Жас Отан» жастар қанаты белсенділігін арттыра түсуде. Біздің партияның жас мүшелері өздерінің Екінші съезінің шешімдерін құлшына орындауда. «Нұр Отан» басқа парламенттік партиялармен, Кәсіподақтар федерациясымен, Азаматтық альянспен, ардагерлер және әйелдер ұйымдарымен, өзге де үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауда. «Ақ жол» партиясы және Коммунистік партияның парламенттік фракцияларының белсенді әрі жемісті жұмысын айрықша атап өткім келеді, олар қағидатты мәселелерде өздерінің пікірлерін білдіріп, өз ұстанымдарын қорғайды және қарапайым халықтың жақтастары бола біледі.

Біздің партия – «Қазақстан-2050» Жалпыұлттық демократиялық коалиция-

ның біріктіруші күші. Бүгінде «Нұр Отан» – Қазақстанның ХХІ ғасырда табысты қадамдар жасауын қамтамасыз ететін саяси көшбасшылықтың басты тетігі! Қазір бізде халқымызды жаңа жеңістерге сенімді жетелеу үшін не қажеттінің бәрі бар. Ең бастысы – барлық қазақстандықтардың зор сенімі мен қолдауы. Бұл – «Нұр Отанның» ХХІ ғасырдағы саяси көшбасшылығының негізгі бастауы. Қазір партия ресурстарын дұрыс бөлу керек. Әр нұротандықтың партиялық жауапкершілігін күшейту қажет. Біз партия жұмысының қуатын үш қайтара еселендіруге тиіспіз.

Құрметті делегаттар!

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – біздің партиялық бағдарламаларымыздың негізі. Оны орындау «Нұр Отанның» саяси көшбасшылығымен ғана мүмкін екеніне менің ешқандай күмәнім жоқ. Партия біртұтас саяси ерік-жігердің генераторы, қазақстандықтарды біздің жолымыздағы кез келген бұрылыстардан алып шығар жол бастаушы ретінде іс-қимыл танытуы тиіс. Бұл, бірінші кезекте, біздің еліміз тағдыры үшін ұжымдық жауапкершілігіміз.

«Нұр Отан» сан түрлі адамдардың басын біріктіріп отыр. Іс жүзінде, партия біздің бүкіл қоғамымыздың айнасы іспетті. Партия халық мүддесінің бастаушысы болуы үшін депутаттар корпусы тарапынан атқарушы биліктің жұмысын тиімді бақылау қажет етіледі. Бүгінде жүйелі жаңару талабы қойылып отыр. Сондықтан біз мұраттарымызды, құндылықтарымыз бен қағидаттарымызды бекітетін Саяси доктрина қабылдаймыз.

Біздің партия қашанда өзгерістердің басында тұрып, табысты партиялық тәжірибенің жаһандық үрдістеріне ілесуі, қоғамға қатысты кез келген тәуекелдер мен сын-қатерлерге жедел және икемді үн қата білуі қажет. Біз қазіргі әлемде табыс тек нақты іс-қимыл стратегиясы бар саяси күштерге ғана жолдас болатынын анық көруге тиіспіз. Тек тұрақты даму мен халқымыз бірлігінің берік кепілі ретінде ұзақ мерзімді саяси көшбасшылық қамтамасыз етілетін жерде ғана табысқа қол жетеді.

Осы жолмен ырғақты дамыған елдер – Түркия, Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия ғана емес, сондай-ақ Солтүстік Еуропаның бірқатар елдері – Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания жүріп өтті. Сонымен бір мезгілде, тарихтың жауапты кезеңдерінде саяси көшбасшылық әлсіреген жерде қоғам сілкіністер мен жанжалдардың аласапыранына батады. Сондықтан «Нұр Отанның» әрбір мүшесі – министрден қатардағы нұротандыққа дейін – партияның ХХІ ғасырдағы көшбасшылығы нені білдіретінін нақты түйсінуі тиіс.

БІРІНШІ. «Нұр Отан» басты патриоттық күш болуы шарт.

Партияның аса маңызды миссиясы –

«2050» Стратегиясында жарияланған Жаңа Қазақстандық Патриотизм қалыптастырудың жалпыұлттық түпқазығы болуы тиіс. Бұл жұмысқа «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар ұйымдары, «Жас Отан» бастаған жастар бірлестіктері, Республикалық Ардагерлер кеңесі, барлық патриоттық БАҚ-тар мен ҰЕҰ-лар қатысуы қажет.

ЕКІНШІ. Партия қашанда жалпыұлттық бірліктің орталық буыны болуы тиіс.

Біріншіден, «Нұр Отан» – халықты топтастырушы партия.

Біз бабаларымыз сан ғасырлар бойы аңсаған арманға қол жеткізгенімізді мақтан ете білуіміз керек. Ұлтымыздың ұлы тарихының жаңа тарауы қуатты да табысты тәуелсіз мемлекеттің шежіресі болып жазылуда. Еліміз осы жылдарда ерлік пен бірліктің үлгісін көрсетті. Тәуелсіздіктің қиыншылықпен келгенін, оны ұстап қалу оңай емес екендігін халқымыз білді. Осыны түсініп отырған, бір жұдырықтай жұмылып отырған халқыма шын жүрегімнен алғысымды айтамын. Бірте-бірте барлық жағдай түзеледі, барлық мәселе шешіледі. Барлығымыз қолымызға қонған алтын құс – бақытымызды сақтай білейік.

Бұл – ана тіліміз бен ата дәстүріміздің, ұлттық мәдениетіміздің Мәңгі Жаңғыру Дәуірі. «Нұр Отан» мемлекеттік тілді нығайтуға, қазақтың дәстүрі мен мәдениетін жаңғыртуға байланысты қоғамдық-саяси жұмыстардың тиімді жүйесін жасауы тиіс.

Екіншіден, партияға біздің көпэтносты халқымыздың бірлігі үшін жоғары жауапкершілік жүктеледі.

Бұл ретте түрлі деңгейдегі партия ұйымдары мен Қазақстан халқы Ассамблеясының, «Нұр Отан» парламенттік фракциясының және Ассамблеядан сайланған Мәжіліс депутаттарының бірлескен іс-қимылының тұтас бір жүйесі қажет.

Біздің ұранымыз «Бір ел – бір халық – бір тағдыр» – біз нақты өмірде дәйектілікпен жүзеге асырып келе жатқан аса маңызды қағидат.

Үшіншіден, партия ел өңірлерін жақындастырып, өңіраралық байланыстарды нығайтуы тиіс.

Қазір мемлекеттің жаңа өңірлік саясатын қалыптастыру үдерістері жүруде.

Бүкіл еліміз бойынша ауылдар мен аудандық маңыздағы қалалар әкімдерінің сайлауы өтіп, жергілікті билік батыл түрде жаңартылды.

Орталықтан өңірлерге елеулі өкілеттіліктер берілді. Өңірлерден орталыққа, сондай-ақ, орталықтан өңірлерге кадрлардың ротациясы жүріп жатыр.

Тек сіңірген еңбегіне негізделіп, конкурс бойынша жүзеге асырылуы тиіс мемлекеттік қызметке қабылдау мен ілгерілетудің жүйесі түбегейлі өзгертілді.

Басқару органдарында жұмыс істейтіндердің корпусы айтарлықтай жаңарды.

Партияға тұрғындардың бір бөлігінің санасындағы өңіршілдіктің көнерген түрін шешімді түрде еңсеріп, жалпықазақстандық мүдделерді біріктіруші күш болуы тиіс.

Үшінші. «Нұр Отан» қашанда азаматтық қоғамның көшбасшысы болуы қажет.

Партия, біз қашанда атқарып келе жатқандай, Азаматтық Альянспен бірлескен жұмысты дамытуы, адамдардың нақты проблемаларын шешуші, оларға көмектесуші және арқа сүйеуші барлық патриоттық ҰЕҰ-лар мүдделерінің жолбасшысы болуы тиіс.

«Қазақстан-2050» Жалпыұлттық коалициясын дәйектілікпен нығайту және кеңейту қажет. Бұл жұмысты босаңсытуға болмайды, өйткені, біздің партия елдің болашаққа қадам басыуының ядросы болып табылады.

ТӨРТІНШІ. Партиялық көшбасшылықтың басты мәселелерінің бірі – экономикалық және әлеуметтік инновациялардың жалпыұлттық эпицентрі болуы.

Біздің партиямыз қоғам мен мемлекетті дамудың батыл, инновациялық идеяларымен нәрлендіруі тиіс.

Бүгін әлемдік экономика инновациялық кәсіпорындар мен сапалы жұмыс орындарын құру есебінен өсімді қамтамасыз ету бағытында жұмыс істеуде. Сондықтан тиісті мамандар дайындау қажет. Біз индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын дер кезінде қабылдадық және басқа елдер де бізден кейін осындай индустриялық бағдарламалар дайындады. Біз оны еліміздің бүкіл экономикасын дамытудың темірқазығы ретінде пайдалануға тиіспіз.

Осы екі мәселе де инновациялар және ғылыми жаңалықтар негізінде шешілуі керек.

XXI ғасырда ғылыми жаңалықтар шешімдердің ең бастысы болады.

Инновациялардың басты бағыттары биологияның, нанотехнологияның және математиканың түйісінде тоғысады.

Болашақтың энергиясын қамдау керек.

Олар қазірдің өзінде жұмыс істей бастады.

Қуаттың қазірше адамзатқа беймәлім мүлде жаңа түрлерін іздеу жүріп жатыр.

XXI ғасырда табыстың маңызды шарты креативтілік болып табылатынын атап көрсетемін.

Сондықтан «Нұр Отан» креативті партия болуы тиіс.

Шығармашыл интеллигенциямен жұмысты айтарлықтай күшейту керек.

Нұротандықтар Қазақстанды дамытудың аса маңызды мәселелері бойынша Интернет-пкірталастардың тұрақты қатысушысы болуы қажет.

БЕСІНШІ. XXI ғасырдағы көшбасшы партия – жалпыхалықтық бақылаудың басты құралы.

Бәрінен бұрын, 2050 Стратегиясының міндеттерін жүзеге асыруда «Нұр Отан» фракциясының парламенттік және қоғамдық бақылау мүмкіндігін кеңінен пайдалану маңызды.

Тек бесінші шақырылған Мәжілістің жұмысы барысында ғана нұротандық депутаттар партияның Сайлауалды тұғырнамасын орындаудың барлық қырлары бойынша мемлекеттік органдарға шамамен үш жүздей сауал жолдады. Бұл сауалдар Сайлауалды тұғырнаманың орындалуы туралы халыққа баяндалуы үшін мұқият қарастырылуы қажет, өйткені, ол біздің ортақ ісіміз.

Заң жобасымен жұмыс кезеңінде халықтық бақылаудың маңызды тетігі «Нұр Отанның» парламенттік фракциясы жанындағы консультативті-кеңесші органдардың қызметі болды.

Олар маңызды заң жобалары бойынша сарапшылардың басын біріктіреді, қалың жұртшылықтың пікірлерін қаперге алады.

«Нұр Отан» фракциясының салық салу мәселелері бойынша қағидатты ұстанымын ерекше атап өткім келеді.

Депутат-партияластардың орта тапқа салықтық салмақты ұлғайтуға жол беруге болмайтыны туралы ұстанымын өте дұрыс деп санаймын. Бізде шағын және орта бизнес өнімнің 20 пайыздан сәл ғана астамын өндірсе, біз қатарына қосылуға ұмтылып отырған дамыған елдерде бұл көрсеткіш 60-70 пайызға жетеді. Бізге орта және шағын бизнестің үлесін 50 пайызға дейін жеткізу керек. Сондықтан орта таптың негізін құрайтын кәсіпкерлікке жан-жақты көмектесу қажет.

Мен осыдан бес жыл бұрын тапсырғандай, сән-салтанат заттарына, элиталы жылжымайтын мүлікке, қымбат автомобильдерге жанама салықтар енгізу қажет. Мұның сол сияқты алкоголь мен темекі бұйымдарына да қатысы бар.

Бұл азаматтық және патриоттық ұстаным!

Үкімет парламентарийлердің пікірлеріне құлақ түруі тиіс. Бір жағынан алғанда, біз бюджетті толықтыру керек екенін және бізде корпоративтік және табыс салығы мөлшерлемелерінің төмен екенін түсінеміз, соның есебінен біз ауқатты азаматтар табын құрдық.

Бұл дұрыс. Бұл біздің мақсатымыз еді. Бұл мақсатты бағытталған саясат.

Бай адамдар көбірек болуы керек және олар өз байлықтарын олардың осылай жасауына жағдай туғызған елдің дамуына бағыттауы тиіс.

Енді, дәулетті адамдар табы ұлғайған кезде, олар әлеуметтік жауапкершілік ісіне өз үлестерін қоса алады және қосуға тиіс.

Бүкіл әлемде осылай жасалады.

Ал бізде миллионер де, жұмысшы да бірдей 10 пайыздық табыс салығын төлейді.

Бұл жөнінде ойлану қажет.

Сондықтан мен өз әріптестерім – Мәжіліс депутаттарының бастамасын қолдаймын!

Консультативті-кеңесші органдар жұмысы тәжірибесін ұлғайту, оларды мәслихаттар жұмысында пайдалану маңызды.

«Нұр Отан» – парламенттік партия.

Сондықтан «Нұр Отан» жұмысын күшейтудің маңызды бір бағыты – Мәжілістегі фракция қызметі.

Біздің депутаттар бастамашы болған әрбір заң жобасы, әр шешім елдің ұзақ мерзімді мүдделерін айқын түсінуге негізделіп, Доктрина қағидаттарымен келісілуі тиіс.

«Нұр Отан» ашық, мөлдір, тиімді және жауапты саяси күштің қандай болатынын өз қызметімен дәлелдеуі керек.

Біз ашықпыз және біздің жасыратын ештеңеміз жоқ.

Біз адал жұмыс істейміз және халыққа барлық кемшіліктер туралы ашық айтамыз, проблемалардың әлі бар екенін қолдаймыз және түсінеміз.

Әрқезде де біздің халқымыздың игілігі үшін еңбек ету қажет.

Партия жүйелі негізде өзінің Қоғамдық қабылдауларының жұмысын күшейтуі керек.

Тек биылғы жылы ғана Қоғамдық қабылдаулар азаматтардың жүз мыңға тарта өтініштерін өңдеуден өткізді.

Сол сияқты таяу күндері біз «Электронды партия» жобасын іске қостық.

Енді Интернетке қол жеткізген әрбір азамат үйінен шықпай-ақ «Нұр Отанға» өтініш жасай алады.

Азаматтармен тұрақты үнқатысу қажет.

«Нұр Отанды» халықтық қолдаудың сарқылмайтын басты қайнар көзі де міне, осы!

Саяси көшбасшылықтың қағидатты мәселесі – біздің жемқорлыққа қарсы бітіспес стратегиямыз.

Партия нұротандықтардың азаматтық ар-ожданының принципті сақшысы болуы керек.

Адамдар жергілікті жерде жемқорларды түстеп таниды, ал бұл оларды қатардағы нұротандықтар да біледі деген сөз.

Олар бірінші болып дабыл қағып, жемқорларды әшкерелеуі керек.

Партия мен құқық қорғау құрылымдарының міндеті – жемқорлықпен күресушілерді қорғап, оларға көмектесу.

Мемлекеттік қазынаның бір теңгесі де қараусыз қалмауы тиіс.

Тек сонда ғана қазынаға қол салушылықпен күрес табысты болмақ!

АЛТЫНШЫ. XXI ғасырда көшбасшылыққа тек жастар белсенді қолдау көрсеткен партия ғана ие бола алады.

Сондықтан мен жастар саясатын әлеуметтік жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде белгіледім.

«Жас Отан» екі жүз мыңнан астам адамның басын біріктіреді.

Бір жыл бұрын «Жас Отанның» Екінші съезінде мен жастармен жұмысты күшейтудің кешенді бағдарламасын ұсындым.

Бірақ, ашығын айтайын, менің тапсырмаларымның орындалуы жартыкеш жүруде.

Мәселен, Үкімет 2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасын бекітті.

Бірақ оны жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарында Үкімет қаржыландыру көлемін белгілемеген.

Бәрі «бөлінген лимитке сәйкес» әкімшілік бағдарламаларды сатып алуға берілген. Ал бұл лимиттер алушыларға дейін жете ме – мәселе міне, сонда.

Басқа бір мысал.

Менің тапсырмам бойынша Білім және ғылым министрлігі «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығын құрған.

Бірақ тағы да сол қаржыландырудың жоктығынан ол толыққанды жұмыс жүргізе алмайды. Сөйте тұрса да, ол жергілікті жерлерде демеушілер есебінен табуға болатын және сол сияқты Үкімет те бөле алатын азғантай ғана қаржы.

Өңірлерде жастардың ресурстық орталықтарын құру да созылып барады.

Бүгінде 10 өңірде 96 орталық қана жұмыс істейді.

Астана және Алматы қалаларында, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл жұмысқа тіпті кіріспеген де.

Менің тапсырмам бойынша бүкіл елде «Жасыл Ел» жобасы жүзеге асырылып жатқанын сіздердің бәріңіз жақсы білесіздер.

Біз негізінен шөлейтті және жартылай шөлейтті болып табылатын көлемі бойынша әлемде тоғызыншы аумаққа иеміз, орманды бөлік 10 пайыздан аз жерді алады. Сондықтан елді жасыл желекке бөлеу қоршаған орта мен азаматтарымыздың денсаулығы үшін маңызды, бұл үлкен парасатты іс. Бұл жоба жалғасын табуы керек және партия оған қолдау көрсетуі тиіс.

Биыл Қоршаған ортаны қорғау министрлігі желісі бойынша 429 миллионнан астам теңге бөлінді.

Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында жастардың еңбек отрядтарының облыстық

штабына ақша тек оқу жылы басталар алдында тамызда ғана келіп түскен!

Осының салдарынан студенттердің негізгі бөлігі бағдарламаға қатысудан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл басшылардың кемшілігі.

Бұл жерде студенттердің кінәсі жоқ. Менің тапсырмаларымды орындамайтын нақты шенеуніктер кінәлі.

Жастар саясатына деген мұндай көзқарасқа жол беруге болмайды.

Партия басшылығы мен Үкіметке әкімдермен бірлесіп жағдайды түзетуді және «Жас Отанның» Екінші съезінде мен берген барлық тапсырмаларды орындау жөнінде нақты жұмыстармен айналысуды тапсырамын.

Жастар – біздің алтын қорымыз!

Жас қазақстандықтардың партия бағытын қолдауы, олардың Стратегия-2050-ді жүзеге асыруға кеңінен атсалысуы зор тарихи және тұрақтандырушы маңызға ие.

Мен партия съезі мінберінен барлық қазақстандық жастарға тағы да сөзімді арнағым келеді.

Біздің елімізде жасалғандардың бәрі, ең алдымен, сіздер үшін!

Сіздер үшін Қазақстанда барлық есіктер ашық!

Халықтың бірлігін сақтаңыздар!

Біз үшін осындай Қазақстанды құрып жатқан біздің ата-аналарымыздың, аға буынның еңбегін бағалаңыздар!

Біздің Отанымыздың ұлы болашағы үшін қажырлылықпен және лайықты оқып, еңбек етіңіздер!

Сіздер – бүкіл Қазақстанның үмітсіздері!

Осы шаруаның бәрі жастар үшін, еліміздің тәуелсіздігі ұзағынан болуы үшін және көк туымыз мәңгілік желбіреуі үшін жасалып жатыр. Мәңгілік ел болу үшін жасалуда. Келесі ұрпақ ел үшін, жер үшін, өзін үшін деп еңбек етуі керек. Тек қана еңбекпен бақытты боласың.

ЖЕТІНШІ. «Нұр Отан» біздің мемлекетіміздің басты сыртқы саяси құндылықтарын белсенді жақтап және алға бастыруы керек.

Олар кеңінен мәлім.

Қазақстанның өсіп келе жатқан халықаралық беделі соларға негізделген.

Біз теңдестірілген және қауіпсіз, көпполярлы және толерантты әлемді қолдаймыз.

Бұл құндылықтарды партия өзге елдердің рухы мен көзқарастары бойынша жақын саяси партияларымен байланыстарды кеңейте отырып, парламентаралық және халықаралық қызметінде алға бастыратын болады.

«Нұр Отанның» ХХІ ғасырдағы ұзақ мерзімді көшбасшылығының міндеттері осындай.

Құрметті делегаттар!

Партия съезінің алдында Саяси доктрина қабылдау міндеті тұр.

Оның жобасы «Нұр Отанда» және қоғамда кеңінен талқыланды.

«Нұр Отанның» бағдарламалық құжаттары әркезде де нақтылы болды, сондықтан олар нәтижелі болып келді.

Біз ешқашан құрғақ қиялға берілген емеспіз.

Біз ешқашан бұлыңғыр міндеттер қойып, бос уәделер берген жоқпыз.

Біз әрбір сөзімізді әркезде де шынайы еңбекпен және нақты істермен айғақтап отырамыз.

Мен әркезде де солай болатынына сенімдімін!

Өйткені, «Нұр Отан» – көшбасшы партия!

Қымбатты достар, әріптестер!

Біздің басты партиялық брендiмiз – Қазақстан, тек қана алға!

Стратегия-2050-ді жүзеге асыруға байланысты ол одан да зор нақты мазмұнға ие болады.

АЛҒА – жаңа инновациялық-индустриялық экономикаға!

АЛҒА – біртұтас және топтасқан ұлт ретіндегі қазақстандықтардың жаңа өмір сапасына!

АЛҒА – ХХІ ғасырдағы ырғақты дамушы және жауапты мемлекет ретіндегі Қазақстанның халықаралық беделінің жана шырларына!

Бұлар біздің жиырма бірінші жүзжылдықтың ортасына дейінгі іс-қимылымыздың бірегей үш бағыты.

Онда партия мен мемлекеттің алдағы жұмыстарының тарихи мәні түйінделген.

Бұл біздің ортақ Қазақстан Арманының ең терең мәні.

Қымбатты достар!

Алдымызда биік белестер бар.

Олардан алқынбай асу, белестерді барлықпай бағындыру – біздің өз қолымызда.

Мызғымас бірлік пен тынымсыз еңбек, жасампаздық пен жаңашылдық, жауапкершілік – біздің ең басты құралымыз осылар.

Біз өзімізді ұдайы қамшылап, алға ұмтыла білсек қана «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы биік мақсаттарға жете аламыз.

Партиямыз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын.

Мәңгілік елді бірге жасайық!

Алға, «Нұр Отан»!

Алға, Қазақстан!

«ҚЫТАЙ ҒАЖАЙЫБЫНАН» ҚАЗАҚСТАН ҚАНДАЙ САБАҚ АЛУЫ ТИІС?

Сейілбек МҰСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының докторы, профессор,

Ғадылбек ҚИНАНҰЛЫ,
ҚХР Шыңжаң педагогикалық университетінің аға оқытушысы

Биыл Қытай Халық Республикасының (ҚХР) төрағасы Си Цзиньпин алғаш рет Қазақстанға ресми сапар жасап, екі ел арасындағы жан-жақты әріптестікті дамытуға бағытталған келіссөздер жүргізді. Қазақстан мен ҚХР өзара сауда көлемін 2015 жылы 40 млрд. АҚШ долларына жеткізуді көздеп отыр. Оның басым бөлігін мұнай-газ саудасы құрамақ. Бүгінгі таңда екі жақты қарым-қатынас қарқынды дамуда. Қазақстандағы ҚХР елшілігінің сауда-экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі Ян Сюминь «Global Times» тілшісіне берген сұхбатында, екі ел арасындағы сауда көлемі 2012 жылы 25,7 млрд. АҚШ долларына жетіп, оның ішінде қытайлық экспорт 11 млрд., ал, импорт – 14,7 млрд. доллар болғанын айтты. Қытайдың Қазақстанға құйған тікелей инвестициясы 20 млрд. АҚШ долларынан асып кеткен, Қазақ еліне ҚХР тарапынан берілген түрлі несиелері 30 млрд. АҚШ долларынан асқан, біздің елімізде 3000 тақау қытайлық кәсіпорындар тіркелген. Салыстыру үшін ҚХР Коммерция министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2012 жылы Қытайдың шетелдердегі тікелей инвестициялары 87,8 млрд. АҚШ долларын құрайды. Байқап отырғанымыздай, оның ширегіне жуығы Қазақстанның үлесінде. Бұдан Қытайдың Қазақстанмен ұзақ мерзімді ынтымақтастық жасауға ниетті екені анық байқалады. Оянған айдаһардай, алып Қытайдың экономикасы соңғы онжылдықтарда еселеп дамып, әлемдегі алдыңғы орынға шықты. Бес мыңжылдық тарихы, дербес өркениет саналатын бай мәдениеті, кең жерінде көп санды халқы бола тұра, Қытай бір кезеңдері ағылшындық отарлаудың езгісін, жапондық шапқыншылардың тепкісін де көрді. Батыс менсінбеген, артта қалушы кедей ел саналған Қытай бүгінгі таңда бүкіл әлемді таңдандырып, «Қытай ғажайыбы» деген дамудың озық үлгісін көрсетіп отыр. Мұндай керемет жетістікке көршілес Аспан асты елі қалай қол жеткізді? Қытайлық дамудың астарында, саясаты мен мемлекеттік басқару ісінде қандай құпия сыр жатыр? Қытай тәжірибесінен қандай сабақтар алуға болады? Міне, осындай көкейкесті сұрақтар бүгінде әркімді қызықтырады.

Әлемдік экономиканың тарихында XX ғасырдың соңғы ширегінде бұрын-соңды болмаған дамудың таңғажайып үлгісі тіркелді. Ол – Қытайдың қарқынды экономикалық дамуы немесе «Қытай ғажайыбы». Оның бастауында тұрған Дэн Сяопин «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұстанымымен саясат сахнасына шықты. Ол өзіне дейінгі компартия төрағасы Мао Цзэдуннан мұраға қалған «Үлкен секіріс», «Мәдени төңкеріс» зардаптарын жоюға кірісті: кедейлікке душар болып, әлем елдерінен артта қалған, терең әлеуметтік-саяси дағдарыстан титықтаған Аспан асты елін жаңаша даму жолына

салды. Дэн Сяопин Қытайдың жүзеге асырғалы отырған экономикалық реформасының табыстылығы саяси жүйенің жаңғыруына тәуелді деген қағиданы басшылыққа алды. Саяси жүйені реформаламай жатып, экономикалық құрылымды өзгерту мүмкін еместігі ғылыми және идеологиялық тұрғыда тұжырымдалды. Осылайша, экономикалық реформалар бастау алған 1978 жылдан бастап Қытайдың ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) өсімі жылына 10 % құрап отыр (тек екі жылы ғана – 1989 және 1990 жылдары ІЖӨ өсімі 4 % болған, себебі: Тяньаньмэнь оқиғасынан соң АҚШ,

Жапония және Еуропа елдері Қытайға қарсы түрлі экономикалық санкциялар қолданып, дамуын тежеген). Қытайлық экономикалық реформалардың негізінде басты екі ұстаным жатты:

Бірінші, барлық реформалар тұрғылықты халықтың барынша басым бөлігінің мүддесіне сай жүргізілуі тиіс және халық одан шынайы пайда табуы қажет;

Екінші, халық үшін реформаның бағасы ауырлық әкелмеуі керек.

Дэн Сяопин Қытайды аграрлы-индустриялық ел ретінде дамытуды мақсат етті. Сондықтан, ел экономикасын **қорғаныс өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, ғылым және өнеркәсіп** деп негізгі төрт секторға бөліп жаңғырту қолға алынды. Әсіресе, бұқара халықтың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, ауыл шаруашылығын құлдыратпай реформалауға баса назар аударылды. Реформаның ауылдан басталуы сол кезеңдегі уақыт талабы болатын. Өйткені, ол кезеңде қытайлықтардың 80 % ауылдық жерлерде тұратын еді. Дэн Сяопин «**Қытайдың тыныштығы, экономиканың дамуы ең алдымен ауылдың дамуына, шаруалардың әлауқаты артуына тәуелді**» деді. Ауыл шаруашылығында бұрын қалыптасқан «**халық коммуналарының**» орнын отбасылық еңбекке негізделген шаруашылықтар басып, олар жоспарлы-нарықтық ұстанымға көшті. Ірі жер иеленуші латифундистердің туындауы мен еңбекті қанауына тосқауыл қойылып, егінші-малшылардың жерді теңдей иеленуі мен пайдалануы ойластырылды. Шаруалардың барлығы дерлік ауыл шаруашылық өнімдерін еркін өндіру құқығына ие болды. **Мемлекеттік өнім дайындау жүйесі таратылып, агрономиялық өнімдерге баға еркін басатылды, барынша жеңілдетілген салық жүйесі енгізілді. Мемлекеттің белгілеген жоспарынан артық өндірілген өнім шаруалардың игілігіне айналды. Мұның барлығы шаруаларды еңбектенуге, жерді тыңайту мен күтуге, асыл тұқымдандыру арқылы артық өнім алуға ынталандырды. Ауылдық жерлердегі еңбеккерлердің өмір сапасы жоғарылап, ауыл шаруашылығы тұтасымен модернизацияға ұшырады. Ең бастысы – Қытай қысқа мерзім ішінде азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізіп, көп санды халқының тоя тамақтануын қамтамасыз ете алды. Қытайлық шаруалардың мұндай жетістікке қол жеткізуі өз кезегінде ауыл шаруашылық өнімдерін**

экспортқа шығаруға мүмкіндік берді. Ал, Қытаймен көршілес кеңестік республикаларда жүрген реформалар болса халық шаруашылығының дамуына емес, керісінше, кешенді қожырап-тозуға әкеліп соқты. КСРО-да жүрген горбачевтық «қайта құрулар» жоғарыдан берілетін нұсқаулар түрінде жүргізілсе, қытайлық реформалау төменгі деңгейлердегі бастамаларды жоғарыдағылардың қолдауымен жүзеге асты. Экономикадағы идеологияның рөлі мен оған биліктің қол сұғуы бүкіл қытайлық ауқымда барынша төмендетілді. Яғни, ел ауқымында жүргізілген реформалардың дені «азиялық экономикалық жолбарыстардың» үлгісіне негізделді.

1980 жылдың 20 қазанында Қытай Коммунистік партиясы (ҚКП) Орталық комитеті арнайы шешім қабылдап, ресми түрде әлеуметтік-экономикалық жүйені реформалауға көшті. **Сөйтіп, қытайлық социалистік экономика – «мазмұнында жоспарлау элементі бар тауарлы экономика» деп анықталды. Бұл тұрғыда Дэн Сяопин: «Неге осы нарық туралы сөз болса, бірден капитализм туралы әңгіме қозғалады да, жоспарлау десе – социализм дейміз? Жоспарлау мен нарық – тәсілдер. Егер бұл тәсіл өндіргіш күштерді дамыту үшін пайдалы болса, неге оны қолданбасақ»** – деген еді. Бұл ұстаным өзінің дұрыстығын дәлелдеп, қарқынды экономикалық дамуға серпін берді. Сонымен қатар, Дэн Сяопин қытайлық даму стратегиясының үш қадамын айқындады: **бірінші қадам** – халықтың қарны тоқ, киімі бүтін болатындай деңгейге қол жеткізу; **екіншісі** – XX ғасырдың соңында ІЖӨ төрт есеге өсіру; **үшіншісі** – жаңа ғасырдың 30-50 жылы ішінде орташа дамыған елдердің деңгейіне қол жеткізу. Осылайша, Қытай бірте-бірте бай, мықты, демократиялық және өркениетті социалистік елге айналды деген ұзақ мерзімді жоспар жасалды. Осы жерде айта кетерлік жәйт, ІЖӨ 2000 жылы төрт есеге – 2800 млрд. юаньға өсіру жоспарын Қытай 1994 жылы 2905,4 млрд. юань көрсеткішпен асыра орындап, мерзімінен бұрын қол жеткізді. Жалпы, Дэн Сяопин прагматик саясаткер ретінде танымал екенін айта кету қажет, оның айтқан мына бір сөзі бүкіл әлемге танымал: **«Ақ мысық па, қара мысық па маңызды емес, егер ол тышқан ұстай алатын болса, онда ол жақсы мысық».** Сол сияқты, социализм бе, нарық па, бәрібір, ең бастысы – елдің дамуына игі ықпал етсе болғаны.

Осылайша, әлемде теңдесі жоқ «бір ел, екі түрлі жүйе» қалыптасты.

1984 жылдың қазан айынан бастап қытайлық экономикалық жаңғырудың екінші кезеңі – қалалардағы экономикалық жүйелерді реформалау басталды. Төрт ірі қала – Шэньжэнь, Чжухай, Сямынь, Шаньтоу – арнайы экономикалық аймақтар болып жарияланып, төменгі салық режиміндегі еркін нарыққа көшті. Мысалы, Шэньжэнь осыдан 30 жыл бұрын Гонконгқа жақын орналасқан теңіз жағасындағы шағын ғана балықшылардың қаласы болса, қазір ол 10 миллион тұрғыны бар ірі қалаға айналған Оңтүстік Қытайдың экономикалық орталығы саналады. Сонымен қатар, шағын бизнес пен жеңіл өнеркәсіпке, тұрмыстық техникалар мен машина жасауға барынша қолдау жасалды. Билік тарапынан бизнес өкілдеріне кедергі жасауға толық тосқауыл қойылды. Керісінше, жергілікті билік өкілдері өздерінің аймағында ашылған шағын-орта бизнес өкілдері мен кәсіпорындарға барлық қолайлы жағдайлар жасады. Несие саясаты да мемлекеттің қатаң қадағалауына алынды. Мысалы, банктік несиені ең көп дегенде 4-5 % сыйақымен беру арқылы қаржы секторы да әлеуметтік әділеттілікті сақтай отырып, Қытайдың үйлесімді экономикалық дамуына өз үлесін қосты. Бұл үрдіс әлі күнге дейін жалғасуда.

Дэн Сяопин 1985 жылы нарықтық социализмнің бастауында тұрып мынадай қағиданы қытайлық қоғамда нықтап бекітті: «Құрлықтық Қытай социалистік жүйені қолдайтын болады және жалған жолға – капиталистік жолға бұрылып кетпейді. Социализм мен капитализмді бір-бірінен айыратын ерекшеліктердің бірі – социализм жалпы гүлденуді білдіреді, халықтың табыс табу бойынша бай-кедей болып полярға бөлініп, жіктелуіне жол бермейді. Жасалған байлық алдымен мемлекетке тиесілі, сосын барып адамдарға жетеді; сондықтан да, жаңа буржуазияның жоқ жерден туындауы мүмкін емес. Мемлекетке түскен пайда адамдардың әл-ауқатын жақсартуға жұмсалады, аз бөлігі ұлттық қорғанысты нығайтуға, ал, қалған бөлігі – экономиканы дамытуға, білім беру мен ғылымға, халықтың өмір сүру сапасы мен мәдени өрлеу деңгейлерін көтеруге бағытталады».

1988 жылдың екінші жартысынан бастап қытайлық ғалымдар «социалистік тауарлы экономиканың» орнына «социалистік

нарықтық экономика» ұғымын қолдануды ұсынды. «Социалистік нарықтық экономика» жағдайында мемлекет экономиканы макроэкономикалық құралдар арқылы басқарып, әкімшілік ықпал етуді барынша тежеп, соның арқасында, Қытайдың біртұтас ұлттық нарығының құрылуына игі ықпал етті. Дегенмен, Қытай кереметінің негізін салған Дэн Сяопин 1989 жылы ресми түрде барлық лауазымынан өз еркімен бас тартуды ұйғарды. Оған бір жағынан, 1989 жылғы 15 сәуір мен 4 шілде аралығында КСРО-дағы қайта құрулар сияқты Қытайдағы саяси жүйені түбегейлі реформалауды көксеген студенттердің Тяньаньмэнь алаңында ұйымдастырып, аяғы қантөгіске ұласқан наразылық бас көтерулері себепші болды. 1992 жылдан бастап «жолдас Дэн» саясаттан кетті, бірақ, өмірінің соңына дейін Қытайдың рухани көшбасшысы болып қалды. Дэн Сяопин Қытай саясатында бұрын дәстүрге айналған өле-өлгенше билік басынан кетпеу әдетіне тосқауыл қойып, өзінен кейінгі билеушілерге үлгілі өнеге көрсетіп, партиялық билік алмасуының оңтайлы жолын салып берді. Өмірлік лауазымдылықты күшінен қалдырып, мемлекет басшысын таққа екі кезектен артық отырмайтын етіп белгілеп кетті. Яғни, екі бесжылдық жоспарды жүзеге асырып, он жыл елді билеген лауазымды тұлға өзінен кейін ізбасар дайындап, ерікті түрде билікті «қолдан қолға» өткізуі тиіс. Сонымен қатар, қызмет салаларында зейнеткерлік жасқа жеткендердің демалысқа кетулері қатаң бақылауға алынып, қарт кадрлардың жастарға орын беруіне, отыз бен қырық жас аралығындағы қабілетті жастардың жаппай жауапты қызметке өсуіне мүмкіндік жасалды.

1989 жылы ҚКП төрағалығына уақытша келгендей болған Цзян Цзэминь 1993 жылы ҚХР төрағасы болды. Ол Дэн Сяопин бастаған реформаларды одан әрі жалғастырды. 1993 жылы Қытайдың ІЖӨ өсімі 10% емес, тіптен, 13% дейін артып кетті. Мұндай жәйтке ҚХР үкіметі қатты алаңдаушылық білдірді, өйткені, экономиканың қатты қарқынмен дамуы түрлі жағымсыз зардаптарға әкелетін қатерлі құбылыс саналады. Қытай «помо жинжи», яғни, «көбік экономикалық дамудың» қаупінен сақтануда бай көршісі – Жапонияның тәжірибесіне сүйенді.

Бұл кезеңге тән ерекшелік – дамуы артта қалған Батыс Қытайды жетілдіру және қалыпты дамудағы Шығыс-солтүстіктегі

көне ауыр өнеркәсіп базасын одан әрі жаңғырту саясаты болды. «Сийю өңірі», яғни, Батыс Қытай провинциялары пост-кеңестік кеңістік пен Еуропаға шығатын транзиттік дәліз қызметін атқаруына қажетті барлық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету ісі жүзеге асырылды. Ал, шығыс-солтүстік аймақтағы экономиканың шынайы секторына шетелдік инвестиция мен технологияны тарту қатар жүргізілді. Өте қолайлы әрі жеңіл салық-несие саясаты билік тарапынан экономиканы дамытуға қосымша көмек беріп, игі ықпалын тигізді.

Цзян Цзэминьнің билік басына келген кезеңі Қытайдың аяғына тұрып, әлемдік нарықтарды жаулауға ниеттенген кезеңімен тұспа-тұс келді. Оның басшылығымен Қытай Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді, экономикалық және әскери әлеуетін арттырды, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы көшбасшыға айналды, Шанхай қаласында АСЕАН саммитін өткізді, 2008 жылы Пекин олимпиадасын өткізді. Спорт – елдің абыройы мен халықаралық имиджі ғана емес, сау да саламатты өмірдің кепілі деп түсінген Қытай спортқа бұрынғыдан да күшті көңіл бөле бастады. Цзян Цзэминь «үштік өкілдік» теориясын ұсынып, оны ҚКП партиялық бағдарламаға айналдырды. **«Үштік өкілдіктің» мәні мынада: біріншіден**, партия қытайлық алдыңғы қатарлы өндіргіш күштердің дамуына бағытталған талаптарға; **екіншіден**, партия Қытайдың мәдениетін озық ететін прогрессивтік бағыттарға; **үшіншіден**, компартия қытай халқының сан түрлі қабаттарының мүдделеріне өкілдік етеді. **«Үштік өкілдік»** идеясын ҚКП марксизм-ленинизмнің идеяларымен, Мао Цзэдунның ұстанымдарымен, Дэн Сяопиннің теорияларымен қатар ұзақ мерзім бойына ұстанады. «Үштік өкілдік» жұмысшы-шаруалар мен интеллигенцияның саяси құқықтарын теңестіріп қана қоймай, жеке кәсіпкерлерге де партия есігін айқара ашты. Цзян Цзэминь тұсында қолға алынған тағы бір жауапты міндет, «сяокан» қоғамын, яғни, орта дәулеттілер қоғамын құру болды. ҚКП XVI съезі «сяокан» қоғамына қол жеткізу арқылы қытайлықтардың жан басына шаққандағы табыс деңгейін орташа дамыған елдердің деңгейіне жеткізуді көздейді. Тәуелсіз сарапшылардың мәліметі бойынша, қазір бұл көрсеткіш 26959 юаньды немесе 4 292 АҚШ долларына тең (**бір АҚШ долл.- 6,28 юань**). Қытайда 1,5 млрд. тақау халық бар екенін ескерсек, бүкіл елдің табысын қоссақ, қыруар

қаржы болмақ. Ал, Қытайдың Ұлттық статистикалық бюросының көрсетуінше, ІЖӨ \$7,3 трлн., жан басына шаққандағы табыс \$5,5 мың. Әзірге, ҚХР азаматы табыс деңгейі бойынша әлемде 101 орында тұр. Орта дәулеттілердің «сяокан» қоғамы тек табыс табуды ғана емес, жан-жақты дамуды мақсат тұтады: саяси, экономикалық, мәдени, т.б.

Саяси дәстүрді ұстана отырып, Цзян Цзэминь 2002-2005 жылдар аралығында ҚКП ОК Бас хатшылығын, республика төрағалығын, ҚКП Орталық әскери кеңес төрағалығын Ху Цзиньтаоға аманат етті. Қытай аймақтарының хал-ахуалымен етене таныс болса да, Ху ел аралап, қарапайым еңбеккерлердің тыныс-тіршілігін өз көзімен көргенді қалайтын. Ол қарапайым өмір сүруді насихаттап қана қоймай, өзі үлгі көрсетуге тырысты. Жұмысқа велосипедпен барып, өзіне дейін дәстүрге айналған мемлекеттік дәрежедегі сән-салтанаттардың санын күрт қысқартты. Чиновниктердің мемлекеттік қызметті пайдаланып, түрлі іс-шараларға бюджет қаржысын ысырап етіп жұмсауына тыйым салды. Мемлекет басшысының қарапайымдылығы мен қайырымдылығын бір жағынан, қытайлық халықтың кедей бөлігі қатты қолдаса, екінші жағынан, мұндай ұстаным кедейлер мен байлар арасындағы өмір деңгейінің алшақтығын азайтты. Ол сонымен қатар, теңіз жағалауындағы күшті дамыған аймақтардың ішкі және батыс аймақтарға көмектесу саясатын жүргізіп, қытайлық қоғамның үйлесімді дамуына күш салды. **«Үйлесімді даму» немесе ғылыми даму саясаты – Батыс және Шығыс Қытай, ауыл мен қала, кедей мен бай, теңіз жағалауы мен құрлық ішіндегі аймақтар арасындағы теңсіздіктерді барынша азайтуға бағытталды. Бұл бағытта Қытай үкіметі аянған жоқ, әсіресе, ауыл-аймақтарға барынша қолайлы жағдайлар жасалды: ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруаларға 5-10 мың АҚШ доллары аралығындағы несие ешбір пайызсыз 2 жылға берілді. Бұл игі бастама да әлі күнге дейін өзінің жалғасын табуда.**

Ху Цзиньтао партия ішіндегі тәртіпке де қатаң қарады: партия мүшелері идеологиялық материалдарды зерделеуге, басшылыққа мойынұсынуын жазбаша куәлендіруге міндетті болды. Ху тұсында ҚКП ішінде екі идеологиялық қанат туындады. «Оңшылдар» қоғамның

ашықтығын, банк жүйесі мен жеке меншіктің жеделдетілген реформасын ұсынса, «солшылар» реформаларды қысқартуды, шетелдердің ықпалын азайтуды, байлықты қайта бөлуді, кедей шаруа қабаттарын субсидиялауды аңсады. Ол партия ішінде пайда болған «оңшыл» және «солшыл» бағыттарды бөліп-жармай, екеуіне де қолдау білдіріп, саяси күштердің тепе-теңдігін таба білді. Яғни, Ху Цзиньтао ішкі саяси бағытты екі тармақта жүргізді: экономикада реформаны жалғастыру және ҚКП қоғамдық саладағы дәстүрлі саясатын сақтау. **Экономикалық либералдану қатаң қоғамдық бақылаумен жүруде, оның ішінде, сыбайлас жемқорлықпен күресу күн тәртібінен түспейтін өткір мәселеге айналған. Компартияның билігіне қауіп төндіретін барлық факторлар шектеліп, цензуранданды. Әсіресе, интернет арқылы ақпарат тарату қатаң бақылауға алынды. Сонымен қатар, Ху Цзиньтао Қытайдың ішкі бірлігін сақтау жолында біраз тер төгуіне тура келді. Оның билік басына келген жылдары Тайвань, Тибет, Шыңжаң-Ұйғыр мәселелері өзекті болды. Осының нәтижесінде, 2005 жылы 14 наурызда «Мемлекетті бөлуге қарсы тұру туралы» арнайы заң Қытайда күшіне енді.** Ху Цзиньтао тұсында Қытай әлемдегі экономикалық күшті держава мәртебесін нығайтты. 2011 жылы ДЖӨ көлемі 5,8 триллион доллар құраған ҚХР Жапонияны басып озып, АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. Шапшаң темір жолдарының ұзақтығы жөнінен әлемдегі бірінші орын иеленіп, Африка құрлығындағы ең ірі инвесторға айналды.

Ху Цзиньтао кезеңіне тән тағы бір ерекшелік – **дайын өнімді экспортқа шығаруды азайтып, елдің ішкі нарығын кеңейтуді қолға алу болды.** Бұл үшін қытайлық жұмысшылардың еңбекақысы мен тұрмыс деңгейін көтеру арқылы ішкі нарықтағы сұраныс деңгейін көтеру межеленді. Бұл өз кезегінде, Қытай экономикасының әлемдік экономикадағы дағдарыстарға тәуелділігін азайтты **(адамзаттың иірісіне жетуіне қытайлық, осыдан-ақ ҚХР ішкі нарығының әлеуеті қандай екенін шамалауға болады).** Худың бұл саясаты өзін-өзі толық ақтады: 1998 жылғы Оңтүстік-шығыс Азияны жайлап, 2007 жылдан бүкіл әлемде жүрген дағдарыстар Қытай экономикасына айтарлықтай ықпал ете алмады.

Көреген саясаткер ретінде, **Ху Цзиньтао Қытайдағы ғылыми-техникалық**

дамудың елдің мәдени дамуынан озып кетуіне алаңдады. Мұндай сыңаржақ даму қытайлықтарды адамгершілік пен имандылықтан, обал-сауап пен қанағатшылықтан жұрдай ететін рухани жағынан қауіпті үрдіс деп санады. **Ерекше айта кететін мәселе, Ху Цзиньтао Қытай азаматтарына арналған «Сегіз қайырымды және сегіз кінәрат» (Ба Жун Ба Чи) атты моральдық тұжырымдар мен құндылықтар жиынтығын ұсынды:**

Бірінші: Отанды сүй; Оған зиян жа-сама;

Екінші: Халыққа қызмет ет; оны ешқашан сатып кетпе;

Үшінші: Ғылымға сүйен; надан бол-ма;

Төртінші: Зерек бол; жалқау болма;

Бесінші: Ізетті бол, әркімге көмектес; біреудің есебінен пайда таппа;

Алтыншы: Адал және ұқыпты бол; пайда үшін ар-намыс ұстанымынан ат-тама;

Жетінші: Тәртіпті бол және заңға бағын; хаос пен заңсыздыққа жол жоқ;

Сегізінші: Қарапайым өмір сүр, аянбай еңбек ет; байлық-барлыққа мастанып, ра-хат сезімге елітіп кетпе.

Бұл туынды бастапқыда Қытай коммунистері үшін, оның ішінде, әсіресе, чиновниктерге бағытталды. **Ондағы мақсат – мемлекеттік қызметкерлерді патриоттыққа, ынсап пен қанағатқа шақыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ар-ұят, намыс, имандылық, ерік-жігер, отансүйгіштік сияқты асыл қасиеттерді жұмылдыру болатын.** Бүгінгі таңда «Сегіз қайырымды және сегіз кінәрат» әрбір қытайлықтың жүрегіне жол тартып, күнделікті өмірде басшылыққа алынатын ұстаным-қағидаларға айналған.

Қалыптасқан саяси дәстүрге сәйкес, 2012 жылғы қарашада ҚКП XVIII съезінде Ху Цзиньтао партияның ОК құрамынан шығып, 15 қарашада өткен пленумда ҚКП ОК төрағасы болып Си Цзиньпин сайланып, ол 2013 жылы ҚХР жаңа төрағасы болды. Си Цзиньпин де қалыптасқан саяси дәстүрді сақтауда: өзіне дейінгі көшбасшылардың саяси бағытын жалғастыра отырып, ол енді **«қытайлық арманды»** жүзеге асыратынын мәлімдеді. Сондықтан да, ол **«қытайлық арманға» жетуге кедергі келтіретін қоғамдық кеселдер – сыбайлас жемқорлық пен әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресті ба-сым саяси бағыттар ретінде айқындады.**

Яғни, жаңаша экономикалық даму жемқорлықтан таза және әлеуметтік әділеттілікке негізделуі тиіс. Си Цзиньпин атап көрсеткендей, «жаңа басшылық формализм, бюрократизм, гедонизм мен ысырапшылыққа батыл қарсылық жасайды, сыбайлас жемқорлық пен тәртіп бұзушылықтың барлық көріністеріне қарсы бел шешіп күресетін болады». *Қытайлық биліктің ерекшелігі, айтылды бітті, орындалуы міндетті. Оларда жемқорлық қылмыстар қатаң жазаланады, Қазақстандағыдай жұмсақ емес, өлім жазасын қолдануға дейін барады. Бізде кейбір шенеуніктер миллиондаған теңгенің қылмысын жасап, жаза ретінде – шартты түрде бас бостандығынан айырылумен ғана құтылып жатады. Ал, Қытайда жемқорлық қылмыстардың жазасы өте ауыр, мемлекеттік бюджеттен ұрлап жегенін желкесінен шығарып, мал-мүлкін тәркілеп, халық қазынасына қол салған ұрының өзін түрмеде шірітіп, тіптен, кейбірін өлім жазасына қияды. Жалпы, соңғы 30 жылда 4 млн. астам жемқор анықталып, жазасын алған, оның мыңға жуығы жоғарғы мемлекеттік биліктің чиновниктері. 2000 жылдан бері 10 мыңға таяу ірі жемқор шенеунік атылса, 120 мыңдай коррупционер 10-20 аралығындағы бас бостандығынан айырумен жазаланған.*

Си Цзиньпин «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек қана арнаулы мемлекеттік-партиялық органдар айналысатын іс емес, бұл – бүкіл қоғам жұмыла кіріспесе дес бермейтін дерт» деген қағиданы отандастарының санасына сіңіруге күш салуда. *Қоғамдық бақылауды дұрыс жолға қойып, коррупциямен күресуді жалпыхалықтық міндет етіп қойды. Қазір қарапайым қытайлықтардың өзі ел ішіндегі жебір шенеуніктердің жүріс-тұрысын, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты қадағалап, қоғамдық ауқымда бақылауға кең мүмкіндіктер алды. Қандай да бір шенеунік қымбат көлік мініп, сән-салтанат құрса, зәулім-сарай үй сала қалса, оны байқаған қытайлық азамат арнаулы органдарға хабарлайды. Мұндай сигналдарды тез арада арнайы органдар тексеріп, арты қуыс шенеунік тапқан табысының заңдылығын дәлелдей алмаса, онда бұл – жемқорлық фактісі деп бағаланады.* Сонымен қатар, қытайлық жемқор шенеуніктердің арасында бұрыннан қалыптасқан, жазылмаған дәстүрлердің бірі – астыртын түрде нақсүйер сұлуды сүю, ашына ұстау болатын *(кейбір қазақстандық*

шенеуніктердің тоқал алып, құпия махаббат құратыны сияқты). Қытайлықтар өздерінің қатынкұмар һәм ашкөз шенеуніктерін әшкерелеуге қызу кірісіп, бұл салада да бірқатар тәртіп орната алды. Бұдан бөлек, шенеуніктер қызметтік көлік ретінде қандай маркалы автоны пайдаланатыны қадағалануда: аса қымбат көліктердің орнына арзандау әрі үнемді көліктерге көшу қолға алынған. Қызметтік көліктерді шенеуніктердің жеке шаруасына пайдалануына қатаң тыйым салынған, жұмыстан тыс уақытта олар арнайы тұрақтарға қойылады. Жоғарыда аталған іс-шаралардың барлығының жүзеге асуын халықтың мұқият қадағалуы жан-жақты қарастырылған. **Қытайлықтардың санасында мемлекеттік бюджет бүкіл халықтың игілігі, ортақ қаржы-қаражатты ел болып, орынды және үнемді жұмсау қажет деген ұстаным берік қалыптасып келеді. Бұл тұстан да қазақстандықтардың алатын сабақтары көп.** Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтің кәсіби дәрежесін арттыру мақсатында реформалар жалғасуда, дамыған демократиялық елдердегі сияқты чиновниктер корпусын конкурстық негізде қалыптастыру жолға қойылған. Қытайда бұл сала бойынша да бәсекелестік өте күшті: мемлекеттік қызметке тұру үшін жылына 1,4 миллион үміткер арнайы ұлттық емтихан тапсырады, бұл бір орынға үш мыңға тақау адам таласады деген сөз.

Си Цзиньпин теңіз порттарынан **еркін экспорт-импорт жүзеге асатын арнайы экономикалық аймақтарын** құруға ниеттенуде, әсіресе, Шанхайды Дубай үлгісіндегі әлемдік деңгейдегі қаржы-сауда орталығына айналдыруға күш салынып жатыр. Шанхайдың Вайгаоцао, Пудун аудандарының өзі анша-мұнша елдердің астаналарына бергісіз дамып кеткен. Қазір қытайлықтар мұнда ұлттық валюталары – юаньды шетел валютасына айырбастамай-ақ, халықаралық сауданың құралына айналдыруға талпынуда. **Бұдан бөлек: 5 арнайы экономикалық аймақ** (Шэньжэнь, Чжухай, Шаньтоу, Сямэнь, Хайнань); **мемлекеттік деңгейдегі техникалық-экономикалық дамуға арналған 90 аймақ** (Пекин, Гуанчжоу, Тяньцзинь, Далянь, Харбин, Үрімші, Ухань, Чунцин, Ханчжоу, Шэньян, Чанчунь, Инкоу және басқа ірі қалаларда шоғырланған); **жоғарғы технологиялық 75 аймақ** (Пекинде «Чжунгуньцунь», Шанхайдың Пудунындағы «Чжанцзян», сондай-ақ, Нанкин, Чэнду, Гуанчжоу т.б.

қалалардағы жоғары технологиялық ашық аймақтар); **кедендік еркін 13 аймақ** (Шанхай, Тяньцзинь, Далянь, Гуанчжоу, Нинбо, Чжанцзяган, Хайкоу, Сямэнь, Фучжоу, Циндао, Шаньтоу, Чжухай, Шэньчжэнь қалаларында); **мемлекеттік деңгейдегі шекара маңы экономикалық ынтымақтастығына арналған 14 аймақ**: Хэйхэ, Суйфэньхэ (Хэйлунцзян провинциясы), Маньчжоули, Эрлянь (Ішкі Моңғолия автономды ауданы), Хуэйчунь (Цилинь провинциясы), Даньдун (Ляонин провинциясы), Инин, Болэ, Тачэн (Шыңжаң-Ұйғыр автономды ауданы), Пинсян, Дунсин (Гуанси-Чжуан автономды ауданы), Жуйли, Ваньтин, Хэкоу (Юньнань провинциясы) өте қарқынды даму үстінде.

Си Цзиньпиннің ерекше назар аударған салаларының бірі – **экологиялық қауіпсіздік**. Өйткені, индустрияланудың даңғыл жолына түскен Қытай экономикасы қоршаған ортаға түрлі зиянын келтіруде. Жер, су, ауаны қасиетті стихиялар деп санайтын ежелгі шығыстық дана философияны индустриялану, нарық, тауар, пайда деген утилитарлық-тұтынушылық заманауи ұғымдар тұншықтырды. **Техногендік және антропогендік әсер ету Қытай халқының денсаулығын бұзып, табиғи тепе-теңдікті шайқалтуда, флора мен фаунаның сан-алуандығын жойып, орны толмас зардаптарға ұрындыруда. Сондықтан, ҚКП жаңа басшылығы елдің экономикалық дамуын экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен қатар өрбітіп, ресурс үнемдеу, экологиялық таза технологиялар қолдану, балама энергия көздерін пайдалану сияқты инновациялық жолмен жүзеге асыруды көздеп отыр.** 12 бесжылдық (2011-2015) экстенсивті өндірістен интенсивтіге өтумен және инновациялық экономиканы дамытумен ерекшеленіп отыр.

Си Цзиньпин сыртқы саясатта бейбіт қарым-қатынас пен өзара тиімді ынтымақтастықты ұстанатынын айтып, осы бағытта әрекет етуде. Олар қандай да бір елге экономикалық немесе энергетикалық тәуелді болғысы келмейді. Қазақстанның мұнайы мен газына қарап қалмай, Си мырзаның Орталық Азия елдерін аралап, олардың бәрімен тығыз байланыс орнатып қайтуы да осыдан. Қытайлық биліктің прагматизміне Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет басшыларының Бішкекте өткен басқосуында бүкіл әлем де куә болды. Дегенмен, Қытай «**Құдай сақтансаң ғана сақтайды**» деген қағиданы ескере отырып, әскери әлеуетін жыл өткен

сайын күшейте түсуде. Қазір әлемдегі әскер саны ең көп мемлекет – Қытай болып табылады. Қысқасы, Қытай өзін қай жағынан алғанда да тәуелсіз ел ретінде жан-жақты дамытуға тырысуда.

Қорыта айтар болсақ, Қытайдың соңғы отыз жылдық даму тарихындағы жүргізген реформалары мен ашықтық саясатының нәтижесінде қол жеткізген табыстары орасан зор: **қытайлық ерекшеліктегі социализм жолындағы ауыл шаруашылығы 1,3 млрд. халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемге экспорттайды, білім беруге ІЖӨ 4 % жұмсайтын дәрежеге қол жеткізді, халқының 28 % жастар (15-35 жас арасындағылар 372 млн. адам), кедейшілікпен күреске ерекше мән берілуде (соңғы онжылдықта қазынадан 204,38 млрд. юань/31 млрд. АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалған), нәтижесінде кедейлер 250 млн. адамнан 14,79 млн. адамға дейін кеміп, 17 есе азайған. 30 жылда 1 трлн. АҚШ долларынан астам шетел инвестициясы тартылып, 340 млрд. доллар несие игерілген. Әлемдегі жасалған әрбір төртінші жеңіл автөкөлік те қытайлық. Айта берсек, Қытайдың отыз жылдағы олжалаған табыстары бізді тамсандыра береді.**

Ал, енді, «Қытай ғажайыбынан» Қазақстан нендей сабақ ала алады? Алатын сабақтар жетерлік. Негізгілерін атап айтсақ, мынадай ой-тоқтам жасауымызға болады. Уақыты келгенде Қазақстандағы биліктің алмасатыны ақиқат. Өмірдің табиғи заңы да, қалыптасқан демократиялық саяси дәстүр де солай, өзгеріп, түрленіп, дамып отырады. **Жоғарыда айтылғандай, Қытайдағы сияқты, Қазақстанға да билік алмасуын сілкініссіз өтетіндей етіп, Елбасымыздың салып берген сара жолымен халықты жарқын болашаққа бастайтын көшбасшы ізбасар дайындау тәжірибесін ойластыру заман талабы болып табылады.** Және де, бұл өзекті мәселе соңғы кездері қоғамдық пікірге қозғау салып, қызу талқыланып жүргені де жасырын емес.

Осы уақытқа дейін Қазақстан «**алдымен экономика, сосын саясат**» деген қағиданы ұстанып келді. Бұл ұстаным арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Қазақстанның жаңа даму кезеңінде саяси реформаларды алдыңғы орынға қою қажеттілігі туындап келе жатқаны байқалады. **Сондықтан, экономикалық**

реформаларды тереңдете отырып, одан саяси жүйенің реформалаудан қалып қалмауын ойластыруымыз қажет. Бұл тұста да Қытайдан үлгі алуымызға болады.

Қытаймен салыстырғанда, Қазақстанның тағы бір басты кемшілігі көрінеді. Қытай алдыға қойған мақсаттары мен жоспарларын нақты бір уақыт ішінде шынайы жүзеге асырады, ал, Қазақстан болса, күшті жоспарлар жасап, мықты мемлекеттік бағдарламалар қабылдайды, оны жүзеге асыруға қажетті қаржы-қаражатты да табады, бірақ, дұрыстап жүзеге асыра алмайды. Яғни, нәтижелік аз, тиынақтылық пен тиімділік те жетіспейді. Осы кемшілікті түзмей, біз дамымаймыз, жоспар жайына қалып, қаржы да желге ұша бермек. Қазақстандағы өлім жазасына жарияланған мараторийді алып тастап, ауыр қылмыстарға өлім жазасын қолдану қажеттілікке айналып келе жатқан сияқты. Себебі, соңғы жылдары елімізде айуандықпен жасалатын ауыр қылмыстардың саны артып барады. Біздің қоғамымыз гуманды құқық қорғау жүйесіне әлі дайын еместігін көрсетіп отыр, құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениеттің деңгейі де төмен. Заңнама мен жазалауды қатаңдатпай болмайды. Бұл жайлы жақында өткен Қазақстандық философтардың конгресінде де ашық айтылып, оны ғалымдарымыз қызу қолдады. Сол сияқты, мемлекеттік бюджетті тонап, аса үлкен сомада талан-тараж жасаған жемқорларға Қытайдағыдай өлім жазасын тәркілеумен қатар қолдану қажет. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз тегін айтылмаған. Қатаң жаза болмай, ұрлық-қарлық қылмыстар да тиылмайды. Мемлекеттік қызметке кірісерде ант берген опасыз чиновниктердің жасаған сыбайлас жемқорлығын мемлекеттік сатқындық деп бағалау қажет-ақ. Мемлекеттік сатып алу, бюджетті атқару салаларын реформалап, олқылықтарын түзеп, жемқорлықты туындатушы алғышарттарды жою қажет. Ал, Қазақстан халқы мемлекеттік бюджеттің бүкіл елге ортақ игілік екенін, бюджет қазынасы салық төлеушілер арқылы қалыптасатынын санасына сіңіруі тиіс. Сондықтан, халықтық қаржы-қаражаттың орын-орнымен жұмсалыуына қоғамдық

бақылау орнатып, жемқорлықпен күресті жалпыхалықтық іске айналдыратын мезгіл келді. Сыбайлас жемқорлыққа барша қазақстандық халық бірігіп, Қытайдағы сияқты, азаматтық күрес жүргізбей жағдай жақсармайды.

Қазақстан индустриалдық-инновациялық дамуға ерекше мән беруде. Бұл әрине, қуанып құптарлық мәселе. Дегенмен, ел халқының жартысы ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, біз ҚХР сияқты, аграрлық дамуға барынша басымдық беруге тиіспіз. Кең байтақ қазақ жері ауыл шаруашылығына қолайлы, ата-бабаларымыз ежелден мал шаруашылығына бейімделген. Егін салудан да құр алақан емеспіз. Қазақстандық аграрлық өнімдер өзінің экологиялық тазалығы, сапасы мен құндылығы жағынан әлемдік нарықтан өз орнын ойып тұрып алуға қабілетті. Ауыл шаруашылығын дамытудың мультипликативтік әсері де орасан зор. Ауыл – қазақтың алтын қазынасы һәм дәстүрлі қара тамыры.

Қытайдан үйренетін тағы бір маңызды мәселеміз – салық және несиесаясаттары. Қазақстандағы несиенің сыйақылық пайызы – өте жоғары, мәні – әлеуметтік әділетсіз, шарттары – арамза әрі кәтігез. Үкіметіміз салық деңгейін көтереміз деп, халықты бір шулатып алғаны да белгілі. Түрлі тарифтер де жылына екі реттен қымбаттап, халықтың тұрмыс-тіршілігін одан әрмен титықтатып барады. «Кабала» несиелер қайыр-қайтарымсыз болса, ауыр салықтар олардан жалтаруды туындайды. Қымбатшылыққа арқау болып отырған инфляция да халықтың табан ақы, маңдай терімен тапқан азын-аулақ табысын құнсыздандыруын тоқтатар емес. Мұның барлығы, түптеп келгенде, еліміздің экономикалық дамуын тежеуші жағымсыз факторларға айналуы. Мұндай жағдайда адами капиталдың сапасын көтеру де қиынға соғары сөзсіз. Осы салаларды әлеуметтік әділеттілікке негіздеп, мемлекеттік деңгейде рационалды реттеуге болмас па екен? Жоғарыда қарастырғанымыздай, кезінде жағдайы біздікінен әлдеқайда мүшкіл болған Аспан асты елі бүгінде керемет дамуға қол жеткізді ғой? Иә, бәрін айт та бірін айт, ғажайыпқа толы Қытайдан Қазақ елінің үйренері өте көп.



Жания ӘБДІБЕК,
журналист



ТАРИХ, ТАРИХШЫЛАР ЖӘНЕ БІЛІК

Қазіргі еліміздің қоғамдық-саяси, ғылыми өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі – тарихқа көзқарастың жаңа кезеңінің қалыптасуын қамтамасыз ету. Оған мұрындық болып отырған – билік. Осы бір науқан басталғаннан-ақ, оған тарихшы да, тарихшы емес те, тіпті, кейбір саясаткерлердің өздері де араласып кетті. Осыдан кейін онсыз да, бұған дейін де көкпарға түскендей күй кешкен ел тарихының мәселесі одан әрі күрделене түспей ме? Осы тұстағы тарих, тарихшылар және билік арасындағы байланыс қандай болып, неге негізделіп, қалай болуы тиіс? Осы сұрақтар төңірегінде «Келелі кеңесімізде» белгілі тарихшылар Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас қызметкері, т.ғ.д., профессор Зардыхан Қинаятұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультетінің профессоры, т.ғ.д., «Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының» директоры Нәбижан Мұхамеджанұлы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері Әлімғазы Дәулетхан, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, т.ғ.д. Мәмбет Қойгелді, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Талас Омарбеков қатысып, ой бөліскен еді. Назарларыңызға кеңесте айтылған ой-пікірлерді ұсынамыз.

– «Тарих толқыны» кезеңінде билік төрелік айтып, тарихшылар «біз білемізге» салып, оның үстіне, осынау, процеске араласқан қоғам мүшелері «ел тарихына біздің де қосып-аларымыз бар» деп тарих, шіркін, үш оттың ортасында қалмай ма?



Зардыхан Қинаятұлы: – *Көтеріп отырған тақырыптарыңыз өте өткір. Бұл сауалға жауап беру үшін ең алдымен, билік деген не, тарих дегеннің ара-қатынасын ашып алып, түсініп алып, екеуінің байланысына тоқталып алған дұрыс. Өздеріңіз білесіздер, тарих деген зерделеніп, зерттеліп жазылған халықтың сан ғасырлық өмірбаяны, ата-бабаларымыздың өткен ізі, жүріп өткен жолы. Ал, билік дегеніміз қоғамның барлық саласын жүйелі басқаратын институт. Бұл инсти-*

тутталсақ. Биліктің тарихқа қандай да бір бағыт-бағдарлар беруі мүмкін. Бірақ, тарихты басқармауы керек. Өйткені, өткен басқаруға келмейтін ұғым-түсінік. Бізді басқаруы мүмкін, бірақ, тарих билікке бағынбайды. Биліктің негізгі мақсаты өткен тарихтан сабақ алуы керек. Солардан үйреніп, ой-сана қалыптастырғаны дұрыс. Ал, ой-сана тарихшылар арқылы қағазға түсіп, айналып келіп оларға әсер етуі тиіс. Қазіргі жағдайда, біз барлық мәселені билік айтқандай жазып жатырмыз деп айта алмаймыз. Тарихты әр кім әр қырынан жазып жатыр. Бірақ, кейде тарихқа биліктің де араласып кететін жағдайлары болады. Мысалы, Абылай ханның 300 жылдық тойын жуықта ғана тойлап өттік. Ал, оны негізінен екі жыл бұрын, яғни, 2011 жылы тойлауымыз керек еді. Себебі, Абылай хан 1711 жылы туған. Бұл нақтыланған, зерттелген. Бұл тәуелсіздіктің 20 жылдығымен қоса тойлануы тиіс болатын. Бірақ, ол кейінге шегерілді. Ал, енді ойлап қарасаңыз, Абылай хан қазақтың ұлы хандарының бірі,

батыр, көреген саясаткер, қай қырынан алып қарасақ та, тәуелсіздік үшін күрескен күрескер, қанын төккен адам. *Абылай хан 30 жыл жоңғарлармен, 26 жыл бір жағынан орыстармен, бір жағынан Цин империясымен күресті. Орыстарға іс жүзінде бағынбады. Бұл туралы Бартольд кезінде: «Абылайхан өте қу саясаткер, қазаққа қажет кезде ғана орыстың пікірін қолдайды, ал, қажетсіз болса айналып өтеді» деп оның саясаттағы көрегендігін жазған.* Сол тойды тәуелсіздікпен қатар тойлап өтсек, өте дұрыс болушы еді. Өйткені, Абылай ханның саяси өмірін тәуелсіздіктен еш бөліп қарауға болмайды. Сол сияқты, биліктің тарихқа араласып жататын кездері болады. Тарихтың әр кезеңі өз орнында болса, билік сол тарихқа бағынса, бүгінгі бізге емес, тарихқа бағынса, содан сабақ алса, онда келешекте тарих жазуға жаңаша мүмкіндіктер болар еді.



Мәмбет Қойгелді:
– Меніңше, тақырып өте дұрыс қойылған. Бізде билік пен тарихтың ара-қатынасын айтудан осы уақытқа дейін билік те қашады, тарихшылар да қашады. Өйткені, бұл тарихымызда үлкен

дау тудырған мәселе. Соған байланысты, көп мәселені бізде басқаша қояды. Тарих пен тарихшы деп қояды. Билік пен тарих емес. Мүмкін, әлемнің басқа елдерінде мәселені осылай қойып, шешіп жатқан шығар. Ал, бізде ондай емес. Біздегі тарих, ғылым саласы ретінде, өткен ғасырда тікелей биліктің қалауымен және қолдауымен қалыптасты. Идеологияның қаруы және қоғамдық санаға ықпал етудің құралы ретінде өмірге келді. Табиғи негізде емес, кәсіби тарихнама биліктің тікелей ықпалымен жазылды. Біз мұны мойындауымыз керек. Бұдан біздің тарихнама табиғи тамырынан өріс алмады деген пікір тұмауы керек. ХХ ғасырдың басында қоғамдық сұраныс бойынша тарих ғылымы табиғи негізде алғашқы қадамын жасай бастаған. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұхамеджан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов, Санжар Асфендияровтың еңбектерін жатқызуға болады. Бірақ, мұндай табиғи негізде тарихнаманың дамуы ұзаққа созылған жоқ. Билік оған ерік бермеді.

Ал, қазіргі жағдайға келер болсақ, мемлекеттік, қоғамдық мақсатты қолдаусыз тарихи еңбектердің жазылуы,

тарихи тәжірибе көрсеткендей өте қиын. Барлық елдерде сондай. Тарих ғылымы өзінің алғашқы қадамында биліктен қолдау алған. Билік саналы түрде оны қолдаған. Шығыста да сондай, батыста да сондай болды. Халықаралық тәжірибеде соны көрсетеді. *Өткен ғасырда өмірге келген кәсіби тарихнаманы толыққанды ғылым атауға келмейді. Өйткені, ол халық нақылындағыдай «күшік кезінде таланған».* Шартты түрде айтсақ, «күшік кезінде таланған ит азулы төбет бола алмайды». Орыс тарихшысы Афанасьев айналымға *«репрессияланған тарих»* деген ұғымды қосты. Осы атау советтік кезеңде жазылған тарихнамаға толық сәйкес құбылыс. Бұл ұғым Қазақстан тарихнамасына да қатысты деп ойлаймын. *Әдебиетте «социалистік реализм» деген мектептің үстемдік құрғаны сияқты тарих ғылымында да марксистік-ленинистік методология аталған концепция билік құрды. Тарихшылар мен ғылыми институттарға тапсырысты, тарихи процестерді қандай көзқарастар тұрғысынан зерттеу туралы ұстанымды империялық идеологиялық орталықтар анықтады.*

Өткен ғасырдағы алғашқы буын кәсіби тарихшылар мен әдебиеттанушылардың тағдыры олардың Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің абақтысына жабылып, тергеуге алынып, ұзақ мерзімге сотталуы еркін ой-пікірге жасалған шабуылы емес, сонымен бірге, кәсіби тарихнама мен әдебиеттануды тек идеологиялық тапсырыс шеңберінде ғана жұмыс істей алатын роботқа айналдырудың өзі болатын. Сондықтан, кеңестік кезеңдегі қазақ тарихнамасы марадымды ештеңе бере алмады. Бұл факт. Көрсетілген идеологиялық шеңберде ғана жұмыс жасауға міндетті болды. Міне, осы кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихнаманың арнасынан жаңа еркін кеңістікке шығу бізге оңайға түсіп отырған жоқ. Біз көп жағдайда инерциямен келе жатырмыз. Халық, «Тарих толқынында» бағдарламасы өз мойнына осы міндетті алса, отандық тарихнамаға көмектескен болар еді. Батыстық және Шығыстық мектептерге жас буын өкілдерін жіберуді қолға алу қажет деп есептеймін. Бұл жерде бізге велосипед ойлап табудың қажеті жоқ.

Тарихнама Шығыста да, Батыста да дамыған. Ал, біз мемлекетті қалыптастыру кезеңінде тұрмыз. Яғни, соған сәйкес адекватты, мемлекеттік статуска лайық тарихи таным, тарихи сана болуы керек қой. Сондықтан, біздің әрекетіміз сол деңгейде болуы тиіс. Мемлекеттік тәуелсіздікке байланысты,

Келелі кеңес

сол сұранысқа сәйкес қадам жасауымыз тиіс. Онсыз қазіргі ешқандай науқандардан, шаралардан нәтиже шықпайды. Ол факт!



Әлімғазы Дәулетхан: – Көтерілген мәселеге байланысты айтылған ойдың бәріне келісемін. Себебі, бұл біздің көптен бергі айтылып, талқылап, жазып жүрген тақырыптарымыздың, ойымыздың бір жерден шығуынан болуы керек.

Билік және тарих, тарихшылар, бұлар бір-бірімен кейде сыйыспайтын, кейде бір-бірінің өмірі сүре алмайтын ұғымдар. Егер, билік қолдамай, керісінше тізгіннен қағып отырса, тарих өз деңгейінде болмақ түгіл, тарихшылардың өзі «байтал түгіл бас қайғы» деген жағдайға түсуі мүмкін. Ал, мемлекеттік билік халықтың атынан елді басқарып отырған жағдайда тарихшыларға жасаған жағдайлары мен жеңілдіктерін міндет қылмауы керек. Билік сол үшін, халыққа қызмет ету үшін отыр. «Тарих толқынында» немесе «Мәдени мұра» және т.б. бағдарламалары мемлекет тарапынан іске асырылуда, солай болуға тиіс те.

«Тарих толқынында» бағдарламасы шыққаннан бергі практикаға қарап отырсақ, бұл бір жағынан қуанарлық жағдай, бір жағынан «осы қаншаға созылар екен?» деген де сұрақ туындайды. Өйткені, науқанменен ештеңе де болмайды. Зардыхан аға айтқандай, мыңдаған жылдық тарихты «Тарих толқынында» сияқты бір науқанменен қорытып, содан бір керемет нәрсе шығара алмаспыз анық. Бұл ұзақ уақытқа жоспарлануы керек. **Тарихты өзіміз ойлағанымыздай жазуымыз үшін уақыт керек, тарихқа қатысы бар әр саланың мамандарынан: кәсіби тарихшы, философ, тілші, әдебиетшілерді бір ортаға жинауға тиіспіз. Олар тарихты талқылау, жазу ісімен айналысуы керек.** Өйткені, осыған дейінгі жазылған дүниелер сарапқа салуды қажет етеді. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс деген секілді мәселелерді бірлесе, талқыға сала отырып шешуі тиіс. Егер, биліктің шынымен тарихпен айналысқысы келсе, онда осындай үлкен ұйымдастыру шараларын жасағаны абзал. Тарих мәселесіне мемлекет үлкен қаржы бөліп отырғаннан кейін неше түрлі көзқарастардағы тарихшыларды бір жерге жинай отырып, олардың ортақ пікірінің негізінде тиянақты жоспар жасалуы керек. БАҚ тарихи мәселелерді қозғауы мүмкін, алайда шеше алмайды. Сондықтан, билік тарихты зерттеуді ұйымдастырудың

формасын өзгертсе. Осыған уақыт жағынан да, қаржылық жағынан да ерекше мән берсе деген ойдамын.



Талас Омарбеков: – **Тарихқа биліктің араласуы бұрыннан келе жатқан дәстүрлі нәрсе. Өзімізге көрші орыстардағы Карамзин Ресейдің тарихын Патишаның нұсқауымен, Рашид ад-Дин де Газан ханның қолдауымен өз еңбектерін жазды. Өз тарихымызға келсек, Күлтегін де тарихты ағасы Білге қазанның өтінішімен тасқа тарихты қашады. Қытайдан бәдішілерді алдырып, жазбасын Йолыз Тегін жазғанымен, билікте отырған Тоныкөк пен Білге қазанның шешімі болмаса, мұндай жазу келер ме еді. Күлтегін қазан болмаса да, Білге қазан мен Тоныкөктің арқасында тарихымызға ауадай қажет ерекше дерек қалдырды. Қытайдың барлық жылнамалары биліктің тапсырысымен жазылған. Біздегі өзіміздегі тарихқа келер болсақ, Мәкең шығарған Қадырғали Жалаиридың 1602 жылы жазған еңбегі Борис Годунов қамқорлығымен жазғанын бәріміз де білеміз.** Осы еңбектердің бәрі өте құнды еңбектер. Бірақ, егер де билік тарихты шынайы түрде жаздырса, тіпті, ол жеке адамның мүддесімен жазылғанның өзінде шынайы тарихты айту үшін қажет дерек ретінде жаздырса, онда билік пен тарихшы бір максатты көздейді. **Ал, егер, билік кеңестік тоталитарлық жүйе кезіндегідей идеология құралы, сарай ғылымы ретінде пайдаланылса, онда ол тарих еш уақытта шынайы болмайды. Ол саясиландырылған, идеологияландырылған тарихқа айналады. Сондықтан да, XX ғасырдағы біздің тарихымыз жартыкеш тарих болды. Жартылай жазылып, онда айтуға болмайтын көп нәрселер болды. Кейбір деректерді әлі күнге дейін ала алмай отырғанымыз рас.** Ал, қазіргі жағдайға келетін болсақ, тәуелсіздік жылдарындағы Елбасымыздың «Тарих толқынында» деген кітабының жазылу мақсаты, қазақ халқының тарихқа деген қызығушылығының артуына байланысты болды. 1989 жылдан бастап ұлттық тарихқа бетбұрыс басталды. Жекелеген тарихшылар еңбектер, монографиялар жаза бастады. Өзекті тақырыптарға, оның ішінде жабық болып келген Алаш қозғалысы, қуғын-сүргін, депортация, ашаршылық, т.б. бар. **Осы жағдайда Елбасы қоғамдағы ахуалды түсіне отырып, «Тарих**

толқынында» секілді кітапты жазды. Ал, қазіргі басталған науқанда айтылып жатқан мәселелерді салыстырып қарасам, биліктің ойы сол «Тарих толқынында» ең бегінде айтылған мәселелерді ары қарай жетілдіру екен. Ол кітапта қазақ тарихын, Қазақ мемлекеттілігінің тарихын жазу, алғаш қазақ хандығынан бері қарай хандардың іс-әрекеттеріне жаңа көзқарас қалыптастыру керектігі айтылды. Қазіргі кезеңдегі жағдай өте күрделі деп айтар едім. Бұрын партия тарихы деген институт болған. Биліктің саясатты, коммунистік идеологияны насихаттайтын құрал болған. Тәуелсіздіктің тарихын зерттейтін арнайы институттың құрылуы біздің әлі де сол кеңестік тоталитарлық саясаттың ықпалында отырғанымыз байқалады. Нәтиже көрсеткендей, зерттеу ауқымының хронологиялық шеңбері тар болғандықтан Мемлекеттік тарих институты амал жоқ, арғы Қазақ хандығы дәуіріндегі, одан арғы тақырыптарға баруға мәжбүр болды. Амал жоқ, оқулық жазуға кірісті. Яғни, менің ойымша, өз мақсатынан ауытқып кетті. *Ал, енді, биліктің қазіргі тарихқа ұстан отырған көзқарасы өте маңызды. Қазақ халқының тарихына қатысты өзекті мәселелерді көтеріп, қаржыландырып, зерттеу орталықтарын құруда.* ҚазҰУ-да екі орталық, бір лаборатория құрылды. Палеогенетика деген лабораторияның ашылуына 800 млн. теңге, Орталық Азияны зерттеу орталығына 160 млн. теңге, геоархеология деп аталатын археологиялық құралдардың мерзімін анықтайтын лабораторияға 200 млн. теңге, ал, Дүниежүзі тарихын зерттейтін орталыққа 150 млн. теңге бөлінді. Бірақ, менің осыдан байқайтыным, бұл құбылыс бір жақты ғана. Билік тарихшыларға нұсқау бермеу керек, олардың пікірін тыңдауы қажет. Мемлекеттік хатшы тарихшыларды үш рет жинады, сонда біз үлкен-үлкен мәселелерді талқыладық...

Мәмбет Қойгелді: Тәке, ренжімесеңіз ойыңызды жалғастырсам. Өзіңіз айтқандай, мемлекеттік хатшыға хат жаздым. Ведомствоаралық комиссияның мүшесі ретінде «Мәдени мұра» мен «Тарих толқынында» бағдарламаларында ауытқулық бар екендігін айтқан болатынымын. Біздің тарихшылар осы уақытқа дейін Абылай кіммен хат алысты, түскііз қандай деген секілді ұсақ-түйек мәселелермен айналысып жүр. Ұлттық тарих қолға алынған қазіргі уақытта өзекті мәселелер күресінге шығып қалды. *Негізінде, ең өзекті мәселе алға шығу керек қой. Ұлт-азаттық қозғалысы, Кенесары қозғалысы, Алаш қозғалысы,*

XX ғасырдағы тәуелсіздік үшін күрестер, жеке тұлғалардың күресі! Бұл мәселелер сол ведомствоаралық комиссияның үш отырысында да ауызға алынған жоқ. Мен сол жолы Мемлекеттік хатшыға ҚазҰУ-да үш орталық ашып бердіңіз, ал, неге соның біреуін Алаш қозғалысын зерттеуге бермедіңіз, келесі отырысыңыздың күн тәртібіне осы мәселені қойыңыз дедім... Егер, мәселе дұрыс қойылмаса, тарихты зерттейміз деп неміз бар? Сондай-ақ, тарих халықтың тарихи танымын, елдік ұстанымын қалыптастыруға жұмыс істемесе, ондай тарих кімге қажет? Түсінем, көне ғасырға, орта ғасырларға акцент жасалып жатыр. Жарайды, ол керек! Себебі, Совет дәуірінде ол тақырыптар теперіш көрді. Сонымен бірге, қазіргі уақытта мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде халықтың патриоттық санасын оятатын, отансүйгіштік ұстанымын қалыптастыратын іргелі тарихи мәселелерді неге қозғамайды? Неге біз Алаш қозғалысынан қашамыз? Неге Кенесары көтерілісін дұрыстап оқыту, насихаттау мәселесін қолға алмаймыз?

Талас Омарбеков: Жоғарыдағылар «Халық тарих толқынында» деген ұлттық бағдарлама жасаймыз деп отыр ғой. Ол бағдарлама тарих институттарына табысталған екен. Негізгі басымдық Мемлекеттік Тарих институтына берілді. *Ал, енді, сол «Халық тарих толқынында» деген бағдарламаға Мәкең айтқандай, өзекті мәселелер кірсе, ғылыми жобалар енгізілсе, қаржыландырылса, онда тарихтың зерттелуі біршама жүйелі арнаға түсер еді деп ойлаймын.* Қазіргі кезде бастаманың барлығы биліктен болып отыр. Тарихшыларға тарихты қалай зерттеу керек екендігін айтып, нұсқау беріп отырған да билік. Тарихшылардан «Қандай ұсыныстарың бар?» деген секілді пікірлер мен ұсыныстарды жинау мәселесін көріп отырған жоқпын. *Ал, тарихшылардың пікіріне құлақ аспай, талдау жасамай тарих ғылымын жүйелі дамыту мүмкін емес.* Менің ойымша, тарих тағы да XX ғасырдағыдай биліктің идеологиялық құралына айналмауы керек. Қаржыландыру көзі биліктен келіп жатқандықтан, тарихшылар билікке тәуелді. Ұядағы торғайдың балапандары ұқсап, биліктен қашан қаржыландыру болады екен, тарихты қай бағытта зертте деген нұсқау береді екен деп отыра беретін боламыз. Мұның билік үшін жақсы жағы, тарихты идеология құралына айналдыру арқылы бұқараға ықпал жасаудың жаңа жолын табады. Немесе оппозициялық көзқарастың алдын алуы мүмкін. Ал, би-

ліктің ондай ниеті бар болса, тарих ғылымын дамыту мүмкін емес. Тарих XX ғасырдағыдай идеология құралы болып қала береді. *Егер, билік тарихты шынымен дамытамыз десе, шынайы тарихты жазып, халықты шынымен отансүйгіш, патриот етіп қалыптастырамыз десе, әрине, мамандардың пікірін жинап, тарихшылардың конгресі бола ма, «Халық тарих толқынында» деген тарихты талқылау бола ма, әйтеуір қандай жағдайда да жетекші тарихшылардың пікірлері әрқашан ескерілуі тиіс. Ол сыни пікір ма, әлде қолдау ма, бәрібір еленіп, ескерілуі керек.* Қазіргі жағдай тарих үшін онша қолайлы болып тұрған жоқ. Себебі, тарихшылардың үні естілмейді. Олардың баспасөз бетіндегі сұхбаттары, телеарналардағы сөйлеген сөздерін ескеріп, одан кейін әр бір жиында тарихшылардың пікірлерін талдап отырған чиновникті мен әлі көрген жоқпын. *Әрине, біз, тарихшылар қазақ халқының тарихын билік үшін зерттемейміз. Өзіміздің мамандығымыз, кәсібіміз. Билік айтпаса да, біз үнемі зерттеу үстіндеміз. Өйткені, біз тарих ғылымының алдында міндеттіміз. Міне, билік осыны түсінуі керек. Нағыз кәсіби тарихшылар өздерінің мамандығына әрқашан адал.* Олай болса, егер, тарих ғылымын идеология құралына айналдырмай, халыққа керек ғылым ретінде дамытамыз десек, билік, әрине, кәсіби тарихшылардың пікірлерін, ұсыныстарын, сын-ескертпелерін тура қабылдауы керек. Сонда ғана тарих ғылымына нақты қолдау болады, жол ашылады. Осыны билік түсінсе...



Нәбижан Мұхамеджанұлы: – *Көтеріліп отырған тақырып өте маңызды, әрі заңды. Себебі, қазіргі таңдағы билік пен тарихшылардың байланысының талқылануының өзі бұл белгілі бір дәрежеден біздің өскендігіміздің, дамығанымыздың көрінісі. Кеңестік кезеңде бұл тақырып мүлде жабық болатын. Сондықтан, қазір бұл тақырыптың көтерілуі адамды қуантады. Біз мұны талқылауымыз, анықтауымыз керек, билік пен тарихшылар арасындағы қарым-қатынастар қалай болуы керек деген секілді мәселе қозғалғаны дұрыс.* Әрине, мемлекеттік тұрғыдан алғанда, тарихтағы идеологияның болуы заңды. Ал, біз, солшыл идеологияның зардабын өте көп тартып, қорқып қалғанбыз. Қазір ұлттық мемлекет құрып, өзіміздің

мемлекетіміз болғаннан кейін, біздің ұлттық идеологиямыз әлсіз дейміз. Ал, ұлттық идеология тарихтың, мәдениеттің негізінде қалыптасады. Сондықтан, тарих ғылымының өзінің заңдылығы, өзіндік міндеттері бар. *Ең басты мақсаты – қоғам дамуының заңдылықтарын ашып көрсету. Ол заңдылық деген әсеке адамның көңіл-күйіне бағынбайды. Сондықтан, кешегі өткен тарихымыз қалай болды, біз қандай халықпыз, қандай деңгейдеміз, бұдан кейін қайда барамыз, қалай біз ұлтымызды әлі де жетілдіреміз деген тарихшыларда да, билікте де мәселе басым болуы керек.*

Дамыған өркениетті елдердің барлығына қарайтын болсақ, кез-келген мемлекет тарих ғылымына бей-әсай қарамайды. Қытайдың өзі біздің заманымызға дейінгі империяларда ғұлама тарихшыларды ұстап, тарихи жылнамаларын жаздырып келді. Онда да ол шындық емес. Ал, одан Қытай ұтылды ма? Ұтпаса, ұтылған жоқ! Әр дәуірдің өзінің ұлттық идеологиясына бағындырылған. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, қазіргі билік пен тарихшылардың арасында жарасымды қарым-қатынас болуы керек. Қарама-қайшылықтың болмағаны дұрыс. Ондай қарым-қатынасты қалыптастыру үшін, ең алдымен, біз ұсыныс-пікірлеріміз арқылы билікпен өзара түсіністікті диалог қалыптастыруымыз керек. Біздің әлі ұлттық тарихымыз жазылған жоқ. Осы орайда, біз тарихты қалай өз ұлттық мүддемізге үйлестіріп жазамыз деген ой келеді. Ал, «XV ғасырдан ары қарай қазақ болған жоқ» деген секілді қате пікірлер болмау керек. *Тарихтың бір ерекшелігі – тарихи сабақтастықтың. Қазіргі болып отырған жағдай прогрестік құбылыс. Билік мәселені қалай қойса да, мәселе біздің тарихты қалай жазуымызда, халыққа қалай түсіндіріп, концепция қалыптастыруымызда болып отырған секілді. Менің ойымша, біздің елімізге ренессанстық кезең, көркейетін кез енді келгендей. Идеологиялық жағынан бір сілкініс жасауымыз керек.* Қазіргі замана талабына үйлесетін жаңа мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Сондықтан, белгілі бір іс-шараның басталуына, әрине, үгіт-насихаттар, түрлі шаралар өтеді. Онсыз болмайды. Бірақ, салмақты, нақты ғылыми тарих жазу үшін тиянақты жоспар менен мақсат болуы керек деп ойлаймын. Міне, осы қарым-қатынастарды реттеу керек.

Әлімғазы Дәулетхан: – Жалпы алғанда, мәселе осылай болғанымен, шын тарих жазылуы үшін тарихтағы белгісіз, даулы, айтудан қашатын тақырыптар бар. Тарихшылардың

дұрыс іске кірісуінде де, биліктің бұған араласу мәселесінде де ортақ бір ниет болуы керек. Ол біздегі ақтаңдақтар, осы уақытқа дейінгі айтылмай келген мәселелердің басын ашпай тұрып, қалғанын айтамын деу бос насихат. Мәселен, Қазақ мемлекетінің қай жылы қалыптасуынан бастап, Абылай ханның туған күні, көтерілістер, Кеңес үкіметі тұсындағы сұмдықтар айтылып келгенімен, ресми тарихқа әлі енген жоқ. Тарихшылардың басын қоса отырып, талқылау керек дегендегі менің ойым осыларға қатысты бірлікке келу тиіс. Сонда ғана нақты келісіліп, оқулыққа да, басқасына да енгізілетін болады. **Әркім өзінің кітап жазып, әркім өзінің зерттеумен бұл мәселе жүйеленбейді. Бір ғана мәселені айтамын. Біз тәуелсіздік алғанымызға жиырма екі жыл болды. Тәуелсіздікті қазақ алыпты, оны кімнен алғандығы жөнінде бір ауыз сөз мен естіген жоқпын. Біз өзі кімнен алдық тәуелсіздікті? Бізді отарлап келген ұлттың аты бар ма өзі?** Кеңестік орыс империясы десек бірдеңе болып қала ма? Мұны неге айта алмаймыз? Патриотизм деген қайдан қалыптасады? Тәуелсіздік үшін құрбан болған миллиондардың қанымен келген тәуелсіздікті бүгінгі ұрпақ қалай қадырлеу керек, дос кім, дұшпан кім деген мәселені білуі керек. Тарих деген шындыққа негізделуі тиіс.

– СССР кезіндегі биліктен, тарихшылардан қалған қатып-семді стереотиптерді және пікірлерді, концепцияларды өзгертуге қазіргі биліктің, тарихшылардың қаншалықты пәрмені бар? Яғни, біз жаңа қоғамның жаңа тарихи санасын қайта қалыптастыра аламыз ба?

Зардыхан Қинаятұлы: – «Бұрынғы стереотиптен құтылды ма?» дегендеріңіз өте дұрыс. Өйткені, біздегі тарих та, билік те, кейбі тарихшылар да бұл стереотиптен құтылған жоқ. Кеңес үкіметі кезінде бұл құбылыс өте күшті формулаға салынған еді. Мысалыға, үш жыл сайын біздің тараптан жобалар ұсынылады. Ол жоғары жақтан тексеріледі, содан кейін жоба қабылдана, қатысушылары жұмыс істейді. Сол жобалардың іріктелуіне қарағанда, биліктің пәрмені өте күшті екендігі байқалады. Екіншіден, қазіргі ұстанып отырған стереотипке жақын тақырыптар жақсы өтеді. Әсіресе, орыс тілінде жазылған және жаңа заманға, қазіргі саясатқа бағытталған жобалар құнды болып есептеледі. Ал, қазақ тілінде жазылғандардың бағасы төмендеу келеді. Неге десеніз, жоғары жақтағы тексерушілердің көбі қазақ тілін

білмейді. Кейде кейбір жобаларға оқылмай баға беріле ме деп те ойлаймын. **Бағана тарихшылардың барлығы да айтып өткендей, бүгінгі жағдайда тарихшылар да бармайтын, билік те жібермейтін тақырыптар бар. Мәселен, жаңа Мәкең айтқан Алаш тақырыбы, 1930 ж. Геноцид, орыс пен қазақ қатынасының тарихы, қазақтың нағыз ұлттық тарихына бағытталған жеке-жеке мәселелерді көтеруге тарихшылар да құмар емес, жоғарыдағылар да құптай қоймайды.** Неге қолдау таппайды десеніз, биліктің пәрмені күшті, биліктің ағы билік. Өйткені, қолында қаржы бар. Егер, қандай да бір байқауға болмаса, шараға мақала жібер десеніз, міндетті түрде бүгінгі саясат пен мемлекеттік шаралар бағдарламасымен байланыстыру керек. Сонда ғана, тақырып тез өтеді, ақша да тез бөлінеді. **Ал, ұлттың тағдырына қатысты жобалар титықтап, өтпей қалады. Мәселен, Желтоқсан оқиғасына қатысты материалдар бүгінге дейін ашылған жоқ. Алаш қозғалысы жылдары атылғандар туралы материалдар бүгінге дейін жасабық. Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл болды, Кеңес одағы, кеңестік идеология қазір жоқ. Сөйте тұра, ол тақырып, архив жасабық. Олай етуге болмайды ғой. Сондықтан, билік пен тарихшылардың арасында өте жақын, бірін бірі тыңдайтын, замананың ықпалын өте таңа беруге болмайтын қарым-қатынас болуы керек.** Осының бәріне қарағанда, бізде, сол баяғы идеологиялық бағдардың әлі де салқыны барлығын байқаймыз. Мен геноцид деген мәселені талай жерде көтеріп көрдім. Ешкім айтпайды, бастырмайды, ауыздарына алмайды, тіпті.

Мәмбет Қойгелді: – Осы геноцидке байланысты 1992 жылы 22 желтоқсанда құрылған комиссияның жұмысы бойынша Жоғарғы Кеңес қаулы қабылдады. Сол қаулыға сәйкес, геноцид, этноцид деген терминдер қолданысқа енгізілді. Осыдан бір-екі жыл бұрын Еуропалық Одақтың жанындағы ассамблеясының төрағасының орынбасары осында келіп, Тарих институтында әңгіме өткізді. Келгендегі мақсаты 1930 ж. Кеңес одағы Украинада және Қазақстанда жүргізген қырғынын геноцид деуге бола ма, жоқ па деген мәселеге қатысты еді. Украина ЕуроОдақтың ассамблеясында осы мәселені қойған екен. Кеңес одағының Украинада 1930 ж. жүргізген зобалаң геноцид па, жоқ па деген сұраққа жауап беру үшін ЕуроОдақ осында арнайы эмиссарын жіберген екен. **Мен сонда мынадай**

ұсыныс айттым: Сіз ҚР Жоғарғы кеңесі қабылдаған қаулысын қараңыз, сонда қандай баға берілгені айтылған дедім. Онда геноцид ретінде бағаланған. Ал, одан біз қазір неге кейін кетуіміз керек? Ол факт қой. Осыдан кейін Украина үлкен сот өткізді. Сонда ресми түрде Ресейді айыптады. Мұндағы менің айтайын дегенім, халықты тарихи шындық тәрбиелейді, санасын қалыптастырады. Тура осы мәселеге келгенде тарих пенен биліктің арасында үйлесімділік, өзара түсіністік болуы керек. Олай болмаса, тарихи шындық айтылмайды. Тарихи шындық дегеніміз, біздің заманымызда билік пенен тарихшы мамандардың арасындағы үйлесімділіктің перзенті.

Мен бір нәрсеге таң қаламын. Біздегі Білім және ғылым министрлігі бір рет министрлікке тарихшы мамандарды жинап, қазіргі қоғамда қандай мәселе өзекті екендігін анықтайық деген емес. Мен, өкінішке орай, министрліктен осындай әңгіме ести алмадым. Мұндай әрекетті, қадамды мен білмеймін. Тақырыпты қаржыландыруға келгенде де сол сияқты. ҚазҰПУ-дегі біздің кафедра «Қазақстандағы ұлттық бір-ыңғайлықтың қалыптасу тарихы» деген тақырып ұсындық. Ал, министрлік неше түрлі құйтырқы әдістеріне салып, ең керемет тақырыптарды қабылдамай тастайды. Біз оны еріккеннен берген жоқпыз, қазіргі кезеңге сай, сұранысқа лайық тақырып болған соң бердік. Ал, биыл ведомствоаралық комиссияның өткізген жиналысында, мемлекеттік хатшы М.Тәжин мемлекеттің пайда болуы ең өзекті мәселе екендігін, қазақ тарихының өзегі болуы тиіс екенін айтты. Мен мемхатшыға осы тақырыпты бір кезде министрлікке ұсынғанмызды айттым.

Талас Омарбеков: – «Біздің ескі көзқарасты өзгертуге, тарихи сананы өзгертуге тарихшылардың пәрмені бар ма» деген мәселеде мынаны түсінуіміз керек. Осы кезге дейін біздегі биліктің негізгі нысаны саяси мемлекеттік тарих жазуға бағытталып келді. Қазақ халқының шығу тарихы, қандай этникалық компоненттерден құралды, сондай-ақ, қазақ даласымен өткен екі үлкен бағыт бар. Бірі Қыпшақ бағыты қарашай балғарлардан бастап, башқұрттар, Кавказдың кейбір халықтары мен сонау Қырым татарлары қазақ жері арқылы Қыпшақ бұтағынан тарайды. Екінші оғыз бұтағы. Ол да қазақ жері арқылы өткен. Сонау кіші Азияға дейін барған Әзірбайжан, Түрікмен, Қарақалпақ, Өзбек, өзіміздің де бірталай руларымыз Найман, Керей оғыздармен байланысты. Күзеев деген башқұрттың та-

рихшысы «Происхождение башкирского народа» деген кітап шығарды. Ол кітапқа ешкім дау айта алмады. Өйткені, кітап Мәскеуде орыс тілінде жарық көрді. Оның айқай-шуға айналатынын біліп, ол солай істеді. Ал, Ғафуров «Таджики» деген кітабын жазып шығарды. Халықтың тарихын тамтұмдап жазып жатқандар бар. **Қазіргі кезде қоғам халықтың тарихына қатты назар аударып отыр. Құғын сүргін, халықтан шыққан жеке тұлғалардың өмірін, құғындалу, ақтау мәселесіне көп көңіл бөлініп, әдеби шығармалар шығарылып жатыр. Ал, билік мемлекет тарихын жаздыруға ынталы. Менің ойымша, ескі қалыптасып қалған бұрынғы кеңестік тоталитарлық жүйедегі стереотиптерді, көзқарастарды, концепцияларды қоғамда өзгерту үшін мүмкіншілік бар ма? Мен ондай мүмкіншілікті көріп отырған жоқпын. Неге десеңіз, біз өткір де өзекті тақырыптарға жеке-жеке монографиялар жаздық. Олардың ешқайсысы мемлекет тарапынан бағаланған жоқ.**

Әлімғазы Дәулетхан: – 2007 жылы Қ.Тоқаев бастаған комиссия ЕуроОдақтың отырысындағы журналистермен кездесуінде айтқанына қарағанда, ол сіз айтқандай қаржының немесе аудармашы маманның жоқтығынан емес, жоғарыдағылардың көзқарасына байланысты. Онда өз тарихымызды жазғанда, оқығанда, ондағы кейбір ұлт-азаттық қозғалыстар секілді трагедиялы тұстарды мүмкіндігінше аз беруге тырысамыз дегенге саятын әңгіме болды. Өйткені, ол жазылса сепаратизм мен терроризм етек алып кетуі мүмкін екен. **Сонда, ұлт-азаттық күресін жазбаса, халықтың басындағы трагедия жазылмаса, сонда не жазылады? «Тарих толқынында» осыны жазбасақ, тарихтың толқынына тұншығып өлмейміз бе? Сондықтан, биліктің халыққа, тарихқа, ұлтқа, мемлекетке деген көзқарасын өзгерту керек.**

Нәбижан Мұхамеджанұлы: – «Қазіргі жаңа тарихи сананы қалыптастыра аламыз ба?» дегенге келсек, қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. **Біріншіден**, тарихшы мамандарымыз осы жиырма жылдың ішінде жетілді. Жетекші ғалымдар, мамандар бар. **Екінші** мәселе, қалай ұйымдастыра білуде болып отыр. Қазір көптеген деректер жарыққа шықты. Тарихты зерттеудің толық мүмкіндігі бар. **Үшінші**, сұраныс бар. Сондықтан, сананы қалыптастыруға тарихшылардың әлеуеті жетеді. Өзімізді жақтырмайтын, сенбейтін пиғылдан арылуымыз керек. Өзімізге өзіміз құрметпен қарауымыз керек. Егер, осындай сананы

жоғарғы билік қалыптастыратын болса, мамандарымызды сұрыптап отырып, жақсылап ұйымдастыратын болса, қаржылық мәселелерді шеше білсе, біздің ұлттық тарихымыз жоғары деңгейде жазылады.

Мәмбет Қойгелді: – *Биліктің тарихқа көп көңіл бөліп отырғандығын ұмытпауымыз керек. Қаржы бөліп жатыр. Ол да дұрыс. Мына нәрсені айтқым келеді. Тәуелсіздік жылдары бізге үлкен тарихшылар күші келіп қосылды. Қытай, Моңғолия, Түркия, Ираннан тарихшылар лезі келді. Соның арқасында, біздің ғылыми тарихнамаларымыз байи түсті.* Осы процеске сонау Шығыс Түркістандағы біздің бауырларымыз Қытай тарихнамасының дәстүрін, қытай тілін меңгерген Ахмет Шадыман, Жарқын Мырзахан, Қаһар Нұрмұхан сияқты бауырларымыз, Зәкең, Зардыхан Қинаятұлы, Әлекең, Әлімғазы Дәулетхан, Нәбижан Мұхамеджанұлы келді. Солардың арқасында қазір Қытай, Моңғол деректерін, Иран, Түркі жазбаларын меңгеріп жатырмыз. Бұл үлкен еңбек қой. Білдіңіз бе? Ал, мемлекет тарапынан осы толқынмен келген тарихшылардың еңбектері бағасын алуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, бізге көзқарасымызды өзгертуіміз қажет. Тарихшыларға, өзіміздің жанымызда жүрген бауырларымыздың еңбектеріне деген көзқарасымыз дұрыс болуы тиіс. Сонда ғана ұлттың жоқ-бары түгенделеді.

Талас Омарбеков: – *Біз, тарихшылар әрине, мемлекеттің қолдауынсыз тарихты жүйелі түрде дамыта алмаймыз. Тарихшылар жиырма жыл бойы жеке-жеке монографиялар жазып көрді. Ол өте шаширанды, жүйесіз болды. Сондықтан, біз мемлекеттің қолдауына қатты мұқтажбыз.* Бірақ, мемлекет мына нәрсені түсінулері керек. Тарихты дамытатын биліктегі шенеуніктер емес, кәсіби мамандар. Ең бірінші қамқорлық кәсіби мамандарға, өз еңбектерімен көрінген талантты тарихшыларға жасалуы керек. Қаражат соларға жеке бағытталуы тиіс.

– Қазақстан тарихына байланысты негізсіз көздерді таратқышы әрі бұрмалау жасаушы (фальсификация) жеке адамдар мен ұйымдарға қалай тосқауыл қоюға болады? Осы тұста, биліктің нақты қолға алатын іс-шаралары қандай болуы керек? Ондай іс-шаралар бола қалған жағдайда мемлекет тарихты саясатқа айналдырып жібермей ме? Жалпы, тарих пен саясаттың бір-бірімен қайшылығы қаншалықты, әрі қай деңгейде болуы тиіс?

Зардыхан Қинаятұлы: – *Қазір бізде тарихты бұрмалау өте қатты етек*

алып тұр. Тарихты жазуға тарихшылармен қоса жазушылар, басқа да тарихқа қатысы жоқ адамдар араласып кетті. Бірақ, тарих деген ертегі емес қой. Оларды қолдаушы биліктің адамдары. Мысалы, V ғасырдағы Қытайда өмір сүрген бір ақынды дулат етіп шығарамыз дегендер де болды. Кітаптарын да шығарды. Оған қарсы Әлімғазы Дәулетхан көп күресті. Солар ғылыми тұрғыда қателіктерін мойындады. Әлімғазы жеңді. Бірақ, мынау дұрыс екен дегенді бір адамнан естіген жоқпыз. Неге десеніз, оларды қолдаушылар бар. Қазіргі таңда Шыңғыс ханды жалайыр етіп, 1206 жылы құрылған Моңғол мемлекетін Жалайыр мемлекеті болды деп бір азамат кітап жазды. Қазір соны орысшаға аударып алып, артынан от алып жүгіріп жүргендер бар. Оларға қалай шек қоясың? «Осындай әрекеттерге шек қоюға бола ма?» дейсіздер. Бірақ, шек қою мүмкін болмас. Осыған орай, қазір бізде әркімнің өзіндік өтірік болсын, шын болсын ой-пікірі бар. **Тосқауыл қоя алмағанымен де, ұстанатын жалғыз мәселе – ғылыми этикалық норманың сақталуы керек. Егер белгілі бір норма болса, кез-келген ойына келгенін жаза бермесі анық.**

Талас Омарбеков: – Әдебиетте әдеби сын деген бар. Ол кезінде күшті дамыды. Сол секілді, тарих ғылымдарында да, тарихта сын пікірлер айтатындар бар ма? Болауы керек еді. Бұрынғы қоғамда бар болатын. Тарихнама деген ұғым енді ғой. Мәскеуден шығатын үлкен басылымдарда, мысалы, «Вопросы истории» журналының артында рецензия деген болатын. Сонда, кейбір кітаптарға нақты сын пікірлер берілетін. **Бізде қазір тарихи сын деген жоқ. Оны кәсіби тарихшылар жазу керек. Онсыз тарихнама дамымай, тарихи сынға да қолдау жасалмай қалды.** Қазақстанда кітап шықса, Мәскеудің тарихшылары қарсы шығатын. Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы сияқты. **Тарихты игере алмай жатырмыз, сондықтан, тарихи сын да жазылмай қалады.** Кәсіби тарихшыға тарихшы ғана сын жазуы керек. Әуесқой тарихшы, журналист, жазушы емес.

Мәмбет Қойгелді: – Бір ғажап нәрсе, қазіргі жазушы ағалар көркем тарих пен ғылыми тарихтың айырмашылығын білмей қалған сияқты. Тарихты бүге-шігесіне дейін білем деп өзіне үйрететіндер бар.

Нәбижан Мұхамеджанұлы: – Біздің қоғамда тарихты ғылым деп танитын көзқарас қалыптастыру керек. Соңғы кезде бір тарихи кітап жазбағандар сын, ақыл, дау айтады, түңілесің, тіпті. Құқығы бар

Келелі кеңес

ма? Шетелдерде әдебиетшілер әдебиет мәселесін, тарихшылар тарихты ғана сөз етеді. Сондықтан, бізде ғылыми дискуссия қалыптаспай отыр.

Талас Омарбеков: – Ғылыми еңбектерді бағалау жоқ, бізде. Зиялы қауымда ғылыми еңбекті бағалау мәдениеті қалыптаспай отыр.

– **Билік тарихшылардың Академиялық еркіндігі мен азаматтық жауапкершілігін қолдап-қорғап, демей ала ма? Қорғап-қолдап, демей алса, ол қаншалықты дәрежеде, мән-мағынада, тарихилықта болады? Еліміздегі жүріп жатқан тарих толқыны процесі барысында Қазақстанның тарих ғылымы және ғалым-тарихшылары әлемдік тарих ғылымы процесінде қаншалықты орын алады деп ойлайсыздар?**

Талас Омарбеков: – 1997 жылы «Қазақстан қырғыны» атты монографиям 2 мың данамен шықты. Онда ашаршылық мәселесі, демографиялық жағдай түгелімен қамтылды. Сондай кітаптың бар екендігін қазіргі шенеуніктер ұмытып та қалды. Бұл мәселеге қатысты жазып жүрген Г.Бергер, Уткоров сияқты тарихшыларды байқайды да, біздікін байқамайды. Мемлекеттің тарихқа қатысты саясатын түсінбейтінім туралы нақты мысал айтайын. 1998 жылы мені Әлібек Асқаров шақырып алды. Ол кезде ол жауапты қызметкер еді. Шақырып, сол монографиямды шығарып берді. 17 монографияны ағылшын тіліне аударамыз деп айтты. Мәке, оның ішінде өзіңнің «Алаш қозғалысы» атты монографияң да бар. Сол жылдан бері аталған 17 монографияның бір де бірі ағылшын тілі түгілі орыс тіліне де аударылмады. Әлібек Асқаров жақсы бастама бастағанымен, қолдау таппады ма, қаржының реті келмеді ме белгісіз. Мүмкін, кәсіби аудармашылар таба алмады ма? *Сол кезден бері қаншама зерттеушілердің, Зардыханның Шыңғысханнан ары қарай түркі тайпалары, Нәбижанның Абылай хан туралы, Әлімғазының Түргеш қазанаты туралы жақсы еңбектері бар. Ал, енді соларды ағылшын тіліне аударуға болады ғой. Әлемдік тарихи процеске қосылу деген сол. Тіпті, олар орыс тіліне де аударылған жоқ. Орыс тіліне аударылса, дауысымыз қаттырақ шығар ма еді.*


Мәмбет Қойгелді: – *Тарихта «мұрағат саясаты», «архивная политика» деген ұғым бар. Осы бізге үлкен проблема.*

Мұрағат саясаты біздің мемлекетте мүлде дамымаған. Өз басымнан өткеннен кейін, жақсы білемін. Өткенде парламентке, комиссия төрағаларына мұрағат мәселесіне қатысты төрт рет хат жаздым. Төртеуіне де көңілге қонымды жауап ала алмадым. Сонда байқағаным, Алаш қозғалысына байланысты мұрағаттарды ашу мәселесінде билік жалтақтайды. Оны несін жасырамыз? Оның сыры неде? Егер, репрессия, аштық, Алаш тақырыбына байланысты жабық қорлар ашылса, ол отарлық саясатты әшкерелеу болып табылады. Сондықтан, билік бұл тақырыптарға барғысы келмейтін сияқты. Қазақстандағы мұрағат қорын ашу екі жаққа да: қазақ қоғамына ғана емес, Ресейге де пайдалы. Өйткені, Ресейдің қазіргі билігі Ресейдің империялық билігінің қазақ қоғамына жасаған қиянатын білуі керек. Біле отырып, саясатты түрде қазақтан кешірім сұрауы тиіс. Неге сұрамасқа? Мұндай жайт тарихта болған. Мысалы, өзінің Екінші Дүние жүзі соғысында жіберген қателіктеріне байланысты Германия ресми түрде кешірім сұрады ғой. Ал, Ресейде, өкінішке орай, осындай мәдениет жоқ! Юрий Афанасьевтің: «Өткеніне қарап өкінбейтін мемлекетті, қоғамды ешкім сыйламайды» деген қанатты сөзі бар. Ресей қырғынға, қуғын-сүргінге байланысты қазақ қоғамынан кешірім сұрауы тиіс. Қазақ қоғамына пайдалы дейтініміз, билік бүгінгі қазақ қоғамындағы проблемалардың тамыры тереңде жатқанын түсінуі керек. Мен мұны оқытушы болғандықтан айтып отырмын, біз болашақ мамандарды тәрбиелеп отырмыз, ол инженер ма, дәрігер ма, мұғалім ба бәрі бір, олар тарихи фактілерді, құжаттарды білуі керек. Олардың тарихи санасын қалыптастыруымыз керек. Өйткені, бүгінгі студент ертеңгі күні билікке барады. Ол өзінің Отанының тарихын, өткендегі проблемаларын білмесе, қандай басшы болады? Ондай адамды билікке жібермеу керек. Сондықтан, біз қазіргі шынайы, зерттелген тарихты егжей-тегжейлі оқытуымыз қажет. Тарихты зерттеу бір бөлек, оны санаға сіңіру бір бөлек. Оны орысша айтқанда, «ассимилирование истории» дейді.



Оразақ СМАҒҰЛОВ,
ҰҒА академигі, Болония
ғылым Академиясының
мүше-корреспонденті

БИЛІКТІҢ ТАРИХҚА ӘСЕРІ МОЛ



Жалпы, халық тарихы көп салалы ғылым қатарына жатады. Оның бірнеше бөлімдері бар. Солардың ішінде бастысы және қыйыны халық тарихының шығу тегі, этномәдени тарихы, халықтың азаматтық тарихы, қоғамдық тарихы, тіл тарихы, бодандық тарихы, азаттық тарихы, ел басшылар тарихы, философиялық тарих, т.б. бөлімдерін айтуға болады. Барлық аталмыш салалар бойынша бір адам ғана тарихшы болуы мүмкін емес. Белгілі бір тарихи саланың маманы болу үшін, ол адамның маманданған тәжірибесі және қолында жиналған нақты деректер мен құжаттар болуы керек. Сонда ғана ол адамның тарихшы маман ретінде қызмет етіп және мәселені дұрыс ұғына біліп, әділеттік жұмыс жазуға мүмкіндігі болады. Бірақ, тарихтың қай саласы болмасын маман адам орынсыз аңызға, мифтерге, саяси ағымдарға т.б. дәлелсіз сөздерге сүйенбей, шама келгенше деректемелерге, тиісті артефактілерге байланысты айтуы және жазуы керек. Басқа жағдайда ондай адамды тарихшы деп атауға болмайды. Ал, қоғамдағы билік жүйесіне келетін болсақ, онда оның тарихқа деген әсері өте мол. Әсіресе, бодандық биліктің халық тарихына деген жағымсыз жағы жазылып келді. Бұл жай дұрыс ескерілмесе биліктің тарихқа деген қиянаты, зияны шексіз болуы мүмкін.

Ал, енді, бүгінгі таңдағы Отан тарихын жазатын тарихшылар аталмыш жайды қатты ескерулері қажет. Сонымен қатар, халық атауына, этнотерминдерге, әкімшілік пен географиялық атаулардың мән-мағынасын ажырата білу керек. Өйткені, халық тарихы мен оның этникалық атауы басқа атауларға қарағанда әлдеқайда терең этномәдени

мағына білдіреді. Сондықтан, қазақ халқының көне тарихы өте ерте заманнан бастау алғанына және оны Көне Қазақ жұрты деп атағанымыз ғылыми шындыққа бір табан жақын екендігін есте ұстаған жөн. Мәселен, «Қазақстан» деген жер атауы тек XVI ғасырда пайда болғаны тарихта мәлім және оны соңғы үш ғасыр бойы бодандық дәуірінде этнотермин ретінде санамызға әбден сіңіргені барлығымызға мәлім. Шынтуайтына келгенде, XVI ғасырдан бастап барлық қазақ жері мен су аймақтарын тек Қазақ Елі деп аталуға тиіс еді. Амал не, оған бодандық билігінің үстемдігі мүмкіншілік бермегені аян.

Бүгінгі егеменді заманда алғаш рет қазақ халқының шынайы Отан тарихын жазу талабы қолға алынып жатқаны өте орынды, лайым бұл жай халқымыздың игілігіне жазсын. Отан тарихына орай күрделі мәселелер саны айтарлықтай көп. Солардың біріне қазақ халқының шығу тегі жатады. Жалпы, туған халқымыздың шығу тегін нақты білмесек, онда оның қайда бара жатқанын қалай білмекпіз? Егер, бұл жай дәл бүгінгідей қала берсе ертең ата жолынан адасарымыз хақ. Сондықтан, бұл мәселе барынша кешенді түрде зерттелуі қажет. Бір өкініштісі XX ғасырдың аяғына шейін қазақ халқының шығу тегін сан-саққа жүгіртіп, оны, тіпті, тарихшы мен этнологтар аңыз бен мифтерге сүйеніп қазақтарды және оның ата-бабалары бүгінгі Қазақстан жеріне сырттан ауып келді деп жазғандары қайран қалдырады.

Бүгінгі таңда қазақ халқының этногенезі мен расогенезін нақты зерттейтін ғылым саласының бірі физикалық антропология болып саналады. Өйткені, бұл салада адамның биоэлеуметтік ерекшеліктері және олардың даму сатылары арнайы есептер бойынша бағаланып, тиісті биостатистикалық әдістемелер арқылы нақты анықтамалар шығарылады. Сонымен қатар, нәсіл – тек құрылымдарының ерекшеліктері нақтыланады, яғни, гаплотобының ДНК түрлерінің шежіресі сипатталады. Мұндай

нақтылы этногенезінің есеп жолдарымен ешбір қоғамдар ғылымдары айналыса алмайды. Сондықтан, олардың бұл күнде этногенез мүмкіншіліктері өте аз.

Физикалық антропология саласында Көне Қазақ жұрты мен Қазақ Елінің тұрғындарын кешенді зерттеулер арқылы, яғни, палеоантропологиялық, краниологиялық, остеологиялық, одонтологиялық (тіс морфологиясы), серологиялық (қан жүйелері), дерматоглификалық (саусақ пен алақан бедерлері) т.б. әдістемелері бойынша анық болғандары, қазақ халқы өз елі мен өз жерінде ата-бабаларының нәсіл-тектері үзілмей келе жатқанына төрт мың жыл болғаны тайға таңба басқандай аян болып отыр.

Сонымен қатар, бүгінгі қазақтардың морфофизиологиясында көне замандағы ата-бабаларының 1/3 бөлігі толық сақталып қалғаны тағы бар.

Сөйтіп, егеменді елімізде 40 ғасыр бойы нәсіл-тегі үзілмей тіршілік етіп келе жатқан бір ғана ұлт бар – ол қазақ халқы. Аталмыш халқымыздың бір ерекшелігі, оның даму сатысының антропологиялық құрылымының негізіне қарағанда келешекте де, яғни, үстіміздегі үшінші мыңжылдықтың аяғына дейін сақталып қалатындығын байқатады. Сондықтан, қазақ халқының биоәлеуметтік құрылымын өзінің туған жерінде мәңгілік сақтауға барынша ұмтылыс жасау керек.



ТАРИХТАҒЫ САЯСИ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТҚА ЫҚПАЛЫ БОЛСА...

Эльмира ТЕЛЕУОВА,
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті Тарих, археология
және этнология факультетінің
доценті, тарих ғылымдарының
кандидаты

–Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихы қайта жазылып, ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан зерттелуде. Кеңестік кезең сіңірген бірізді саясаттың солғын тұстары алынып тасталды. Сонымен бірге, азаттық жылдарындағы еліміздің жеткен жетістіктері басты назарда болып отыр. Алайда, біз тарихты қайта-қайта жазу арқылы тарихи шынайылықтан алыстап, деректеріміз сан қилы болып кетпей ме?

– Тәуелсіздік жылдары тарих ғылымы кеңестік дәуірдегі таптық методологияның шеңберінен шығып, зерттеудің жаңа бағыттары анықталып, ақтаңдақ беттерді

қайта парақтау қолға алынды. *Ұлттық мүдде тұрғысынан алғанда, азаттық жылдарындағы тарихнамамызда жетістіктер өте көп деп айтуға болады. Адамзат тарихын сатылы түрде қараудан гөрі, өркениеттілік тұрғысынан зерттеуге басымдық берілді. Қазақ тарихы Түркі өркениетінің ажырамас бөлшегі ретінде зерттеліп, дала тарихындағы көшпелілердің орны айқындала түсті.* Қазақстан мемлекеті Евразиялық идеяның жалғастырушысына айналды. Әрине, алғашқы кезеңде позитивтік тұрғыда тарихты жазу ұлттық мүдде үшін өте қажет болды. Тәуелсіздік алған жылдары қазақ қоғамын тұтастыру үшін ұлттық бірегейлікті дәріптейтін зерттеулер қажет еді. Қазақтың төзімділігі мен ұлт ретінде өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатындағы еңбектер жазылып, олар баспасөз беттеріндегі мақалалардың басты идеясына айналды. 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп

жарияланып, сол жылы атқарылған қомақты іс-шаралар тарихи зерттеулердің молаюына оң бастама болды. **Кеңестік дәуірде саяси құрбандыққа ұшыраған қазақ зиялыларының еңбектері жаспай жарияланып, халық арасында тұлғалық қабілетті арттыруға ықпал етті.** Ол еңбектерді әрбір көкірегі ояу қазақ сусындап оқыды, талдады. Мұның бәрі сол жылдардағы тарих ғылымының жетістіктері болды. Оның қарапайым көрінісі, қазіргі күні 18-20 жас аралығындағы жастарымыздың әрбір үшіншісіне қазақ хандарының, Алаш қайраткерлерінің, ру-тайпасынан шыққан, бұрын белгісіз болып келген би-батырлардың есімдері қойылғандығы. **Тарихи жадыны қайта жаңғырту қоғамды үлкен серпіліске алып келді. Бұл біздің тарихты зерттеуде тура жолмен келе жатқандығымызды аңғартса керек.**

Тарихты қайта жазу мәселесі бүгін де өте өзекті болып отыр. Тарихтану процесінде ғылыми ұстанымдар мен көзқарастарды қайта қарау мәселесі, **өркениеттілік (мәдени құндылықтарды басымдылыққа алу) және жүйелілік тұрғыдан зерттеу мәселесі кәсіби тарихшылар арасында талқылануда.** Бұл заңдылық. Себебі, кез-келген ғылым саласы жаңа әдістерді іздеуі қажет. Сондықтан, менің ойымша, біздің жағдайда тарихтың қайта жазылуы өсуге алып келеді. Бұрмаланған тұстар ашылып, нақтыланған деректермен толықтырылуда. Тарих деректі әрі қызықты бола түсті. Бұдан тарих ұтпаса, ұтыла қоймас.

—Тарихты жазу бір бөлек те, оны халыққа жеткізу, санаға сіңіру, қоғамның тарихи санасын қалыптастыру одан да маңызды мәселе. Осы орайда, тарихшы мамандар мен оқу ордаларына түсер салмақ ауыр. Ал, ҚазҰУ секілді ірі білім ордасы осы мақсатты қалай орындауда?

—Ең алдымен, тарих ғылымы қоғамның тарихи танымы мен тарихи санасын қалыптастыруы керек. **«Халыққа арналған тарих»** (public history) деген ұғым бүкіл

әлемдік тәжірибеде бар. Қоғамның тарихи білімін жоғарылатып, қызығушылығын арттыру үшін, оны дәріптеу қажет. Бұл насихат мұражайлар мен көрмелер, тарихи кинофильмдер мен әдеби шығармалар және БАҚ арқылы жүзеге асады. Оның ішінде тарихи оқиғалар мен тұлғалар өміріне арналған фильмдер мен пьесалар, роман мен әңгімелер де бар. Шығармалардағы кейіпкерлердің жеке өмірі мен тағдырының баяндалуы оқырман мен көрерменді баурап әкетуі тиіс. **Тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар халықтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан, мұнда күш тек тарихшыларға ғана емес, журналистер мен киногер мамандарға, мұражай қызметкерлеріне де түседі. Бірақ, бұл тарихи білім емес, бұл тарихи сана ғана. Егер, қандайда бір тарихи мәселеге қатысты оқырман терең білгісі келсе, әрине, кәсіби тарихшылардың еңбектерімен танысқаны дұрыс болар.**

Ал, ҚазҰУ-ға келер болсақ, бізде, университеттің барлық факультетінде **«Қазақстан тарихы»** академиялық деңгейде оқытылады. Мектеп қабырғасынан тарихи мәліметтердің жиынтығын білетін студентті өз бетінше баға беруге, талдауға, жеке көзқарасын қалыптастыруға бейімдейміз. Себебі, олардың әрқайсысы да болашақта қоғам үшін шешім қабылдайтын, ел тізгінін ұстайтын азамат болады. Сондықтан, жеке мүддеден гөрі **ұлттық мүддені** жоғары қою қажеттілігін түсіндіруіміз керек. Әрине, бұл мақсатқа тарихи танымды көтеру арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде тарихты басқа пәндермен байланыстыра оқыту қажеттілігі де талқыланып жатқан тақырыптардың бірі. **Тарихты әлеуметтану, психология, экономика мен жаратылыстану ғылымдарының әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оның тиімділігін арттыру көзделуде.** «Пәнаралық синтез», «Тарихи жады», «Интеллектуалды тарих», «Тарихи информатика», «Семиотика» ұғымдары енгізілді. «Тарихтағы адам»,

«Адам тарихы» мәселесі қарастырылуда. *Тарихты тек оқиғалар мен фактілердің жиынтығы деп қарауға болмайды. Онда адамның өмірі, тағдыры, жетістігі мен қиындықтары жатыр. Тарих қоғамдық ғылым ретінде, өзінің басты қызметі ретінде тарихи танымды қалыптастыруға қызмет етуі керек.* Қазіргі тарихты оқыту жүйесіндегі осындай өзгерістер мен жаңалықтар бар.

– **Тарихты жазуға биліктің болмаса басшылықтың қандай да бір ықпал-әсері бар ма?**

– Бұл сұрақты, менің ойымша, *«тарихтың қазіргі мемлекетіміздің саясатына ықпалы бар ма?»* десек дұрыс болар еді. Қазіргі уақытта, кеңестік дәуірдегідей тарихшылар арнайы тапсырмалар бойынша тарих жазбайды. Ал, тарихтың бүгінгі күнгі биліктің саясатына ықпалы туралы айтар болсақ, жақында ғана талқыланған салық заңы «Алаш» партиясынан бастау алады. *Онда: «Салық-малауқат, табысқа қарай: байға – байша, кедейге – кедейше гаділ жолмен тартылу», – делінген. Міне, XX ғасыр басындағы осы салық саясаты бүгінде жүзеге асты.* Сонымен қатар, қазіргі күні Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізіліп отырған университеттерге автономия беру мәселесін де *«Алаш» партиясының* бағдарламасы ұсынған. Расында, қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми-зерттеу орталықтарының ашылуын тиімді пайдалана отырып, осы секілді бағыттарда жұмыс жасауда. Оқытушылардың сайланбалы болу мәселесі де қарастырылған. Бұл жүйеге Қазақстанның барлық ЖОО-на енген.

Әрине, мемлекеттің қабылдаған стратегияларын жүзеге асыруға қатысты тарихшылар тарапынан да орасан жұмыстар атқарылуда. Бұл тарихшылардың тек кәсіби ғана емес, азаматтық та парызы деп ойлаймын. *«Ұлттық бірегейлік пен даралық», «Қарапайым адам тағдыры», «Қазақстан–2050» стратегиясында ерекше айтылған, осы тақырыптағы ғылыми ізденістер жүргізілуде.* Міне, сол секілді жақсы бастамалар өте көп.

– Шетел тарихында қазақ халқына байланысты бұрмалаулардың өте көп екенін жазады, зерттеушілер. Мәселен, Қырғыз тарихында Абылай хан мен Кенесарыны озбыр, агрессор ретінде көрсетсе, Ресей тарихында ғұндар мен Шыңғыс ханды да орыстардың туысы, ал, қазақтардың түп атасы башқұрттар дейтін ғалымдар бар екен. Қытай тарихында Жетісу жерін өз территорияларына қосып алған карта оқулықтарында да бар көрінеді. Айта берсек, мұндай мысалдар өте көп. Осындай қателіктердің алдын-алу үшін не істеуге болады? Болмаса, оларды біз өзгерте аламыз ба? Осындай тарихи қарама-қайшылықтар орын алған жағдайда қазақ тарихшыларына қойылар талап қандай?

– *Тарихтың мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына әсері орасан. Мысалы, қазіргі Ресей мен Украина тарихындағы Киев Русі мемлекеті Ресей тарихнамасында Ежелгі Русь деп жазылған. Қырғызстан өзінің мемлекеттік тарихын Үйсін елінен бастап, өз тарихын ежелдендіруге тырысуда. Түркия мен Армения арасындағы жағдайлар тарихтың қазіргі заманға дейін ықпалы сақталатынын дәлелдеп отыр.* Сол секілді, тарихқа қатысты кейбір деректер бізде өз мүддемізге сәйкес болғанымен де, басқа елдердің тарихнамасында, сол елдің мүддесіне қарай ойысып кетуі мүмкін. Сондықтан да, ел тарихшылары қазақ тарихын әлемге таныстыруды басшылыққа алуда. Ел ішінде тарихи бұрмалаушылыққа жол бермеу мақсатында және тарихи шынайылықты қалыптастыру үшін *«Халық тарих толқынында»* бағдарламасы аясындағы көп шаралар атқарылды. Интернет ресурстарының ашылуы, тарихи ақпаратқа қолжетімділік тарихты әсерлеуге, шынайылықтан аттап өтуге тосқауыл болады.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Әңгімелескен
Жания ӘБДІБЕК



Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
философ

ТАҒЫ ДА МЕМЛЕКЕТШІЛДІК ТУРАЛЫ

20 ғасырдың екінші жартысы «тәуелсіздік шеруі» салтанат құрған заман болды. Ресейдің тұңғыш президенті Б.Ельциннің «Тәуелсіздікті тойғандарыңша алыңдар!» дегені расқа айналып, жер шарының алып бөлігінде 15 мемлекет өз алдына отау тікті. Бұрынғы «мызғымас» социалистік жүйенің күйреуі – тәуелсіздік шеруінің салтанатты «отшашуына» айналды. Сөйтіп, КСРО құрамындағы 15 мемлекет, Шығыс Еуропа елдеріндегі оннан аса мемлекеттер тәуелсіздігін «тойғанынша» алды: қарым-қатынастар жүйесі күйреді, экономикалық тоқырау басталды, бірер мемлекеттер өзара соғысты, кей елдерде азаматтық соғыс өршіді. Осындай тығырыққа тіреліп, әуел бастағы «кәтелігін» тез ұққан бұрынғы коммунистер бірігудің әрекетін жасап, «ТМД» деген құрылым құрып алды, тек ТМД тиянақты бола алмады. Себебі, көптен күткен тәуелсіздік тек халықтардың ғана «тәтті арманы» емес екен. Ол – өз алдына билеп-төстегісі келетін биліктің де қолайына оң келер «нәрсе» екен де, өз бетімен «билеудің» дәмін татып үлгерген «райком-крайкомдар» енді қайтып Мәскеуге ат басын бұруды артық санады... «Қалай екен?» деген Мәскеуге: «Чем большой оклад, лучше маленький склад» дегендей сыңай танытты да, әркім өз күйін күйттеуге көшті... Иә, осы 20 жылдан астам уақытта ешбір мемлекет, қандай да бір себептермен өз тәуелсіздігін тәрк етуге бармады. Қайта, экономикалық-қаржылық дағдарысқа, небір қиындыққа тап болса да – тәуелсіздігін нығайта түсті. Шынын айту керек, осы тәуелсіздікті

тиянақты етуде бұрынғы республикалар арасындағы «социалистік жарыс» енді нағыз «капиталистік жарысқа» ұласты. Бұрын «кім жеңді?» деген сұрақтың төрешісі төрде – Кремльде отырса, енді бұл сұрақтың жауабын әр мемлекеттің билігі Шекспирдің «быть или не быть» дейтіндей қарқынмен шеше бастады. Сонымен: Бірінші, тәуелсіздік таңында әр халықтың мәдени-экономикалық даму деңгейлері әрқалай болды. Бірақ, бір халықтар өздерінің кейбір ерекшеліктерінің арқасында тәуелсіздігін мәңгілік тұғырға қондыра алды, біреулері – қаншама мол табиғи байлық пен адам ресурсына ие бола отырып, оған қол жеткізе алмады. Ендеше, халықты тұтас біріктіретін, мемлекет аясында цементтей қатыратын қандай қасиет? Ол – «мемлекетшілдік»! Онда да, ол – декларация түріндегі ұрандататын «мемлекетшілдік» емес, шын мәнісіндегі – халқы мен билігінің әрекеті бір арнаға тоғысқан, болашақ тарихының бастауы бола алатын деңгейдегі МЕМЛЕКЕТШІЛДІК еді. Осыған сай келетін «үлгіні» Балтық жағалауы елдері айқын көрсетті. Ал, Өзара Экономикалық Көмек елдері арасынан Польшаның шоқтығы биік шықты. Ал, Ресей, Беларусь, Украина, Ортаазиялық Республикалар, Қазақстан, Кавказ елдері, Саакашвилиге дейінгі Гүржі мемлекеті бұрыннан келе жатқан, бірақ, 70 жылдай «кеңесудің» арқасында біршама көмескіленген «тарихи жадын» қайта оятып, КСРО-лық әміршіл жүйесін реанимациялауға көшті. Тіптен, патшалық-хандық дәуірдің кейбір басқару элементтері өмірге қайта оралды десе болады... Екінші, біз «халық» ретінде, тәуелсіздік алған сәттен бастап өзімізді дұрыс бағалай алдық па? Өлсіз тұсымыз неде, күшті жағымыз қандай? деген

сұраққа жауап іздедік пе? Меніңше, күні бүгінге дейін бұл сұрақты ашық алаңға шығарған ешкім көрінбейді. Иә, бүгінде көп сөзіміз мақтанға толы, ол сөздер: «Тарихымыз сонау көне дәуірден басталады. Ұлы дала төсін дүбірлетіп, ат тұяғы жеткен жерлерде алып мемлекеттер құрған халықпыз» немесе «Ата-бабаларымыз жанкештілікпен бізге осыншама жерді, осындай байлықты мұра етіп қалдыруы тегін емес, сірә, текті бабалардың ұрпағы біз болармыз!» – деп, осы сарынмен жалғасып кете береді. Патриоттықты ояту үшін бұл дұрыс шығар. Алайда, кейде ойланасың: «Иә, мұның бәрі рас. Бұл жер, бұл байлық, байтақ дала, асқар тау бізге өздігінен келген жоқ. Ол байлық ғайыптан емес, шындығында да, ата-баба қанымен, мандай терімен келді. Алайда, бүгінгі ұрпақтың оған осыншама мақтанатындай, сондай эйфориялық сезіммен өмір сүре беретіндей – ол ерлікті жасаған кім? Біз емеспіз, қанын төксе – бабаларымыз төкті, соғысса – солар соғысты, қырылса – солар қырылды! Ал, біздің «кеудені кере» мақтануымыздың оған қатысы қандай?... Мүмкін, біз де солар секілді батырлар шығармыз?... Бірақ, бүгінгі тірлігімізге: қазба байлықты оңды-солды сатуға; халықтың тұрмыс-жағдайын түзей алмай жатқанға; заңымызды аяқасты етуші шетелдік компаниялардың жыртысын жыртып, әділеттілікті талап еткен өз жұмысшыларымызды олардың алдына жығып беруші мемлекеттік басқару органдарға; унитарлы мемлекет бола отырып, «көпұлтты» саясат ұстануға; қазақтың ана тілін мансұқтап, оны шын мәнісіндегі «мемлекеттің тілі» деңгейіне жеткізбей, орыс пен ағылшынша сөйлеуге жаппай бет бұруға; коррупциялық т.с.с. әрекеттерге қарай отырып – қалайша біз өзімізді «батырлардың ұрпағы едік» деп мақтай аламыз?... Оған моральдік, адами қақымыз бар ма?! – деп налсың.

Өмір диалектикасы адамзат баласына мынадай, қарапайым ғана шындықты үйретті: ол – «әр ұрпақтың алдына тарих әрқандай жауапкершілік жүктейді.

Бұл заңдылық өмірдің өзінен туындап, уақытпен бірге жалғаса береді» – деген. Енді, осы қарапайым философиялық түйіннен әр ұрпақ үшін өмірлік маңызы бар қағидаттар туындайды: ол – «әр ұрпақтың тарихын еске алуы «өзін-өзі қайрау» үшін керек. Олар осыны жақсы ұғып, бүгінгі – өздеріне жүктелген миссияның мәні, тіптен, өзгеше екенін білулері тиіс. Әр ұрпақ өздеріне бұйырған құндылықтарды шеберлікпен «ұқсатып», болашаққа ұялмайтындай мұра етіп қалдыруға міндетті. Яғни, атадан-балаға ауысып келе жатқан мирас жаңаруы, жаңғыруы тиіс. Сонымен бірге, ол мирас әрі қарайғы дамуына күш алатын энергиямен қуатталып – болашағына сеніммен қадам басуы қажет» деген қағидат. Біз осыны білсек керек-ті! Бірақ, біздің оны көлегейлеген құр мақтанышымыз ұзаққа созылып барады, келер ұрпақтың енді бізбен мақтанатындай тындарған істер көрінбейді. «Ананы істедік, мынаны жасап жатырмыз» деп айтудайын айтып келеміз, бірақ, одан халықтың қарыштап кеткен іскерлігін, озық технологияны меңгеріп, ғылымының озғанын, қоғамда сенімді, тұрақты әлеуметтік ахуал орнағанын көріп отырған жоқпыз...

Сонда бұл не – біз, осы, әбден теперіш көріп, еңсеміз езіліп, жотамыз жауыр болып қалғаннан аманбыз ба? Болмаса, неге «мемлекет» дегеннің не екенін, ол үшін жауапкершілік түптің түбінде өтпелі биліктен емес, кейіннен, мүмкін бәрі кеш болғанда, негізінен, халықтан сұралатынын ұқпаймыз, ұғуға тырыспаймыз? *(Иә, тарихта ондай – ашкөз биліктің өзімен бірге мемлекетті де құрдымға кетірген оқиғалар талай рет болған. Бірақ, «тарих» сұрақты өзгеше қояды: «билік мемлекетті қалай жойды?» деп емес, «халық мемлекетін қалай сақтап қала алмады?» деп...)* Бүгінде билік құлаққа жағымды сөзді айтар, әрі, ол аса қиын емес. Бірақ, солай деп отырғанның өзінде – оның өз «мақсаты» бар және ол «мақсат» әрқашанда халықтың мүддесімен, талабымен сәйкес келе бермейді. Содан болар, билік жүйесінде жеке мүдде басым болған сайын, оның

аузынан «бәрі де мемлекет үшін, халық үшін» деген сөздер жиі шығады. Ал, ол шындыққа толық сай болмаса – халықтың ол сөздерге деген сенімі сұйыла түседі. Сөйтіп, мұнда мазмұн мен форма орын алмастырады: «мемлекеттік қызметтің» мәні мемлекетті көркейтуге емес, жеке бастың қажеттілігін өтеуге қарай бұрылады. Яғни, **Билік пен Халықтың күш-жігері бір арнада** – «мемлекет пен оның, тәуелсіздігін нығайту» жолында тоғыспайды да, қоғамның өмірінде жалған принциптер алға шығады. Бүгінде бұл «мемлекеттік мүддені» аттап өтіп, қалайда байып кету» принципі ретінде көрініс табады. Бұлай деп, мен қара аспанды төндірмеймін – ел тырбындап өз күнін көріп жатыр: бірі – кедей, бірі – ауқатын тауып дегендей, аз бөлігі бүгінгі жағдайына мәз. Алайда, байларға да, кедейлерге де жабысқан бір «ауру» бар, ол – тұрақсыздық! Екі тараптың да болашаққа сенімі аз: байлар – ертең байлығын сақтап қаларына, кедейлер – бір замандарда баитынына!..

Иә, өмірде ертеңгі күнің қалай бола-рын білмей (*бала-шағаның болашағы деп ұғыңыз*), жанды қоярға жер таппай өмір сүргеннен қиын не бар дерсің! Ол туралы Конфуций **«Қарғыс атудың көрінісі – алмағайып заманда өмір сүру»** деп бекер айтты ма? Бұған коррупцияның өршуін, игілікке жұмыс істеуі тиіс қаржының **«бекер мал шашпаққа»** ысырап болып жатқанын қоссақ және де, күнделікті **«бәленше жердің әкімі және т.б. біреу миллион қаржы жеп құрықталды»** дегендей ақпараттарды қоссақ – мұның бәрі бейнебір **«майданның алғы шебінен»** жетіп жатқан хабардай қабылданады... Содан кейін, саналы-есті адамға күлкі қайдан болсын?! Конфуцийдің де айтқаны осы ғой.

Нәтижесінде, «мемлекеттік басқару» механизмі халықты бақытты етудің құралына айнала алмайды да, ол билік тұтқасына қандай да бір амалдармен қол жеткізген адамдардың мақсатына қызмет ете бастайды. Шын мәнісінде, бәрі де керісінше болуы тиіс еді – шенеуніктер мемлекеттің (халықтың да) көркеюіне қызмет етуі қажет. Міне, сөйтіп, дамудың негізгі принципі –

«мемлекетшілдік» өз мазмұнынан ажырап, сыртқы көрініске (формаға) айналып кетеді. Яғни, бұл «мемлекет бар, алайда ол жоқ», «тәуелсіздік бар, алайда ол жоқ» дегенді білдіреді. Егерде, бұндай процесс ұзаққа созылса, өздігінен реттелмесе, не халықтың өз тағдырына немқұрайлылығы, жайбарақаттығы, не оны оятатын, соңына ілестіретін тұлғалық көшбасшының жоқтығы, не басқадай сыртқы түртушінің болмауы – мемлекеттің азып-тозуына, күйреуіне апаруы мүмкін. Себебі, мұның шындығы адамдардың өзін-өзі алдарқатуында емес, қоғамда қалыптасқан пиғылда жатыр. Ал, бізде ол пиғыл «мемлекетшіл» емес! Мінеки, ақыр соңында – мемлекеттің тағдыры «мемлекетшіл бола алмаған» халықтан сұралатыны да сол себептен болса керек...

Ал, «көркейген мемлекет» деген, әлі де шешімін таппаған, сондықтан, жалаң деуге келетін ұрандардың бүгінде жиі айтылуы – осы сәйкессіздікті бүркемелеудің амалы ма дерсің. Мұндай қайшылықты жағдайда қоғамның «мемлекетшілдік» пиғылы басым ба, болмаса ол көзбояушылық ретінде айтылып, ал, әрекет тек үстем таптың қарақан басының қамы үшін бе – тергеліп-тексерілмейді. Өйткені, халық тек қана «басқару объектісі» қатарында, сондықтан, сұрау салар тұлға жоқ. Әрине, демократиялық елдерде бұл рөлді халық атқарады. Алайда, бүгінде бізде бұлай етуге халықтың қолында тұрған тетік әлсіз, тіптен, жоққа тән десе болады. Ендеше, бұл мәселеде «жауапкершілік кепілі» биліктің өзі болып қалады. Сондықтан, билік халықтың өзіне деген сенімін «сыртқы форма» деп емес, «билік қызметінің» төл мағынасы деп ұғынуы тиіс. Сонда ғана жағдайды өзгерте аламыз. Және де, мұндай жағдайда тарихи сахна төрінде «жалғыз актердің» ойнауына да толық мүмкіндік туады. Бүгінде біз дәл осы жағдайға келіп тірелдік десе болады... Ал, бұл жол халықтың тағдырын кездейсоқтыққа әкеледі (*сәттілік болса, біршама дамуы да мүмкін*). Бірақ, бәрібір, бір адамның «көрегендігі мен даналығы» қоғамның алға басуына кепіл бола алмайды. Себебі, халық тағдыры бір адамның қасиетіне

келіп тіреледі. Сөйтіп, нәтижесінде – халықтың көкейінде: «**тие ме, тимей ме?**», басқаша айтқанда: «**жолымыз бола ма, болмай ма?**» деген сұрақ үнемі тұратыны анық. Мұндай қоғамның дамуы мұхитта шатасқан айсбергтің күйіне түседі... Ал, көбіне айсбергтің мұхитта еріп кетуі, ізі де қалмауы үнемі болып жататын құбылыс. Бұл ешқандай ғажап емес... Ең қорқыныштысы да осы – бәрі де уақыттың еншісінде! Ал, уақытқа телінген жерде тек қана сарыла күту бар, нағыз қайнаған өмір жоқ...

Демократияға сүйеніп, билігі мен халқының арасына сызат салмаған елдер ше? Мысалы, жоғарыда айтқан Балтық жағалауы елдері? Олар басқалардай емес, табиғи байлығы аз, халқының саны да көп емес. Бірақ, бүгінде Еуроодақтың құрамында, өз орны мен келбеті бар, тұлғасын жоғалтпаған мемлекеттер қатарында тұр. Олардың билігінің де, халқының да мемлекетшілдігі кімге болса да үлгі бола алады! Мұндай мемлекетшіл билік халықты ортақ мақсатқа тас-түйіндей етіп жұмылдыра алады, өз тарапынан халық та билігіне толық сенім білдіреді. Мұндай елдердің болашағы баянды болмауы мүмкін емес!

Тарихи процесте әділеттіліктің болуы шешуші рөл атқарады. Осыған дейінгі адамзаттың бастан өткерген небір қоғамдық катаклизмдерінің бастауында үнемі осы – әділеттілікті талап ету немесе қалпына келтіру тұрады. Мінеки, біз де бүгінгі жағдайымыздың осылай – қазақ мүддесіне сай қалыптаспауына «әділеттілік» принципі тұрғысынан баға беруге тиістіміз. Ол бойынша Қазақстан – қазақ ұлтының мекені, мемлекет – қазақ ұлтының мемлекеті. Мұны Қазақстанда тұратын диаспора өкілдерінің түсінетіні бар да, түсінбейтіні бар. Бірақ, мұны, неге екені белгісіз, өзіміздің қазақ билігіндегі кейбір шенеуніктер мойындамайды. Соның нәтижесінде «қазақ мәдениеті», «тілі», ділі» шайыла бастады да, ол ұлттық санада рухани күйзеліс жағдайына алып келеді. Әрине, ондай мемлекетте кім күшті болса, кімнің байлығы артып тұрса – сол басым. Бірақ, олар мемлекеттік жауапкершілікті мойындарына артпайды. Оларға керегі

– мейлі, ол өз азаматымыз болсын, мейлі, шетелдік компаниялар болсын – Қазақстанның байлығы ғана. Ендеше, бұл жағдай біздің «мемлекетшілдік» туралы ауыз толтырып айта да алмайтынымызды білдіреді. **Жаңа қарқын алған жаһандану процесі бізді өз құшағына айқара қысып, тұншықтыруға әзір. Сондай жағдайда халық өзінің құтқарушысы ретінде мыңдаған жылдар бойы гендік деңгейде бойға сіңген өз болмысын, келбетін, дәстүрі мен салтын, жалпы, мәдениетін қарсы қоюы қажет. Бірақ, маргиналданған билік саясаты бұрынғы құндылықтарды «донкихоттыққа» айналдырады. Ондай кезде ұлт өзінің бағыт-бағдарынан ажырап, қандай қасиет қадірлі, қайсысы ұлтты алға жетелейтінін білмей, тек билік пен байлыққа жанталаса ұмтылған, одан әжептеуір пайда көріп «адам» қатарына қосылғандарға қызыға да қызғана қараумен күнін өткізеді. Қоғамда «байлыққа жету», «ақша», «жеңіл өмір» және т.с.с. «қасиетсымақтар» үлгі болып, халық аза бастайды. Бірақ, еңбексіз келген байлықта береке жоқ, әрі, ол байлық бәріне бірдей бұйыруы мүмкін емес. Сондықтан, халық өз қиялымен, қайғысымен, зарымен жекпе жек қалды. Ал, билігі халқына «өз күніңді көр» деп, орта жолда шорт кетеді... Дәл осы жерде біздің елде болған мынадай қайғылы оқиға туралы айта кетуді жөн деп санаймын: Соғыс кезінде көрші ауылдың шетіне бір орыс әйелі «болмағанда біреуі тірі қалсын» деп, 3-4 жасар ұлын жетектеп, құндақтаулы қызын жүйеге қалдырып кетеді. Оны жүгері суаруға барған ауыл адамы тауып алады. Содан неше заманнан кейін Мәскеуде КГБ-да істейтін ұлы шеше аманатымен қарындасын іздеп табады. Алайда, шеше байқұстың өмірі тек құсалықпен өтіпті... Сонымен, ағасы қарындасын тапты, асырап алған әкесі қызды тауып алғанын мойындады... Бірақ, соны не болды? Жаны қазақ «қарындасы» ағасын қабылдамай қойды. Оның «Мәскеуден үй әперем, балаларыңды оқытам» деген сөзін құлағына да қыстырмады. Орыстың «қазақ болған қызы» осын-**

дай мінез танытты! Өйткені, ол қыз нағыз ұлттық сана аясында, қазақы дәстүрмен, қазақтың ұлттық санасы бөлінбеген ортада тәрбиеленген болатын... Оны, тіптен, алтынмен апталған Мәскеу де қызықтырмады! Міне, дәл сол секілді «тастанды» көңіл-күй қазір бізде бар. Бірақ, біз үшін құсаланатын «әке» де, «шеше» бар ма? Болса қаншалықты, қанша? Сонымен бірге, «барын да, арын да саппайтын» қыз да табыла ма? Табылса қаншалықты, қанша? Міне, мәселе сонда! Бүгінде байлықтың буы адами қасиетті тұншықтырып, көзді тұмандандырып, ақылдан ауыстырған жоқ па?.. ...Әрине, егер адамға байлық іскерлікпен, ақылмен, еңбекпен келсе – онда бізден өткен нұрлы қоғам болмас еді! Өкінішке орай, ондай талпыныс алқымнан қысылып тұр – тексеріс пен кредиттің жүгенсіз кеткен тұстары ушығып барады. Қара қауымның көпшілігі бүгінде жеке банкілерге басыбайлы. Қазақта «үш күн ашыққаннан ақыл сұрама» деген. Сондықтан телевизор қарап, ондағы айтылғанға елтіген күйде отыра беру – ұлттың негізгі «мінезіне» айналу. «Мемлекетшілдік» қасиет те сонымен бірге кетіп барады...

Немқұрайлылық.... Мемлекетшілдік туралы ойлана отырып, осы туралы да ойладым – «өз тағдырына деген немқұрайлылық, қасірет адамда қалай пайда болады?» деп. Сонда мынадай қорытынды сұранады екен: **Бірінші**, адамның тауы шағылғанда: яғни, бастапқыда «мына өмірді өзгертемін!» деген асқақ энтузиазм, максимализм «баяғы жартас – сол жартас» дейтін мүлгіген меңіреу тасқа соғылып, беті қайтқан күні – адам депрессияға ұшырайды, бойын апатия басады; **Екінші**, адамның бойына табиғатынан егілген «әділеттілік» қасиеті жан-жақтан анталаған «әділетсіздік» атты шүйебөрінің талауына түсіп, әбден қансырағанда! Ондайда, адам ортаға ғана емес, өмірге де салғырт бола бастайды – өлімге мойынсұнады... Сөйтіп, осы туралы ойлана келе, «немқұрайлылықты егуші күш – зұлымдық екен» деген қорытындыға келдім. Бірақ, біздің қоғамда олай емес

қой... Жалпы, дүниедегі заттар, іс-әрекеттер, мінез, сөз, қылық жақсы-жаман деп бөлінсе, осыдан пайда болған нәрсе адал мен харам деп ажыратылады. Жақсы мен адал – имандылық. Ондай адамды «иманжүзді» дейді. Яғни, оның келбетінде, болмысында Алладан түскен нұр бар. Алайда, біз ешқашан Алланың жүзін біле алмаймыз, тек адами санаға салып «жүзі жамал» деп жорамалдаймыз... Мінеки, бізге Жаратушыдан түскен имандылықтың, ішкі цензордың барлық мағынасы осыған келіп тіреледі.... Әгәрки, халықтың төл тәрбиесі осы қалыпта болса, ол халық түбі жаман болмайды. Қазақ ұлттық тәрбиесі осыған сай халық әлі де ол қасиетін түгесіген жоқ. Ендеше, қазақ ұлтының болашақта кей тұста, енді бір сәтте етек алған берекетсіздік пен өтіріктің, жағымпаздық пен жарамсақ екіжүзділіктің, жемқорлық пен паракорлықтың тамырына балта шабуға толық потенциалы бар деп білейік! Әзірге, жұдырықтай жұмыла алмай жатыр, өзінің қандай потенциалы бар халық екенін танымай жатыр... «Сабыр түбі сары алтын» дегендей ол уақыт та келер. Ал, ондай потенциалмен әлемдегі ең мемлекетшіл халықтардың қатарына әлі-ақ қосылармыз...

Жалпы, Қазақтың әрбір мақал-мәтелі, әрбір даналық сөзі телегей теңіз философиялық трактатқа татиды! Мұны әлемдік деңгейдегі талай тарихшылар, даналар мойындаған. Ал, қазақтың этнопедагогикасы негізінен осы даналықты ұрпақ санасына күймен, оны өмір сүру принциптеріне айналдыру мәселесімен терең айналысқан. Сондай тәрбиемен өскен қазақ – нағыз қазақ деп танылады. ...Қазақ философиялық тұрғыда ойлайтын халық. Ендеше, әр отбасы осыны жаңғыртып, күнделікті қазақ даналығын тәрбиеде қолданып отыру арқылы ділімізді сақтаймыз. Діліміз үстем болса – мемлекет те өз егемендігімізге оралады. Ендеше, мемлекетшілдікті биліктен де емес, өзгеден де емес, ұлттық тәрбиеден, еңбектен, үлгі-өнегеден, ақылдан іздейік. Одан басқа жол жоқ!



Досай КЕНЖЕТАЙ,
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Дінтану кафедрасының
профессоры

Тарихтың қайсыбір беттеріне, көне қойнауына үңілсеңіз де өткен өмірдің белгісіндей тарихи археологиялық қазбаларға, кешегі өркениет, бүгіндері үнсіз күлтөбе болып, қойнауына талай сырды жасырып жатқан мазарларға тап боласыз. Тарихтың ауыр сынына, қатал сұсына төтеп бере алмай талай мемлекеттер шөгіп, орнына басқа жүйедегі мәдениеттердің бой көтергені белгілі жай. Өткеннің бәрі ұлағат, ғибрат қазынасы... сол үшін де тарих ғылымының маңызы зор. Тарихтың тағы бір бетінде қоғамда өшпестей, өлместей із қалдырған, «**жақсының аты, ғалымның хаты**» екендігінің куәсіндей, «**өлмейтұғын артында сөз қалдырған**» зиялы қауымның іздері мен тауқыметті де өнегелі өмірі жатыр. Олар өздері өмір сүрген қоғамның надандығы мен қараңғылығын көре біліп, «**қараңғылықтың күні болуға**» ұмтылған, ұлты үшін өзін құрбан қылған сол заманның, қоғамның зиялы тұлғалары болатын. **Зиялы, зиялылық, зиялы қауымның** қоғамда алатын орны мәселесі адамзаттың әр түрлі даму сатысында, әр қоғамда тартыс көзі болып келді. Бұл мәселенің қазіргі Қазақстан қоғамы үшін де шешімін тапқан «сұрақтар» қатарында еместігі айқын. Кімнің зиялы, кімнің сұрқия екендігін ажыратып болмайды. «Зиялы деп кімді айтамыз? Бүгінгі тарихтың ұлы сынында еліміздің зиялылары қандай болуы керек?» деген сияқты сан сұрақ, жансебіл жайда тұрған руханиятымыздың бүгінгі жайынан туындауда.

ИАСАУИ АТАМЫЗ «ЗИЯЛЫ» ДЕП КІМДІ АЙТАДЫ...

Қазіргі таңда «кенестік үңгірден» жарыққа шығып, бұрынғы қалыптасқан танымның орнын «жаңа сипаттағы» құндылықтармен толтыру науқанында «батыстық және шығыстық» дүниенің терезелерінен «өзімізді» табу жолында әрекеттер жасалып жатқан сияқты. Яғни, санамызды сансыратқан сансыз сұрақтарға өзімізден емес, өзгеден жауап күтудеміз. **Ал, рухани дүниеміз бен мәдениетімізде үлкен орны бар қасиетті піріміз, жөн сілтеуші әулие – Иасауи бабамыздың ілімінде «алдымен өзінді тану» маңызды болып табылады. Иасауи сияқты қасиетті әулиелер – қоғамның рухани тіректері, руханияттың күйреуіне, азғындауына тойтарыс беретін, Алланың жер бетіндегі өкілі ретінде танылады. «Кез келген мемлекет немесе қоғам рухани іргетасының шайқалуының, азғындауының нәтижесінде тарих бетінен жойылады» деген исламдық қағида бар. Исламдық дүние танымды, оның рухын, мәнін терең түсінген, ақиқатына жеткен әулиеміздің, Алланың алдындағы бірінші парызы, қоғамның қараңғылығы мен рухани азғындауына қарсы риясыз күресі болатын. Иасауи іліміндегі зиялылық мәселесін қарастырудағы мақсат, бүгінімізге өткенімізден дертке шипа, келешегімізге үміт қақпасын нұсқайтын, тұманды күндегі сәуледей, пайдамызға жарайтын «өзімізді табуға» жол сілтер сұрлеу көрсете ме деген ойдан туындаған еді.**

Ахмет Иасауи – рух тәрбиешісі, қалыптастырушысы және қоғамға жаңа тыныстағы толық адам жетілдіру үшін күрескен кемеңгер ұстаз. Рух адамда болғандықтан да, оның ілімінің тақырыбы да – адам. Ол адам фак-

торына, атап айтқанда, қоғамға жол көрсетіп, жөн сілтейтін зиялыларға, сонымен қатар мемлекет басқарып отырған басшыларға үлкен мән береді. Ғалымдар, зиялылар ғылымына, ал, әкімдер әділетке сай шешім қабылдасаса қоғам құлазиды, мемлекет күйрейді. Диуани Хикмет оның осы мәселелерге көңілі толмайды, жаны сыздайды. Өйткені, бұл Құран аяттарында қоғамды апатқа апарып соғатын зілзала, зұлымдық жайлаған қараңғылықтың негізгі толғағы ретінде анықталған. Құранның, исламның мәніне жеткен ғұламалар, оған иланатындар қоғамды құтқаруды өздерінің бірінші парызы деп біледі. Олар қоғамның құлдырауына өздерін жауапты сезінеді. Өйткені, **Құранда қоғамның құлдырауы мен рухани азғындауынан болып жатқан жағымсыз, жарамсыз құбылыстарды көрсе де көрмеген, жұмған аузын ашпаған «зиялылар» Алланың алдында жауапты деп көрсетілген.** Міне, Құранның үкімі, Алланың қалауы. Адам санасы қару арқылы зорлықпен бір түнде өзгермейді. Бұдан адамның рухы, санасы жаңарғанда немесе дамығанда ғана қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жүйенің де параллель дамיתындығы шығады. Ахмет Иасауи бабамыз хақ (анық) пен жалғанды айырып, жақсылыққа шақырып, жамандықтан қашырған. Аллаға берілген антқа берік, сөзінде тұратын, түрлі бәле, кедергіге сабыр ететін, халыққа қызмет көрсетіп, топырақ сипат-қарапайым. Алла, ақиқат дегендердің жанынан табылатын, қоғамды хақ жолына шақырған, сыртқа емес, ішке немесе формаға емес мазмұнға мән беретін, рухты, ой-сананы жаңғыртқан, қоғам үшін зиянды мен зиянкестікті анықтай біліп, болуы мүмкін қауіп-қатерден сақтандыра білген, біліммен сусындаған, тыныстаған, соған иланып әрекет еткен, Құранға бет бұрып оның мәніне жеткен, күндіз-түні хаққа құлшылық еткен, шариғатқа берік, махаббат дариясында інжу-маржан терген, теңдік пен әділеттіліктің үстемдік етуі үшін жан берген, қоғамның дертіне шипа болуға ұмтылған адамның (қоғамның) рухын тәрбиелеген, т.с.с. нағыз ғалым

деп, зиялылықтың, зиялы адамның анықтамасын алдымызға жайып отыр. Осы шын зиялы немесе зиялылық туралы айтып кеткен Иасауидің анықтамасын қазіргі таңдағы зиялылық анықтамасымен салыстырып көрелік. Мысалы бір Батыс ойшылы: «Зиялы адам турашыл, дұрысын сөйлейді. Батыл, бір істі аяғына дейін апарады. Ең негізгі қасиеті: сыни көзқарас. Өз пікір-ойын ашық айтады. Осы жолда қандайда бір билік, тақ иесінен, шенділерден қорықпайды. Әлеуметтік құрылыстар мен құбылыстарды салыстыра зерттеп жауап іздейді, қоғамда дамыған гуманистік рационалдық жүйенің орнауына ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда қоғамның ой-санасы мен озық интеллигенцияның сөзін сөйлейді», – десе, екінші бірі: «Зиялы адам ең алдымен дұрыс, көкірегі ояу, көзі ашық, сонымен қатар батыл болуы керек. Яғни, білім қоймасы немесе білім туралы жай ғана бір элемент емес, ақиқат жолындағы қатерге бас тіккен ерікті жауынгер», – деп, шын зиялы «Ақиқат деп танығаны мен білгендері үшін ойларының өмір сүруі және жайылып таралуы үшін жанпидалыққа бас тіккен, өз пікірін қанымен, болмысымен қорғай алуы тиіс» деген даналардың тұжырымын қуаттайды. Енді, Ахмет Иасауидің қоғамдағы шын зиялының орны мен маңызын, атқаратын қызметін қалай бағалағандығына тоқталайық. Өткеніміздегі ой-сана жүйесін зерттеуге ұмтылған әрбір еңбек, ең алдымен, осы жүйенің әр түрлі құбылыстарын, сол дәуірдің әлеуметтік шарттарымен байланыстыруға мәжбүр екендігін елестететін болсақ, Ахмет Иасауидің өмір сүрген ортасы мен дәуіріндегі зиялылардың қоғамдағы орны, тұрмыс-тіршілігіне қанығамыз, екінші жағынан сол ой-сана жүйесін қазіргі таңдағы қоғамдық ой-сана жүйесімен салыстыруға мүмкіндік туады. Қандай да бір қоғамда қаптаған қараңғылықтардың, қиындықтардың жойылуы үшін күмәнсіз осылардың салмақ қатынасындай жан-жақты күрес жүргізілуі тиіс. Осы күресті бастамас-тан бұрын **«қараңғылық, қиындық,**

кедергі дерттердің» ара салмағы, көзі мен себептері айқындалуы тиіс. Қоғамдағы қараңғылықты анықтау дегеніміз, оны тану деген сөз. Ахмет Иасауи «Тану – ақиқат пен жалғанды айыра білу деген сөз» дейді. Ақиқат пен жалғанды айыру сатысы «өзіңді тану» қағидасынан басталады. Иасауидің көзқарасы бойынша: «Қоғамдағы қараңғылық зұлматтың ең үлкен көмекшісі – надандық, оның әкелген қараңғылығы залымдардың зұлымдық орнатуына және оны әрі қарай өршітуіне ең ыңғайлы мүмкіндік туғызады», – екен. «Әділетсіз қоғамда елден рахым, сүйіспеншілік, мейірім жоқ болады, ар-ұят, намыс, иман көшеді, мұсылман мұсылманды өлтіреді, бұзықты, залымды жақтайды, ақиқатты жалғанмен айырбастайды, осылайша қияметке жолығады», – дейді. Қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастықтың тірегі болған әділет пен оның айналасындағы қолдаушы этикалық құндылықтардың иман, бақыт, ар-ұят, сүйіспеншілік, мейірім, рахым, намыстан жүрдай болады. «Құндылықтар құбылып, жақсы мен жаманның айырмашылығы жоғалған, жүгенсіз қоғамда» дүние теріс айналады, зиялы атаулыға көз салып, құлақ асар жан табылмайды. Зиялы қауымға, ақылға жүгінгендерге материалдық, рухани қысым беріледі. Міне, осындайдан барып қоғам құрдымға бет алады», – деп ақиқаттан айрылған қоғамның ақырын білдіріп отыр.

«Шапағат, туыс-туған, ағайындарға жәрдемдесу, оларға сүйіспеншілікпен қарау, қоғамның тыныштығы мен берекесін, бірлігі мен елдігін, адамдар арасындағы шынайы сенім мен сезімдердің орнауына ықпал етеді. Бұлардан жүрдай болған қоғам қою қараңғылық басқан игілік атаулыдан мақұрым қалған есерсоқтардың тобыры болып шығады». «Имансыз қоғамда дүниеқорлық бірінші орынға шығады». Дүниеқоңыздық шектен шығып, ақыр заман болады. Адамзат бір-бірінің етін жейді. Бүкіл жамандықтың анасы имансыздық, яғни, ақылсыздық, есерсоқтық. «Міне, осындай күйге душар болған қоғамда (адамда) иман нұры жоғалып, нәпсіге

құл болған әрбір қоғам (адам) жоқ болады», – дейді Иасауи бабамыз. Өз пікірін еркін айта білген, батылдық көрсеткен әулиені неге заманының нағыз шын зиялысы ретінде танымасқа?! Ахмет Иасауи бабамыз осыларды өз заманында сөйлеуге батылдық, жігер таба білді. Ал, қазір ше?! Парақорларға, жалған үкім шығарушыларға, халыққа зұлымдық жәбір көрсеткендерге ілтипат, құрметпен қарайды. Олардың қасында «бақ пен тақ» іздеген «оқымысты зиялылар» көп-ақ. Жалғанды жақтаушылар, шындықты шырылдап қорғаушылардан артып жатыр. Ой-пікірін іште сақтау, бұқпантайлық барып тұрған адамгершілік моральға жат қылық. Осы сияқты мысалдар кешегі «қызыл империя» дәуірінде жиі-жиі ұшырап отырды. Ақыл-ойын өрістетіп, бір сәт ойлану қылмыс, ауыр күнә болатын. Олар өлтіріліп, абақтыға қамалды. Ауыр идеология тұманы астында болу және заң да сол идеологияны көздің қарашығындай сақтауға және қорғауға құрылғандықтан адам адамдық қадір-қасиетін жоғалтты, адамгершілік моральдан айырылды. Ал, қазір жағдай басқа, қасаң идеология бұлты да жоқ, кеңестік «үңгірден» шықтық, дегенмен әлі де қараңғылық тұманындамыз, біліп, сезіп те жүрміз. Зиялының қоршаған ортасын, қоғамын нұрландырап, ағарту қызметі негізінен қараңғылық басқанда басталуы тиіс және үздіксіз болуы керек еді. Бүгін зиялы деп танығандарымыздың, яки өздерін зиялы санағандардың тағы да үні шықпай отыр. Жанпидалық, батылдық, жүректілік жоқ, неге?! Ахмет Иасауиге құлақ түрсек, бүкіл мәселе нәпсіге келіп тірелетін көрінеді. «Еріксіз адам үшін ақиқат ұғымы да жоқ. Еріктімін деген сөз – бармын деп айта алу деген сөз. Болмыстың, өзінің «бар» екендігінің сырына, мәніне жете білген адам ерікті адам». Сонымен, бостандықтың негізі нәпсінің тұтқынынан құтылу дегенге саяды.

Иасауи: «Білімін іспен дәлелдеген зиялылар, ғалымдар дініміздің, қоғамымыздың шам-шырағы, түнді жарықтандырған Ай сияқты. Олар

– хикмет иелері, елдің «қыдыры» сияқты», – дейді. Байқасаңыз Иасауидің мақсаты қоғамды қараңғылықтан құтқару екендігі анық көрінеді. Өйткені, қараңғылық жайлаған қоғамның соңы құрдым. «Хақ елшісі үмбеті үшін қайғы жеді, сарай мен тақтың орнына дертті тандады, дүние үшін емес, қоғамы үшін күресті», – деп, қоғамы, ұлты мен діні үшін күресуге шақырды. «Құл болсаң (*шын зиялы болсаң*) нәпсінді, менмендікті жоқ ет, жолдан адасқандарды, күнәһарларды жолға сал, басқар» деген сияқты үгіт-насихат айтады.

«Білімнің – шырақ, халің – пілте, жағатын май – көз жасың, яғни, қайрат, жігерің». Алладан нәсіп алғың келсе нәпсіңмен (*қоғамның ақсаған тұстарымен*) күрес, сонда ғана құтыласың. Өйткені, бақыт, тура жолды тауып, сол жолда жүруді тоқтамай жалғастырумен табылады. Алладан нәсіп алу, істеген әр ісінді Алланың ризашылығы үшін істеу. Бүкіл еңбегің үшін ешкімнен ештеңе дәмеппеу деген сөз. Қоғамда зиялы болып көрінген, зиялы шапанын жамылғандар да бар. Бұлар жайлы Иасауи «халықты азғырған, рия тәпсісі жолында шайтан-нәпсісімен дәурен сүрген. Алла ризашылығы үшін емес, шайтан-нәпсі дүние рахатын көздегендердің кесірінен қоғам азып, қараңғылыққа батып жоғалады» дейді. «Зиялы, кәміл адам болып көрінгендерге» «білгішсініп сөйлем, аузындағы сасықты, сөз қадірін біл, көңіл кірін сөздің сөзі алады» дейді. «Ғалыммын» деп көкірек кергендер, асып-тасқандар наданның дәл өзі дейді. Өйткені, шын зиялы ғалым топырақ сипат болар. «Дүниеден қол үзбей тұрып, Алла жолына түстім дегендер, өзін зиялы ғалым санағандар, дүние үшін рия көрініспен «зікір» салғандар - нағыз надан қауымы». «Олар, өз нәпсілерінің (*шайтанның*) жүгендеулі, ноқталы есегі секілді. Надандық, расуалық, олардан іргенді аулақ сал», олар сыртқы көріністерін әшекейлейді. Шын зиялылар, көңіл-рухты, сана-ойларын әшекейлейді. Яғни, қоғамдағы адам өмірін, қоғамды

әрлейді, жөндейді. әшекейлейді. «Ақырзаман «зиялылары» ілім жоқ сауатсыздан бетер. Хикметті естімес керек, көңілі мен көкірегі көр соқыр, иманы жоқ жүрексіз, өзі жақсы мен жаманды айыра алмай тұрса да насихат айтып мазанды алар. Надандардың қулық-сұмдығы шайтаннан асып, артылады», – дейді.

Тарихымыздағы болып өткен оқиғалар мен бақытсыздықтардан жауапты ретінде бірліктен жұрдай болған зиялыларды кінәлағандар баршылық. Ақылдың, ақиқаттың жолы тек біреу-ақ. Олай болса, шын ақиқат дегендердің, шынайы зиялылардың арасында бірлік болмауы мүмкін емес. Олар қоғамның қараңғылығымен күрескен, арпалысқан болуы мүмкін, алайда ең үлкен күрес нәпсімен күрес болуы тиіс еді. Иасауише айтсақ: Нәпсіден асқан бәле, дұшпан жоқ. Нәпсіні жеңгендер қоғамдағы ақиқат пен әдебиеттің сақшысы болуды және болуға тырысуды өздерінің міндеті, моральдық жауапкершіліктері ретінде таниды. Бұлар шын зиялылар. «Оларды үлгі тұт, жанында болып, жолды сұрап, нық қадам басқандардан бол!» Шынайы зиялы болу үшін шынайы ілім, яғни, иманмен нұрланған ілімге, оны үйренуге шақырғандай. Бұл жерде шынайы зиялы адам күн іспеттес, жарықтың көзі. Міне, қазір қоғамға нұр беретін, жарық шашатын міндетін орындаушы зиялыларға қажеттілік туып отыр. Осылайша Иасауи іліміндегі зиялы және оның қоғамдағы орнына үңіліп, шынайы зиялының қалай болуы керектігіне көз жеткіздік. Өз дәуірінің қараңғылығын, әділетсіздігін саусақпен шұқып, нұсқап көрсете білген. Бір айта кететін жәйт, уақыт пен кеңістік шеңберінде зұлымдық пен әділеттің, қараңғылық пен зиялылықтың арасындағы қым-қиғаш күрестің мән-мағына жағынан осы күнге дейін жалғасып, жармасып келе жатқандығы еді. Ф.Бекон бір қоғамдағы қараңғылықтың төрт себептен туындайтындығын ескертеді. Бұлар «беделге» (авторитетке) құрмет, «әдет-ғұрыпқа айнымастық», «еш нәрсеге үйренуге мұқтаж еместігін

көрсететін бос кеуде – көкіректік» және соңғысы «қара халықтың надандығы – қараңғылығы». «Әдет-ғұрыпқа беріктік» болса, өзгерместей дәрежеге барса традиционализм мен (метатрадиционализм) тұрақтау, ақырында кері кету, құлдырауға апарады, қоғамды қараңғылыққа батырады. Иасауи ілімінде традиционализмге орын жоқ, әрдайым үздіксіз өзгеріс, жаңа мақам баспалдақтарды, халдерді иемдену, жаулау, өзін-өзі бақылаудың методтары дамыған ілім болып табылады.

Адамға, енді, еш нәрсе үйренуге мұқтаж еместігін білдіретін бос кеудешілік, «оқымысты надандар» деп аталатын бір қауымды дүниеге әкеледі. Алайда бұлардың қолдарында «жалтыраған» куәліктері болуы мүмкін. Өздерін жұртқа зиялы ретінде танытып, талтандатқан сол куәліктерінің сыртындағы жалтырауық мөрдін шарапаты болуы мүмкін. Ал, сол жалтыраған мөр тек қана жарықта жалтырайды, өздігінен жалтырамас. Осындай «зиялысымақтардың» негізінен алғанда, басқаларды жолға салу қабілеті жоқ. Ахмет Иасауи әулие, ұлы рухани мәртебеге ие данышпан бола тұра өз-өзін «уммимін» дейді. «Уммилік» (қазақша тілдік мағынасы надандық) – сопылықта пайғамбарлық мақам болып саналады. Иасауи өз білімін Алланың білімі жанында «жоқ»деп есептейді. Алланың алдында өзін «надан» умми немесе жаратылған пенде «мен» екендігін мойындайды. Бұлар сопылықта «өзін-өзі» тануға тиісті ұғымдар. Сократтың «Мен бір-ақ нәрсе білемін, ол да – ол да еш нәрсе білмейтіндігім» дегені сияқты. Халықтың қараңғылығы өз алдына бір себеп емес, қараңғы қалудың салдары. Ой бостандығын өз орнымен жұмсап қолдана білген батыл, жүректі зиялылары бар қоғамда ең болмағанда басты мәселелер төңірегінде халықтың қараңғылығын сейілтуге болады.

Кейбір «зиялысымақтар» халықтың өздерін ұқпайтындығынан өз пікірлерінің

ескерусіз қалатындығынан, қоғамның қараңғылығынан, сол сияқты өзін жұбататын себептерді айтып, «сәулелерін» жан-жағына шашудан қашқақтайды. Иасауи ілімінде осы сияқты «себептерге» орын жоқ. Ол айтатындарын әркім және әр топ ұғына алатын дәрежеде ұсынады, ойының аздаған адамдарға ғана жететіндігінен қорықпайды, ол өзінің айтқан үгіт-насихаты тыңдаушысының қабылдау қабілеті мөлшерінде екендігін біледі. Ойының таңдаушыға оның қабілеті дәрежесінде пайдалы болатындығына сенеді. Халықты қараңғы деп кінәламайды, қоғамның қараңғылығына үнсіз қалмайды, өз қоғамының қараңғылығынан өзін кінәлі санап, надандық түнегін сейілту, құтқару жолдарын қарастырады. Осы жолда «Жетпіс екі ұлыстың тілінде» сөйлейді, яғни, оларға түсіндіруге, ұғындыруға тырысып бағады, ағартушылық күресін жүргізеді. Шын зиялылар өздерін қоғамның түсінуін күтіп жатпайды, керісінше, өздерін қоғамға ұғындыруы тиіс екендігін сезіне отырып, халықпен бетпе-бет кездеседі. Қоғамның жауапкершілігі зиялының мойнында. Өйткені, шын зиялының білімі мен ілімі білгіштігін көрсету үшін емес, ақиқат, зиялылық күресі үшін берілген. Өзінің қасиетті қызметі қай жерде қараңғылық бар болса, сол зерде зиялылық, сәуле шашу деп түсінеді. Әр түрлі қауіп-қатерге (рухани материалдық) қарсы бас тігуге мәжбүр. Алланың зиялы кісілерге деген жақындығын олардың қоғам үшін, адамзат үшін атқарған қызметтерінің ұлылығы мен тектілігінен көруге болады. Иасауи іліміндегі шынайы зиялы тұлғасын қысқаша түйіндейтін болсақ, зиялы кісі болу мәселесі, біздің санамызда бұрыннан қалыптасқан бір диплом, куәлік немесе атақ иесі болудан бұрын, сана-сезім, парасат, кісілік мәселесі екендігі сезіледі. Бұдан зиялы кісіні зиялылығы өзінен туған, қайнар көзі де өзі болып табылатын қоғам қайраткері, халқының перзенті, адамзаттың ұлы, хақтың құлы екендігін көреміз.



Еркебұлан ӘЛІМХАНҰЛЫ,
Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
PhD докторанты

«Жаһандану» терминінің ұлтты бірінші орынға қоятын, «ұлттық мемлекет – әлемнің өзегі» деп санайтын ғалымдар мен зиялылардың аузынан түспейтін бір үрдіске айналғанына да біраз жылдар өтті. Осы жылдар ішінде жаһандануға қарсы топтар мен ұйымдардың немесе ғалымдардың оның зияндығы туралы гипотезалары мен тұжырымдарына да құлағымыз үйренейін деді. Олардың барлығын мазалайтын негізгі мәселе «Ұлттық келбетімізді сақтай аламыз ба?», «Жаһандық мәдениеттің ішінде жұтылып кетпейміз бе?» деген сұрақтар төңірегінде екендігі анық. Өкінішке орай, біздің зиялыларымыз, көптеген саясаткерлеріміз кейінгі кезекке ысырып қойған осы проблема шындығында әрбір елінің ертеңіне алаңдайтын азаматтың бірінші сұрағы болуы тиіс екендігіне күн өткен сайын көзіміз жетіп отыр. Өйткені, жаһандану – алдымен халқының саны аз, әлі өзіндік идентификациясын түбегейлі қалыптастырып үлгермеген қазақ сияқты халықтарды бірінші жұтады... Сондықтан, оған қарсы тұрудың жолдарын осы бастан іздемесек, ертең кеш қаламыз. Жаһанданудың аранынан аман қалу үшін халқымыздың бойында оған қарсы тұра аларлық, кері итерерлік «серіппе» немесе «иммунитет» қалыптастыруымыз керек, қоғамдық жерде талқыланатын негізгі толғауымыз да осы мәселенің төңірегінде болуы тиіс.

Жаһандану – кеше немесе бүгін басталған үдеріс емес (қашан басталғаны туралы тартыстар көп), оның сан ғасырлар бойына жалғасып, жер бетіндегі халықтар мен мемлекеттерді жұтып келе жатқан құбылысқа айналғаны ашық. Біздің заманымыздан бастап жер бетіндегі мемлекеттер мен

ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІ: БАҚ, мемлекет және зиялы

кішігірім саяси бірлестіктердің, тайпалардың (халықтардың) саны біртіндеп азайып келе жатқандығына қарап жоғарыдағыдай тұжырым жасауға негіз бар. Бір кездері әлемде мемлекеттің функциясын атқарған мыңдаған кішігірім саяси бірлестіктер болса, бүгінде олардың саны екі жүз төңірегінде ғана (*жәке отау болып отырғандырын айтып отырмыз*). «Жоқтан бар пайда болмайды, бар нәрсе жоғалмайды» деген заңдылыққа сүйенсек, бұл мемлекеттердің барлығының халқының жойылып кетпегендігін, тек әлсізі күштісі тарапынан жұтылып, ассимиляцияланып отырғандығын аңғарамыз. Ғылыми техникалық төңкерістің нәтижесінде технология мен логистиканың дамуымен бірге бұл үдеріс соңғы жылдары тіпті де жылдамдады. Жаһанның осынау даму үрдісіне үңіліп кей ғалымдар: «Болашақта әлемде бес алты ғана тіл қалады, американдық (немесе батыстық) мәдениет үстемдік құрады» – деген гипотезаны айтып отыр және болжамдары ғылыми дәйектерге сүйенген. Ендеше, бұл тіл, салт-дәстүр мен мәдениеттің жойылумен бірге ұлт та, халық та жойылады деген сөз. Сөйтіп, әлемде «бірнеше тіл ғана қалмайды, санаулы-ақ қана мемлекет қалады» деп түйін жасауға болады тарихтың даму шартына қарап...

Негізі тарихта екі құбылыс бар: ШАРТТЫ және ШАРТСЫЗ. Шартты құбылысқа жаһанның даму тенденциясымен бірге, міндетті түрде жүзеге асуы тиіс оқиғалар кіреді, ал, шартсыз құбылысқа осы оқиғалардың кейбір күтпеген жағдайларға байланысты орын алмай қалуы жатады. Мысалы: XIII-XIX ғғ әлемдік ғылым мен техникадан қалып қойған қазақ елі жаһандық даму үрдісіне сәйкес отарға айналуы тиіс еді (*ең болмағанда жартылай отар*) және солай болып шықты да. Ресей немесе Қытай, болмаса ағылшын не басқасы бұл территорияны өз протекторатының астына ерте ме,

кеш пе алар еді. Одан қашып құтылу мүмкін емес. Тарихтың қазақ халқына дайындаған басқа бір шартты құбылысы XX ғасырдағы І дж. соғыстың қырғыны, 1920-21 жж. ашаршылық, кейінгі нәубет, одан қалса қызыл террор, ІІ дж. соғыс, тың игеру, ғасырдың екінші жартысындағы ассимиляциялану үдерісі сияқты зобаландардан кейін қазақ халқының ұлт ретінде жер бетінен жойылып кетуі болатын. Алайда, «күтпеген» жерден КСРО-ның ыдырауы және қазақ зиялылары мен халқының бойындағы ұлтшылдық еліміздің ұлттық қалпын сақтап қалуына негіз салды. Сөйтіп, бұл шартсыз құбылысқа айналды. Жоғарыда тағы бір шартты құбылыстың келе жатқанын айтып өттік, ендігі жерде оған қарсы тұрудың жолдарын қарастырмасақ уақыттан ұтыламыз. Өйткені, оның зардабын қазірдің өзінде тартып жатырмыз. Жастарымыздың барған елдерінің мәдениеті мен ғұрпын бойына тез сіңдіріп немесе өз елінде жүріп тешетелдерден келіп жатқан ағымдардың жетегіне ілігіп кетіп жатқаны – ұлттық иммунитеттің әлсіздігін ғана емес, сырттан келген идеологияның ықпалының жоғары екендігін көрсетеді. Өйткені, дәл осы сыртқы елдерден келетін идеология адамның ұлт туралы ойының, ұстанымының әлсіреуіне әсер етеді. Ондай идеологияның арбауына шалдыққан адам, өзін идентификациялауда бірінші орынға ұлттың емес, шырмауындағы ағымын шығарады немесе екеуін қатар қойып дуалистік жағдайда қалады. Мұндай халдегі кісінің ұлттық құндылықтардан безінуі, Отан алдындағы борыштарынан бас тартуы, ақыр аяғында ұлтынан теріс айналуы таңсық емес. Ал, ондай идеологиялардың жылдам тарауына қарқынды жаһандану дәуіріндегі барыс-келістің, ақпарат алмасудың артуы да септігін тигізіп отыр. Бұдан кейінгі жылдары бұл үдеріс артпаса, кемімесі белгілі. Олай болса еліміздің бетке ұстар азаматтарының алдында сыртқы идеологиялық ағымдармен күресудің «амалын» іздестіру міндеті тұр.

Қазаққа қазіргі таңда қауіп төндіріп тұрған сыртқы елдерден келетін бірнеше идеологиялық толқын бар, атап айтсақ; Ресейден тарайтын ақпараттық тасқынмен бірге таралып отырған «прорусизм», бастауын Батыстан алатын мәдени және рухани жайылушылықтың әсерімен пайда болған «космополитизм немесе батысшылдық», ислам елдерінен келіп

жатқан діни ағымдардың (жамағаттар мен тариқаттар) ықпалында қалыптасқан «исламшылдық немесе происламизм» (бұған шығыстағы көршіден төніп тұрған демографиялық ықпалмен бірге келуі мүмкін идеологиялық ағымды, тарихи жақындыққа байланысты түрік тілдес елдерден келіп жатқан мемлекет түсті одақ құруды көксейтін ағымдарды да жатқызуға болатын шығар, дегенмен бұл екеуінің әзірге қауіп алдыңғылардан төменірек болып тұрғандықтан мақалаға алуды жөн деп таппадық).

Ресейден таралатын баспасөздің қоғамымызға зияны туралы айтылып та, жазылып та жүр. Бұл ақпараттық экспансияның елімізге тигізіп жатқан теріс әсерлері жиі көтеріліп жүргендіктен, оны тағы да ұзын сонар етіп тізіп шығуды артық көрдік. Біздің әлі ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізбегеніміз анық, күні бүгінге дейін көбіміз (ғалымдарға дейін) әлемге Мәскеудің «дүрбісімен» қараймыз. Сол елдің дүрбісімен қарамағанда не болды жаһандық жаңалықтарды, өзгерістерді, үдерістерді мәдениет пен әдебиетті Ресейлік ақпарат құралдары арқылы танымыз, ғалымдарының сараптамалары арқылы талдаймыз, тәржімашылары арқылы танысамыз, тіпті, әлемдік жазушылардың шығармасын орыс тілінен барып өзімізге аударамыз. Яғни, бір сөзбен айтқанда Солтүстік көршіміздің сүзгісінен өткен, сол елдің мамандары тарапынан зерделенген ақпаратты біз жұтамыз. Осы олқылық жиі көтерілсе де одан шыққан әзірге нәтиже көрінер емес, «баяғы жартас сол жартас» күйінде қалып тұр. Өйткені, ол себеппен күрес әлсіз. Ал, себеп – біздің интеллигенцияның, әсіресе, БАҚ-тың көрші елдің медиасымен бәсекеге түсерлік қауқарының жоқтығында жатыр. Сондықтан, бұл мәселе төңірегінде жазып жүрген адамдардың өзі соңында солтүстік көршіден келетін баспасөзге жүгінуге мәжбүр.

Көршіден келетін баспасөзге қалай тосқауыл қоя аламыз? Ең басты мәселе осыда болып тұрғаны айқын. Өйткені, қазір «баяғыдай» заман емес, арнайы тыйыммен шеттен келетін баспасөзді шектеп қоятын. Мұндай саясаттың бәрібір жүзеге аспайтынын тарих дәлелдеді (КСРО-ның батыстан келетін баспасөзді тұмшалауға тырысқан саясатының нәтиже бермегенін меңзеп отырмыз), оның үстіне алып көршіміз де бізге тыйым салғызып қойдырмасы белгілі...

Ендеше, қандай шара қолдансақ болады дегенде, өз баспасөзіміздің көршімен бәсекелестікке түсе алатындай деңгейге көтеріп, нарық заңымен тоқтатуға болатынын айтуға болады. Жарайды, ғылым мен білімге, технология мен басқа да жекелеген тақырыптарға арналған теледидар мен басылымдарды бір шетке ысыра тұрайық (салыстырмалы түрде олардың зияны төмендеу), күнделікті күйбен тіршілікті жазатын не көрсететін медианың өзінің деңгейін көтеру арқылы бұл алаңдағы кемшілікті жоймасақ та азайтудың жолдары бар емес пе?

Ресейден шығатын немесе сол жақпен байланысы бар газеттер әлеуметтік мәселелерді көп көтереді, еркін көсіліп қалаған билік органын сынап алады. Олардың Астананың мемлекеттік құрылымдарына бағыныштылығы «өте төмен», әрі негізгі қаржы көзі «тендер емес, оқырман» болғандықтан бұл тақырыпта еркін қалам сілтеуге мүмкіндігі бар. Соның арқасында, «шындықты шырылдатып айтар» басылымдар ретінде оқырмандардың арасында өтімділігі жоғары. Ал, біздің газеттер бұл мәселені көтеруде тайсақтайды, егер ондай әлеуметтік олқылықтарды көтерсе мемлекеттік тендерден қағылуы немесе қысым жасалуы мүмкін. Мемлекеттегі кейбір шенділер тарапынан осылай адымы аштырылмай тұрғандықтан, қалам ұстаған қауым мен олардың басшылары аңдап басуға мәжбүр қалуда. Сол себепті, өткір әлеуметтік мәселелер көтерілмейтіндіктен оқырманның алдында көршімізден келген басылымдарға қарағанда өтімділігі төмендеу. Егер, біздің журналистеріміз де еркіндік берілсе, олар да көсіле жазар еді. Бұл көршіден шығатын БАҚ-қа деген сұранысты азайтады. Сондықтан, жорналшыларымызға әлеуметтік мәселелерді жазуда, билік орындарын сынауда еркіндік беру керек. Кішігірім сын айтқаны үшін мемлекеттік қаржыдан қағып, тізгінді тартып ұстасақ, олар айтуы, көтеруі тиіс мәселелерді «бәрібір» басқалары көтеріп абырой жинап, «шыншыл» басылым ретінде таралымын көбейтіп отырады. Жасыратыны жоқ біздің басылымдардағы мақалалардың сапасы да кейде сын көтермей жатады, тіпті мазмұны нашар, төмен жазбалар да көп кездеседі (әсіресе қазақ тілді баспасөзде). Мұның себебін А. Сәрсенбайұлының сөзімен айтсақ: *«Кеңес Одағы кезінде Қазақстанда қазақ баспасөзі үшінші сортты газеттер болатын, екінші сорт та емес, үшінші сортағы! Өйткені, ол кезде қазақ баспасөздері*

тек шопандар туралы, сауыншылар туралы, диқандар туралы және солардың еңбектегі ерліктерін жазатын ғана басылым болып қалыптастырылды. Мәселен, тарихты тереңдете жазуға мүмкіндік бермеді, әлеуметтік мәселелерді ол кезде орыс баспасөздерінің өзі әрең-әрең жазатын, саяси мәселелер жөнінде аузына құм құйылған болатын. Сондықтан, біздің қазақ баспасөзі бір шопан туралы айту үшін, жарты беттік материал жазатын, өйткені, күннің қалай шыққанын, оның қалай құлағанын, сол кезде таудағы қарағайлар сыбдырлады ма, сыбдырламады ма...енді жазатын шындық болмаған соң, журналист шіркін не істейді? Газеттің бетін толтыру керек, сосын, әдеби шеберлігін көрсетуге тырысады. Міне, осындай әдіспен қазақ баспасөзін үшінші топтан асырмай қойды.

Қазақ журналистикасы «үшінші сортты» журналистика ретінде қабылданды, оларға экономика, халықаралық саясат тақырыптарында, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер жөнінде жазу міндетті деп есептелінген жоқ. Қазақ журналистикасы ауылдағы малишының, егіншінің жай-күйі сияқты белгілі тақырыптардың шеңберінде қамалып қалған-ды. Біз сол шеңберден шықтық. Енді, ол қалыптасып, орыс журналистикасымен ық теңестіру үшін біраз жыл керек. Қалыптасу, жетілу кезеңінен өтуі керек. Біз қазір қазақ баспасөзінде елдің ең бірінші қажеттілігі – күнкөріс мәселесін, яғни, экономиканы, Қазақстандағы компаниялардың жағдайын, төлемдердің түрлерін нақтылап, нарыққа сараптама жүргізіп, жүннің, еттің, мұнай-газ бен металдың базасында қандай өзгерістер болуы мүмкін деген болжам жасауымыз керек. Сонда қазақ басылымында өмір сүруге көмектесу функциясы пайда болады. Сонда қазақ басылымының да жағдайы жақсарары». Жоғарыдағы олқылықты жою үшін қазақ тілді баспасөзге ғалымдарды жиірек тарту керек сияқты. Еліміздің ғалымдарының мақалаларын ғылыми басылымдардан болмаса, мерзімді баспасөзден сирек оқитынымыз белгілі. Сондықтан, қазақ тілді ғалымдарды публицистикалық мақалаларды арттырып, мерзімді баспасөзде жиі жариялануына мүмкіндік беру керек. Бұл газеттердегі мақалалардың сапасын көтеруге және оқырманды тарттыруға, осылайша таралымын көбейтуге мүмкіндік береді. Осы мәселеге редакторлар көңіл аударып, түрлі саланың ғалымдарымен

әріптестік орнатқаны абзал болар еді, тек қана газет-журналдар ғана емес, арналар да өздеріне ғалымдарды жиі тарта отырып бағдарламалардың сапасын көтере алады *(каналдарда бұл мәселеде мерзімді баспасөзбен салыстырғанда біраз ілгерілеушілік бары байқалатынын да айта кету керек)*.

Үшіншісі Қазақстаннан шығатын басылымдардың, арналардың *(бұл жерде де өкінішке орай қазақ тілді медиа)* ғаламтор сайттары жоқ, бар болса да әлсіз жұмыс істейді. Осыны көтеруге көңіл бөліп, мемлекет қаржысын бөлгенде тек қана таралым санына қарай емес, сайтқа кіретін күнделікті оқырман санына қарай да *(мемлекеттік болсын, жеке болсын)* бөлген дұрыс болар. Әйтпесе, аты болғанымен заты әлсіз көптеген басылымдардың мемлекеттен бөлінетін қаржыны алып отырғаны жасырын емес... Осы тақілетте іс шараларды жүзеге асырғанда ғана қазақстандық басылымдар көрші елден келетін баспасөзді өз нарығынан ысырып шығара алады. Тек қана Ресей баспасөзі арқылы таралып отырған ақпараттар ғана емес, дін атын «жамылып» қазаққа өзінің идеологиясын өткізуді көздейтін кейбір ағымдардың соңғы жылдардағы әрекеттері де көңілге күдік ұялатпай қоймайды. Бар мәселеге діннің көзімен *(жәй діннің болса жарап еді, өздерінің пірлері шығарған пәтуалармен)* қарауды талап ететін, сөйтіп қазақтың дүниетанымын өзгертіп, өздерінің «дүрбісі» арқылы әлемді көрсетуді көксейтін, арқасында үлкен күштер тұрған мұндай ағымдардың қауіпі төмендеу болар ма еді, егер, мемлекет пен зиялы қауым дер кезінде назарын аударғанда. Бірақ, мемлекет ішкі саяси күштермен алысуға көбірек назар аударып, сыртқы күштерге мән бермей жүріп алған кезеңде «бұғып, адымдап» ішкерілей еніп алған діни ағымдардың әрекеті бүгінгі таңда біраз жұртты алаңдатып отыр. Жә, мемлекеттік институттарды былай қоялық! Олардың кейде «мұрнының астындағыны көрмей» қалатын әдеті барлық елде кездеседі... Әйтсе де халқының мойнына түсіп тұрған, болашақта келетін өзекті мәселелерге күні бұрын көңіл аударуы тиіс зиялы қауым қайда қалды?

Қазақта «зиялы» көп. Бірақ, солардың «көбісі тілге келгенде даусы қарлыққанша айқайлағанымен дінге келгенде жұмған ауыздарын ашпайды»... Бірен-саран зиялыларымыз ғана пікірін білдіргені болмаса көбі үнсіздікті қалайды. Мұның сыры неде? Бәлкім тіл терең білімді

қажет етпейтіндіктен шығар, мінберге шығып алып қазақ тілі құрып барады деп айқайлай берсең болғаны, беделің де арта береді. Ал, дінге келгенде діни сауатың болмаса сөз қозғау қиын. Кеңес Одағы кезінде атеистік тәрбиеде өскен көп «зиялының» діни сауаттары шамалы. Қазір оқиын десе қатып қалған буынның майысуы қиын. Сондықтан, болар дін жайында жұмған ауыздарын ашқысы келмейтіні. Жарайды, әшейінде де жиі сыналатын зиялыларымызды тағы да сөге берудің жөні жоқ шығар. Болар іс болды, енді сол тығырықтан шығудың жолын іздеу керек, бізге.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін айқара ашылған қақпаны пайдаланып ең алғаш идеологиясын алып жеткен ағымдар Батыс елдерінен келгенді: демократтар, либералдар, маргиналдар, космополиттер, діни ағымдардың нешеме түрлері болып жалғасып кете беретін осы топтардың белсенді әрекеттерінің нәтижесінде елімізде оған бүйрегі бұратын адамдардың тобы пайда болды. Батыс елдерінен білім, өнер алу үшін кеткен кейбір жастарымыз да елге қайтқаннан кейін, сол стильдің қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқаны тағы бар. Әрине, жоғарыда аты аталған идеологиялардың мемлекеттік құрылым мен экономика саласын ғана өзгертуді мақсат тұтса оған ешқандай қарсылығымыз болмас еді. Алайда, рухани жағына қатысы бар кейбір идеялардың қалыптасқан түсінік пен салтты түбегейлі өзгертіп, ұлттық ерекшеліктерді екінші қатарға ысыруды көздеуі көңіл аудартпай қоймайды. Ұлтсыздандыру саясаты жүргізілген отарлық езгіден жаңа шығып, әлі өзінің ұлттық идентификациясын толық қалыптастырып үлгермеген әлеуметтік топ тәуелсіздіктен кейін батыстық тұрмыс пен ғұрыпқа бірден шалықты. Сондықтан, бір кездері Мәскеу жүргізген саясаттың нәтижесінде ұлттық келбетін жоғалтқан немесе оның аз алдында тұрған көптеген азаматтар да бұрын өздері қолданған «кеңестік ұлт» идентификациясын «адамзаттық» ұлтпенен оп-оңай алмастыра салды *(діни ағымдардың жетегіне де осы ұлттық идентификациясын жоғалтқан адамдардың жылдам ілігетіндігі баспасөз беттерінде кейде айтылып қалуда)*. Қазақтың ұлттық бейнесіне, мемлекеттілігіне зор қауіп төндіріп тұрған осы үш идеологиялық цунамиден қорғану тәсілін меңгермесек жаһанданудың аранына тап болуымыз

ықтимал. Қазақстанда бұл идеологиялардың белгілі бір тепе-теңдігін сақтауға мемлекет те зиялы қауым да атсалысуы керек. Кезінде қазақтар арасында көшпенділік мәдениет пен ислам өркениетінің арасында баланс қалыптасты, ХХ ғасырға дейін сақталып қазақтың бойындағы түркілік және көшпенділік мәдениеттің толығымен ислам өркениетінің ішінде жұтылып кетпеуіне мүмкіндік берген (*ислам дінін қабылдаған кейбір халықтардың өз дәстүрінен, тілінен жартылай немесе толық дерлік айырылып қалғаны да рас қой*) бұл тепе-теңдік Кеңес Одағының орнауымен бірге бұзылды. Ендігі жерде, дәл жоғарыдағыдай, алайда бұл жолы бірнеше идеологияның шеңберінде қайтадан баланс қалыптастыру қажеттілігі туып тұр. Яғни, «батыстық (*һәм бұның ішінде Ресейді де аламыз, өйткені, оның да өркениеті батысқа жақын ғой*), исламдық және қазақтың көшпенділік мәдениеттің тепе-теңдігін қалыптастыру керек. Бұл балансты қалыптастыру мемлекеттің міндеті, өйткені, мемлекет өз ішіндегі халықты сыртқы күштердің ықпалы мен қаупінен құтқару және сырт күштерден қорғану үшін құрылған саяси институт болып табылады. Ал, мемлекеттің бұл істі жүзеге асыруына көмектесу «қазағым» дейтін әрбір зиялының, тіпті азаматтың парызы. Тек осыны түсінетін зиялы мен азамат болса...

Зиялы қауымға соңғы жылдары жиі сын айтылып жүргенін жоғарыда айтып өттік, қазіргі таңда ұлттың бір кездері бетке ұстар азаматтарының көпшілігінің беделінің төмендегені соншалықты, олармен билік те санасуды қойған. Билік зиялылармен санасар ма еді, егер, олардың халыққа сөзі өтіп тұрғанда. Бірақ, нарық заманына көшкен тоқсаныншы жылдары шенділермен кездескен көп зиялы елдің мәселесінен гөрі өзінің проблемасын жиі айтатын болды: кітабым шықпай жатыр, баламды жұмысқа тұрғызуға көмектес, пәтер алуға жәрдемді тигіз, т.б. Бұл – олардың халық алдындағы да, билік алдындағы да беделінің әлсіреуіне әкеліп соқты. Дегенмен, кейінгі кезеңде зиялылардың жаңа толқыны шығып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұлар енді қалыптасып келе жатқан топ, егер, алдыңғы ағаларының қателігін қайталамаса алдағы уақытта осы азаматтар билікті өзімен санасуға мәжбүр етуі мүмкін. Ендеше,

жоғарыдағы идеологияларға қарсы төтеп берер ұлттық идеологияны қалыптастыру міндеті осы жаңа толқын интеллигенцияның мойнына түсіп тұр.

Ұлттық идеология қалыптастыру дегенде қоғамның барлық саласын қамтыған үстем идеяны айтып отырған жоқпыз. Мойындау керек, баяғы КСРО кезеңіндегідей бір ғана идеологияның үстемдік құратын заманы өткен. Интернет (ғаламтор) дамыған, ақпарат алмасу ашық дәуірде ондай идеологияны қалыптастыру сағым қуғанмен тең шығар. Дегенмен, сырттан келетін идеологиялық ағымдарға тосқауыл етіп, ұлттың жұтылып кетпеуіне көмегін тигізер ұлттық идея қалыптастыруға әбден болады. Айтпағымыз, сырттан келген идеологиялық ағымдарға қарсы қазақтың бойында «серіппе» немесе «иммунитет» қалыптастыру. Негізі мұндай серіппе бізде бар, оған қалыптасқан дәстүрге жат кез-келген өзгеріске (*сырға таққан әсігімтерге, ашық киінген қыз баласына, сақалы өскен діншілге, т.б. қоғамға жат қылыққа бой алдырған адамға*) оқырая қарап, мұрын тыжырайтып сынайтынымыз бар... Алайда, соңғы жылдары осы серіппе әлсірегендей, екіншіден, ондай өзгерістерге біз «адами тұрғыдан», яғни, көзімізге жат болғаны үшін ғана жақтырмаймыз, мемлекетке немесе халыққа қауіпті болғаны үшін емес. Енді, осы серіппені күшейтіп, жат идеологияның мемлекетке «зиян» екенін әр азамат ұғынатындай ету міндеті тұр.

Көптеген елдердің халқында материалдық-патриоттық түсінік бар, мәселен; олар көрші елде шыққан тауарды ала отырып, өз экономикасына зиян тигізетінін түсінгендіктен өздерінде шығарылған заттарды алуға тырысады. Бізде мұндай түсінік жоқ, мүмкін осы ұғымды Қазақстанда материалдық қана емес, рухани салада да қалыптастыру қажет болар. Яғни, басқа елден келген идеологиялық ағымдарға (*мінті, бауырлас ел болса да*) шалыға отырып өз еліне зиянын тигізетінін әрбір қазақ ұғынатындай етуді қолға алу керек шығар. Қалай да сыртқы толқынға қарсы тұрар ішкі идеологиялық серіппені табудың жолдарын іздестіру қажет. «Егер, мұндай серіппені қалыптастырмасақ, жаһандану ұсынған шарттарды пайдаланып қарқынды тарап отырған сыртқы идеологиялық ағымдар болашақта ұлттық келбетімізді әлсіретуі әбден мүмкін»...



Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ,
дін танушы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА КӨЗҚАРАСТЫҢ БІР ҚЫРЫ – ҰЛТСЫЗДЫҚ

Елімізде азаматтық қоғамның белсенділігін күткен қаншама рухани мәселе бар. Соның ең бастысы – қазақ тілін өз тағына жайғастыру мәселесі. Бұл тұрғыдан айтылмаған сөз, ашылмаған сыр қалмады, жетер болса жететіндей-ақ айтылды да, жазылды да. Билік дәл осы мәселені өркениетті түрде қозғап, күн тәртібіне қоюдың орнына «түймеден түйе жасап, түкке тұрмайтын шаруалармен әуес болған дұрыс емес» дейтін пікір де айтып жылы жауып қойғысы келеді. Бәрібір тіл мәселесі елімізде «түртіп кетсең жарылуға» тақау мәселелердің ең өзектісі екенін мойындауымыз керек.

Билік үшін басқасы басқа, дәл тіл мәселесі елдегі саяси дау-дамайларға өзек болар болса ұлтаралық араздықтың көкесі сонда болатынын түсінетін уақыт жетті. Қазақтың да сабыры сарқылып, төзімі түгесілетінін ойлануы қажет. Қазақ деген халықта да өкпе, жүрек деген мүшелері бар. Ендеше, осы өзекті мәселені шешуде немқұрайлылық пен жайбасарлыққа жол берілмеуі тиіс.

Елбасының 2020 жылға дейін Қазақстандықтардың 90 пайызының мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс деп міндет қойғанын барша халық біледі. Қарап отырсақ, бұл межеге жетуге небары 7 жылдай уақыт қалыпты. Баршамыз бір тілде сөйлеп, бас біріктірудің жолы Елбасы сөзімен айтсақ: «Мемлекеттік тілді меңгеруге алдымен өз қандастарымыз зор үлес қосуы керек! Елімізде 10 миллион қазақ болса, өздері түгел тілді білсе, байлықтың ең үлкені осы болар еді! Барлығымыз қазақ тілінде сөйлесек, қазақы қуатты орта пайда

болады да, барлық мәселе өзінен-өзі шешіледі», дейді. Бірақ, бұл жерде, «қазақ қазақпен қазақша сөйлесу» ғана емес «билік халықпен қазақша сөйлессін» деген талап та қатар қойылуы керек. Билік халыққа «ананы істеу керек, мынаны істеу керек», «қазақ қазақпен қазақша сөйлесу керек» деп ақыл айтуға әуес. Халық та қарап отырған жоқ, алайда, бәрін халықтың өзі шеше алар болса – Мемлекет пен Биліктің қажеті қанша?! Сондықтан, қоғамдағы әрбір адам ғана емес, Билік те өз нанын адал жеуі тиіс. Сонда ғана Елбасының айтқаны орындалып, биліктің беделі биік болады. Ең алдымен, қазақ тілінде кімдер сөйлеуі тиіс? Билік өзі сөйлеуі керек. Сөйтсе қазақтар өздері айтқызбай – ақ ана тілінде сөйлей бастайды. Келесі кезекте еліміздегі түркі тілдес қырғыз, қазақ, ноғай халықтарын қазақша сөйлетуіміз қажет. Ғылыми тілмен айтқанда, мұны тілдік ассимиляция деп атайды. Тілдік ассимиляция, ұлттық ассимиляцияға жетелейді. Содан кейін саналық ассимиляция жүзеге асады.

Қазақ: «Көп қорқытады, терең батырады» дейді. Елбасының сөзінің бәрін орындайтын құдіретті нәрсе – демография. Бүгінгі күні демографиялық құрам жағынан, қазақ пен оның айналасындағы халықтар жап-жас. Қартайып бара жатқандар – еуропалықтар, соның ішінде, орыстар, украиндар мен беларусьтар. Еліміздегі орыстардың орташа жасы – 52-53-те екен. Ал, қазақ халқының орташа жасы – 27-28 жас. Демек, 50-ден асқан адамдардың үй-күйі бар, әйелдері басқа бала таппайды. Оларға тек зейнетақы керек. Қазақ орыстан екі есе жас болған соң, елімізде қазақ проблемасының бетке ұрып тұратыны белгілі. Ендеше, биліктің басты міндеті сол проблеманың дұрыс шешімін табу болмақ.

Бүгінде бізге демографиялық өзгерістер үлкен сенім туғызады. Статистикалық

мәліметтерге сүйенсек, 1959 жылы қазақ ел халқының 30 пайызы болса, орыстар – 42,7 пайыз болды. 1970 жылы қазақтар – 32,6 пайыз, орыстар – 42,4 пайыз, 1979 жылы қазақтар – 36 пайыз, орыстар – 40,8 пайыз, 1989 жылы қазақтар – 40,1 пайыз, орыстар – 37,4 пайыз, 1999 жылы қазақтар – 53,4 пайыз, орыстар – 30 пайыз, 2009 жылы қазақтар – 63,1 пайыз, қазір 66 пайызға жақындап қалды. Орыстар болса – 21,8 пайыз. Байқасаңыз, орыстардың үлесі соңғы әр он жылда 7 пайызға жуық азайып келеді. Қазақы тілдік орта да қалыптаса бастады. Енді, он жылда жағдай бүгіннен де жақсара түседі. Қазақты бір жағынан намысы қамшыласа, екінші жағынан қазақ тілін мемлекет шынайы қолдаса, иншалла, үмітіміз ақталар. Егер, қазақ өз жерінде сан жағынан басым болмаса, сапа жағынан басымдылық құра алмайды. Сан сапаға айналуы керек. Аллаға шүкір, заман өзгерді, қазақ халқы қиындықпен болса да бел алып келеді.

Бүгінгі әлемде Қазақстан жер көлемі бойынша 9 орын алса, халық саны жағынан 62 орында. Жері – кең, халқы – аз. Тақырыпқа тікелей қатысты болғандықтан, соңғы халық санағының деректеріне қысқаша тоқтала кеткеніміз жөн. Агенттік мәліметінше, Қазақстанда 2013 жылғы 1 сәуірге нақтыланған халық саны 16967 мың адамды құрады, қазақтардың саны 11058 мың адам немесе 65,2%, орыстар – 3698 мың адам (21,8%), өзбектер – 511 мың адам (3%), украиндар – 306 мың адам (1,8%), ұйғырлар – 243 мың адам (1,4%), татарлар – 203 мың адам (1,2%), немістер – 182 мың адам (1,1%) және басқа этностар – 766 мың адам (4,5) құрады. Бір сөзбен айтқанда, қазір елімізде 6 миллион басқа ұлт өкілі тұрады, соның 1,5 миллионы – түркі тілдес, 2 миллионға жуығы – мұсылман діндес, 2 миллионнан артығы – шығыс тектес халықтар, оның ішіне, дүнген, кәрістер де кіреді. Олардың да қаны бізге жақын. Ендеше, олардың бәрі де қазақтың менталитетіне жақындауы керек. Еліміздегі еуропалық диаспоралар, яғни, поляктар, немістер, т.б. ұлттар орыс тілінде сөйлей берсін, бірақ, түбінде Қазақстанның 80 пайызы қазақ болса, басқа шығыс халықтарымен қосқанда, санымыз 90 пайызға жетсе, қалған 10

пайыз халық қайда барады?

Қазақ – мемлекет құрушы кіндік ұлт болғандықтан, ел-жұртымызда қоян-қолтық араласқан басқа диаспоралардан үлес салмағымыз артқан сайын бағымыздың баянды болары сөзсіз. Қазақ үшін жер бетінде екі-ақ ұлт бар: Қазақтар және қазақ еместер. Қазақстанда да солай. Қазақстан – қазақтың елі. Ендеше, тәуелсіз жас қазақ еліне кім жау, кім дос дегенді айыра білуіміз керек. Әрбір қазақ азаматы, әр бір қазақстандық азамат Қазақ елінің дербестігін нығайтуға мүдделі болуға тиіс. Арамыздағы кейбір мәңгірттенген қазақтар осыны ашық айтудан қашады. Айтсам билік алдында «ұлттаралық наразылықты қоздырған» адам болып қаламынба деп қорқады. Ұлттық құндылықтарға көзқарастың бірқыры ұлтсыздық. Оны ғылыми тілде ұлттық нигилизм деп атайды. Нигилистер ұлт құндылықтарын қайта бағалап, оның құнын арзандатып, дінге де күмән туғызып, ұлт табан тірейтін тіл, мәдениет, дәстүрдің мәнін, беделін түсіруге жанын салып бағады. Өйткені, сол нигилистер дегеніміз, отарлау саясатынан құлданған сананың туындылары. Қазақ жеріне шектеусіз басқа этнос өкілдерін қоныстандыру, байырғы халықты ұлттық азшылыққа айналдыру, қазақ мектептерінің азаюы, аралас некенің көбеюі, тілдік мәдени ортаның тарылуы салдарынан қазақтың этникалық келбетінің үлкен өзгерістерге ұшырауы отарлық саясаттың зардабы екенін бәріміз де жақсы білеміз. Ендеше, нигилистер ұлттық мемлекеттігімізді жоққа шығаруға, ресейлік отарлау саясатын ақтауға дейін барып жүргенін қазір де көзімізбен көріп жүрміз. Орыс шовинистері мен қазақ нигилистері – рухани ағайындылар.

Абай атамыз, «жақсы менен жаманды айыра алмадың, бір ұртың май, бір ұртың қан», - деп бекер налымаған, әрине. Ендеше, жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрысты ажыратып таңдау білім арқылы жасалады. «Білім – амалдың басы» дейді ғұламалар. Оқу – білім алу адам тіршілігінің қай саласында болмасын маңызды орын алатыны бұл күнде жалпақ жұртқа мәлім. Ал, сол оқу, білім арқылы ақиқатты тануымыз қажет. Ақиқатты танымаған білім, білім емес.

Әлем жұртымен бәсекеге түсіп, ақыл-ойдың ілгерлігімен озық көшке ілесіп, реті келсе оза түсуді *(алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарында болу)* мақсат еткен Тәуелсіз еліміз үшін жастардың білім алуы аса маңызды. Тағы да, сол Абай атамыз көрсеткен адам баласының бір-бірінен озғандығын айқындайтын төрт *(ақыл, ғылым, ар, мінез)* белгінің бірі ғылымның бастау бұлағы - білім. Еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда қарыштап дамып жоғарыда айтылған 50 елдің қатарында болуы азаматтарының білімінің өрісіне және тәрбиесіне тікелей байланысты. Ұлттық танымның атасы Ахмет Байтұрсынұлы: **«Балаңды ұлша тәрбиелесең – ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болады»** депті. Ендеше, ұлтымыздың ұл-қыздарын тәрбиелейтін, білім беретін бүгінгі таңдағы Қазақ мемлекетінің түп қазығы – қазақ мектептері. Қазіргі оқушылар ертеңгі ел иесі. Сондықтан, барлық мектептер қазақ мектебінің негізінде қалануы керек. Біреулердің **«орыс тілі кетсе қазақтар білімсіз қалады», «орыс тілінсіз білім жоқ»** деген алып қашпа әңгімелері бос сөз, санадағы құлдықтың қалдығы және барып тұрған надандық. Көріп ғана қайтып беруге бір орыс жоқ Жапония, Араб елдері қырылып ешкімнен кем емес, қайта көшін түзеп, алдыңғы қатарда шеру тартып барады. Сондықтан, Қазақ мемлекетінде отырып, **«қазақ мектебінде білім жоқ»** деп айтқан адам, ұлттың жауы. Олар сондай отаншыл болса онда сол қазақ мектебінің білімін жақсартуы үшін күресуі керек. Қысқасы, балаңды орысша оқытсаң – қайтып қазақ болмайды, ол шындық.

Бүгінде әкесі қазақ, шешесі қазақ бола тұра өздерін қазақпын деп айта алмайтын жастар көп. Өйткені, олар қазақпын деген сезімнен жүрдай. Өзі қазақ болып тұрса да орыс мектебінде оқитын баланың санасында: **«қазақпен салыстырғанда орыстар неғұрылым білімді, неғұрылым мәдениетті»** деген пікір қалыптасқан. Статистикалық дерек бүгінде қазақ балаларының 37 пайызы орыс мектептерінде оқитынын айтуда. Қостілдік аз болғандай, енді үштілдік деген үрдіс алуда. Бірегей ұлт ең алдымен өз ана тілі, меншік тілін жетік білуі керек. 1948 жылы Үндістан тәуелсіздігін жариялаған кезде арнайы комиссия: **«ағылшын тілін қолдану халықты**

екі ұлтқа бөлді, билік жасайтын аз топ және оған бағынатын бөтен тілде сөйлемейтін көпшілік, бұл екі ұлт бір-бірін түсінбеді» деген тұжырым жасаған екен. Тіл туралы тағы бір атақты қоғам қайраткері: **«Ұлтты құрдымға кетіру үшін қостілдікті енгізсе жеткілікті»** депті.

Сонымен, қазакең өз елінде қазақтың тілі мәселесіне келгенде де, ұлттық салт-дәстүрін, ата-баба дәстүрін жаңғырту, жалпы ұлттық намыс пен ұлттық ой-сананы ояту мәселесіне келгенде әлі де арбамен қоян аулаумен келеді. Ол аз болса, «көш жүре түзеледі» деген өзін-өзі алдарқату мақалы тағы бар. Ал, ол көштің басталғанына міне, 22 жыл болды. 22 жылда түзелмеген тіл көші енді түзелуі «әй, қайдам!» Өйткені, қазақтар орыстар отаршылдығынан азаттық алдық деуге батылы бармай «егемен болдық», «тәуелсіздік алдық» деп бас-аяғы жоқ жұмбақ сөзді қайталай бастағалы туған сәби қазір 22-ге келді. Сол «егемен болғанда» туған балалардың қазір көпшілігі орысша сөйлейді. Одан қалғандары ағылшынша, қытайша, жапонша үйренуде. Сонда, сол 22-дегі жастар енді Құдай миына сәл ғана сәуле түсіріп, қазақша үйренуге кірісе қойғанның өзінде тағы да 20-30 жыл керек. Дәл мына күйінде, мынадай тіл саясатымен енді 20-30 жылда Алла бетін әрмен қылсын қазақ тілі жойылып кетпесе неғылсын. Ал, тілі жойылған ұлт жер бетінен оп-оңай жойылып кетеді. Орыстар соны білгендіктен қайда жүрсе де тілін алдына салып жүреді.

Егер қазақ тілі мен мәдениеті қалыпқа келмесе, онда қазақ ұлты да қалыпқа келмегені. Күреспесе, ұлт өздігінен қалыпқа келмейді. Өйткені, оның 300 жылдық ойран болған тарихы бар. Біздіңше, Қазақстанда қазақ тіліне көшіру процесі тоқтамауы керек және бұл шараны мемлекет қолға алуы шарт. «Бұл біреулерге ұнамайды ғой» деп тоқтатуға болмайды. Осы қисынға салсақ, қазақ тілін мемлекеттік тіл еткен Қазақ деген жеке мемлекеттің жер бетінде өмір сүруінің өзін басқа жұрттар ұнатпауы мүмкін ғой. Сонда қалай, біреуге ұнамайды деп мемлекетімізді жойып жібереміз бе?

Қазақстанды мекендеп жатқан басқа ұлттар қазақ ұлтының дамуына мүдделі болуы тиіс. Еліміздегі ұлттар алдымен

қазақтың дамуына ниеттес болмай, олар да дами алмайды. Оның басты белгісі ретінде қазақтың тілін үйренуі қажет. Шындап келгенде, Тәуелсіздік қазақтарға ғана керек екенін өмір өзі көрсетуде. Басқа диаспоралардың көпшілігінде негізгі Отан бар. Егер, тиімсіз болса олар өздерінің тарихи отанына көшіп кете береді, кетіп те жатыр. Әсіресе, орыстар бізде көп артықшылықтарды пайдаланып отыр. Олар өз тілдерінде ғана сөйлейді. Мектептерде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқытылса да *(оның өзінде қазақ тілі пәнінің апталық сағатын биылдан бастап қысқартып тастады!)*, оны білу оларға міндеттелмейді. Кеңес заманындағы секілді қазақ тілін білмесе де, 4-5 деген баға қойылып, келесі сыныпқа көшіріле береді. Бұл бүкіл оқу процесіне, білім деңгейіне кері әсерін тигізіп жатса да мұғалімдер білмегенсіп жүре береді.

Қазақ тілі әрбір отбасының тілі болса ғана, балабақшаңыз да, мектебіңіз де қазақша сөйлейді. Қазір қазақ өз баласын оқу орнына түсірерде немесе қызметке берер кезде ғана қазақ тілін үйрете бастайтын болыпты. Мұнымен олар әуелде уызына жарымаған ұрпағын ұлтына жақындастыра алмайды. Өйткені, ол ата-ана қазақ етіп тудырған Жаратқан иеміздің әуелгі пәрменіне бағынбай ұрпағын өзге ділге тәрбиеледі ғой. Бұл әлі күнге дейін көптеген қандастарымызға сабақ болмай, ұрпақтарын рухани жарымжандыққа өздері итермелеп, аянышты күйге түсіргенін өздері де білмей отырған болуы керек.

Тәуелсіз елімізде қай оқу орындарында да білім қазақ тілінде берілуі керек. Соның ішінде, қазақ Исламын тек қазақ тілінде ғана түсіндіруіміз қажет. Исламды орысша түсіндіретіндер қазақ рухынан алыс болады. Ислам қазақтың сан ғасыр қалыптасқан руханиятына негізделсе ғана дәстүрлі дініміздің дамуы нәтижелі болады.

Таным биігінен қарар болсақ хақ Ислам адамзатты бекзада болмыс пен парасатқа, ғылым мен білімге жетелеуші нағыз көркемдікке толы прогрестің өзі. Осы бір ақиқатты насихаттап жеке-жеке жіліктеп тұрып түсіндіріп беру дін ғалымдары мен мешіт қызметкерлерінің міндеті. Әзірше бұл тілегіміздің көші оңға баса алмай, тұралап тұр. Бүгінде өзге

дінді қабылдаған немесе басқа ағымдар жетегінде жүрген бауырларымыздың барлығы да орыс тілділер. Ал, имамдарымыздың қасаң қағидалар мен сірескен толы, ешқандай ізденістерден ада кейбір уағыздарын тыңдасаң қарның ашады. Абай атамыз, Алаш арыстары сынаған молданың оқуы мен тоқуы содан бері аттай екі ғасыр өтсе де ешқандай өзгерістер мен ілгерілеушілік танытып, нәтижелерге жете алмай келеді десем артық айтқаным емес.

Қазақтың өзінің ұлттық рухани жолы бар. Оны сырттан оқып келген жат пиғылды адамдар қазақтың дәстүрлі жолына түзету енгізгісі, жокқа шығарғысы келеді. «Бұлардың дұрыс емес», «түрік бол» немесе «арабша жүр» дегісі келеді. Салт-дәстүрі, танымы, тынысына қарай арабтың да, түріктің де Исламды ұстануы қазақтан бөлегірек. Сондықтан, біреудің сенімін негізсіз әкеліп, ұлтымызға танудың қажеті жоқ. Алланың алдында ұлт пен ұлыстың бәрі бірдей. Демек, мұсылман болу үшін араб болып дүниеге келудің ешқандай қажеті жоқ. Бір Аллаға иман келтіріп шәһадатқа тіл келтіріп, соған амал еткен күннен бастап біз, әлхамдулла мұсылманбыз. Осындай қарапайым ғана қағидаларды түсінбей араб ұлтын рухани айна ретінде қабылдап, өзінің қара басының ғана емес күллі ұлтымыздың болашағы мен тіршілігін осы бір ұлтпен етене сабақтастырғысы келетін деструктивті топтар да өріп жүр.

«Көктің, жердің жаратылысында, (адамдардың) тілдері мен түрлерінің сан алуан болуында Тәңірдің тағалымын танытарлық ғаламат бар. Зейін қойған адам мұны түсінбек керек», – дейді қасиетті Құран Кәрімнің «Рум» сүресінің 22- аятында. Бәрімізді араб қылып жаратуға Алла тағаланың әмірі жетпей қалған жоқ. Ұлт қылып ұйыстырған соң, ұлттығын сақтасын деп жаратты.

Қарапайым күнделікті өмірде шариғатқа негізделген сүннет пен салт үйлесімі біздің ұлттық руханиятымызға біте қайнасып кірігіп қана қоймай, салт-дәстүр, әдет-ғұрып болып қалыптасып кеткен. Ал, аса бай ана тіліміз олардың берік қамалы. Ол берік қамалды ата-бабаларымыздың арман еткеніндей мәңгілікке жеткізу жолында ешкімге алдырмауға тиіспіз.

Еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда 2756 басылымның қазақшасы бар болғаны – 344, ал, орыс тілінде – 2303! Оған Ресейден келетін, әрине, орыс тілінде 5248 газет пен журналды қосыңыз! Оған қоса 727 қазақ және орыс тілді, 282 үштілді бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Республикамызда 15 этностың тілінде өнім шығаратын 33 ұлттық баспахана бар. Телеарналарда 11 тілде (өзбек, украин, поляк, ағылшын, неміс, кәріс, ұйғыр, дүнген, түрік, татар, парсы) 4 бағдарлама жарияланады екен. Қазір теледидарсыз, ғаламторсыз, компьютерсіз күнделікті тұрмысты елестету мүмкін емес. Күнделікті, апталық, айлық ақпараттық бағыттағы газет-журналдар неше мыңдаған тиражбен таратылып жатыр. Не жазылатыны, олардың барлығын кім оқитыны тағы да бөлек мәселе. Қазір адамдардың көпшілігі кітап, газет-журнал оқып оқырман болудан гөрі, уақытын ысырап етпей көрермен болуға көшкен. Сондықтан да, визуалды ақпарат көздерінің жұлдызы жарқырап тұр. АлмаТВ, ОтауТВ, ДТВ, Айкон, т.б. көрсететін 100-ге жуық телеарналардың ішінде 24 сағат бойы толық, тұщымды қазақша сөйлейтінін таба алмайсың. Ұлт мұңына мүлде жаны күймейтін, маргиналдар мен орысқұл қазақтар керісінше, шамалары жеткенше орыс тілін қолданыстан шығармай отыру мақсатын көздеген секілді.

Орыс тілі – Ресей мен Белоруссиядан өзге, Қазақстанда мығым қорғалған тіл. Барлық алпауыттар, бай ақуалар «Самұрық-Қазына», «Қазақтелеком», «Қаз-Мұнай-Газ», «КазАгро» теледидар, радио, интернетті айтпағанда, негізінен орыс тілді басылымдарды қаржыландырады. Орыс тілі, орыс рухы қазақтарды қылқындырып жатыр. Осындай жағдайда, күн кешуде қазақ тілі қалайша дамиды, өмір сүреді?! Барлық нантабар жерде, шешуші орындарда – бұрынғы кеңестік партия қызметкерлерінің үрім-бұтақтары отыр. Оларға тіл, руханияттың қажеті шамалы – олар қазақ коммунизмінде өмір сүруде. Отандық теледидар, радио, БАҚ, бәрінде орыс тілді хабарды түгелдей қазақтар өздері жүргізеді, логика бойынша, қазақ еместер жүргізу керек емес пе. Елбасымыз, «Ынтымақ қазақ үшін керек» дейді. Түсінетін адам ең алды-

мен қазақ ынтымағын қамтамасыз етіп алған соң, басқа ұлт өкілдерін де өзіне жақындастырады. Мәселен, **Өзбекстандағы 30 млн халықтың бәрі өзбек пе?! Жок, ондағы халықтың 5 миллионы – не қазақ, не қырғыз, не тәжік, бірақ, бәрін өз бойына сіңіріп алған. Олардың бас біріктіретін басты ұраны – «Біз – мұсылманбыз!».** Міне, күшті ұлттар осылай істейді. Біз де осындай күшті ұлт болуымыз керек. Сонымен қатар барлық мемлекеттік қызметке үміткерлер, кадрлық резервтегілер де қазақтілінбілуікажетдегенталап қатаң қойылатын уақыт жетті. Кейбір министрлік пен мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерінің ұлттық құрамына қарасақ, 90%-ы өзіміздің қарақөз қазақтар. Сөйте тұра, сол 90 пайызы түгелдей әлі де орысша сөйлейтініне еріксіз таң қаласың. Сондықтан, іс-қағазды мемлекеттік тілде жүргізіндер деген талапты ары қарай созбұйдаға сала берудің мәні жоқ. Есесіне, Қаржы министрлігі «**Биылғы жыл басынан, салық органдарына тапсырылатын салықтық есеп, аудиттік есептер мемлекеттік тілде болуы қажет**» деген бұйрық шығарса, жекеменшік компаниялардың өзі де бір күннің ішінде дайындалып үлгереді және жұмысында қалғысы келгендер қазақша үйренуге мәжбүр болады, не қазақтілді мамандарға сұраныс туады.

Бәріміздің де көгеріп-көктейтін, жапырақ жаятын жеріміз – кең-байтақ Отанымыз. Отан деген не? Отан деп отбасы мен ошақ қасын, ауасын жұтып, суын ішіп жүрген, байлығы мол кең-байтақ жерді, қазыналы қарттармен, ақ жаулықты әжелеріміз тай құлындай бірге өскен құрбы-құрдастарымыз бар ауылды, қадірлі ата-ана, жарымыз бен баламыз жүрген елді айтамыз. Отанды сүю, әрине, иманнан екені сөзсіз. Имансыздар Отанның қадір-қасиетін терең түсіне алмайды. Имансыз қоғамның нетүрлі сұрқиялылығын бастан кешкен біз иманды қоғам орнатсақ деп отырмыз.

Көбіміздің дін исламға деген танымымыз көзқарас пен пікірлер аясынан аса алмай қалып отыр. Әсіресе, өздерін зиялы қауымбыз деп санайтын топтар. Олар қасиетті Құран қағидатына бейімделудің орнына, оны өздеріне қарай бейімдегілері келеді. Тіпті, намазды гимнастика санайтындары да

бар. «Біз де террористер толып жүр» деп билік ел ішіндегі экономикалық, әлеуметтік мәселелерден өршіген жағдайларға діни рең бергілері келеді. Дұрысы, билік жауды діннен емес, дінсіздіктен (*имансыздықтан*) іздеу қажет.

Ұлт болуымыздың өзі бір Алладан болғандықтан, оған жету жолы да ата-бабамыз ұстанған салт-дәстүрмен біте қайнасып кеткен таза исламда. Басында кеңестік қыспақтан құтылып, дінімен қауышуға асыққан қазақ қазіргі уақытта діни сенім-нанымдарының әртүрлілігінен бір-біріне қарсы уәж айтып, қырық пышақ болуда. Осындай алауыздықтарды болдырмау үшін исламның шынайылығын, асылдығын терең түсініп, халық салт-дәстүрімен қаныққан діндарлар исламды өзгелерге насихаттаса ғана бұрылыс болады.

VII ғасырда ислам діні қазақ даласына күштеп емес, мәдени үндестік негізінде үйлесім тауып енгізілді. Бір қызығы, араб халифаты орнаған елдер араб мәдениетінің ықпалына ұшыраса, қазақ даласы өзінің төл мәдениеті мен дәстүрін сақтап қалды. Яғни, қазақ даласы ислам дінін түбегейлі қабылдағанымен, басы бүтін арабтанған жоқ. Ханафилік мазхаб, матуридилік мектептерді ұстанған қазақ жұрты көшпенді болмысына сай далалық үлгідегі исламды қабылдады.

Соңғы кезде ұлттық дәстүріміз бен дінімізді бір-біріне қарама-қайшы қою үрдістері көрініс тауып жүр. Мұны ата-бабамыздан келе жатқан болмысымыздан айыру үшін қасақана әрекеттер деп айтуға болады. Ұлттық әдет-ғұрпына, ата салтына айналып кеткен дәстүрлерді діни сенімге нұсқан келтіреді деп қаралау дін мен ұлттық мәдениетімізді бір-біріне қарама-қайшы қоюға әкеліп соқтырады. Ал, оның аяғы болжап болмайтын зардаптарға ұрындыруы мүмкін.

Иманды қоғам мүшелері өздерінің Құдайдың құлы екенін ұмытпайды. Ұждансыз қоғам – өздерінің Құдайдың құлы екенін ұмытады. Ондай қоғамда өмір сүру қауіпті. Адам адамнан қорқады. «Құдайдан қорықпағандан қорық» деген. Өйткені, Құдайдың құлы емес адам қашанда нәпсінің құлы болады. **Нәпсінің құлы – инстинкт құлы. Инстинкт**

құлы – хайуан екені белгілі. Осындай инстинкт құлдарынан құралған қоғам қауіпті. Ондай қоғам – отансыздық, ұлтсыздық, дұшпандық, алауыздық, ашкөздік, тойымсыздық, зинақорлық, қызтекелік, жезөкшелік, қатыгездік, мейірімсіздік, қайырымсыздық, өшпенділік, өзімшілдік, ұждансыздық, ұрлық-қарлық, теңсіздік, сатқындық, бақытсыздық жайлаған қоғам. Ал, иманды қоғамға келер болсақ, ол қоғам – отаншылдық, ұлтжандылық, адалдық, ұждандылық, татулық, теңдік, түсіністік, қайырымдылық, бауырмалдық, ауызбірлік, достық, махаббат, мейірім, қанағат, бақ-береке салтанат құрған қоғам. Асан Қайғы тілімен айтқанда «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» қоғам. Бұл ежелден ел арманы. Ол жолдағы адамның қолы – еңбекте, жүрегі – Аллада. Ол жол – үнемі тазалық шыңына өрмелеу жолы.

Исламда Отаныңды, дініңді, ұятыңды, жаныңды, дүниенді қызғыштай қорғау міндеттеледі. Осы құндылықтарды қорғау жолында өлгендер шейіт саналады. Ал, шейіттердің ақыретте есепсіз жәннатқа барары мәлім. Құранда бұл жөнінде «Шейіттерді өлдіге санамаңдар. Олар тірі, Алла біледі, сендер білмейсіңдер», делінген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Отан қорғаудың қаншалықты сауапты іс екендігі жөнінде көптеген хадистер айтқан. Бір сахаба пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) : «Я, Расулаллаһ, ең абзал амал не?», – деп сұрағанда Алла Елшісі (с.ғ.с.): **«Шекараны, Отанды қорғау үшін бір күн, бір түн күзетте тұру, бір ай нәпіл ораза ұстап, түнде намаз оқудан қайырлы»**, – депті. Біздің Отанымыздың көркеюіне, еліміз бен жеріміздің тұтастығына, кеңпейілділігімізге, бірлігіміз бен ынтымағымызға іріткі салғысы келетіндер көп. Бөлінушілікке, жіктелушілікке ұрындырғысы барлар аз емес. Отанды сүюдің мәнісі туған елге, туған жерге қызмет етуде, сөзбен ғана емес, іспен көрсетуде екенін бұрын-соңды өткен ардақтылардың бәрі де айтып, аңартып кеткен. Қазіргі таңда әлемдегі барлық мұсылман мемлекеттерінің ішінде жер байлығы мен жерінің территориялық аумағы жағынан бірінші орында тұрмыз. Бұл кездейсоқтық дүние емес. Жаратушы иеміздің бізге деген мейірімі мен қамқорлығының арқасы.

Өйтпегенде, жан саны отыз миллионнан асатын күрдтардан немесе әлемде жиырма миллионға жетекабыл ұйғыр жұртынан артық жаратылды деп айта алмаймыз.

Отанды сүйе білу іспен көрсетуді қажет етеді. Отанды сүю – туған елге қызмет ету деген сөз. Туған елге қызмет өте кең ұғым. Айталық, басшыларға бағыну. Бұл да ел ішіндегі тыныштықты сақтау, бүлік тудырмау үшін қажет. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өз сөзінде «*Қара нәсілді құл басы болса да бағыныңыздар, қарсы шықпаңыздар*» деп тапсырған. Өйткені, Құранда: «**Бүлік шығару – кісі өлтіруден де ауыр күнә**» делінген. Ендеше, елдегі, діндегі тыныштықты сақтау әрбірімізге міндет. Мемлекетті чиновник емес зиялы басқаруы керек. Зиялы басқармаған ел түбі бір мүсәпірлік пен мүгедектікке ұшырайды. Біз зиялылар кастасын яғни, критикалық массаны жедел арада жасақтауымыз керек. Ол үшін тек ағартумен айналысуымыз керек. Мұстафа Шоқайдың «Жас Түркістан» журналында 1931 жылы жарық көрген «**Ұлттық зиялы**» деген мақаласында «**Шын зиялы деп кімдерді атаймыз?**» деген сұрақ қоя отырып, зиялыға тән көрсеткіштерді анықтап береді.

Исламда басшылық – жауапкершілігі мол, ауыр жүк болып табылады. Басшылыққа кез-келген адамның тағайындалмағаны я жүрексінгені де сондықтан. Өйткені, басшы бірінші кезекте өте әділ болуы тиіс. Ел басқарған кісілер өз жауапкершілігін толық сезініп, әділеттіліктен таймаған жағдайда, ақыретте олардың зор құрметке бөленіп, нұрдан жасалған орындықтарда отыратындықтары сүйіншіленген (Мұслим, Имара, 18). Құранда «**Алла сендерге аманатты иесіне беруді, адамдар арасында төрелік жасағанда әділеттілікке сай үкім беруді бұйырды**» (Ниса, 4/58) деп, басшылықта әділеттіліктің алтын арқау екені білдірілген. Хадисте «*Бір күн әділдікпен елді басқару, алпыс жыл (нәпіл) құлшылық жасағаннан да артық*» делінген (Мұттақи, Кәнзүл-Ұммал, 6/12). Яғни, Исламда әділетпен басқару құлшылық жасағанға тең сауап іс. Басшы ел мүддесін өз мүддесінен артық қоюы керек. Кері жағдайда хадисте мынандай қатаң ескерту жасалған: «*Ел басқаруды мойнына алған кісі өзін және отбасын*

ойлағандай қарамағындағыларды да ойламаса, қияметте жұмақтың иісін де сезе алмайды» (Бұхари, Ахкам, 8).

Осындай өткір аяттар мен хадистерді басшылыққа ала отырып мұсылман билеушілер тарихта ел басқаруда әділеттіліктің озық үлгісін паш етті. Жылағанды жұбатып, сүрінгенді демеуді, әлсізді жақтап, әлділердің озбырлық жасауына жол бермеуді олар өздеріне қасиетті борыш деп білді. Айталық, хазірет Әбу Бәкір (р.а.) мұсылман үмбетінің халифасы болып таңдалғанда, алғашқы жұмадағы хұтбасында-ақ жұртқа былай деп жар салды: «**Құрметті халайық! Өзімді араларыңыздағы ең тәуір кісі санамаймын. Бірақ сіздер мені басшылыққа таңдадыңыздар. Бұдан былай ақиқатшылдығыма көз жеткізсеңіздер, сонымнан еріңіздер. Қателігімді байқасаңыздар, түзетіңіздер. Елді әділдікпен басқаруда маған болысыңыздар. Ақысын өндіріп алғанға дейін мен әлсіздердің қорғанышымын**» (М. Ю. Қандахлауи. *Хаятус-сахаба*, 3/317). Хазірет Омар да (р.а.) тарихта қара қылды қақ жарған өте әділ басшы ретінде қалды. Мысыр әкімінің баласы қарапайым тұрғынға жұдырық сілтегенде, хазірет Омар (р.а.) әлгі адамға өзін ұрған әкімнің баласын дәл солай ұрғызып тұрып, «**Әркім анасынан азат болып туады. Сендер қашаннан бері халықты құлға айналдырғансындар?!**» деп басшылықты сөккеніне қарт тарих куә (Мұттақи, Кәнзүл-Ұммал, 7/660). Ендеше, ел басқаратын шын зиялы қандай болуы керек? Біздіңше, қазақтың ұлттық зиялысы ең әуелі, өз ана тілін білетін, біліп қана қоймай, өз ана тілінде күлетін, осы тілде мұң кешіп, осы тілде түс көретін, күллі адами болмысымен осы тілде сомдалған болуы шарт. Ары қарай, сол тіл арқылы туған халқының арғы-бергі тарихы мен өз ата-тегін толық біліп, өз жұртының озық дәстүр-салтын, өнегелі өнері мен қымбат құндылықтарын бойына сіңірген болуы шарт. Осылайша тілін, тарихын, дәстүр-салтын, төл мәдениетін білген адам оқу-білімге құштар болып, санасы ашық, ойы терең, ақылы алғыр болғандықтан, кәсіби білімнің шыңына да жететіні анық.

Халықтың арасында суицид (белгісіз жағдайда өлу фактілері) өте

көп, бұзықтық, жол-көлік апаттары көбеюде. Сыбайлас жемқорлық тыйылмай отыр. Қалада толған орыс және шет тіліндегі жарнамалар, жасыратыны несі бар, мемлекеттік тіл мәселесі облыс орталықтары, әсіресе, қалаларда өте қиын жағдайда қалып отыр. Өмірімізде жоғарыға беретін есептеріміз бен жоғарыдан келгендерге көрсететін дүниелеріміздің бәрі сценарий бойынша жасалған спектакльдер бойынша өрбүде. Міне, бұл шикандардың түп негізі әртүрлі биліктерде зиялылар емес шенеуніктер отыруына тікелей байланысты.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, мемлекеттік органдарда ресми тілдің қолданылуы сол баяғы 80-90 пайыз болса, мемлекеттік тілдің қолдану аясы небәрі 10-20 пайызды ғана құрап тұр. Ал, кейбір шенділеріміз мемлекеттік тілде іс-қағаздардың жүргізілуі 40%-ға жеткенін айтады. Алайда, бұл нақты емес. Елдегі мемлекеттік тілге байланысты берекесіздікті сейілту үшін бұл мәліметті жалған жариялай салуы мүмкін. Қоғамдық жиналыстарда ана тіліміз өгей баланың күнін кешуде. Өз тілінді өгейсіткенің, өз балаңды тірідей жетім еткенің. Өз көзіңнің тірісінде балаң көзі жауаңдап, табалдырықтан сығалап тұрса қалайша ет-жүрегің езілмеске.

Ұлт болып ұйысу белгілі бір географиялық ендікті алып жатқан адамдар тобының басқа да тұрмыстық, дүниетанымдық, ең бастысы тілдік бірліктерінен туады. Әлемде жеті атасын жетік білетін, ары менен қаны таза, жүрегі пәк, ешкімді бөлмейтін, жармайтын, арамдықтан ада, қиянаттан шет, алысты жақындастырып, аразды татуластыратын, бір пәк, даласындай дарқан ұлт бар, ол – қазақ ұлты. Рухани дүние жағынан келгенде ұлттық мүддені қай-қайсымыз болсақ та бірінші орынға қоюға тиіспіз. Яғни, қазақ ұлтының мүддесі, ол – қазақтың ғана мүддесі емес, ол – қоғамның және мемлекеттің мүддесі. Ал, саяси тұрғыда алып қарасақ та, біз мемлекеттік саяси мүддені ең жоғары орынға қоюымыз керек. Өйткені, мына мемлекет біздің бәрімізге ортақ. Біз де дамыған елдердегідей талаптарды қоюымыз керек. Ұлттық құндылық тұрғысынан ұлттық мүдде ең жоғары орында тұруы тиіс. Күллі этнос өкілдері

қазақтың мүддесі үшін қызмет еткені жөн. Әрине, өзге ұлттың тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне айрықша көңіл бөлініп, өз ана тілдерінде оқуына, дамуына, өркендеуіне ерекше мән беріліп, салт-санасын жаңғырта сақтауына барлық жағдай жасалып жатыр. Қазақстандағы әр ұлт өз ана тілдерінде оқып, білім алу-да. Сондай-ақ, біздің елде өзге ұлттың барлығына еркіндік берілді. Қазақ жерінде өмір сүретін қай ұлттың үйлену тойын немесе өзге тойын қазақтың салтына сай өткізгенін көрдіңіз? Қазақ ел иесі болған соң қоғамда қазақы рух сақталуы тиіс. Әрине, әр ұлт өзінің ана тілін сақтасын, бірақ, өзі тұрған елдің мемлекеттік тілін білуі – әркімнің адами міндеті, азаматтық парызы. Қоғам талқысында жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру, оның түп қазығын қағу, іргетасын бекіту, қандай ілімге негізделіп, неге бағытталуы керек деген секілді мәселелер көп айтылды. Ендеше, барлық отандастарымыздың санасына отаншылдық рухты сіңіріп, болашақ буынның бойында отаншылдық сезім, мемлекетшілдік сана, ұлттық рух, патриотизм мен елсүйер, жерсүйер қасиет қалыптастырып, оны баянды етуді көздесек, ұлттық патриотизмнің, яғни, жаңа қазақстандық патриотизмнің түп қазығы қазақ тілінде деген қарапайым ғана қағиданы мойындауымыз қажет. Туған тіл ғана өзіңнің қай ұлт екеніңді сезіндіреді. Тіл бірлігі болмаса, не ұлт не мемлекет тәуелсіздігі баянды болмайды.

Туған жерім менің Қазақстаным, Елім менің! Осы бір қасиетті сөз айтылғанда жүрегіңіз кеудеңізді тепкілеп, дүрсілдеп қоя бере ме? Көзіңізге жас алып тұрып «Қазақ мемлекеті үшін жаным да, арым да садаға...» деп бар пейіліңізбен айта аласыз ба? «Халқымның табанына кірген тікен менің мандайыма қадалсын» дейтіндей рухыңыз бар ма? Осы айтқандарымыз қолыңыздан келсе, сіз нағыз патриотсыз. Егерде, осы міндеттерімізді бүгін атқара алмасақ, ертең тарихқа айналғанда, ұрпағымыз бұл кезеңді қаншама дәуірлер ата-бабасы аңсаған тәуелсіздігі бола тұра, «қазақы рухтың халқымен қауыша алмай пұшайман болған кезеңі», – деп атайтын болады.



Әмірхан МЕНДЕКЕ,
журналист

Мұхтар Мағауин былай деп жазады: «Мұндай қоңыр көз, қыр мұрын, шықшытты сары қазақтар қай ауылда болсын ұшырасып қалар еді... Әйтсе де негізгі белгі – тіл. Менің байқауымша, күнделікті қолданыстағы әдепкі, негізгі тіл адамның ұлттық кейпіне тікелей әсер етпек. Өзіндік артикуляция – бет-ауыздың сөз, дыбыс ерекшеліктеріне қарайлас қозғалысы – кісінің түр-әлпетін қалыпташтын сипаттардың бірі. Сондықтан да, мен тұмыстағы тілінен мүлде мақұрым, тек орысша ғана сөйлейтін қазақтарды көбіне-көп сырттай, бір қарағаннан-ақ танитын едім. Олардың қалған қазақтан басқашарак бітімі қапысыз аңдалатын».

Мұхтар Мағауиннің осы айтқанына сенуге бола ма? Мінекей, көшеде қазақша білмейтін, тек орысша сөйлейтін бір қазақ кетіп бара жатыр. Бұл адамды Мұхтар Мағауин бұрын еш бір жерде көрмеген. Білмейді, танымайды. Бірақ, бір қарайды да, әлгінің қазақша білмейтінін біле қояды. Тіпті, бетпе-бет келіп, оның жүзіне байайлап зер салып та жатпайды, сырттай қарап-ақ оның қазақшадан мақұрым екенін қапысыз таниды.

Қош делік. Сонымен, қазақшадан мүлде мақұрым қазақты Мұхтар Мағауин сыртынан қарап-ақ (сөйлеспесе де, танымаса да, білмесе де, бұрын көрмесе де!) қалай тани қояды? Бұл не? Көріпкелдік пе?

Осыдан төрт-бес жыл бұрын бір педагог-келіншекпен кеңірек сұхбаттасқаным барды. Өңгіме барысында:

– Мен тілдесіп, сөйлесіп көрмесем де, қазақша білмейтін қазақтарды бір қарағаннан-ақ танимын, – деп қалды әлгі келіншек.

– Қалай танысыз? Бет-әлпетінен бе? Киім киісінен бе? Жоқ әлде...

– Суықтау болады... Сонан кейін көздерінде нұр болмайды... Әйтеуір, бір

ҰЛТБЕЗЕРЛІК

немесе ұлтбездерлікті мемлекеттік
саясаттың құралына айналдыруға бола ма?

ерекшелігі бар. Мен мұны сізге түсіндіріп бере алмаймын. Мен мұны тек сезінемін. Әлдебір ішкі түйсік арқылы...

– Қазақша білмейтін қазақтарды бірден танысыз және дәл ажыратасыз. Солай ғой?

– Солай!

– Олардың жасы, жынысы, әлеуметтік тегі, тұрмысы, қызметі сіздің бұларды бірден тануыңызға бөгесін болмай ма?

– Жоқ! Ақсақалды қария болсын, мәужіреген кемпір болсын, жігіт болсын, келіншек болсын, қыз болсын, жұмысшы болсын, бизнесмен болсын, таксист болсын, студент болсын, мектеп оқушысы болсын, қазақша білмейтін қазақтарды бірден ажыратамын. Бірақ, мен мұны сізге түсіндіріп бере алмаймын. Сенбесеніз, тексеріп көріңіз. Түрлері де бірдей, бойлары да бірдей екі баланы бірдей киіндіріп, осында алып келіңіз. Бұл екі баланың бірі қазақша білетін болсын да, екіншісі білмейтін болсын. Бір-ақ рет қараймын да, қазақша білмейтін баланы айна-қатесіз дәл тауып беремін...

Бұл не? Бұл да көріпкелдік пе?

Мұның екеуі де көріпкелдік емес. Бұл жерде Мұхтар Мағауин де, педагог келіншек те көпшілігіміз байқай бермейтін, байқағанымызбен айта бермейтін құбылысты дәл байқап, дөп басып танып, соны бізге жеткізіп отыр. Бұл қандай құбылыс?

Қазақта «нұр жүзді», «иман жүзді» дейтін сөз тіркестері бар. Бұл қайдан шыққан? Білімді, білікті, парасатты, иманды, адамгершілігі мол адамның осы ізгі қасиеттері оның бет-жүзінен де білініп тұрады. Яғни, оның ішкі бітімі сыртқа да теуіп, сыртқа да білінеді. Тек соны аңдай, байқай алсаңыз болғаны. Мұны ғылым «ішкі энергияның сыртқа тебуі, сыртқа шығуы» дейді. Дәл сол сияқты, өзінің ана тілін білмейтіндердің бет-пішінінен де олардың ұлттық тілді білмейтіні аңғарылып тұрады. Ұлттық тілді білмеу дегеніміз не? Сол ұлттың түгін де, дымын да білмеу де-

ген сөз ғой. Кейісеніз де, тіпті, бір рет қана кейісеніз де, сол кейігеніңіз қабағыңыздан байқалып тұрады емес пе?! Ал, енді, тұтас ұлттың мың сан қазынасынан (ұлттық тілінен, ұлттық болмыс-бітімінен, ұлттық ерекиеліктерінен, ұлттық мәдениетінен, ұлттық өнерінен, ұлттық тарихынан, ұлттық танымынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық рухынан, ұлттық құндылықтарынан) қол үзген және одан мақұрым қалған адамның бет-пішімінен мұның бәрі неге білінбеуге тиіс? Білініп тұрады. Білінгенде қандай! Әсіресе, мұны сол ұлттың өкілі бірден байқайды. Ішкі түйсік арқылы. Мұхтар Мағауин мен жоғарыдағы педагог келіншектің бұрын көрмесе де, танымаса да, білмесе де, сөйлеспесе де, қазақша білмейтін қазақты сыртынан қарап-ақ қапысыз танитыны да осыдан.

Мұны орыстың білгір философы Павел Флоренский (1937 жылы атылып кеткен – автор) былай түсіндіреді: «Белгілі бір ұлттың мыңдаған, миллиондаған жылдар бойы тірнектен жетілдіріп, тырнақтап қалыптастырған ұшан-теңіз ұлттық құндылықтары сол ұлт өкілінің бойына қалай сіңеді және не арқылы сіңеді? Тек тіл арқылы. Тек ұлттық тіл арқылы ғана. Демек, ұлттық тіл – энтелехияның нағыз қайнар көзі».

«Энтелехия» деген терминді ең алғаш рет Аристотель қолданған. Бірақ, П.Флоренский бұл ұғымға маңыз жүктеп, мағына үстеп, «энтелехия» терминінің қолдану аясын кеңітіп, өрісін мүлде ұзартып жіберді. Адамның жаны мен тәні туралы айта келіп Аристотель: «Жан тәnniң энтелехиясы», – дейді. Адамның жаны көзге көріне ме? Көрінбейді. Көзге көрінбегенімен, оны сезінуге болады ғой? Болады. Демек, энтелехия дегеніміз – көзге көрінбейтін, бірақ, сезінуге болатын энергия. Энергиялық өріс. Немесе, энергиялық өрістің бір түрі. П.Флоренскийдің айтуынша, ұлттық тілде энтелехия, яғни, энергиялық өріс болады. Мәселен, бір ұлттың екі өкілі кездесті делік. Мұның бірі ана тілін жетік біледі де, екіншісі ана тілінен мүлде мақұрым. Ана тілін жетік білетін адам әлгінің ана тілін білмейтінін бірден сезеді. Қайтіп? Энергиялық өріс арқылы. Энтелехия арқылы. Тіпті, мұның екеуі де өздерінің энтелехиясы ортақ емес екенін, энергиялық өрістері екі басқа, екі бөлек екенін ішкі түйсік арқылы айна-қатесіз сезінеді екен (Оқырмандарға ескерте кететін бір жайт «энтелехия» ұғымы – аса күрделі әрі көпқабатты, көпастарлы, көпқатпарлы ұғым. Біз өз мақаламызда соның тек бірер қырына ғана тоқталдық.

Тоқталғанда да, біз «энтелехия» ұғымын Аристотель, Г.Лейбниц, Х.Дриш қолданған мәнде емес, П.Флоренский қолданған мәнде, П.Флоренский дамытып-кеңітіп-ұзартып-жетілдіріп пайдаланған мәнде қолдандық).

Ұлттық тіл – энергияның көзі, энтелехияның ошағы», – дейді П. Флоренский. Мұны қалай мойындамасқа?! Мәселен, «Манас!» деп ұран шақырылғанда, бұл ұранға қызбайтын, қызынбайтын қырғыз болмайды. Үлкен-кішісі түгел дүрк көтеріледі. Міне, көрдіңіз бе, «Манас» деген бір ғана, жалғыз ғана сөздің өне бойына жинақталған магиялық қуаттың, энергиялық өрістің әсерін!

«Манас» дегенімізден шығады, Бішкекте (ол кезде Фрунзе еді) қырғыздың манасшысын тыңдағаным бар. Уақытым тығыз еді. «10-15 минут тыңдап, сонан кейін кетермін...» деп ойлағам. Қа-а-а-ай-дан?! Арбалдым да қалдым. Артынан барып білдім, «Манасты» тікемен-тік тұрып 2,5 сағат бойы тыңдаппын ғой...

Сондағы көрініс әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Міне, қырғыздың екі бойжеткені бірінің белінен бірі қыса ұстап алып, бастары түйісіп манасшының сөзі мен әуеніне ұйып, ақырын тербеледі. Ал, мына өндірішегі сарайған қырғыз жігітінің өндірішегі онан әрі ұзарып, көзі жасаурап кетіпті. Алаңқайдың қақ ортасына төселген сырмақтың үстінде біресе шалқайып, біресе еңкейіп, енді бірде екі тізесін тоқпақтап, ара-тұра құйрығымен жорғақтап «Манасты» жырлап отырған манасшымен бірге теңселіп, тербеліп, көздері боталап, құрақтай жапырылып, қамыстай ырғатылып жатқан жұртта қисап жоқ...

Енді, көз алдыңызға мынадай бір жайды елестетіңізші: осы топтың ішіне қырғыз тілін білмейтін бір қырғыз жігіті кіріп кетсін делік. Ол не істер еді? Әуелі жан-жағына менірейе қарап біраз тұрады. Сонан кейін ше? Сонан кейін... есінейді. Сонан соң? Сонан соң зытып жоғалады. Неге? Мейлі, «Манас» эпосының магиялық қуаты, энергиялық күші мың жерден күдіретті болсын, осы «Манасты» жырлап жатқан манасшының шеберлігі жүз жерден өтімді болсын, оны қырғыз тілін білмейтін әлгі жігіт қабылдай алмайды. Өйткені, ол байғұста мұны қабылдайтын «антенна» жоқ. Ұлттық түйсінім жоқ, ұлттық сезінім жоқ, ұлттық тұшыным жоқ. Сонымен бірге бұл жігіт «қырғыз тілін білмегенім, «Манасты» түсінбегенім ұят-ау» деп ешуақытта ойланбайды және оны біліп

алуға ниет те, ынта да, ықыласта танытпайды. Өйткені, мұның өрісі де, кеңістігі де бөтен. Оның қуат алатын, күш алатын, рухани энергия жинайтын өріс-қонысы да мүлде бөлек. Бір сөзбен айтқанда, бұл жігітті қырғыздармен туыстастыратын, біріктіретін, етенелестіретін ортақ қуат көзі, ортақ кеңістік, ортақ рухани өріс, ортақ түп-тамыр, ортақ қайнаркөз, яғни, ортақ энтелехия жоқ.

Ал, енді, ортақ энтелехияны (*яғни, ортақ рухтастықты, ортақ тілеулестікті, ортақ өрісті, ортақ кеңістікті, ортақ мұраттастықты, ортақ тілектестікті, ортақ мүдделестікті*) қалыптастыратын, қалыптастыра алатын не? Тіл! Тек тіл ғана! Тіл болғанда да, ортақ тіл!

Саясат та ғылымға сүйенуі керек. Ғылымға сүйенбеген саясат – саясат емес, «ағаш ат». Атақты Ататүрік те өз саясатын ғылымға сүйеніп жасады. Ататүрік мемлекет тізгінін қолына алған кезде Түркияда бірнеше тілде сөйлейтін 76 ұлттың өкілі тұратын-ды. Осыған қарамастан Ататүрік әйгілі «үш бірлікті» енгізді. Бұл «үш бірліктің» ең біріншісі не еді? Тіл бірлігі!

Бұл жерде Ататүріктің түрік ғұламасы Зия Көкалыптың еңбектеріне сүйенгені қазіргі күні айтылып та жүр. П.Флоренскийдің пікіріне ұқсас пікірді Зия Көкалып та айтқан: «Мемлекет ішінде ортақ рухтастықты, ортақ мүдделестікті, ортақ тілеулестікті қалыптастыратын – ең алдымен, ортақ тіл! Тіл бірлігі бірге-бірге дін бірлігі мен діл бірлігін де қалыптастырады. Сондықтан да тілдің бірлігі діннің бірлігі мен ділдің бірлігінен жоғары тұруы керек!»

Ататүрік те, Зия Көкалып та Аллаға сенген, мұсылмандық ортада тәлім-тәрбие алған. Ал, енді, мұсылман баласы үшін Алладан биік, Алладан күдіретті кім бар?! Соған қарамастан, Ататүрік пен Зия Көкалып діннің бірлігі мен ділдің бірлігінен гөрі тілдің бірлігін жоғары қойған. Мұның астарында терең ғылымилық, терең ғылыми негіз жатыр.

Егер, Ататүрік сол кезде солқылдақтық танытып, түрік тілін – мемлекеттік тіл деп, күрд тілін – ресми тіл деп (*Түркияда 20 миллионнан астам күрдтер тұрады*) қабылдап, грек, армян, сұлжық, болгар, албан, македон, хорват, серб, осетин, шешен, мадиярларға өз ана тілінде мектеп ашып бергенде не болатын еді? Онда Түркия дәл бүгінгідей дәрежеге жете алмас еді. Баяғыда ырың-жырың болып, ірі-тірі болып, бірнеше шағын мемлекеттерге бөлініп кететін еді... Түркияны Түркия етіп отырған не? Тіл бірлігі! Яғни, Түркияда бір-ақ тіл бар. Ол – түрік тілі.

Армян да, күрд те, татар да, сұлжық та, хорват та, болгар да түрік тілінде оқып, түрік тілінде сөйлейді. Мәселен, түрікшіл ғалым Намық Кемал Зейбекті білмейтін, танымайтын қазақ жоқ. Ал, енді, Түркияда дәл осы Намық Кемал Зейбек секілді түрікшіл қайраткерлер, түрікшіл ғалымдар аз емес. Осылардың өмірбаянымен таныса келе, мынадай бір «қызықты» жайтты анықтадық. Осы түрікшіл қайраткерлердің арасында ұлты түрік қайраткерлердің үлес салмағы – 30-35 пайыз ғана. Қалғаны, яғни, 65-70 пайызы кімдер? Күрдтер, татарлар, сұлжықтар, мадиярлар екен. Міне, ортақ тіл жеткізген нәтиже! Ортақ тіл жеткізген ортақ рухтастық, ортақ тілеулестік, ортақ мүдделестік!

Әзірбайжан қызы Асылы Османнның қазақ тілі үшін қазақтан артық шырылдайтыны неліктен? Өйткені, оның бізбен тілі ортақ! Тілі бір! Тілі бірдің мүддесі де, мақсаты да, мұраты да ортақ болады!

Иран халқының 40 пайызы ғана – ирандықтар (*парсылар*). Дәл осы Иранда 18 миллион әзірбайжан тұрады. Мұнда әзірбайжаннан басқа да ұлт өкілдері жетіп-артылады (*армян, грузин, күрд, тәжік, пуштун, бенгаль, түрікмен және т.т.*). Бірақ, мұнда да бір-ақ тіл: мектепте де, балабақшада да, мемлекеттік аппаратта да. Барлық жерде, барлық сала-сатыда елдің иесі, жердің иесі ретінде ирандықтардың тілі қолданылады. Эстонияда эстон халқының үлес салмағы – бар-жоғы 48 пайыз ғана. Бірақ, соған қарамастан, Кремль тарапынан жасалып жатқан қилы кедергі-бөгесіндерге қарамастан, эстон тілі қазіргі күні Эстонияда шын мәніндегі мемлекеттік тілге (*яғни, ортақ тілге*) айналып келеді. **Осыдан он шақты жыл бұрын эстон журналисінен біздің былай деп сұрағанымыз да бар:**

– Сіздер бұрынғы коммунистер мен комсомолдарды биліктен түгел қудыңыздар. КСРО-ның кезінде билік басына көбінесе әділ, таза, тәртіпті, ұстамды, өз қарақан басынан гөрі мемлекеттің мүддесін көбірек ойлайтындар келуші еді ғой...

– Оныңыз рас, – деді эстон журналисі, – КСРО-ның кезінде Эстонияның билігінде отырған эстондарға ешкім де «ішіп қойдың, жеп қойдың» деп кінә қоя алмайды. Бірақ, біз бұл жерде тегіс эстон тілінің мүддесін көздедік. Кремль Эстонияның билігіне көп орайда екітілді эстондарды, Санкт-Петербурда өсіп-өнген не болмаса Мәскеуде оқыған немесе жетімдер үйінде тәрбиеленген эстондарды, тіпті болмағанда орысқа үйленген, не орысқа күйеуге шыққан дүбәра эстондарды топтастырды. Сондықтан да, бұларды

биліктің барлық сала-сатыларынан түгел аластап, олардың орнына эстон тілінің мүддесін көздей алатын, эстон халқының мұратын түгендей алатын ұлтжанды кадрларды отырғыздық.

Көрдіңіз бе, өзгелер өз тілінің мүддесін қалай көздейді, қалай түгендейді?! Дәл осы ретте қазақ тілінің қазіргі ахуалы, бүгінгі жай-күйі жөнінде көп болып ойласатын тұстар айрықша көбейіп тұр.

Біз қазір «Қазақтар қазақтілді және орыстілді болып екіге бөлінді» деп оп-оңай айта салатын болдық. Бәлкім, көз үйреніп, етіміз өліп кеткендіктен бе, осы қасіретті құбылысқа да тым жеңіл, үстірт, бейғам қараймыз.

Шын мәнінде, қазіргі қазақ ұлтының басындағы тілге байланысты ауыртпалықты ешкімге, ешбір ұлтқа, ешбір халықтың басына бермесін. Бұл ауыртпалықтың алапаттығы соншалық, мұны қазақ халқының басынан өткен әйгілі «Ел айырылған» оқиғаларымен теңестіруге, салыстыруға әбден болады. Мәселен, XV ғасырда Әз Жәнібек пен Керей хан Әбілхайыр ханнан бөлініп, іргесін ажыратты: соның нәтижесінде Әз Жәнібек пен Керейге ілескендер «қазақ» атанып, Әбілхайыр ханның айналасында қалғандар басқа ұлтқа айналды. Солай ғой? Солай. Дәл осыған ұқсас қазіргі күні де қазақ ұлты екіге жарылып, екі ұлтқа айналды.

Айтпақшы, біз осы жерде мына бір жайтты айта кетуді ұмытып барады екенбіз. Әйгілі «Ел айырылған» оқиғалары тұсында айырылған ел бірін-бірі іздеп, бірін-бірі жоқтап, бірін-бірі сағынып, бірін-бірі көпке дейін ұмыта алмағаны да белгілі (*бұл да – ортақ энтелехияның көрінісі*). Ал, бүгін сағыну былай тұрсын, іздеу, жоқтау былай тұрсын, ұмытпау былай тұрсын, дәл қазір қазақ ұлты бірін-бірі іздемейтін, бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі ұқпайтын, бірін-бірі жатырқайтын, бірін-бірі бөгде санайтын, бірінің айтқаны екіншісіне ерсі көрініп тұратын не болмаса екіншісінің айтқаны біріншісіне оғаш боп көрінетін, бірімен-бірі ортақ тіл табыса алмайтын бөлек-бөлек екі ұлтқа айналды. Бұл ұлттың бірі қазақтілді қазақтар болса, екіншісі – орыстілді қазақтар. Қазақтілді қазақтарды «байырғы қазақ ұлтының бүгінгі көзі, бүгінге жеткен жұрнағы, қара шаңырақ несі» деп қабылдасаңыз, ал, орыстілді қазақтар туралы бұлай деп айта алмайсыз. Бұларда қазаққа тән, қазақтыққа тән ешқандай сипат, ешқандай із, ешқандай жұрнақ, ешқандай

белгі-бедер жоқ: ұлттық тіл жоқ, ұлттық түйсінім жоқ, ұлттық сезінім жоқ, ұлттық тұшыным жоқ, ұлттық түп-тамыр жоқ, ұлттық өріс жоқ, ұлттық діл жоқ, ұлттық рух жоқ, ұлттық тін жоқ, ұлттық намыс жоқ... Демек, «орыстілді қазақтар» дегеніміз – мүлде жаңа қауымдастық, қазақ ұлтының ұзақ жылдар бойы бодандық пен отарлықта болуының кесір-керінен пайда болған жаңа ұлт, жаңа халық. «Үйдің ішінен үй тігілді, ұлттың ішінен ұлт пайда болды» дегеніміз де осы... Осы жерде оқырмандарымыздың біразы «Қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтар қалай ортақ тіл табыса алмайды? Мұныңыз енді асыра сілтеу емес пе?» деуі де мүмкін. Рас, күнделікті күйбің тіршілікте, жайшылықта қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтардың ортақ тіл табысуы (*бірін-бірі қарыз беруі, қайырымдылық жасауы және т.т.*) бек мүмкін. Ал, енді, жағдай күрделеніп, шиеленісіп, өшіп, елдік мәселеге, мемлекеттік мәселеге, ұлттық мәселеге келіп тірелгенде, орыстілді қазақтардың жалт беретініне ешбір шәк келтірмеуіңізге болады. Мәселен, «Қазақстанда орыс тілінің ресми тіл мәртебесі жойылып, тек қазақ тілі ғана әрі мемлекеттік, әрі ресми тіл болсын! Осыған қалай қарайсыз?» деген сауалнама жүргізілсінші, орыстілді қазақтардың бірде-біреуі орыс тілінен ресми тіл мәртебесі алынып тасталғанын қаламайды әрі қолдамайды. Неге? Өйткені, қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтарда ортақ энтелехия (*ортақ рухтастық, ортақ тілеулестік, ортақ мүдделестік*) жоқ. Ортақ энтелехия жоқ жерде ортақ ештеңе жоқ!

«Билік пен халықтың арасы алшақтап барады» деп жиі айтамыз ғой. Сол сияқты қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтардың арасы да күннен-күнге алыстап, алшақтап барады. «Неге?» дейсіз ғой енді сіз. Өйткені, Қазақстанда орыстілді қазақтардың жаңа ұлт, жаңа халық ретінде өмір сүруіне (*яғни, бір ұлттың бірін-бірі түсінбейтін екі ұлтқа айналуына*) барлық қажетті жағдай жасалған: орыстілді қазақтардың өз балабақшасы (*орыстілді балабақша*), өз мектебі (*орыстілді мектеп*) бар. Бұлардың саны да қазақтілді балабақша мен қазақтілді мектептен әлденеше есеге көп. Өз ақын-жазушылары бар (*кілең орыс тілінде жазатын қазақтар*). Өз әртістері, өз әншілері, өз кинофильмдері, өз ансамбльдері, өз театрлары, өздерінің күлдіргі топтары мен ойынауық отаулары бар (*Мәскеу мен Санкт-Петербургдан арнайы шақыртылып жатқандардан бөлек*). Өз телеарналары, өз телебағдарламалары, өз газет-журналдары

бар (*газет-журналдарының саны қазақ-тілді газет-журналдардың санынан 65 есеге көп!*). Бұлардың мүддесін көздейтін өз саяси қайраткерлері, өз лоббистері, өз бизнесмендері, өз қаржыгерлері бар. Керек десеңіз, өз «көсемдері» де бар.

Бұрынғы «көсемдері» марқұм Нұрболат Масанов еді. Қазақ тілін түкке тұрғысыз, түкке алғысыз етіп шығарған Н.Масановты қазақтың айтулы ақсақалдары, белгілі азаматтары, беделді зиялылары қаншама рет ақылға шақырып, нешеме рет аяусыз сынады десеңізші?! Бірақ, Н.Масанов тәубеге келді ме? Қазақ тілін қорлағаны үшін қазақ ұлтынан, қазақ халқынан кешірім сұрады ма? Сұраған да жоқ, тәубеге келген де жоқ. Өйткені, қазақ ұлты мен Нұрболат Масановтың арасында ешқандай рухани ортақтастық жоқ болатын: ортақ рухастық, ортақ мүдделестік, ортақ ділдестік, ортақ үндестік жоқ болатын.

Тарих көшіне көз салсаңыз, бір ұлттың бөлек тілде сөйлейтін бірнеше қауымдастыққа бөлінгені, бұл құбылыстың бірте-бірте асқына, ушыға келіп, әлгі ұлттың тілдік белгілеріне қарай екі мемлекетке, кейде үш-төрт мемлекетке бөлініп-бөлшектеніп кеткені аз кездеспейді. Қазақ ұлтының да жоғарыдағыдай екі тілде сөйлейтін екі ұлтқа айналуы – шын мәнінде, қасіретті, күйзелісті құбылыс.

Бұл күйзелісті құбылыстан қалай құтыламыз? Мұның алдын қалай алуға болады?

Мұның бір-ақ жолы бар. Біз қазаққа, қазақтыққа және қазақ тіліне қатысты қазіргі күнгі ұлтбездерлік саясатты түп-тамырымен өзгертуіміз керек. Ұлтбездерлікті саясаттың құралына айналдыруды тоқтатуымыз қажет. Сонда ғана қазақ тілі Қазақстанда шын мәніндегі мемлекеттік тілге, яғни ортақ тілге айналады. Біз бұл жерде қазақ тілінің шын мәніндегі мемлекеттік тілге айналуының жолын, жөнін, жобасын, жоспарын, шарттарын, бағдарламасын атап айтып, қадап тұрып көрсеткен қазақ зиялыларының ой-пікірін қайталап жатпай-ақ қоялық. Ұдайы назардан тыс қалып келе жатқан мына бір мәселеге тоқтала кеткенді орынды көріп отырмыз.

Дәл қазір Қазақстандағы орыс мектептерінде оқып жүрген оқушылардың 70 пайыздан астамы – қазақтың балалары. Біз ертеңгі күні қазаққа, қазақтыққа қарсы шығып, қазақтың ұлттық құндылықтарының күл-талқанын шығаратын «болашақ кадрларды» осылай даярлап жатырмыз. Орыс мектебінде оқыған бала қайтып қазақ бола алмайды. Бұл – өмір-кеменгер,

уақыт-данышпан дәлелдеген шындық. Орыстілді қазақтардың аға буыны мен орта буынын қазақ ете алмасақ та, ең болмағанда, кейінгі буынын қазақ етуге күш салуымыз керек. Сондықтан да, орыс мектебінде оқып жүрген қазақтың ұл-қыздарын қазақ мектебіне ауыстыруымыз керек. Қалай? Әкімшілік жолмен! Егер, қазақ билігі, қазақ әкімшілігі қазақ тілінің мүддесін көздей алмаса, онда оның несі билік, қай жері әкімшілік?! Егер, біз қазақ балаларын қазақ мектептерінде оқыта алмасақ, онда несіне ұлт атанып, халық атанып жүрміз?!

Енді, осы жерде кейбір кереуіздер **«Сонда ата-ананың қалауы, баланың еркі қайда қалады?»** деуі де мүмкін. Қазір қазақ тілінің жағдайы өте мүшкіл: қатерлі шекке жетіп, тығырыққа тіреліп тұр. Сондықтан да, мұндай қазақтарға, яғни, өз балаларын орыс мектебіне беруге әуес ата-аналарға ерік бермеу керек. Ерік берсек, ана тілімізден айырылып қаламыз. Сол себепті, мұндай мәселені әкімшілік жолмен шешіп (*арнайы қаулы шығарып не болмаса нұсқау беріп*), қазақ балаларын тегіс қазақ мектебінде оқытуымыз керек. **«Өзінің балаларын қазақ мектебінде оқытқысы келмейтін қазақтар шу шығарса қайтеміз?»** Мұндай сұраққа біз былай жауап берген болар едік: **«Егер, Қазақстандағы күллі қазақтілді қауым дүрк көтеріліп: «Жетті! Болды! Уәдеге де, жел сөзге де әбден тойдық! Біз бұл мемлекетте қазақ тілін өркендете алмайтынымызды білдік. Қазақ тілінен айырылып қалмас үшін біз енді бұл мемлекеттен бөлініп шығып, жеке мемлекет құрамыз! Бізге бұдан басқа жол да, жөн де қалмады!»** десе, не дер едіңіз? Осы екі шудың қайсысы күшті, қайсысы басымырақ? Қайсысы қатерлірек? Сіздің, тек сөздің ғана емес, біздің бәріміздің (*әсіресе биліктің*) бұл жөнінде ойланғанымыз жөн. «Төзімділік, көмбістік, көнімпаздық (толерантность) – тек қазақтілділерге ғана тән» десеңіз, қатты қателесесіз...»

Қазақтілді зиялылар, жалпы, қазақтілді қауым қазақ тілінің мұны мен зарын айта-айта әбден шаршады. Қажыды. Шаршаған, қажыған жұрт не істейді енді? Бұрынғыдай ішкі зарын лақылдатып сыртқа төге бермейді, өздерін тыңдамаған, қажытқан, шаршатқан биліктегі дөкейлерге деген ренішін, ызасын ішіне жинап, ішіне бүте береді. Содан ішке жиналған ыза түйінді жараға айналады. Күбірткі сияқты. Ал, күбірткі...

«Жас Алаш», маусым 2010 жыл



Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының
докторы, профессор

«МИССИОНЕР ТУРАЛЫ ЖЕТІЛГЕН» АНЫҚТАМА ЖЕТІЛДІРДІ МЕ?

Адамзат санасының аса бір күрделі саласы ретінде дін қоғамның саяси жүйесінің сипатына байланысты талай тартыстың объектісі болып, талай тарихты артқа тастап келеді. Бұған еліміздегі ислам дінінің өткен жолы толық дәлел бола алады. Қазақ даласын көнгенін сөзбен, көнбегенін күшпен өзіне қосып алғаннан кейінгі патшалық Ресейдің отарлық саясатының негізгі бағыттарының бірі қазақты тілінен және дінінен айыру болды. Бұл үшін түрлі айла-шарғыларға барды. Алдымен іргелес отырған қазақтарды тікелей шоқындыруға кірісті. Бірақ, жөнді нәтиже бере қоймады. Сонан соң діндес татар молдаларды арнайы дайындықтан өткізіп, қазақ халқын рухани тұғырынан тайдырғысы келді. Тілі шалаланған, діні лайланған халықты орыстандыру аса қиын болмайтын. «Даладағы мұсылмандық туралы» мақаласында Ш. Уәлиханов бір жағынан патшалық Ресейдің қазақтарды шоқындыруының «саяси жағдайда зор қате» екенін атап көрсетсе, екінші жағынан «Біз қалайда татарлық кезеңді айналып өтуіміз керек, өйткені, олар ультрамұсылмандық бағыттың қанат жаюына ықпал етіп отыр» деп жазды [1, 76]. Ал Ыбырай Алтынсарин «Мәселенің ең мәнді жері: қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын, қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу» деген болатын [2, 279]. Сондай-ақ, Алаш көсемі Ә. Бөкейханның 1905 жылдың қарашасында Мәскеуде өткен жергілікті және қала қайраткерлерінің съезіндегі сөзінде қазақ халқына басты қажеттіліктердің бірі деп діни бостандық туралы мәселені көтеруі жайдан-жай емес еді.

Кешегі кеңестік кезеңде жаңа заманды қолдаушылар «кұдайсыздар қоғамын» (общество безбожников) құрды. Дініміз қудалауға түсіп, атеистік (құдайға сен-

беушілік) идеология үстемдік етті. 1937 және 1978 жылдары қабылданған конституцияларда тиісінше «102-статья. Азаматтардың ождан бостандығын қамтамасыз ету мақсатымен, Қазақ ССР-ында мешіт және шіркеу – мемлекеттен, мектеп – мешіт және шіркеуден ажыратылған. Дін ғұрыптарын орындау бостандығын және дінге қарсы пропаганда бостандығын пайдалануға барлық азаматтар ерікті» және «50-статья. Қазақ ССР-і азаматтарының ұждан бостандығына, яғни, қандай да болса дінді ұстау немесе ешқандай дінді ұстамау, діни ғұрыптарды атқару немесе атеистік насихат жүргізу правосына кепілдік беріледі. Діни сенімге байланысты араздық пен өшпенділікті қоздыруға тыйым салынады. Қазақ ССР-інде (Конституцияда осылай жазылған – Ә.Б.) мешіт пен шіркеу мемлекеттен, ал, мектеп – мешіт пен шіркеуден ажыратылған» деп жазылғандарына қарамай, кеңес өкіметі жер-жерде дінге қарсы үгіт-насихат майданын ашып, діни иелері түгелдей қудалауға түсті, айдалды, атылды. Талай мешіттер құлатылып, кейбірі мәдени ескерткіштің озық үлгісі болғанына қарамай, мал қорасына айналды. Мұның барлығы өзін мәңгілік сезінген кеңестік заманның да 70-ақ жыл өмір сүріп, ыдырауына ықпал етті. Адамның таным-сенімімен күрескеннің ақырының не болатынын кәрі тарих осылай көрсетіп берді.

Тәуелсіздік және дін

Тәуелсіздіктің 21 жылында еліміздің діни қарым-қатынастар кеңістігінде кешегі кеңестік кезеңде түске де кіре бермейтін іргелі өзгерістер болды. Қоғамымызда ислам дінінің қайта жаңаруы мен жаңғыруына жол ашылды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда «Республика азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеу-

меттік және мүлкітік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады» деп діндарлардың басқа азаматтар сияқты тең құқығына кепілдік берілді. Ал, қазіргі қолданыстағы Конституцияның 22-бабында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» деп атап көрсетілді.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз бастамасымен ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде адамзат қауымын ортақ діни ізгіліктер негізінде түсіністікке жеткізу мақсатында батыл қызмет етіп келеді. Әлем діндері өкілдерінің съезін өткізу дәстүрге айналды. Бұрын ойға алу мүмкін емес, Дін істері агенттігінің құрылуы да дінге деген жаңаша көзқарастың жемісі. Әрі қарай жалғастыра беруге әлі болар еді. Бірақ, бірақ...

1992 жылдың 15 қаңтарында дүниеге келген «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң аса әлсіз әрі қайшылықты болатын. Бұлай жаңа мемлекетіміздің құқықтық негіздері қалана қоймаған кезде адамдардың тікелей рухани дүниесімен байланысты аса күрделі мәселе туралы шешім жасау асығыстық еді. Заңның ең басты кемшілігі 4-баптағы «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - миссионер) Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті уәкілетті органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады» деген құқықтық норма еді. Бір ескерте кететін мәселе жоғарыдағы Заңда миссионер туралы норманы қабылдауға ол кезде конституциялық негіз жоқ болатын. Ондай «олқылықтың» орнын 1995 жылы қабылданған Ата заң толықтырды. Оның 5-бабының 5-тармағында былай деп жазылған: «Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ, шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады». Мұндай норма 1993 жылы қабылданған алғашқы Негізгі заңда да, ТМД және басқа да елдерінің бірде-бірінің конституцияларында, олардың дінге қатысты басқа да құжаттарынан кездестіре алмадық.

Осыдан сегіз ғасырдай бұрынғы біздің де тарихымызға қатысы бар көшпенділердің өмірінен бір оқиғаны айта кетейік.

1246 жылы Рим Папасы IV Иннокентий көшпенділерді христиан дініне тарту мақсатымен тәжірибелі елші Джованни Платино Карпини бастаған төрт миссионер Жошы Ұлысының билеушісі Батудың тұрағына келеді. Бірақ, Бату оларды қабылдамай, Қаракорымға жібереді. Миссионерлер Угедейдің баласы Күйіктің тұрағында төрт айдай тұрып, ол таққа отырғаннан кейін оған Папаның жолдауын табыс етеді. Онда «Біз бұл жерге Христиан дінінің әкесі және әміршісі Рим Папасының жіберуімен келіп отырмыз. Біз арқылы және өзінің жолдауы арқылы ол сіздердің христиан дінін қабылдап, біздің құдайымыз Иисус Христосқа табынуларыңызды, сыйынбаған жағдайда бақытсыздыққа ұшырайтындарыңызды жолдайды» деген сөздер бар еді [3, 54]. Ал, Күйік ханның мазмұны өте қаһарлы жауап хатында: «Егер, сендер, ұлы папа өздерің жіберген хат бойынша қимыл жасайтын болсаңдар, өз уақытында елшілеріңмен бірге, сені ұлы папа біздің жерге әкеліп Ясының әрбір заңын тындауға міндеттеймін» делінген болатын [3, 199]. Бұл – сонау батыстық мәдениеттен кенже қалды дей беретін көшпенділердің халықтық рухани иммунитеті.

Ал, ХХІ ғасырда сонау заманнан дәстүрлі екі дінмен келе жатқан Қазақстанның тәуелсіздік жылдары көп дінділікке бой ұрғаны бүгінгі зиялы қауымды ойландырмайды емес, ойландырады. Оның бірнеше себептерін айта кеткен артық етпес. Біріншіден, 300 жылдай патшалық Ресейдің отарында, кейін тоталитарлық кеңестік қыспақта болудың нәтижесінде мемлекетіміз де, ұлтымыз толыққанды қалыптаса алған жоқ еді. Екіншіден, бұрын қалыптасқан ұлтсыздық сананың салдарынан қоғамымыз рухани дағдарыс күйінде болатын. Үшіншіден, халқымыз, әсіресе жастар қауымы дәстүрлі дінімізді әлі толыққанды танып, біле алмай отыр. Осындай себептермен әлемдік жаһандану жаңа қарқын алып отырғанда ең алдымен өзіміздің дәстүрлі діндерімізге деген азаматтық қатынасты ретке келтірмей, шетелдік діндерге есікті айқара ашып қоюды түсіну қиын. Бұл, әрине, тәуелсіздік жылдары еліміздің көп конфессиялы болуына, діни кеңістікте әртүрлі келенсіз көріністер жол ашты. Бұған бүгінгі күнгі еліміздегі діни ахуал да толық дәлел бола алады.

Бізден демократиялық ұстанымдары басымдау солтүстік көршіміз Ресей Федерациясының Конституциясын былай қойғанда, «Діни сенім бостандығы

және діни бірлестіктер туралы» Заңның «Шетелдік діни ұйымдардың өкілдігі» деген 13-бабында Ресейдегі шетелдік діни өкілдің ешқандай діни қызметпен айналыспайтындығы, оған діни бірлестік мәртебесі берілмейтіндігі тайға таңба басқандай айқын жазылған. Дәлірек түсіну үшін орысша мәтінді де келтіре кетейік: «Представительство иностранной религиозной организации не может заниматься культовой и иной религиозной деятельностью, и на него не распространяется статус религиозного объединения, установленный настоящим Федеральным законом». Сөйтіп, тәуелсіз ел ретінде әлі қабырғамыз қатая қоймаған кезде шетелдік миссионерлерге есікті ашып қоюдың салдарынан қоғамымыз ілезде кешегі күнге дейін 40-тың үстіндегі конфессияларға біріккен 70 астам әртүрлі ағым-секталарға толды. Бұл Қазақстан тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жағдай болатын.

Жаңа Заң бірсыпыра мәселелерді шешті...

Рас, 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заң бірсыпыра мәселелерді шешті. Жалпы, діни ұйымдарды тіркеуге, миссионерлік қызметке талапты күшейтуге ұмтылыс болды. Әсіресе, ханафи бағытындағы ислам дінінің халықтың мәдениеті мен рухани өміріндегі тарихи рөлін тану турасындағы қағиданың қазір басқаны былай қойып, ежелгі ислам дініміздің өзі түрлі ағымдарға бөлініп, олардың арасындағы дау-дамай кейде жасырын, кейде ашық жүріп жатқанда маңызды екеніне дау жоқ.

Заңда көрсетілген қайта тіркеу аяқталды. Сөйтіп, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі мәліметтеріне қарағанда еліміздегі 46 конфессия 17-ге түсті. Қазақстан мұсылмандарының - 2229, Орыс православие шіркеулері -280 және т.б. бірлестіктер тіркеуден өтті. Осылай бірсыпыра мәселе тәртіптелді. Дегенмен, Конституцияның 5-бабының 5-тармағына сәйкес шетелдік діни ұйымдардың еліміздегі дәстүрлі діндермен салыстырғанда үлес салмағы жоғары болып отыр. Қазіргі кезде елімізде 70%-ды құрайтын мұсылмандардың 2229 және халқымыздың 20%-нан астамы болып отырған орыстардың 280 діни бірлестігі болғанда, неше пайыз екені белгісіз католиктер мен протестанттардың әртүрлі діни ұйымдары 500-дің үстінде болуы

сөзіміздің толық дәлелі бола алады. Ал, Астанадағы 47 діни бірлестіктің 32-сі рим-католик пен протестанттардың ұйымдары. Тіркеуден өткен еліміздегі шетелдік 237 миссионерлердің басым көпшілігі католиктер мен протестанттар. Сонан соң, бас-аяғы бір апта-он күнде Парламент асығыс қабылдаған Заңда қолданыстағы Конституцияның 5-бабының 5-тармағына байланысты елеулі-елеулі қателіктер кетті. Мысалдар келтірелік. Еліміздегі діни ұйымдарға «Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі» деген анықтама берілді. Бұрынғы Заңдағы «Жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер деп танылады» деген қағида айдала қалды. Ал, әншейінде жиі үлгі ететін Ресей Федерациясының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңының «Религиозная организация» деп аталатын 8-бабының 1-тармағында: «Религиозной организацией признается добровольное объединение граждан Российской Федерации, иных лиц, постоянно и на законных основаниях проживающих на территории Российской Федерации, образованное в целях совместного исповедания и распространения веры и в установленном законом порядке зарегистрированное в качестве юридического лица» деген нормаға пысқырған да жоқпыз. Сөйтіп, өздеріңіз көріп отырғанындай, біздердің заңымызда елімізде діни бірлестік құру үшін діндарлардың Қазақстанда тұру-тұрмауы есепке алынбайды. Сондай-ақ, тиісті сөздіктердегі талай уақыт сарабынан өткені белгілі «Миссионер туралы» анықтама белден басылып, жаңа «жетілген» анықтама берілді. Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдарға қатысты 1-бабының 5-тармақшасында «Миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасының тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі» делінді. Сөйтіп, 1992 жылғы Заңдағы: «Миссионерлік қызмет – өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында

жүзеге асыратын діни бірлестіктердің жарғылық ережелерінде жоқ діни сенімді діни ағартушылық қызмет арқылы уағыздау және тарату» деген қағида жүз сексен градусқа өзгерді. Және еліміздегі дәстүрлі дінді насихаттап жүрген өз азаматтарымызды да «миссионерлік мәртебеге» көтердік. Бұл – бір. Екіншіден, елімізде өзге дінді уағыздауды кез келген адам жүргізе береді. Сонда, Қазақстан кім болса, соның, қандай дін болса, соны уағыздай алатын елге айналып отыр. Әлде бұл Конституцияда көрсетілген идеологиялық әр алуандылыққа жатады ма? Болмаса шетелдік кірме діндер де еліміздегі дәстүрлі ханафи бағытындағы исламның және православилік христиандықтың қатарына жатқаны ма? Қалай ойласақта, бұл біздің ұлттық мүддемізге әсте сай келмейді.

Миссионерлік қызмет қазір көрші екі мұсылмандықты ұстанған, бірақ, өзге дінге құштар Қазақстан мен Қырғызстаннан басқа кешегі посткеңестік кеңістіктегі елдердің бірде-бірінде жоқ. Сонда, осы екі ел ең «демократияшыл» болғандары ма? Менің білетінім, адамзат тарихында дінге бөлінудің жақсылыққа апара бермегеніне, көбіне әртүрлі діни жанжалдарға душар еткеніне мысал көп. Ал, енді, діни миссионерлікке берілген жаңа анықтама Конституцияның 5-бабындағы «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр алуандық танылады» деген құқықтық норма дәстүрлі діндерімізді еркін уағыздап келген діни мамандарымыздың қызметін құқық жағынан шектеуге алып келіп отыр. Мысалы, 2012 жылы Солтүстік Қазақстан облысында 40 күндей тұрғындар арасында діни өсиет айтуға келген Астананың орталық мешітінің төрт дін уағыздаушыларға миссионер ретінде мемлекеттік органдарда тіркеуден өтпегені үшін 160 мың теңгеден астам мөлшерде айыппұл салынды.

Бүгінгі күні кейбіреулерге аса қатты ұнайтын «миссионер» деген сөздің дәстүрлі мағынасына назар аударайық. Кімге болса да кеңінен таныс, кімді болса да талай мойындатқан С.И. Ожеговтың сөздігінде: «Миссионер – буржуазиялық елдерде өзге сенімдегілер арасында христиан дінін уағыздау мақсатында шіркеу жіберген діни тұлға» делінсе, шетел сөздігінде (*Словарь иностранных слов*): «Миссионер – жұртшылық арасында дін таратумен айналысатын өзге дінді ұстанған тұлға. Ол идеологиялық экспансия функциясын атқарады» («Миссионер – лицо, занимаю-

щееся распространением религии среди населения с иным вероисповедением; как правило миссионер выполняет функции идеологической экспансии»). Миссионерлік қызмет қай уақытта да отаршыл мемлекеттің отар елдегі саясатының елеулі тармағы болып келді. Ресейдің отарлығынан құтылған сияқты едік, енді кімнің отарымыз?

Бізге шетелдік миссионерлік қызметтің неге сонша ұнайтынын, осыны тықпалаудың біздің Парламент депутаттарына қаншалықты керегі болғанын түсіне алмай, ТМД елдерінің осы саланы реттейтін тиісті заңдарын қарап көрдім. Бірақ қазіргі кезде миссионерлік қызметті біз сияқты өзге елдің алдына түсіп жүретін көрші Қырғыздан басқаның бірде-бірінің заңынан таба алмадым.

Шындыққа бетпе-бет қарасақ, заңдағы аса маңызды әрі принципті мәселелерде, әсіресе, елімізде ежелден келе жатқан екі діннен бөлек басқа шетелдік діндерге қатысты тәуелсіз мемлекетіміздің ұстанымының қатаң айқындалмағаны өкінішті. Сол себепті, қазіргі қолданыстағы Заңның әртүрлі ағымдарды, тіпті, басқа діндерде жүрген жастарымыз арасындағы қайшылықтарды ретке келтіруі аса қиын. Ал, шетелдіктер миссионерлер заңды қатаң сақтай отырып, өз мақсаттары мен міндеттерін толық шеше алады. Оған олардың теориялық дайындықтары да, тәжірибелері де, қалталары да жетеді.

Дінді ешқашан мемлекеттен бөлуге болмайды

Қазіргі қолданыстағы Заңның тағы бір «үлкен» жаңалығы оның «Мемлекет және дін» деп аталатын 3-бабында «Мемлекет дін және діни бірлестіктерден бөлінген» деген нормада болып отыр. Меніңше, бұл – саяси һәм принципті құқықтық қателік. Дінді мемлекеттен бөлу дұрыс емес. Біріншіден, мұндай құқықтық норманы ешбір елдердің заңнамаларынан таба алмадым. Екіншіден, дін мен діни бірлестіктер бір деңгейде, бір мазмұнда деуге болмайды. Олардың қай жағынан болса да, принципті айырмашылықтары бар. Үшіншіден, мемлекеттің өзін құрап отырған адамдардың сана-сезімін, ар-ожданын қалай мемлекеттен бөліп аласың? Төртіншіден, сан ғасыр рухани дүниенің негізін құрауға белсенді ат салысып келе жатқан дінді халықтың тарихынан қайтіп бөлесің? Бесіншіден, алып территорияны иемденіп, жері мен елін сыртқы жаулардан ғасырлар

бірге қорғап, топтаса тойтарыс беріп келген халықты біріктірудегі діннің ұйыстырушылық ролін қалай жоққа шығаруға болады? Сонан соң, дін істері жөніндегі мемлекеттік агенттіктің құрылуын қалай түсінеміз?

Енді, құқықтық әдебиеттерде «зайырлы мемлекет» деген нені білдіреді екен, соған зер салайық. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1996 жылы баспадан шыққан түсіндірме сөздігінде былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасында діни мекемелер мен дін ұстау мемлекеттен бөлектігін білдіреді және бұл Қазақстандағы ислам мен православиелік тағы да басқа нанымдық ағымдарға бірдей қатысты. Әлдеқандай мемлекеттік немесе міндетті дін жоқ» [4, 27-28]. Бұл түсіндірмеде ешқандай діннің мемлекеттен не мемлекеттің діннен бөлінгендігі байқалмайды. Ал, 1999 жылы шыққан Түсініктемеде тағы да тек діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгендігі туралы айдан анық жазылған.

Кезінде бұл мәселеге Алаш көсемдері арнайы мән берген еді. «Алаш» партиясы программасының жобасындағы «Дін ісі» деген бөлімде «Дін ісі мемлекет ісінен айрылуы болуы» деп жайдан-жай жазылған жоқ [5,8]. Олар «дін мемлекеттен бөлек» деп жазуды білмеді емес, білді, бірақ бөле алмады. Олар бұл мәселенің төркіні «шіркеу мемлекеттен бөлек» дегеннен шыққанын жақсы білді. Батыстағы Ағартушылар заманы да шіркеу мен мемлекеттің бірігуінен, діни догманың белең алып, қоғамның дамуын әлеуметтік тежелуге алып келгенінен туған емес пе еді? Тіпті, кеше атеизм атойлап тұрған кездің өзінде кеңестік құқықтанушылар 1978 жылғы Конституцияның 102-статьясына «Қазақ ССР-ында мешіт және шіркеу – мемлекеттен, мектеп -мешіт пен шіркеуден ажыратылған» деп қана жазды. Олар дінді мемлекеттен бөлуге құштар-ақ еді, бірақ, бөлуге болатынын білді. Ал, Ресей Федерациясы Конституциясының екі тармақтан тұратын 14-бабында да: **1. Ресейская Федерация – светское государство. Никакая религия не может устанавливаться в качестве государственной или обязательной. 2. Религиозные объединения отделены от государства и равны перед законом»** деп жазылған. Ресей құқықтанушылары дінді мемлекеттен бөлінген деп жазуды білмеді ме? Жаза алмады. 2004 жылы Мәскеуден шыққан «Ресей Федерациясы Конституциясына түсініктемеде» тағы да «зайырлы мемлекет» (светское государство) дегенді

«діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген, олар мемлекеттік билік органдарының функциясын атқара алмайды» деп ашық түсіндірілген [6,24]. Бұдан әрі «мемлекеттің зайырлылық сипаты ол діни бірлестіктермен ешқандай қарым-қатынасқа түспейді дегенді білдірмейді» деп жазылып, мұны ары қарай тарқата түскен.

Біздердің зайырлы мемлекет дегенді түсіндірушілеріміз, жоғарыдағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 1996 жылы баспадан шыққан түсіндірмесіне «зайырлы мемлекет» ұғымына үш қайнаса сорапасы қосылмайтын: «Қазақстан аумағында шетелдік діни бірлестіктердің жұмыс істеуі, ол орталықтардың Республикадағы діни бірлестік жетекшілерін тағайындауы тек тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша ғана жүзеге асуы мүмкін» деген қосымша енгізген [4,28]. Заңгер мамандарды мемлекет пен діни бірлестіктердің ары қарай қалай қарым-қатынас жасауы керектігі қызықтырмайды, оларды шетелдік діннің еліміздегі қалай қызмет етуі қызықтырады. Реті келгенде, тағы бір мәселеге тоқтай кеткен артық болмас. Бұл күнделікті заңдық сипаттағы ресми құжаттарда қазақтың төл сөзін басқа мағынада пайдалану жиі кездеседі. Бұл көбіне мәтіндердің орыс тілінде дайындалатындығынан шығар. Ал, аудармашылар, бірде, қазақ тілінің күдіретін терең түсіне алмай, екіншіде тым саясатшылданып тәуір сөздерді бүлдіріп жатады. Мұндай мысалдар заңнамалық құжаттарда жетіп жатыр. Олардың барлығын түгелдеп жатуға уақыт тар. Бір ғана қазіргі Конституцияның 1-ші бабындағы «зайырлы» деген сөз төркініне көңіл бөлейікші. Бұл сөз 2008 жылы Алматыдан шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» сүйенсек «білгір, білімдар» деген мағыналарды білдіреді. Кеңес өкіметі кезінде шыққан екі томдық «Орысша-қазақша, Русско-казахский» сөздікте сонау орта ғасырдағы шіркеудің қараңғылығына қарсы мағынада пайдаланған орыстың «светский» деген сөзі «ақсүйек, зиялылар» деп аударылған. Біз бұлардың орнына кейінгі кезде «зайырлы» деген сөзді тауып алдық. Осыны мен әртүрлі сауаты бар кісілерден сұрадым, бірақ, тұшымды жауап ала алмадым. Кейбір әдебиеттерде «діни емес, азаматтық» деп түсіндірді. Орта ғасырдағы шіркеуге қарсы пайдаланылған «светский» және біздің бұрмалап алған «зайырлы» сөзін білім мен ғылымның дамыған ХХІ ғасырында

да Негізгі заңымыздан қалдырмай, ілестіріп жүре береміз бе? Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады дегеннің өзі мемлекеттің діни еместігін танытпайды ма? Мұны айтып отырғанымның себебі – сонау заманда шыққан «светский» дегенді кейбіреулердің жөнді түсінбей, діннен ат-тонын ала қаша беретіндігі. Менің түсінігімше, күндердің күнінде ислам дінінің де адамгершілік пен имандылық, ізгілік пен инабатты сияқты мәңгілік қасиеттерін бойына жинамай, қазақ қазіргі өскелең заман талаптарына сәйкес шынайы қазақ бола алмайды.

Депутаттардың, кейбір құқықтанушыларымыздың дінді мемлекеттен бөлуге соншалықты құмарлығы таң қалдырады. Мұның себебін 2010 жылы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі шығарған «Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірмеде»: «Конституцияның 1-бабы 1-тармағымен көзделген мемлекеттің зайырлы сипаты діннің мемлекеттен бөлінуін білдіреді» делінген [7, 14]. Мұны біздің құқықтанушыларымыздың көп жылғы ізденістерінің «нәтижесі» деп бағалауға болады. Қазіргі қолданыстағы Заңда дінді мемлекеттен бөлген қателіктің төркіні осыдан шыққан екен. Ал, саясаттанушы әрі әлеуметтанушы ретінде мен дінді мемлекеттен бөлетіндермен келісе алмаймын. Қалай ойласақ та дінсіз мемлекет те, мемлекетсіз дін де жоқ.

Дін туралы заңнамаларға күрделі өзгеріс керек

Әсілі дінді мемлекеттен, мемлекетті діннен бөліп әуре болғанша, дінімізді қалай тәуелсіздік мұраттарына қызмет еткізуді көбірек ойластырсақ, әлдеқайда жақсы болар еді. Өйткені, қазір Қазақстан үшін тәуелсіздіктен қастерлі, қасиетті нәрсе жоқ. Болған да емес, болмайды да. Соңғы үш ғасыр ұлтымыздың қанша арыстары осы бір асыл ұғым үшін күресіп, ғұмырларын құрбан етті. Бүгінгі шыншыл сын да, парасатты пайым да, мақсатты тіршілік те тек Тәуелсіздікке қызмет етуі қажет. Бұл бағытта тәуелсіз елдің азаматтарын рухани ұйыстыра түсетін діннің рөлінің ерекше екеніне дау жоқ.

Дін мен мемлекеттің шынайы түйісер жері – адамның рухани дүниесі,

ұлтымыздың бірлігі, бүкіл қазақстандықтардың түсіністігі мен келісімді тірлігі, елдің тұтастығы. Бұл бағытта ұлттық иммунитетті күшейтудің рухани арқауы болып келе жатқан халқымыздың дәстүрлі ислам дінін мемлекеттен бөліп жетісе қоймаспыз. Оған кешегі кеңестік тәжірибе дәлел бола алады. Әлемдік тәжірибеде мемлекет ең бірінші өзін құраушы ұлттың тұтаса түсуіне, оның тарихи санасын, дәстүрлері мен мәдениетін дамытуға көмектеспей отыра алмайды. Ал, бұл дінсіз мүмкін емес.

Халқымыздың, әсіресе жастарымыздың ежелгі дінге бет бұрысын дұрыс пайдалана білгеніміз, діннің олардың бойына ізгілік пен имандылық, адамгершілік сананы қалыптастыратынын ескергеніміз абзал. Бірақ, бүгін дінді түсіндіруге ғылыми көзқарас, тереңдік жетпей жатқанын да ескерген дұрыс болар еді. Ауылды жерлердегі мешіттерге жұртшылықтың бара бермейтіні, өйткені, көбіне имамдардың білім дәрежесі қанағаттандырмайтыны жасырын емес. Сауатты халықты аңыз-әңгімелер қанағаттандыра бермейді. Сонан соң, насихаты мықты, артында ілесіп қаржысы жүретіндердің айтқандарына еріп, діни сауаты төмен ұл-қыздарымыздың түрлі ағымдарға еруіне онша таңқалуға болмайды. Мұның барлығы діни мамандардың кемдігінен, оларды даярлайтын ислами оқу орындары жүйесінің аздығынан болып отыр. Халқымыздың санына шаққанда мешіттеріміз де, білікті мамандарымыз да аз. Діни мамандардың сапалық деңгейі төмен. Қазіргі өскелең сұранысты олар қанағаттандыра алмай отыр. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының құрылымдарында 2 мыңнан астам қызметкерлердің 33 % теологиялық, оның ішінде 3 % жоғары, 30% медресе, 16 % діни орта-жоғары білімдері бар болса, 51% – үш айлық курстарды бітірген. Өйткені, елімізде ислами оқу орындары жоқтың қасы. Жалғыз Нұр-Мұбарак университеті мен мамандық көтеретін бір институт және 9 медресе 10 миллионды құрап отырған қазаққа түк те емес. Мұндай діни кадрлармен ислам дінін батыл насихаттау, әртүрлі ағым-секталарға қарсы тұру, олардың ықпалдарын залалсыздандыру аса қиын.

Бүгін Қазақстан үшін тәуелсіз елдің азаматтарын рухани ұйыстыра түсуде діннің өзіндік ерекше орны бар.

Мұнымен санасуға әсте болмайды. Сол себепті бірнеше ұсыныс жасағымыз келеді. **Біріншіден**, Негізгі заңымызды қайта қарап, оның 5-бабының 5-тармағындағы шетелдік діни бірлестіктерге қатысты заңдық норманы алып тастау қажет. **Екіншіден**, қазіргі қолданыстағы Заңның 3-бабының 1-тармағындағы «Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген» деген қағидадан дінді алу қажет. **Үшіншіден**, Конституциядағы шетелдік діндерге қатысты құқықтық қағидадан туындаған заңдық нормалардан арылған жөн. **Төртіншіден**, мемлекетіміздің тәуелсіздік жағдайына, демократиялық үдерістердің бағытына сәйкес ежелгі діндерге қатысты заңдық ұстанымдарды жетілдірген артық емес. **Бесіншіден**, дінге ғылыми көзқарасты қалыптастырып, халқымыз арасында діни ағартушылық жұмысты, әсіресе жастар бойына имандылық пен адамгершілік қасиеттерді таратуды жандандыра түсу жөн. **Алтыншыдан**, әртүрлі діни ағымдармен күресте күш көрсетпей, барынша түрлі әлеуметтік тәсілдерге жүгінген жөн. Мұны бүгінгі біздің тәуелсіздік мұраттарымыз, еліміздегі діни ахуал қатаң талап етіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: «Толағай группа». 2010. – 496 б.
2. И. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ ССР ҒАБ. – 1955. – 414 б.
3. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Ғылым. 1993. – с. 244.
4. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Жеті жарғы». 1996. – 368 б.
5. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер – Казахстан: этапы государственности. Конституционные акты / Құраст. Ж. Бәйшев. – Алматы: Жеті жарғы. 1997. – 496 б.
6. Бархатова Е. Ю. Комментарий к Конституции Российской Федерации. – М.: ТК ВЕБИ, Изд-во Проспект, 2004. – 256 с.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Раритет, 2010. – 400 б. 2 қыркүйек 2013 жыл

Сіз білесіз бе?

Егіздер мен үшемдер жайында

Әлем ғалымдарының санағына қарағанда соңғы ғасырларда егіздердің өмірге келуі тым сиреп кеткен. Есеп бойынша өмір есігін ашып жатқан барлық балалардың тек бір пайызы ғана егіздер санатына жатады екен. Ал, үш немесе оданда көп бала туу одан да сирек кездесетін құбылысқа айналған.

1930 жылы Грейлих деген дәрігер-ғалым дүниежүзі бойынша бір жолда бірден көп бала тапқан әйелдерді есепке ала бастайды. Оның есебі бойынша бірінші орынды Дания, одан кейін Швеция, Голландия, Польша иемденген. Ал ең соңғы орынға Бразилия, Парагвай, Колумбия елдері шыққан. Сол заманның өзінде бірден көп баланы өмірге әкелу жөніндегі құбылысты ғалымдар ерекше назарда ұстап отырған. Оқымыстылардың пікірінше егіз баланың өмірге келуі көбіне тұқым қуалаушылықтың әсерінен болады. Өмірге келген егіздердің барлығының арғы аталарының бірі егіздің сыңары болғандығы анықталған.


Өткен дәуірлерде адамзат баласының өмірге келуі және олардың қаншасы егіз немесе одан да көп болып туылғанына көз жеткізу бүгін мүмкін болмай тұр. Дегенмен де, XVIII ғасырдың аяғына таман Ресей жерінде Федор Васильев деген шаруаның бірінші әйелі алғашқы төрт баладан кейін әр қайсысында үштен жеті рет босанып барлығы 25 балалы болған. Шаруаның екінші әйелі, яғни тоқалы екі ретінде үш баладан, сонан соң алты рет егіз сәбиді өмірге әкелген. Ол ол ма, дәл сол кезде көп балалы Федор Васильевпен бәсекелескендей болып Карповтар отбасында барлығы 72 бала өмір сүріп жатты.

Бүгінде бір баланың өзін көпсініп жүрген отбасылары осы бір оқиғаларға сенер ме екен?

Мүмкін қазіргі жас отбасыларына өнеге болу үшін 72 баланы өмірге әкелген ана мен олар өсіп-өнген отбасыларына арнап ескерткіш қойса да болатын шығар.

Ескерткіш демекші: 1818 Германияда тұратын Тиле деген азаматтың отбасының құрметіне ескерткіш орнатылады. Оған себеп, 1600 жылы оның жанұясында бірден жеті бала өмірге келген. Сол үшін де неміс халқы осы бір азамат пен оның жарын болашаққа үлгі болсын деген ниетпен, жеті баланы бірдей алдына алып отырған ана ескерткішін тастан құйып шыққан.

Ал, біздің дәуірімізде ең алғаш рет бірден тоғыз баланы өмірге әкелген ана Шығыс Пәкстанда тіркелген.



Игілік ӘЙМЕН,
жазушы

«ӨМІР» ДЕГЕН – «СІЗДЕР», «ӨЛІМ» ДЕГЕН – «БІЗДЕР»

Өмірдерек

ИГЕН (Игілік Әймен) – 23 қаңтар, 1953 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Ақсары елді мекенінде – («Стәлін бейбақ-жәкең өлген жылан жылы қақаған қыста») – бұ дүниенізге сәл-пәл де болса қисығынан келе қалғандай екен. Бабай-қорған ауылында он жылдық мектепті «үздік» тәмамдаған. Алматыдағы қазақ мемлекеттік физкультура институтын бітіріп, Теміртау, Кентау қалаларында педагогтық және еркін күрестен бапкерлік қызметтер атқарған. Бүгіндергі тұрақ-мекені – Астана қаласы. 2006 жылы Түркістан қаласында өткен «Өмірбай Сәуірбаев» атындағы республикалық жазба жыр сайысының жүлдегері. 47 жасында – 1999 жылдан бастап жазушылыққа ден қойған. Арнайы «Әдеби оқу» оқи алмаған соң, шығармашылықпен шұғылданбай келген. Игеннің алғашқы қадамына халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Игілік Әймен – қазақ қара сөзіндегі әйгілі «Қаратау мектебінің» жақсы үлгілерінің заңды мұрагері болып жетіліп келе жатқанын байқатады. Әңгіме, новелла, эссе, хикаяттарында, өлең-жырларында, мақала, қара сөз, көсемсөздерінде – Саттар Ерубайдағы лапылдаған арманыштық, Тәкен Әлімқұлдағы арғы мен бергіні қатар өрбітіп отыратын тарихилық пен табиғилық, Асқар Сүлеймендегі әлеуметті ұлпа жерінен ұшынта шымшып алатын қиқарлық, Қарауылбек Қазыға тән мақпал әуез-лиризм анық бой көрсетеді. Оның үстіне, Абайдың заман мен наданнан түңілген күңіренісін қосыңыз. Бұның бәрі – еліктеушілік емес. Басымыздан өтіп жатқан баянсыз уақыттың кінәратсыз көңіл мен байыз таба алмай жүрген байбалам санаға тікелей түсіріп жатқан қысымынан туындаған өзіндік – өзгеше үн. Зады, Игілік Әймен қадамына үкілі үмітпен көз тігіп, зер сала қадағалауға әбден тұратын – астары қалың, дүние-заты қатпарлы, тынысы терең қаламгер болса керек» десе, ал, бұдан көп ұзамай Герольд Бельгер ақсақал бұл айтылған сөздерді мақұлдап, өз ойын: «Игілік әр жанрда қалам тартады; тілі көркем, бай, шұрайлы; айтатын ойларын ассоциация тәсілімен бейнелеп, қиыннан қиыстырып жеткізеді; кейде қырсық, қыршаңқылау, құйтырқылау сөздерге бейім тұрады; әдебиетті көп оқитыны, дүниежүзілік әдебиеттен хабары мол екендігі атой береді. Әттең, «жолы болғыштардың» қатарында әуелден жоқ. Жаратылысы бөлек жан. Дүниетанымы, болмысы, талант тұғыры дара. Әдеби, қоғам үрдістер жайындағы ой-пікірлері «көш серкелеріне», замана ағымына көбінесе қайшы келеді. Игіліктің ондай ерекшеліктеріне, тіл байлығына, ассоциативті ойлау жүйесіне, сөз сараптасына, қасиетті «Қаратау әдеби мектебінің» түлегі екеніне алғаш жіті назар аударған Әбіш Кекілбайұлы болды. Игілік талантының бұл қырына кейін менің де көзім жетті. Әр салада жазылған шығармаларымен әрі көсемсөздерімен жылдар өте әбден таныстым. Үйреншікті қалыптан өзгеше екен. Мінезі де, көзқарасы да, түйсік-түсінігі де, шығармашылық бағыты да, тіпті жүріс-тұрысы да! Талантты адамға жарасып тұратын, өзіндік – тән қасиет» деп өрбітті. ИГЕН мырза бізде – «Ақиқат» журналы редакциясында қонақта. Тілшімен арадағы сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– ИГЕН мырза – бірден іске кіріссек. Баршамыздың да бұ дүниедегі бар тілегіміз де аңсарымыз: «Бақыт» деген ең тәтті сөз – армани ұғым не екен өзі?

– Бір Құдай ғана шексіз хәм біржақты.

Бұл өмірде қалғанының бәрі екіжақты, – солай қып Өзі жаратқан. Бір жағынан қарасаңыз, Бақыт – кез-келген қандай да бір жетістікке жеткен сүлей сәтіңіз; мейлі, ұрлық-қарлықпен байып алыңыз – ол да

кейбіріңізге бақыт боп көрінер. Ал, шын мәнінде, Бақыт – өкініштің бастауы; өкініш – өлім; өлім – хақ. Себебі, өлім – Құдайдың алдына, хақиқи шындығына апарады. Ал, енді, екіншілей айтсақ; Бақыттың үлкені – «жүрек сезімі».

– Сонда, «өкініш» деген жақсы нәрсе ме?

– Мен екінші – үлкен де жақсы жағынан айтып отырмын. Өкініш – жауапкершілік, – өзіңе өзің сынмен қарау.

– Сіздің өкінішіңіз басым ба?

– Әрине, басым. Өмір-бақи өкінумен келемін, – негізінен, өзіме өзім...

– «Тарих». Марқұм үлкен бір жазушымыз мұны «иллюзия» деді?..

– Тарих – бес күн жалғанның әрбір өткен күнінің тізбесі, – келешекке алып барар өнегелік баспалдақ, – нақты нәрсе. Сол күнтізбе – нақты нәрсемен күндердің күнінде Құдайдың алдына, әділ сотына барасың.

– Тағы бір шоң жазушымыз: «Мәдениет» – бірінші, «дін» – екінші» деді. Қайта-қайта қайталап айтып, нығарлай береді. Қалай қарайсыз?

– Біріншіден, ол көкең шоң жазушыға ұқсамайды; екіншіден, ол пікірі – мүлдем дұрыс емес! Мәдениет те, бәрі де – діннен шығады. «Әлімсақтан бері мұсылманмын» дейтініміз («әлімсақтан бері мәдениеттіміз» деп айтпаймыз ғой) сондықтан. Дін – Құдайдың басты аты – Өзі. Мұны Мұртаза Бұлұтай ақлақ алым өте дұрыс айтып түсіндірген еді...

– Абай-Һәкім атаның бір сөзін әр ғұлама әрқалай айтып жүр. Біреулері – «Махаббатсыз – дүние дос, Хайуанға оны қосыңыз» десе, екіншілері – «Махаббатсыз – дүние бос, Хайуанға оны қосыңыз» дейді. «Дос» пен «бос» қайсысы дұрыс?

– Бүгінгі пенде әр ғұлама Абайдың бір сөзін ғана емес, көп сөздерін әрқалай айтып жүр. Абайдың әрбір сөзін дұрыс айтып қабылдасаңыз – бәрінен бұрын, өзіңізге қиын болады. Тыңдарманды жаңылыстырып, оған да қиямет қыласыз. Есі барға: «Махаббатсыз – дүние дос, Хайуанға оны қосыңыз» деген түпнұсқа – сөздің бар мағынасын да мәндірін анық көрсетіп тұр ғой! «Махаббатсыз» деген сөздің өзі – «Құдайсыз» деген мағына. Сонда, «Құдайы» жоқ, «дүниеге жақын» адам айтылып тұр. Ондай адамды «хайуанға теңеніз» деп тұр. Ал, енді, «бос» сөзін қабылдап қолдансаңыз – онда, бірінші жол мен екінші жол тіптен де жанаспайды да қиыспайды емес пе!? Осыған қаншалықты

ақыл – зейін керек еді-ау?..

– «Достық» ұғымының – қасиет-қадірінің түп мәнісі неде?

– Достық – қол жеткен жерге дейін; Жолдастық – жол айрыққа шейін. Екеуі де – Бірлік; бірақ, алғашқысы салмақты да қомақты, – оның құрамында «махаббат» басым болады.

– Сонда, ақырға дейін «достық» болмайды ма? Өзіңіздің сондай досыңыз бар ма?

– Болады – өте сирек. Мысалы, көркем дүниедегі (бәлкім тарихтағы) – Гамлет пен Горационың достығы ақырына дейін жетті. Ал, менің әзіргі жалғыз досым – Герольд Бельгер; жанашырым – Сәбит Досан аға.

– Сөзден – сөз шығады. «Жан» мен «Қан» тұрасында айтсаңыз?

– Түсінікті. «Я кровью итальянец, душою датчанин» деген Горационың соңғы сөзінен шығып отырсыз ғой. «Қанына тартпаған» деген сөз бар. Бұл – бұл дүниедегі «тұрмыстық» сөз-ұғым; ал, жан – мәңгілік. Сіз күнделікті не ішіп-жесеңіз – соған тартып кетеріңіз рас. Қан – азық, тағам. Ертең ол қалады, анау жаққа жаныңыз ғана кетеді.

– Айтпақшы, «жан». Адамның жанына бұл өмірде не керек те қажет?

– Адамның жанына – титімдей де болса, «Септік» керек те қажет. Себебі, бұл жалғанда Құдайдың өзіне жете алмайсыз ғой, – тек қана, жақындай аларсыз...

– Енді, әлгі айтқан құдіретті «Махаббат». Екі түрлі жыныстылардың арасындағы нәзік сезім?..

– Бұл да бір Құдайдың басты да негізгі сыйы. «Бұл дүниенің бастауы да ақыры.» Махаббат – тазалық, пәктік, – дүние-боқтықтан тыс. Құдайдың өзінің хауызындағы нұрлы суға шомылғанмен бірдей зат.

– Ғашықтық. Өмірде таза махаббат бола ма?

– Дүниеде көп-көп нәрселердің шеті-шегі, ашық анықтамасы жоқ. Сондықтан да, болар: «ғашықтықты» – «нәпсіге» ұқсатып алып па, ал, нәпсіні – ғашықтыққа балап па, шатасып, бықып, айран-салымыз шығып жататыны бар. Өкінішке орай ма, әлде-қалай, ынтызар қос жүректің қосылуымен – ғашықтық аяқталады, – сыйластық басталады; өмір – тұрмыс басталады. Керек болса, тауқымет... Ғашықтық – «ессіздікке», сыйластық – «естілікке» тән. Өмір – естілік пен ессіздіктің қосындысы. «Өмірде бір-ақ рет ғашық болдым» дейтіндер – жарты дүниеден ада-күде бакытсыздар. Күніге, сағат сайын, сәт сайын ғашық боласың –

күйіп-жанып, өліп-тірілесің! Бұл енді басқа да бөлектеу әңгіме.

– **Махаббат алғаш анау жақта пайда болды ма, жоқ әлде осы жақта ма?**

– Анау жақта тек Құдайда ғана махаббат бар еді, бұл махаббатыңыз осында пайда болды, – «болдырды».

– **Құдай не үшін «болдырды»?**

– «Ұлық сыны» үшін.

– **«Отанға» деген махаббат ше?..**

– Адамның дәрежесіне қарай – Отанға, Әлемге, Айға, Күнге, Жұлдыздарға деген махаббат болады. Ең үлкені – **Жаратқан Жалғыз Иене – Құдайға деген махаббат**. Жалпы, Махаббат – ғашық-жарға, я досқа, адамға, Отанға – Алланы сүюдің басты құралы, жолы. Ал, енді, сіз сұрағанға келсек: **Есті де иманды жанды: Отанға деген ыстық ынтызарлық сезім, үзіле үздіккен шексіз сүйіспеншілік, жалынды да шерлі махаббат, азапты да ауыр ой-оты тынымсыз күйдіріп, қуырып-шыжғырып тұрады екен.**

– Екінші қырынан келелік. «Сүю – сүйіспеншілік»?..

– «Махаббат пен ғадауат». **Махаббат немесе Сүю дегеніміз: Жану – Күю де. Жана білген, күйе білген ғана – шын сүйе біледі, сағына біледі. Жалғанға: жақсы – төзіп, жаман – күйттейді.**

– **«Шындық» дегеніміз не? Ол қайда? Біреулер «шындықты айттым», «Құдайдай шындығым» деп үскірттіп те жатады ғой?..**

– Шындық – жүрек қақпанның періштелер мекен еткен нәзік саңлауларында ғана. Бұл жалғанда ешкім де толығынан шындығын айта алмайды, тек, ақырында ғана өзін жаратқан Иесінің алдында шындап басын иіп ішіндегісін ақтарады. «Кеш...»

– **«Ілім-білім»?..**

– Һәрбір оқыған сәтің – Құдіреті күштіге жақындай түскенің. «Бес парызыңның» өзі – ілім-білімнің жолындағы құрал. Абай боларыңыз – «сауаттылық» пен «саналылықты» еш шатастырмау керек.

– **«Ой»?..**

– Адам баласын – адам ететін де құртатын да: **«Ой»**. Қалай дегенде де – ойсыз болмайды. Ойланған – **«сұрақ»** қояды; сұрақ қойған – **«іздейді»**; іздеген – **«табады»**.

– **«Тәрбие»?..**

– **Адамның адамды тәрбиелеуі – «аңның аңды тәрбиелеуі»**. Бұл турасында Лев Толстой, Жан-Жак Руссо жеріне жеткізе айтқан. Адам өзі іштен тәрбиеленіп туады. Сіз тек оны сәт сайын, қадам сайын бұзасыз. Токетері: Адамның тәрбиесі де тәртібі де, санасы да сапалағы да, «совершенствосы»

да гармониясы да, басқасы да – ананың жатырында, анықтап айтқанда аталық ұрықтың аналық ұяға түскен сәтінен, тіптен, турасына келсек, одан әлдеқайда бұрын-бұрын... жаратқан бір Алланың әмірімен басталып қояды.

– **«Көңіл-күй»?..**

– «Көңіл-күй» деген – ол да бір көтігүл-күдірет: сені ойнатам десе ойнатады, жылатам десе жылатады.

– **«Жақсылық»?..**

– Кім-кім де біреуге жақсылық істесе – біреудің өзіне емес, **ісіне** істесін.

– **«Әйелсіз күн жоқ» деп жатамыз ғой. «Атамды анам азғырған» дейтініміз де бар. Сонымен, «Әйел»?..**

– Әйел мен Ананың айырмасы – Жер мен Көктей! Осыны біліп қою керек. **«Әйел» – жалтылама, жадағай ұғым; олар – көп. «Ана» – қасиетті де қастерлі ұғым, – аз. Әйел – алдайды, арбайды, сатады, сатылады; Ана – Жоқ!.. Ешқашанда!.. Олай болса: «Әйелі» көп ел – азады, тозады, жоғалады; «Анасы» көп ел – Мәңгілік! Ана – дүниенің тірегі. Арзан әйел – жегі құрт.**

– **«Адамның жасы»?..**

– Адамның жасы – **«жүрек сезіміне»** байланысты; басқалай есептеу – шартты, әлеуметтікке саяды. Бір мысал: Мұхаммед пайғамбарды Құдай бұ дүниеге келтірерден екі жүз жылдай бұрын жасап қойған екен; біздер тек мұндағы өзіміз білетін жасын ғана айтып жүр екенбіз... Тағы бір мысал: Біздерше Саттар Ерубай жиырма үш жыл ғұмыр сүрді, үйленіп, жар қызығын да көрмеді. Жүз жасағаннан ары сөздер айтып (**«мәңгілікті»** жырлап) кетті. Ойланyp көріңізші, «қалайша?...» деп. Ал, енді, қазір арамызда сексен-тоқсандағы кісілер жүр: біздердің аларларымыз да жоқ, олардың берерлері де жоқ, балаша ыржақтап, **«түрсіксіз»** шапқылап жүр?..

– **«Адамның сыры»?..**

– Басшы бол – қосшы бол, әкім бол-құқай бол, кім болсаң – ол бол, бәрі-бір – сырынды алдырып қойған соң: **«Құның көк тиын!»** – қызығың қалмайды.

– **«Қызғаныш» деген қызыл от!?**

– Сайтан – нақ өзі!..

– **«Азап»?..**

– **Айтарыңды айта алмағаннан, айтар таппағаннан асқан ауыр азап жоқ екен!**

– **Аз-маз өзіңіз туралы сөйлесек. Қалай өстіңіз? «Кімге тартқансыз» дегендей?..**

– Жасөспірім шақ (**1970-ке дейін мектеп**) – келешекке деген үкілі үмітпен, елең-алаңмен өтті. Жоғары оқу орнындағы

жастық дәурен (1970-74) – үкілі үміттің күйреуімен, өзегінді өртеген өкінішпен, қыз бен пиуаны қатар қуалаумен кетті (*Хэмингуей. Гертруда: «мы все потерянное поколение»*). Жігіттік уақыт (1974-91) – өзінді-өзің арақпен алдарқатумен, жалған серілікпен, бойкүйез-бейтараптықпен, іш-құсалықпен өтті. Жігітталық кездің бір бөлігі (1993-99) – қырсық-кесел, басқайғылықпен өтті. 1999 жылы, жадыраған жазда, 47 жасымда – Құдіреті күштінің «аяны» келіп, үміт оты қайта жарқ етті! Кеселдің беті қайтып, о баста берілген қасиет – «жазу» бойға оралды. Енді, үміт үзілмек емес!.. «Тама» десе, жалпы «кіші жүз» десе құлағым елендеп тұрады. Аландап... андыздап та тұрамын-ау. «*Үйдің жақсы болмағы ағашынан, жегіттің жақсы болмағы нағашысынан*» дейді ме өзі қазақ. Өкініш, қасірет сол: Шешемнің туғандарының бірін де көре алмай қалдым емес пе! – түбірінен түгел қырған ғой «қанішер қызыл сәбет» сонау «Тамалар – Аллаһу» (1930) көтерілісінде.

– Не көрдіңіз – өткеніңізге ризасыз ба?.. Шығармашылығыңыздың бағыт-бағдары?

– Мен – «көп-көп жасап, кө-ө-өп көрдім!» Аллаға мың да бір құлдық, – елеп, есіркеп, сүйрелеп те алып келе жатқанына. Дегенде, «иттерді... итшілікті» көбірек көрдім (*Бір Құдайым өзі бейкүнә ойларымды кешірсін де қабыл етсін*). Осы жасымда бір сәтке тоқтап, ойланып қарасам – ә-ә-жеп-тә-әуір дүние-танымға қол жеткізіппін. Бір шүкіршілік қылсаң – осыған шүкіршілік қылуға болардай-ақ екен-ау. «*Телегей де толағай теңізде жүздім, аласапыран аспан астын кездім...*» бейкүнә да бай-патша ой-қиялдарыммен. Мүмкіндігінше, айтарымды – айттым, істерімді – істедім. Барынша, ар-намысымды, ұятымды сақтадым... Менің айтып, хатқа түсіріп, уағыздап-жырлап, зарлап та зырлап келе жатқандарымның түп негізі не еді өзі? **Көркем келбет кескіндері.** Яғни, Құдай – оның нұр-сәулесі, мейірім-шапағаты һәм сөз-құдіреттің қадір-қасиеті мен киесі де сұрауы.

– Сіз бір кісі туралы, шығармашылығы жайында жоғары нотада бірнеше мәрте «пассаж» жасадыңыз, – айтып-жаздыңыз?..

– «Тік жүрдім, тура сөйледім.» Бірақ-та, бұл өміріңізде әрқашанда сіз ойлағандай бола бермейді ғой?..

– Сынға қалай қарайсыз? Сосын, сізді, жазбаларыңызда «көп нүктені» көп қояды, «анайылау сөздерге» жақындау» деп те жатады ғой осы жұрт?..

– Біріншіден, «жұртыңыз» – көбінесе, «жын». Сынға, мейлі құйтырқы-ақ сынға – «*сынап-мінеп қойды*» деп емес, «*түйірдей де болса аларлық несі бар екен-ә?*» деп қарағаныңыз әлдеқайда абзалды. «Көп нүкте» белгісі – менің сенімді серігім, жанашырым, құтқарушым. «Анайының» аты – анайы; ал, менікі – «Ақиқат». Ақиқатты мәймөнкелемей, жыбыршымай, жырбаңдамай – сол күйінде айту керек! Ұялмайтын жерде ұялшақтана қалу – «күлкілі»... **Көрсетші маған сол ұялшақтарды?! Байқайын шеттерінен бір-бірлеп!..**

– «Кейде қырсық, қыршаңқылау, құйтырқылау сөздерге бейім тұрады» депті Герольд Бельгер досыңыз әрі ағаныз. Сіздің... тіліңіз?..

– Оныңыз бергі жағы ғой. Одан да, Абай атаңызды тыңдаңыз: «*Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар шығады тілімнен! Ащы тіл, улы сия – не жазып кетсең өзің біл!*»

– Қайда болмасын, әйтеуір, басшылық керек. «Бассыз» болмайды. Енді, осы «басқарушылық» немесе «бас болушылық» тарапында сөйлесек. Біреулер он адамды басқарады; біреулер жүз, біреулер мың, біреулер жүз мың, енді біреулер миллион, тағы біреулер... Кілтипан сол – «жоғарылаған» сайын басқару оңай» дегендей біздерде түсінік қалыптасқандай. Рас па?

– Өтірік. Жалғандық. «Күлкілі де күйкілі!..» Басқаруындағы нысан көбейген сайын – жауапкершілігің артып, мойнына салмақ молырақ түспей ме? Сол нысанның – (қарамағындағы халықтың) – ең бастысы, Құдайдың алдында. Кішкентай бір мысал: Сіз үйіңізге арнайы қонақ шақырасыз; біреу ме, екеу ме, екі жүз бе... – міндетті түрде барлықтарының да көңілінен шығуға тиіссіз, бөле-жармауыңыз керек. Әйтпегендейде, жаман тірлік – күнә болады. Бұл – «Кітап» сөзі де.

– Сіз өзіңіз басқарушылыққа – билікке араласуға қалайсыз?

– Мүлдем де жоқпын. «Дені сау уақыт – жетілген қоғам» болғанында, онда әңгіме басқашалау еді. Мен еркіндіктің – шығармашылықтың адамымын. «*Мен бұ дүниеңізге еркін келіп, еркін кетіп барамын*». (Тағы да, *Бір Құдайым өзі кеңдігін жасап, жар болсын*). **Мені басқарудың да қажеті жоқ; менің басқаруымның да қисыны жоқ.** Жалпы, қайбір қасиетті де бойыңа Жаратқан Иенің өзі береді ғой. Негізі, кім-кім де сол бойға

берілгенмен шұғылданғаны жөн де абзал еді. Әйтпегендейде, былықтырып, нәжісін шығарып, өзін де оңбаған боп өтесің; ал, ертеңгі күні – анау жақта тіптен де қиын жағдайға тап боласың!

– «Дені сау уақыт – жетілген қоғам» қай кезде пайда болады?

– Бала туады, оны бағып-қағып жетілдіресіз, – бұл сіздің парызыңыз да қарызыңыз. Сосын, ол аяғына тұрып өз бетінше тірлікке араласады. Сол сияқты, әлгі айтқан «*басқарушылар*» – «дені сау уақыт – жетілген қоғамды» біртіндеп жасап, құраулары тиіс. Міндетті! Парызы да қарызы!..

– Ал, «басқарушыларымыз» өз бастарын күйттеп, «жасайтынын» жасамай бүгінгідей бетімен лағып кетсе ше?..

– Онда, қоғам өзі түзеледі, – түзелу үстінде де ғой. Тек, айырмашылығы, көптеген уақыттар зая кетеді. Небір тауқыметтерді кешесіз. Ақиқат: «*бұлақ басынан тазармайтын болса, онда, аяғынан басына қарай тазаруына*» тура келеді! («*Если Магомет не идет к горе, то, гора сама идет к Магомету*»).

– Пенде кемшіліксіз болмайды ғой; өзіңіз де, «ақымақпын» деп, «Ақымақ» деген дүниеәуи көркем әңгіме жазып, жер жаһанға жариялап та жар салып жүрсіз емес пе – кемшілігіңіз?.. Һәм шыдам – шыдамдылығыңыз?..

– «Мың бір түннен» әлдеқайда бұрынғы, «Кәлилә мен Димнә» дейтін кітаптан бір үзінді келтірейін: Осы, таяу оңтүстіктегі қоңсылас та тату үш елдің патшасы бір-бірімен кимас дос екен. Жиі-жиі бас қосып, «гәпідесіп» тұрады екен. Бір жолы, сөз кезегінде, біреуші: «Патшамыз – ал, енді, біздердің биліктегі ең басты кемшіліктеріміз неде екен, осыны шын-пейілімізбен айтып-мойындалықшы?» дейді. Сонда, екінші біреуші: «Көп сөзділігімізде» деген екен. Осыны үшеуші де хұптасып, хоштасып тарқасқан екен дейді. Мен өз басым – көп сөйлегенге құмар емеспін, бірақ-та, кей-кейде алды-артыма қарамай ақтарылып кеп кететінім бар. Сондайда – опық жеп жататыным бар. Аңқауым. Аңғалмын. Сенгішпін... Сосынғым: «Стефан Цвейг: «Нетерпение сердца»...

– «Ұрлық – қарлық – зорлық»... Басқарушылық қасиет бойына берілмесе, бірақ-та, «басқаруын» артып, жоғарылай түссең – осы аталған пәлелер де өсе түсе ме?

– Әрине, солай...

– Осы күндері «ұят-аят» дегеніңіздердің мүлдем де мәнісі қашқандай;

«сөз» дегеніңіздің қадірі қалмағандай; «уәде» – түкірген есепті; «ант» – түшкірген нысапты. Әсіресе, сол... өздеріміздің «басқарушылар» тарапынан?..

– Бәрі де айдан анық – бесенеден белгілі болды ғой. Осы күнгі «басқарушыларыңыз» түгелге жуық кездейсоқ келіп-кетушілер. Бір сөзбен айтқанда, қылмыс арқылы келгендер, – сол қылмыстарын жалғастырып, үдетіп жатыр. Менің бұ жалғанда «анық басқарушыны» бір білерім – Махатма Ганди...

– Осы, соңғы айтылған ақыретилерді дөңгелектеп қойсақ. Дөңгелектегенде – «көпшіліктің көз жасы – халықтың көз жасына қалу» дегендейлер бар емес пе еді?..

– «Халықтың көз жасы жібермейді». «Бұ дүниенікі – о дүниеге кетпейді де жүрмейді.» Бұл – «айдан анық, күннен жарық» – аксиомалық сөз де ақиқат. Істеген қай ісіңе де өткен-кеткен жеті атаңның әруағымен, келешектегі де (егер де бола қалса) жеті жүз жетпіс жеті ұрпағыңның жетіскенімен жауап бересің!..

– «Пәледен машайық қашыпты». Енді, бұл жағын Жаратушының өзіне қалдырып, Әдебиетке ойыссақ. Шын мәніндегі «Әдебиет» не?

– Әдебиет – Құдіреттің өзінен келген құдірет; Әдебиеттің алдында бір-ақ ар болуы тиіс, ол – әдебиеттің өзі. Әдебиет – (кейбір ньюанстары) ғылыми жолмен ғана емес, негізінен, жүрек тілімен зерттелінеді, – тұщылынады; Ғылым – Әдебиеттің сіңісі, Пәлсапа да солай; Әдебиет – Жоғарыдан жеткен Ұлық Сөздің шуақты да шапағатты нұр-сәулесі немесе сол нұр-сәулелердің көркем кестесі. Әдебиеттің құдіреті сонда: әуелім намысыңды оятып, шабытыңды ұштап, шарықтатып, содан соң – сені көз жетер-жетпес көгілдір көкжиектерге қарай еріксіз дедектете сүйрелеп, арқаңнан итермелеп, жаныңды қоярға жер тапқызбауы керек; еліттіріп, есіңнен тандыруы керек; аспандатып, тұңғиықтатып, жылатып, күлдіріп, нәтижесінде – жұмақта жүргендей немесе тозақта шығзырылғандай да халге түсіруі керек!

– «Үлкен шығарма» дегеніміз не?

– Үлкен шығарма: жоғары көркемдік, терең ой, ерен азаматтық!

– Дәл қазір біздерде үлкен шығарма бар ма? Оны қалай танимыз?

– Бар деп те, жоқ деп те айтуға болар-ау. Күрделі де кешенді шығарма – «жібі түзу» деген санаулы-ақ пенделерге қарата хатқа түсірілетіндей; оның келешек тағдырын со-

лар жасайды: олар – жүз адамға жеткізсе... жүз адам – мың адамға... мың адам – жүз мың адамға... ал, жүз мың адам... Ең-ең үлкен қасірет-қайғының бірі де түбегейі: Абай-һәкім атаның *«Сөз түзелдісін» («ескі сөз»)* – мына бүгінгі ағайын да жөндеп ұқпай-ақ, бір кісідей қабылдамай-ақ қойды-ау!?!.

– Үлкен шығармалар қалай туады – хатқа түсіріледі?

– Өткен бір тарихты (2006) айтып, сұрағыңызға сонымен жауап берейін: Бір... спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын уағыздап, шығармашылықпен де айналысып жүретін үлкен ағайым үнемі айта береді ғой: «– Денсаулығыңды күтпейсің бе? «Анандайға» ұрынып та қалып, апталап азап шегіп те жатасың. Маған қарамайсың ба... алпысқа келсем де – «атлетпін! – стойка на голове» жасаймын» – деп. Мен... шамасы, мәңгілікті жаратылған: «– *Дүниедегі әрбір сезім-түйсігі түгел пенде – жеке-жеке, бір-бір әлем; оларға – жалтылама, жадағай, бірыңғай «рецепт» жүрмейді; әрқайсылары өздіктерініше ауырады, өздіктерініше емделеді, өздіктерініше өледі де*, – деп аламын ғой әуелі. Сосын: – Абай атамыз, Мұқағали, Жүмекен, Төлеген, Тәкендер қай қиырлардағы құтырынған көк-бет долыларды жындарын одан бетер қоздыра қайырып әкеліп, армансыз айқас-шайқастарға шығып немесе денелерінің бір жерлерін тырналап, қыршып, қанжар сұққылап қанатып, шыбын жандарын шыркырата жұлып-жегілеп отырып туындыларын дүниеге келтіретіндей ме? – деймін. Тағы да: Мұқағалидың Алматыдағы «шахты» аталып кеткен кабакта (бұрынғы «Киров» көшесі) стаканындағы виноға пиуа араластырып, одан кейін стөлдің үстіндегі бар ащыны (*тұз, бұрыш, горчица, аджига, т. т.*) қосып, қасықпен әбден араластырып, «тұздықтатып» тартып отыратындығын – жанына жақын «есірік студенттерге» де сөйткізетінін әңгімелеп беремін ғой. Ал, ақынғой-ағам менің болса: «– ???...»

– Жалпы, ақын-жазушының міндеті я миссиясы немесе «парызы да қарызы» дейміз бе?..

– Жазушының міндеті: оқырманның қалғып, мүлгіп тұрған бір-р-р... нүктесін оята білу, – одан әрі, мүмкіндігінше қоғамға ой салу; сөйткен жазушы өзін бақыттымын деп есептесе болады. Жазумен шұғылданып отырғандар екіге бөлінеді: бірі – о баста «жазуға» жаратылғандар (*бірді-екілілер*); екіншісі – *«әсемпаздар»* (*тобаяқ-тобырлар*)... Біріншіден, алтынның өзі бар – сирек қолданылатын, ұқыптап

ұсталылатын; екіншіден, алтынның суы бар – жиі қолданылатын, кез-келген нәрсеге жылтыратып жапсырылатын, кейіннен лактырылып тасталылатын. Біздердегі топырлаған топайкөк ақынғойлар – осы айтқанымыздың екіншісіне келеді.

– Біздерде «Әдебиеттен» гөрі – «Атақтың» (шатақтың) дәрежесі әлдеқайда өсіп, өркендеп, тіптен де зорайып та қақиып кеткен жоқ па?! Осы құрғырыңыздың жолында «ата жауға жасанып шаппасақ та – өзара атойлай қан майдан қып» жатамыз?..

– Ең бір күйкі сауал да мәселе. «Қасірет!». Атақ өзі келсе – қайырлы; ал, сұран, тіленіп жүріп алсаң – «сұраулы». Әдебиет – «товар» емес, – сатып, сатылатын; Әдебиет – қасиет, кие, – қастерлен, тұтылынатын. Әрине, бұ дүниеңізде қайбір де еңбектің еленгені жақсы. Бірақта, «еленбеді» деп Әдебиеттің жолында «бықсық» жасау – күнә. Ондай жасап жүрген әдебиетшілер өздерінің арттарын өздері ашып аларын біле де бермейді-ау! Олар шын әдебиетшілер емес, ішіне кездейсоқ кіріп алған жансыздар. Еске бір тарих түседі: Былығып-бықырып жатқан «93-інші» жылдары ма екен... Беларусь мемлекеті «келді бұзбай, жайына жүрсін» дегендей есеппен бес бірдей жазушысына «мемлекеттік сыйлығын» бере салды. Текті де ақсүйек жаратылған Василь Быков бастаған бес жазушы да ол сыйлықтан бірден бас тартты... Быковтың өзі... шетке ауды.

– Қашанда қоғамның бет-айнасы зиялылар болып келеді. Олардың басым көпшілігі ақын-жазушылар екендігі белгілі. Бүгінгі тәуелсіз күніміздегі зиялыларымыздың хал-ахуалы қалай?

– «Қызыл кеңес» кезінде «зиялылар» деген жалған атпен тексіздер сөйлеп келді. Қоғам ауысты. Қазір де, сол тексіздер сөйлеуде. (*Басым көпшілігі*). Аты өзгергенімен – заты өзгерген жоқ. Біздердегі зиялы – билік пен халықтың арасындағы перде, – делдал. Қайта, сол перде – «Делдал» – тәуелсіз атанғанымызда бұрынғыдан да «қоюлана» түскендей (*«Делдал өткен көпіден я жолдан – біршама уақыт өткізіп барып өт»*). Зиялы – зиянкеске айналып біткендей.

– Жарықтық Абай... Абайсыз – сөз де жоқ, іс те жоқ сияқтанады. Тәкен «Жұмбақ жан» деді. Сіз бір сөзіңізде: «Пірім менің – Махамбет! – даналығы атам Абайдың» дедіңіз. Енді?..

– Абай – Алла Тағаланың: «Адамзаттың ішінде айрықша жаратқан пендесі». Абай –

Жазушының жан сыры

өзгеше бір... Әлем. *Қазақ-Отанның: Іс-ләм діні – керегесі; Ұлттық салт-дәстүр – уықтары; Абай – шаңырағы.*

– Абайдың өткен ұлы ақындардан айырмашылығы неде?

– Философ Аристотель – «Һәкім» (ұстаз) атанды. *Әдебиетте, поэзияда – алғашқы да соңғы Һәкім – Абай.* Ал, енді, Әдебиет – Пәлсападан жоғары екендігін білесіз ғой...

– «Жақсы адам» дегеніміз кім?

– «Жақсы адам» дегеніміз – өзінің Құдай қосқан қосағына ғана «белгілі бір қызғанышы» бар, бірақ, басқаға, басқа нәрселерге ешқандай да қызғанышы жоқ, бекерден-бекер алашақ-берешегі жоқ адам. Мен үшін ең жақсы адам: адамға келіп білмеген-түсінбегенін сұраған адам және де, білмеген-түсінбегендеріңді алдына барып сұрағанда адамшылық жасай білген адам. Мен өзімді айтар болсам – ашықпын. Осы уақытқа дейінгі жазған-сызғандарымның төбесіне: *«Адам іздеген дәруіштің қияметті хикаяттары»* деп баттитып жазып, мөр басып қойдым. Қалаған кісі келсін я шақырсын... Координатым: сот. 8-701-264-21-87; e mail: igen-aimen@mail.ru

– «Қазақ» қайда барады? Бара алады ма?..

– Көкке барады! – қалайда барады. Қай «көк» екенін Бір Құдайым өзі тексеріп білер...

– Деген де... мал бағып, мал бұлдаған, кең дүниеде кең жайылып-жусаған қара да қоныр, қисық та қыңыр қазақтың кішкене де болса келешегінің «көгілдірлігі» бар ма?..

– Айналып кетейін-ай! Әрине, әлбетте, бар! Өзіңіз айтып-қолданып отырсыз емес пе – «мал... кең-кең» деген сөздерді. Осы сөздер, – **біріншіден**, «мал» деген бейкүнә «халық», **екіншіден**, «кеңнің» аты кең, – бекер сөздер емес. *«Кең болсаң – кем болмайсың». Осы «Кеңдік» – кеңдігін жасап, ақыры бір алып шығады қазақты... («Батыстың» аты – батыс; олар – тарылып, қусырылып, құтырынып та, сөніп-сөміп те, батып барады).*

– Сіздің ұстанымыңыз – «кредоңыз» деп жатады ма?..

– «Алланы сүй, адамзатты сүй, әділдікті сүй, – осы үш сүю болады имани гүл». *Абай-Һәкім ата.*

– Бүгінгі күнгі өзекті мәселеніз – мақсат-мұратыңыз – арман-тілегіңіз? Және-десін, жалпы, бұл өміріңіздің мәні де сәні неде екен өзі?..

– «Ұлттық тазару – мойындау – бір-

бірімізден кешірім өтіну». Бүгінгі аға буын осылай істемейінше, арқамыздан ерген келешек ұрпақ ешқашанда түзелмейді; қайта, құйтырқылықтарыңыздың нешеме аталарын сізден де асырып, құлпырта жалғастырып, үдетеді. Оның ақыры не боларын бақамдай беріңіз. Ендігі, сосынғы бар арман-тілегім: *«Мәңгілік сағыныш – сағым бір бейне, – білгің келсе, жүрегімнің айнасы да сол бейне»*. Бұл өміріңіздің мәні де сәні – (Тераған менің айта беретіндей) аландамай бас салып адалынан еңбек ете беру, адалынан еңбек ете беру, адалынан еңбек ете беру. Сіз бұл өмірге қуана, ризашылықпен келіп едіңіз ғой – олай болса, оны-пұны теріс ой-тірліктерден арылудың ең қысқа да төте жолы осы. Бұл – Құдайға құлшылық та.

– «Жорналшы» – кім?..

– *Нағыз жорналшы – нағыз жаңалықшыл, ешкім көріп-білмеген, қай қиыр-қияндарда, қай қуыс-түкпірлерде қиыла менмұндалап жатқан асыл-затты я қайғы-қасіреттерді бірінші боп көріп, тексеріп, түгелдеп, халыққа бірінші боп жеткізе білген жорналшы; немесе, ол – «сексен сегізінші аспанды» аша білген жорналшы!*

– «Ақиқат» оқырмандарына, жалпы жұртшылыққа айтар бірер сөзіңіз немесе нақыл-нәсіеттеріңіз?..

– Абай-Һәкім атаң айтпақшы: *«Бұ дүниеде ойлы адамға қызық жоқ»*. Осыны «бір» деп мәңгілікке тастүйін бекітіп қойыңыз. Сосынғым: *«Ойлы адамның: бұ жалғандағы бақытсыздығы – ертеңгі бақыттылығы»*. *«Атадан асып туған бала – асыл; тең туған бала – санда бар; кем туған бала – жоқ есебі»*. *«Ісің адал болсын; өзіңнен гөрі – сол қажеттірек»*. *«Адам – айта беріп...» болмайды»*. *«Мақтаннан сақтан, тексізден сақтан»*. *«Қазақ: бағыңның бәсі – барыңды бағалап, базарлай білуңде»*. *«Жарық дүние есігін о баста – ренжіп, қапалықпен ашқан жоқ едің ғой!?»*. *«Ынсапсызда – ұят жоқ, Ынсаптыда – «шама» жоқ; Дүние-жалған тұрлаусыз, Жардан өзге – ешкім жоқ»*.

– Енді, сұхбатымыздың соңында бір түйткілді сұрақ. Сіз: «Өмір» деген – «Сіздер», «Өлім» деген – «Біздер» дедіңіз. Осы сөзіңіздің шымылдығын түріп берсеңіз?

– «Сіздерім» – «ойнампаздар», «Біздерім» – «уайымпаздар» дегенім еді ғой. Немесе «*напсіге*» шырмалғандар мен «*тәубашыл*» бейбақтар. «Сын – таразы».



Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ҚАЗАҚ ҚАЛПЫ

Мылқаулар шырқаған әнұран

Құдай басқа салса қайтесіз, біреулер мына жарық дүниеге мылқау болып келеді. Қазақтың бір тұсы – «мылқау», екінші тұсы «мақау» деп жататын ғаріптерді орыстар «глухонемой» дейді. Бейшаралардың не құлағы естімейді, не сөзі жоқ.

Кеше бір телеарнаның жаңалықтарынан осындай ғаріп балалардың әнұран «айтып тұрғанын» көрсетті. Кәдімгі мұбарак еліміздің – Қазақстан Республикасының гимні! Ішінде қазағы бар, орысы бар, басқа да ұлты бар – құрақ көрпенің үйлесіміндей қара, сары домалақтар қол қимылымен мемлекет гимнін шырқап тұрды. Сонда менің көзіме жас келді. Мақтаныш пен аяушылықтың жасы!

Айналайындар-ай! Адал туып, қиындықты арқалағандар-ай! Арман мен үмітті, сезім мен мұңды жалғағандар-ай!

Біреулер мына жалған дүниені жалпағынан басып, ұлттың, елдің, мемлекеттің не екенін сезінбей, сәт сайын ұлық ұғымдарды аяққа таптап жүр. Олардың тілі де сайрайды, құлағы да ашық. Бірақ, рухани «глухонемой»! Солар бар ғой, солар Қазақстанның гимнін айтпақ түгіл, менсінбейді де! Үлкен мемлекеттік жиындарда әнұран шырқалып жатқанда, олар сахнада «жоғарыдағылар» тұрса ғана қолын өтірік кеудесіне қояды, бірақ, гимнді айтпайды. Ал, ондайлар тұрмаса қолын жүрек тұсына апармайды, қалтасына салады...

Менің Аман атты бір қадірлі ғалым ағам бар. Сол кісінің егіз қызы дүниеге ғаріп боп келді. Бұл бір ата-ананың трагедиясы ғой. Бірақ, рухы күшті Әбекең тағдырдың қиындығына мойымады. Сол қыздарды Петерборға дейін апарып, арнаулы оқу орнында оқытты. Балаларын адам ету жолында ғалым ағамыз сол оқу орнының аула сыпырушысы да болды. Қазір егіз қарындасымыз – Қазақстанның ғана емес, әлемнің белгілі суретшілері. Адам жанына әсер етуді мұқият меңгерген Ватикан

олардың бірер суретін қалап алып, тандаулы көрмежайға қойғанын қайтерсіз...

Мылқау балалар әнұранды қолмен қойғандай шырқап тұрғанда Әбекеңнің егіз қызының адамдарды үйлесімділікке шақырған кенептегі, gobelendeгі қилы-қилы суреттері көз алдыма келді...

Сонан соң Елебек есімді архивтің шаңын жұтқан таныс інішектің қайсыбір әңгімесі санамда жаңғырды. Ол бүй деген-ді: «Ислам дінінің кереметтігін, бар нәрсені қамтығандығын білген сайын таң қаламын. Бұрын ойлаушы едім «Дүниеге мылқау болып келгендер қалай діннен шет қалады?» деп. Ташкент архивінен соның жауабын таптым. Ислам дүниесінде мылқауларға діннің, дүниенің сабағын үйрететін тәсіл, жол бұрыннан-ақ болыпты. Түркістан өңірінде осындай бірнеше медресе жұмыс істепті. Осыны білген соң «Ойбай-ау, бүгінгі Қазақстанның мылқаулары өмірден дінсіз өте ме?» деп қам жейтін болдым...».

Ертеректе біздің жақта мықты діндар ақсақалдар өтті. Солар құдайы тамақтарда қасиетті Құраннан, пайғамбарымыздың Хадистерінен сөз бастайтын. Жаратқанның аясында мылқау да, соқыр да – ғаріп жандар ғой. Зағиптарға байланысты Мұхаммед (с.ғ.с.) былай депті: «Расында Алла айтады: егер құлымды қос жанарынан айырып сынасам, ал, ол оған шыдамдылық танытса, оның менен қайтарымы – жұмақ болады» деп» (Анас бин Мәлік жеткізген).

Ғаріптерге Жаратқанның не бұйырғары белгілі екен, ал, сол шарасыз бейбақтарды ата дініне, ана тіліне, баба салтына жақындатпай отырғандарға Құдай нені бұйыртады екен?..

Шын ықыласпен Қазақстанның мемлекеттік әнұранын қолмен шырқаған балақандар туралы телекөріністен соң осы сұрақ ойымнан кетпей қойды.

«Шаш кескен қыз» оқиғасы

Әне бір жылы республикалық жастар газеті: «Санаулы жылдардан кейін бүгінгі кіндігі ашық қыздарымызбен жылап көрісеміз. Қазір Шығыстың мұхитқа таяу елдерінде қыздар омырауын толық ашып жүретін болды» деп жазғаны бар. Салт-дәстүр деген – өте

қызық құбылыс. Менің бір жолдасым айтады: «Бетіне опа-далапты баттастыра жаққан, кесілген шашын қызылға, күлгінге бояған, бұтына – шалбар, үстіне – әлем-жәлем бірдене киген әйелдеріміз Абай заманына көктен салбырап түсе қалса, жұрттың бәрі «шайтан», «албасты» дер еді» деп. Біз де солай ойлаймыз. Осыны бажайлай отырып, бір кез «Айтпақшы, 70-жылдардың басында ауыл қыздары шашын қиғанда не болып еді?» деген ой да басыма сап ете қалды.

Әлі есімде, біздің ауылда шашын алғаш кескен қыз – үлкен қалада дәрігердің оқуын оқыған Күлән деген қарындасымыз еді. Оны білетін себебім, ағасы менің құрдасым әрі досым-тын. Күлән – Мырзабай деген сол кезде әжептәуір шау тартып қалған кісінің қызы. Мырзакең – өте қатал адам. «Қырық жерден тыйымды» қыз түгіл, ұлға да салып жіберетіні бар. Қатал кісінің үйінде, әрине, тәртіп болады. Балалары өте жақсы оқыды. Күлән мединститутқа мектеп бітірген жылы-ақ түсті. Сол Күлән 2-курсқа іліккенде, құрбыларына еріп, шашын кеседі ғой, баяғы. Рас, өзіне де бұл қадам оңай болмаса керек. Соны түсіндіріп алғаш сіңлісі арқылы шешесіне хат жазады. Сірә, суретін де жолдаса керек.

«Сұмдық оқиғаны» қыз шешесі отағасына қалай айтарын білмей қиналады. Бірақ, әйтеуір ебін тауып жұқалап жеткізеді. Сонда Мырзабай шал өте қатты ашуланды дейді. Мұны маған баласы (досым) айтты. «Шашты кесу – діннен шыққанмен тең. Мен оны қалай көрем? Ел бетіне қалай қараймын? Жауап хат жазбаңдар. Әй, Сайлау (досымның аты), қалаға өзін бар да, ана қызға айт «Менен туған қыз болса, елге шашымен келсін. Аттың құйрығын жалғай ма, иттің құйрығын жалғай ма, онда жұмысым жоқ» деп...».

Әрі қарай Сайлау дос айтады: «Үлкен қалаға барсам, Күлән сабақта екен. Кешке дейін тостым. Бір кезде келді. Әкемнің сөзі өтіп кетті білем, қарындасымның түріне қарамай, көзімді басқа жаққа аударып сөйледім. Бәрін айттым да, жөніме кеттім» деп.

Бір қызығы, сол «шашын кесіпті» деген Күлән ауылға ұзақ уақыт келмеді. Кейін бір келгенде, шашы баяғыдай ұзын екенін көрдім. Әкесінен ыққаны, бәлкім оны сыйлағаны ғой... Алайда шағын ауылда «тұңғыш шаш кескен қыз» оқиғасы әңгіме болып қалып қойды.

70-жылдары ауыл қыздары жаппай шаштарын кесіп жатты. Бұл көрініске Мырзабай шал қалай қарағанын білмеймін. Дегенмен, салттан безгенді діннен шығумен салыстырған қария көп нәрседен түңіліп кетті-ау деп ойлаймын. Әйтеуір, «шүкір» дейтін жай, сол шал қазақ қыздарының тытпатып шалбар киетін дәуірін көрмей дүниеден озды.

«Үкіметтің бәрі қойшы болған»

Осылай деп бір апамыз айтыпты. Баласы қалаға кетем деп ыңылдай берген соң, ауыздан шыққан «жұбату» лепесі ғой бұл. Бірақ, ол әйел сұңғыла екен, біліп айтыпты. Кеңестік салттың бір ерекшелігі – «жұмысшы мен колхозшыны» жақсы көретін. «Жұмысшы табынан шыққан» деген бір ауыз анықтама – кез-келген азаматтың үлкен биіктерге бағытталған дүмді жолдамасы-тын.

Кәдімгі Сәбит Мұқанов айтқандай, «сап-сарыала жөргекте де «тап» деп жатқандардың» шындығы кейін ашылды ғой. Рас-өтірігін бір Алла біледі, бүгін солардың көбі – «текті тұқымнан», «асылдың сынығынан», «пайғамбардың үмбетінен». Осы туралы оқымыс бір інімнің мынандай айтқаны бар: «Мен энциклопедияларды оқу мен салыстырудың керемет маманымын. Үйімде қазаққа қатысты анықтамалықтардың бәрі дерлік бар. Соларды салыстырып отырып, бір шындыққа көз жеткіздім. Кеңес тұсында шыққан бұрынғы-кейінгі ірі саяси шенеуніктердің, ғалымдардың, ақын-жазушылардың бәрі де – кедей тұқымынан, 80-90 пайызы алғашқы қызметін қойшы, сауыншы, қара жұмысшы болып бастаған. 60-70 пайызы жоғары оқу орнын сырттай оқып бітірген және оны мақтанышпен тайға басқан таңбадай етіп жаздыртқан. Ал, енді тәуелсіздіктен бергі энциклопедияларды қарасаңыз, таң қаласыз. Сол өмірбаян. Бірақ, «кедейлігі», былғаныштау жұмыс істегені, сырттай оқығаны көрінбейді. Керісінше «аталары текті болғаны», бірнеше университет бітіргені, шетелдік ыс-парлары (одан елге не пайда келгені жазылмайды, әрине), ағылшын тілін білетіні, қайырымдылық шаралары (иманды адам қайырымдылығын бұлдамайды ғой), ел экономикасын дамыту жолындағы жобалары, ғылыми диссертация қорғағаны, кітап-жинақтары (көрсеткені рас болса, біз баяғыда ұшпаққа шығуымыз керек еді) тізбектеліп жазылады. Міне, бұл – біздің танымымыздың айнасы әрі бүгінгі болмыс-бітіміміз...».

Оқыған адам біледі ғой, менің бұған қосып-аларым жоқ. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалы келген өледі» деп жүре береміз де, баяғы. Жарнамаға «жалған сөйлем!» деп айта алмайтын кеңшілік заманда жұрт білгенін істейді-дағы.

Молда, атеист және «старовер»

Бұл өзі – осы күніміздің мысалы. Ағарғанда күніміздің әңгімесі. Маған оны Сақажан

деген інім айтып берді. Мен оны «Сақа» деймін. Сақажан – мәдениет саласының қызметкері. Сондықтан, түрлі жиын, басқосуда жиі болады. Көпті көреді, көпті түйеді.

«Алдыңғы жетіде бір қызық оқиға болды, – деп бастады бір жолы әңгімесін Сақа. – Мұғалімдер даярлайтын колледжде қоғамдағы имандылық пен тәртіп туралы бір мәдени шара өткіздік. Бұл оқу орнында негізінен екі ұлттың өкілі оқитындықтан, біз сабақ екі тілде жүретін болғандықтан, қазіргі дәстүрге сай мешіттің молдасын, шіркеудің священнигін және қазақтілді ғалымдар мен орыстілді ғалымдарды қатар шақырдық. Ойымыз – әдемі диалог болсын деген дәме. Обалы не керек, ешкім «протоколдан шығатындай» сөз сөйлеген жоқ. Шара достық рәуіште өтті. Бірақ... мен есімнен кетпестей бір жағдайды байқап қалдым. Біз, жиынға нәр берушілер, дөңгелей отырмыз. Сыртымызда жай орындықтарда дөңгелене колледж студенттері жайғасты. Шақырылған қонақтар бірінен кейін бірі сөйлеп жатты. Бәрі – алақандай айқын жерде тұр.

Алғашқылардың бірі болып молдекең сөйледі. Иман мен тәртіпке қатысты қай сүре-аятта не айтылғанын таратыңқырады. Осы әңгіме айтылып жатқанда, университеттен келген философ ары-бері жыбырлап, қолын да, көзін де қоярға жер таппай отырды. Сонан соң сөзді священник алды. Ол да «Ветхий завет»-те бұй деген, «Святой Павел» былай айтқан деп, христиандық біраз еңбек тәмсiлдерін баяндады. Бұл жолы философымыз біраз саябырсып отырды. Үшінші болып сөз сол «ғалымға» тиді. «Дүниені танудың, кісілік қатынастардың екі жолы бар: бірі – ғылыми, екіншісі – діни» деп бастады ұзақ сөзін бұл қасқаң. Ара-арасында «бүгінгі қоғам қызық, дін жолында фанатизмге бой алдырып, біз дәлелдеп берген өмір сүрудің айқын жолынан қашқақтайды...» деп қояды. Астапыралла, мынау өзін немесе «философиясын» Құдайға балап тұр ғой! Домбырам не дейді, философым не дейді?.. Атеист-философ сілтеп тұрған кезде еріксіз көзім молдаға түсіп кетті. Молдекем «отключаться» етіп, ұйқыны періп отыр. Сірә, кеше қаза оразасын ұстап, түнде сәресіге тұрған немесе таңғы намаздан кейін көз шырымын алмаған...

Төртінші кезекте сөз жоғары мектепте 30 жыл дәріс оқыған орыс әдебиеті маманына берілді. Апайымыздың ұлты – қазақ, тілі – орыс екен. Ал, сөйлеп кеп жібергенде... «дінін» де байқатып алды. «Қазақстан жері – рухани бай жер. Біздің жерден талай пайғамбарлар шыққан. Мысалы, Заратустраның кіндігі біздің жерде кесілген. Ахура-Мазданың еңбегін ойласам, жүрегім елжірейді» де-е-п орысша соғып тұр апайымыз.

Мен дін тарихының керемет маманы

емеспін, сондықтан орыс әдебиетінің қазақ маманын өзімше «старовер» деп бір түйіп қойдым.

Осы жиынға барарда өзімше даярланып, Шәкәрім кітабын қарағам-ды. Бабамыз бір өлеңінде былай депті:

*Молдалардан дін сұрасаң,
Сандырақтап сандалар.
Пәниілермен бас құрасаң,
Жан, құдай жоқ, дер тұрақ...*

Аллаға шүкір, қазір дініміз де, иманымыз да күшейіп келеді. Алайда діндарларымыздың қоғам мүшелеріне бейтараптау қарауы, қоғам мүшелерінің елдік-имандылық құндылықтардан бейтарап тұруы байқалады. Мысалы, біз өткізген жиын былай қарағанда жап-жақсы секілді. Ал, ойлана қарасақ, сол жерге жиналған шәкірттердің көзімен байыптасақ, сөйлеушілер әйгілі мысалдағыдай «аққу, шортан һәм шаян» болды да шықты...».

... Бұрын аңғармаған екенмін, Сақа інімнің әңгімесінен кейін бұрынғы-соңғы басқосулардың мәніне қатысты әжептәуір ойланып қалдым.

«Слободка» мен «Жуковка»-дағы тәуелсіздік

«Астананың байырғы тұрғыны үшін осы екі атау әрі таныс, әрі қорқынышты. Ертеде не еркелеп, не қарны ашып еңіреп тұрған қаймана қазақ бүлдіршініне «жөйіт келе жатыр», «долы келе жатыр», «шодыр келе жатыр» десе, жылағанын қоя салады-мыс... Мына «Слободка» мен «Жуковка» да солай: Қара-Өткелдің байырғы тұрғындарына «шоковая терапия» болған ұқсайды. «Екеуі патшалық жүйе мен советтік жүйенің сабақтастығындай бейнелі атаулар еді» дейді көнекөз ақмолалықтар.

«Слободка» – дәстүрлі орыс қаласындағы жұмысшы-шаруалары тұратын бөліктің ныспысы. Бұл сөздің арғы тегі – «свобода» дегеннің ауызша бұрмаланған түрі. Ілгеріде солтүстік көршімізде «свободные крестьяне», «поселок свободных крестьян» тәрізді ұғымдар болған. Бүгінгі тілмен айтсақ, бұл «қала мәдениетіне кіре қоймаған бейімделу (адаптация) мекендері» деген мағына береді. Ақмолада да солай болған: бүгінгі бір жағын Сары-Арқа даңғылы, екінші жағын Абай көшесі, үшінші жағын бұрала аққан Есіл өзені айқындаған аумақты «Слободка» деген.

Бұрынғы жаттанды ресми тарихта, қазақтың үлкен жазушылары жазған қалың-қалың кітаптарда орыс жұмысшысы – өте қайырымды, қазақ десе «жүрегі елжіреген», барын тосқан жандар. Ал, шындығында солай ма? Әбден арып-ашыған, «матушка Россия»-сына

да, жергілікті жерге де өкпелі пролетариаттың елжіреуге ниеті де, шамасы да жоқ. Ақмоланың «Слободка» тұрғындары да сондайлардың сойынан-тын. Бұл – бір. Екінші, осы «Слободка» батпақ пен суға белшесінен батқан да жатқан. Мұндай күй де аталған аумақтың тұрғындарын қайырымды етті деуге келмейді.

Ал, жуан жұдырық «Жуковка» ше? Бұл – бергі «целина» заманының, бір кездері құрыш Сталиннің алдында құрдай жорғалаған Хрущевтің, кейін сол құрыштың ісін де, бейнесін де аяққа таптаған Хрущевтің мұрасы. Асылы, көшені орыс ақыны В.А.Жуковскийдің құрметіне қойса керек. Алайда оны ешкім «улица поэта» деп қабылдамаған. «Жуков-ка!». Нүкте! Басқа ештеңе де емес. Қазір ол көше батыр Бактораз Бейсекбайдың атымен аталады.

«Осы «Жуковка» Ақмола қазағына қалай тізе батырған?» дейсіз ғой. Ол – нағыз бұзақылар мен ішкіштердің, бейпіл ауыздар мен сұғанақ қолдардың мекені-тін. 60-80 жылдары «Жуковка»-да түнделетіп жүру деген сөз – «ажалға бас тігу» дегенмен пара-пар еді...

Елорда Ақмолаға көшкелі бері баяу да болса көктемгі бұлалығы бар Есілдің кемері жақсылап бекітілді және абаттандырылды. «Слободка»-ның жатаған үйлері бұзылып, зәулім-зәулім тұрғын үйлер, мекемелер соғылды. Әлгі тұстан Есілдің сол жағасына Сары-Арқа даңғылы тартылып, кең көпір салынды.

«Жуковка» аймағы да біраз әрленіп қалды. Бұрын сондағы бір көше Ленин атын алғанмен асфальтсыз, селонның көшесінен де бетер батпағы шығып жатса, қазір Абай ныспысын алған ол жол – Астананың көрікті жолдарының бірі. «Жуковка» маңайына (Ломоносов көшесі) «Егемен Қазақстан» газетінің де орныққаны дұрыс болды. Сол жердегі қараңғы қара ағаштар желегі ілгеріде нашакорлардың «саяжайы»-тын. Бүгін ол жерге тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да күн түсіп тұр.

Алдыңғы жылы бұрынғы «Слободка» аумағында, бүгінгі айы оңынан туған Сары-Арқа даңғылы бойында №56 мектеп-лицей ашылды. Мемлекеттік-елшілдік бағыттағы, кәдімгі қазақтың мектебі. Енді өздері оқу шаңырағына Шәкәрім ныспысын қалап отыр. Осы болашағы зор білім ордасы күрделі тарихы бар «Слободка»-ға Қазақстан тәуелсіздігінің толығымен орнағанын дәлелдеді. Мұндағы Сары-Арқа, Абай т.б. рәмізді атаулар «Слободка»-ның тарих қойнауына мәңгілік кеткенін айқындады.

«Жуковка»-дағы «Егемен Қазақстанды» бәзбіреулер «енді сөзсіз сол жағалауға үдере көшеді» деп сәуегейленген. Жоқ, олай болмады. Тарихи газет бұл жолы да дәстүрлі байыптылығынан танбай, қасынан 7

қабатты мекеме үйін, 9 қабатты «Егемен» атты тұрғын-үй кешенін тұрғызып, «Жуковка»-ға баянды тәуелсіздіктің туын қадады...».

Маған осы шындықты әуезе еткен Асқар есімді жігіт ағасы жеке өзінің де тәуелсіздікке қосқан титтей үлесін мақтанышпен айтты. «Менің Құдай берген екі перзентім бар. Екеуі де үйлі-баранды. Бірақ, жас отаулар. Қызым – Кенесары көшесіндегі №16 аралас мектептің мұғалімі. Сондықтан, құдалармен келісе отырып, оларға үйді тура сол байырғы «Жуковка»-ның аумағынан алып бердік. Ал, былтыр ғана үйленген ұлыма екі бөлмелі пәтерді байырғы «Слободка»-дан сайладық. Мұндағы ойым – сол жерде бір қазақ шаңырағы болсын көбейсін деген ниет. Мен тәуелсіздікке осылай үлес қостым» деді ол.

Нысанбай қарт: «Ат өзгертіп әуре болмаңдар!»

Мен бұл ақсақалмен ойда-жолда таныстым. Бір жағдайлармен Қостанайға жиналғамды. Студенттердің демалыс уақыты еді, купе-вагонға билет табыла қоймады. Содан, жол билетін плацкартка алдым. Ішке енсем: құжынаған халық. Бұйырған орныма бардым. Төрт орынның біреуіне – жастау жігіт, екі астыңғы-астыңғы орынға – бір ақсақал бәйбішесімен, ал, қапталдағы екі орынға – екі қыз баласы жайғасыпты. Негізі менің билетім – астыңғы орынның біріне болатын, қарияларды көріп, сөзге келмей жоғары орынды меншіктедім.

Дәстүрлі амандасудан кейін, ақсақалым жайлап елімді, ата-тегімді, атымды, қызметімді, сапарымның мәнісін сұрай бастады. Сөйтіп әжептәуір таныс-біліс болып қалдық. Ашық қарттың аты – Нысанбай екен. Өзі Жезқазғанның Ағадырынан. Бағыты – Арқалықтағы күйеу баласы мен қызының бір тойына бару. Шау тартқанша ұжымшардың малын баққан. 3 ұлы, 4 қыз өсірген. Мына той істеп жатқан қыз – тұңғышы. Біраздан соң қарапайым жауаптасулар ел, жер, халық туралы әңгімелерге ұласты. Ақсақалымыз отбасы-ошақ қасында қалмай, тұсында қазақ баспасөзін тұрақты жаздыртып алып, сонымен білімін жетілдірген сұңғыла болып шықты. Ара-арасында «қолымда билік болса, коррупцияны былай тияр едім» деп қызық-қызық ойларын да айтып қояды. Бұл бер жағы екен, күн ұзақ жүргенімізде көрші қартымыз купенің астыңғы орнында-ақ алдына ақ сүлгісін жайып салып, реті келген намаздарын да қаза жібермеді.

Не керек, бәріміз ішімізден қазаққа осындай ақсақалдар қалғанына қуанып отырдық. Мен бұрын өмір тәжірибесінен Нысанбай, Нысаналы, Нысанкүл деген аттардың тарихын еп-

теп білуші едім. Бұл қарттың да ныспы тарихын сұрап алайын деп, орайы келгенде «бұ қалай болған?» деп қалдым. «Иә, мен де нысаналы туған жанмын. Аяғымда бір артық саусақ бар. Білсең, Нысанбай жырау, Нысанәлі би деген кісілер өткен баяғыда. Бәрі де мен секілді нысаналы болған. Біздің қазақ Құдайына қараған халық қой. Сондықтан, артықты да, кемді де Алланың бергені деп санайды. Тіпті, нысаналы адамдарды ардақ тұтып, төрге отырғызған. Батасын алған.

Қазір бір нәрсеге қайран қаламын, мені (қал) мен анары бар балалар нысаналы атымен аталмайды. Бұл әке-шешесінің кемшілігі. Мәселен, жігіттің төресі болған Баулан Шолақ «шолақ» деген атына намыстанған емес. Ақан сері «Жігіттің падишасы – Ақсақ Темір» деп әмірді мұқатып тұрған жоқ қой. Менің бір қызым Тараздың Қаратау қаласына тұрмысқа шыққан. Әлгі Қаратау мекенінің әу бастағы аты Шолақтау екен. Бір тоңмойындар сол тарихи атқа намыстанған да, өзгерте салған. Күлеміз-ау, ілгеріде Көтібар батырдың атынан «құлып», «Басыбар» деп атағанда мәз таптық па?.. Дұрыс, ұсақ Ивановканы, Петровканы, Полтавканы, Кировтар мен Свердловтарды, үлкен Петропавлды, Павлодарды өзгерт. Бір кездегі зорлықтан, таз кепештен құтқар. Бірақ, қазақтың әу бастағы атауына тиіспе. Мына балалар айтады, Астанадағы Ашы-Өзек деген су «Ақбұлақ» болып кетіпті. Ол Ақбұлақ болса, адам одан су ішу керек қой. «Әкем сенен су алған, анам сенен су алған» дегендей, бұл су мөлдіреп жатпай ма?..

Айтатын ақылым: жат жұрттың аты болмаса, ат өзгертіп әуре болмандар. Елде бұрынғы Ленинді, Марксті атасының ныспысына ауыстырып жатқандар бар. Мен оларға айтам: «Өзгертсеңдер, қазақтың Ленинді, Маркстей адамдарымен өзгертіндер» деп. Бірақ, олар ойындағысын істеп жатыр. Әйтседе, бәрі де түбі тәубесіне келеді. Халық аман болып, иман артса, баршасы орнына түседі. Шалалық та, балалық та, алаалық та...». Осыны айтып болғанда, ақсақалдың қалта сағаты «дың-дың» еткен дыбыс шығарды. «Қой, балалар, намаз уақыты келіп қапты» деді Нысанбай қарт.

Шүршіт жазған «Қазақ тілі» оқулығы

Қазақ тілінің бағы осыдан он тоғыз жыл бұрын толық жанатындай көрінген. Қазір ана тіліміздің тағдырына қатысты кез-келген жиынға барсаңыз, осыдан он тоғыз жыл бұрынғы әңгімені естисіз. 20-30 мамандар жиылып алып, бір-бірінің қайғысымен бөліседі, бір-біріне мұңын шағады.

Біреу сұрапты дейді: «Қазақ тілі дегеніміз

не?» деп. Сонда біреу жауап беріпті: «Қазақ тілі дегеніміз – XX ғасырда басталған, XXI ғасырда жалғаса беретін киносериал» деп. Кәдімгі «сабынның көбігіндей опералар» сынды фильм! Енді жұрт қайтсін, бастаған іс жүзеге аспаса, уәделерден жалықса, солай айтады-дағы.

Мен қазақ тілінің маманы емеспін, бірақ, бір кісідей жанашырымын. Балаларымның бәрі қазақша оқыды, 6-7-ге толған немерелерімнің баршасын қазақ мектебіне бердім. Шамам келгенше кітапхана жиып келемін. Үйімде балаларым жиі пайдаланатын «Қазақ совет энциклопедиясы» да, «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы» да бар. Қазақша бірнеше газет-журналға жазыламын. Әсіресе, «Балдырған» мен «Ұланды» тұрақты аламын. Міне, мен секілді қарапайым адам қазақ тіліне бұдан артық қалай көмектесе алады.

Қоғамдық жұмыс десеңіздер, оным да бар. Астанадағы «Тіл және мәдениет» қоғамының мүшесімін. Әрқашан түрлі жиынға қатысамын. Бірақ, шынымды айтсам, бір әңгіме қайта-қайта айтылатын жиналыстардан әлдеқашан шаршадым. Қазақ тілін депутаттық сайлау кезінде есіне алатындар, тағы басқа саясат ойындарында пайдаланғысы келетіндер бар. Солардан жиеркенемін. Айтқандай, «қазақ тілі» деп өтірік мінберлерден гүрілдеп сөйлейтін, отбасында ұл-қыздары шаш-етектен шүлдірлеген ақын-жазушылар мен ғалымдар да аз емес. Бұларды бұрынғылар «рия» деуші еді, қазіргіше «екіжүзді» дегенге келеді-ау деймін.

Ақын-жазушы мен ғалымдардың бәрін жамандай алмаймын. Олардың ішінде қаны барлар да көп. Кеше Амандық есімді бір ғалым айтады: «Қазақ тілінен неше түрлі қызық пен шыжыққа батып жүрміз. Біздің тіл оқытушыларының ақкөңілділігі мен принципсіздігінде шек жоқ қой. Мысалы, біреу лауазымды шенеунікке қазақ тілінен сабақ берсе, соның «нәтижесі» екеуінің (әлгі қазақ тілін енді үйреніп жүрген шенеунік екеуінің) бірігіп жазған «Қазақ тілі» оқулығы болып шығады. Қазір оқытушылардың көбі – әйел адамдары, әйтеуір «шәкіртіне» тиіп алмағанына шүкіршілік айтасың. Ал, енді тілді қолжаулық қылған біраз ғалымдар әліпті таяқ деп білмейтін әйелдерінің атынан «Қазақ тілі» оқулығын жазатын болды. Жалпы соңғы жылдары жарияланған барлық «Қазақ тілі» оқулығын таза сарапқа салып жіберсеңіз, әжептәуір пайызын қазақ тілін білмейтіндер (тел-авторларды қоса есептегенде) жазған боп шығады. Еуропалықтар мұны «пародокс», «нонсенс» дейді. Жакында жаздағы ашық аспанда ойнаған найзағайдай секілді тағы бір «Қазақ тілі» оқулығы шықты. Мұның кеңесшісі – қазақша әрең сөйлейтін

басқа ұлттың адамы. Қазақстандағы дардай шенеунік. Авторы – сол шенеуніктің кеңесшісі, дәлірек айтсақ, әлгі «дардайға» қазақ тілін үйретуші. Ең қызығы бұл да емес. «Оригинальный» оқулықтағы мәтіндерде сол «дардайға» қойылған сұрақтар және сол «дардайдың» күндегі жұмыс тәртібі, жиналыс жүргізуі, ресми қонақ қабылдауы т.б. көрініс тапқан...

Қарапайым ғана сұрақ туады: Бұл дардай шенеунік өзі туралы жазылған мәтіні бар оқулықтың қалай кеңесшісі болады? Мұны қай этикаға сыйдырамыз?

Енді, адамшылық сұрақ шығады: Қазақ тілін білмейтін тегі, сойы жатжұрттық қалай қазақ тілі оқулығына кеңесшілік етеді? Әрине, бәрі де түсінікті: қазақ тілі бойынша бізде принцип жоқ! Шүршіт деген – шартты ұғым. Тілімізді өзіміз осылай аяққа таптасақ, басыңызға кім болса сол отыратынын шамалай беріңіз...».

Осы шындықтан соң мен немерелеріме ана тілін оқулықтан емес, ауылдағы кез-келген қойшы-малшының жәрдемімен үйретсем бе екен деп ойладым. Расы олар көп оқытушы-ғалымыңнан артық.

Қанша қазақ ана тілінен мақұрым?

Мен бұрын санаға салмақ салмайтын санға әуестік тек балаларда ғана бола ма деп ойлаушы едім. Мысалы, әр дәуір туғызған санамақ-тақтақтар («Бір дегенім – білек...», «Бір дегенім – білім...») балақандардың тап-таза миына бірден құйыла кетеді. Сөйтсем, үлкендер жағы да «санқұмарлықтан» шыға алмай қалатын көрінеді. Рас, егер айтылып жүрген сандар (цифр) ғылыми жүйелі, ел мен ұлтқа қызмет ететін өреде болса, кәне!

Ыңғайсыз саннан бастайық.

«Қазақтың 40 пайызы қазақша білмейді...».

«4 миллион қазақ ана тілінен мақұрым...» т.б.

Көпірме, қызылды-жасылды санды айтайық.

«Қазақстандағы қазақтың саны – 7.777.777».

«Әл-Фараби 70 ұлттың тілін білген...» (немесе «Халел мен Мұстафа 7 тілде еркін сөйлеген...») т.б. Осыны айтып, жазып жүргендер – атақ-даңқы дардай (қырғыздың «Дордой» базарының атындай), биік-биік мінберлерге оп-оңай шыға алатын адамдар. Өз қазағымыз! Арасында ғылым докторлары да бар.

Кеңес тұсында «Төңкеріске дейін қазақтың 2 пайызы ғана сауатты болды» деген дерек кітаптан-кітапқа, мақаладан-мақалаға көшіп жүретін. Жарайды, мұны ұлттық санадан, ақыл-естен айырылған шамада «Октябрь революциясының» жеңісін асқақтату үшін

айттық делік. Ал, мына өтірік цифрлар ұлтымызға қызмет ете ме? Ғылымға байланған ба?..

Жабайы кездің шындығын бір Алла біледі, ал, ұлт, халық, нәсіл ағарғалы бері тілді білудің қарапайым төрт жүйесі бар: 1) «сол тілде (мысалы, қазақ, орыс, ағылшын т.б.) тек сөйлей алады»; 2) «сол тілде еркін жазып, сөйлей алады»; 3) «сол тілде ептеп жазып, сөйлей алады»; 4) «сол тілде жаза да алмайды, сөйлей де алмайды». Енді, осы жүйемен Қазақстандағы жергілікті халықты (этникалық қазақтарды) сараптап жіберіңіз. Әлгі «40 пайыздың» да, «4 миллионның» да күлі көкке ұшады. Әрине, мен ғалым емеспін. Сауаты бар кәдімгі адаммын. Біз көріп отырған осы қарапайым шындықты ұлт тағдырына жауапты шенеуніктер, мамандар неге көрмейді? Осыған жатып кеп қапа болам да!

Сөз жоқ, ғалымдардың бәрі соқыр емес. Таяуда елі мен ұлтына жанашыр жап-жас, ғылыми дәрежесі дардай да емес бір азаматпен сұхбаттастым. Бұл жігіт халық демографиясын тәуелсіз зерделеп жүргендер қатарынан екен. Шетелдік бір ғылыми грантпен Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық ахуалын зерттейтін ұқсайды. Еліміздің бүкіл өңірін аралаған, барша ресми-бейресми «айлық, тоқсандық, жылдық есептерді» парақтаған. Қазақ пен басқа этностар жиі шоғырланған бірнеше қаланы, кентті, шаруашылықты, ұжымды, топты, сыныпты қағар алып салыстырыпты. Сол айтады: «Қазақстанда қазақ тілінде сөйлей де, жаза да алмайтындар – жалпы ұлттың 4,2 пайызы ғана. Қазақ тілінде тек сөйлей алатын (жаза алмайды) қазақтар – 11,6 пайыз. Біршама сөйлеп, ептеп жаза алатын қазақ – 8,5 пайыз. Қалған 75,7 пайыз қазақ тиісті мөлшерде қазақ тілінде сөйлеп, жазды. Тұтас алғанда, елдегі барша қазақтың 95,8 пайызы ана тілінен құралақан емес. Құрығанда, әлгі сөйлей де, жаза да алмайтын 4,2 пайыздың 76,3 пайызы түрлі билік орындарында отыр» деп.

Енді, жай ғана сұрақ туады: билік орындары қайта-қайта «қазақтың 40 пайызы қазақша білмейді» дей берсе, тәуелсіздіктен бергі 17 жылдағы ұлт мәселесіне қатысты өз жұмыстарына қандай баға қойғанын аңғартпай ма? «40 пайыз қазақ ана тілін білмейді» деп, жалған санмен орыс тілінің жағдайын көтеру («енді өз халқымыздың сұранымы сондай...» дегендей) қисынға келе ме екен?

Бұл сұрақтарға қоғам жақсы ойлану керек-ау! Ал, сол негізі жоқ цифрларды жалаулатып жүрген «қазақ тілінің намысы мен тағдыры» сыңайлы кайраткерлерге не айтарымызды білмейміз. Мәдени түрде «Логика қайда?» дерміз.

Қаптаған «7»-ге келсек, Құдай келістірген

табиғи «жетілер» болмаса, қалғанына жеті рет күлсеңіз де, жетпіс жеті рет бас шайқасаңыз да еркінсіз! Бұлардың бәрі – «Хабар» телеарнасының архивіне кеткен баяғы «77 күннің» таптырмас тақырыбы. Былайша айтқанда – пародия! Кімге және неге екенін өзіңіз түсіне беріңіз...

Ұлттан ажыраған философ

Жоғары оқу орнына түскен әрбір адамның ерікті-еріксіз оқитын бір пәні бар. Ол – философия. Қазір оны қазақыландырып «пәлсапа» деп те жүрміз. Шыңтуайтында, атам заманнан бүгінге дейін дамудың жолын көрсеткендер, Жаратқанның құпиясын шешпек болғандар – философтар. Оған дау бар ма? Бірақ, пешенемізге жазғаны сол шығар, кеңес тұсының философтары халықтың миын су қылып тынды.

Мен – Ташкентте оқыған қазақтың бірімін. Мұнда да дінсіз, рухсыз философтар қаптап жүрді. Философияны орысша сораптадық. Алайда, көне шаһардың рухани қуаты ма екен, әлде өзбектің Шығысқа байланған мәдениетінің әсері ме, осы пәннің оқытушылары мүмкіндігінше ислам пәлсапасына, дүниетанымына аңсары ауып тұратын. Менің кемшілігім, оқуды гуманитарлық жақтан емес, техникалық жақтан алғаным. Сондықтан, мұнда «жоғары немесе бірінші сортты» философтардың жүрмесі рас қой.

Кейін білсем, менікі жай далбаса арман екен. Қазақстанның ірі қалаларында оқыған қатарластарым, інілерім: «Жәке-ау, есімізде қалатындай әңгіме, ой айтқан философты көрмедік. Бәрі сылдыр су болатын. Бәрі жаттанды нәрсе-тін. «Маркс, Энгельс, Лениннің ана еңбегі-мына еңбегі...», «Гегель былай деген», «Фейербах солай айтқан», «Кант сүй депті». Тақұл-тұқыл сабақ осымен бітетін. Орысша, кейде қазақша сірескен, дәні жоқ «философиялық» оқулықтарға шұқшию тапсырылатын. Кітабымыз мынандай, оқытушыларымыз анандай, біз түк ой түймеген, адам және қоғам ағыстарын түсіндіре алмайтын быдың-быдың болдық та қалдық» дейді. Мұны олар арақ ішіп отырып айтпайды, сау күнінде айтады.

Бұрын «Абрамның афоризмі» деген мынандай бір әңгіме болатын: «Неғұрлым халық түсінбейтін қылып жазсаң, соғұрлым ғылыми боп шығады». Сабыр есімді азамат бүй дейді: «Қазір «қоғамымыз дінсіз, рухсыз, елірме» деп жатамыз ғой. Мен осының кілттипанын оқыған философиямыздан көремін. Мемлекет қаржысымен мемлекеттегі болашақ «жоғары білімді» адамдарды шатастырудың мұнан артық классикалық жолы жоқ шығар. Тарихымызда болмаған «тәңір діні» дегенді ойлап тапқан – осылар. «Қазақ

дінге ықылассыз, оған бар діннің қадірі бірдей, ұлт жалқаулыққа бейім» деген пәлені шығарған да – осылар. «Ұлт» пен «халық», «ел» мен «мемлекет», «этнос» пен «диаспора» ұғымдарын жербауырлатып бұрмалаған да – осы біздің философтар. Шынымды айтсам, өз басым олардың әңгімесін тыңдап, жазғанын оқығаннан гөрі, пейілі таза, түсінігі былғанбаған қарапайым адамның сөзіне құлақ асқанды дұрыс және пайдалы санаймын...».

Өткенде бір жиында Берікбол ныспылы оқыған азамат бұдан да қатты айтты. «Қарапайым халық философтарды «ақылдылар» деп есептейді. Бәріңіз де газет оқисыз. Саясатшылардың «қазақстандық ұлт» деп асығыстау айтқан бір түйір ойын табақтай мақала етіп «дамытып жазған» да – қазақ философтары. «Ау, «тарих тәжірибесінде мынандай ғой» деп басу айтудың орнына, олар қарақан басы үшін кез-келген нәрсенің тонын теріс айналдырып беруге бар. Жүйесіздіктің мың атасын осылардың еңбегінен табуға болады. Реті келсе, бұлар да «сәнге айналған» ұлтшыл бола салады. Бірақ, еңбектерінде ғылыми тиянақ, адамдық адалдық деген нәрселер мүлде жоқ» деді ол.

Біздің манда «бермесен бермей-ақ қой баспанамды, сонда да тастамаймын астанамды» деп жүрген әрі пәтерші, әрі дәрісші бір көршіміз де «философияға қам жейтіндер» қатарынан екен. Сол былай дейді: «Мен сабақ беретін білім ордасында атынан ат үркетін бір философ қызмет істейді. Әзі мінберге бір шығып алса, кемі жарты сағат сөйлейді. Әлгі 30 минутта не сөйлегенін отырғандардың ешқайсысы түсінбейді. Бұл философ шетелдік көп ғалым жыылған бір мәжілісте «қазақтар трайбалист» деп, діндарлар шақырылған дөңгелек үстелде «қазақ – материалист ұлт» деп, өз ойын халыққа танғаны бар. Тағы өзі ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы Еуропадан тәуелсіз Қазақстанға командировкаға келгендей, 4-5 шетелдік жаттанды философтың есімін аузынан тастамайды. Бірде реті келіп, «осы кісі шынында ұлттан ажыраған ба?» деп, бірнеше сұрақ қойдым. Әрине, онашалау жерде. Шамамен мынандай сұрақтар: «Жас күніңізде тай үйретіп, атқа міндіңіз бе? Ауылдарыңыздың батағой шалдары қандай еді? Балалық шақта қандай қазақ әндерін айтушы едіңіздер?». Сізге өтірік, маған шын, қойған сұрағыма берілген жауапты естігенде таң қалдым. Сірескен философиямыз ұлттан ажырап тұрмаған боп шықты. Бәрін де біліп, бәрін де сайрап тұр. Содан соң ойға қалдым: «Бұл кісі неге қазақ ойына, танымына

жақын емес және жанашыр емес?» деп. Бір кезде жауап тапқандай болдым. Сөз жоқ, бұл кісі – кәдімгі адамның рөлін емес, миына өзі қабылдап алған философтың рөлін ойнап жүр. Дұрысы, рөлді ойнап-ойнап, сол образға әбден кірген. Және одан шыға алмайды әрі «шығу керек» деп те санамайды. Әрине, ғылымда принцип деген – бағаланатын нәрсе. Бірақ, бұл кісіде қатып қалған принцип болған емес. Бір қызығы, осы философ әбден тозған бұрынғы таным «тәуелсіздікке қызмет ете беретініне» өте сенімді. Сондықтан, мінберден түспейді, алқалы жиында сөз тимесе жатып кеп ашуланады. Мен осындай адамдар туралы «Ой көленкесі» атты бірдене жазып жүрмін. Бұйырса, оқырсыз...».

Сонымен, біз – кәріміз де, жасымыз да өмірден пәлсапа оқып жүрміз. Кітабымыздың түрі – әне, философиямыздың түрі – міне, өмірден оқымағанда қайдан оқимыз?..

Қазанаманы анекдотқа айналдырған кім?

Баяғыда біздің Тұрдыбай есімді мұғаліміміз «Бұзыламын деген балаға мүмкіндік көп» деген сөзді жиі айтатын. Сол айтқандай, бұзыламын деген қоғамға да мүмкіндік мол. Бір жетесіздер ойлайтын болу керек, «салт-дәстүр деген жай нәрсе, оны кез-келген кезде икемге келтіріп аламыз» деп. Олар мықтап қателеседі, салт-дәстүр ойыншық та емес, жүйесіздік те емес.

Мына солтүстік көршілерімізде қайын енеге байланысты сан мың әзіл-әңгіме бар. Соның біреуін айталық... Васяның енесі қайтыс болыпты-мыс. Байғұс күнде оның мүрдесіне ұзақ аялдап, бір нәрсені айтып жатады екен. Былайғы жұрт: «Е, катемді кеш деп жатқан болар немесе білген дұғасын оқитын шығар» дейтін көрінеді. Оның бір құрдасы «Ол не дейді екен?» деп бейіт басына жақындаса, Вася үздіксіз: «Пусть земля будет ей пухом!» дегенді қайталайды екен. Мына жағдайға қатты тебіренген досы: «Уа, Вася, сонша егілетіндей енеңнің жақсылығы өтіп пе еді?» десе, күйеу бала еш саспастан: «Марқұмның пухқа аллергиясы бар еді...» депті.

Ал, осы әзілді қазақ күйеу баласына айта аласыз ба? Әрине, жоқ! Әлгідей оспақтың солтүстік қошыналарымызда жиі айтылуының себебі де бар. Оларда шаңырақ құрған 10 жұптың 7-еуі қыздың әкешесінің үйінде тұрады. Қазақта бұл әрі барғанда 100-дің 1-еуі шығар. Сондықтан, біздің ашушаң қайын аталар: «Келін – келсан!» («Кетеген болса, келін – жасу!») десе,

орыстың енелері күйеу баласына бұдан жүз есе зорын (мат-енемат!) айтады. Кікілжің осыдан өрби береді...

Қазақ қайын ене мен қайын жұртты тіріде де, өліде де өзеуремей сыйлайды, мақтанбай құрмет тұтады. Себебі, ол – «жігіттің бір жұрты». Ал, соңғы уақытта бізде осы мәселе тым жүйесізденіп кетті. Тіпті, кейбір жағдайда ұят айдалада қалып, салтсыздық һәм дәстүрсіздік белең алғандай. Мұны біз торқалы той, топырақты өлімде көріп жүрміз.

XX ғасырда дәстүрлі көңіл айтудың жаңа түрі – қазанама (некролог) шықты. Ақпарат заманында халық мұны теріс көрмеді. Бірақ, қазанама берудің байырғы дәстүрге және кеңестік қатандыққа байланған жүйесі бар-ды. Мысалы, сол Ресейдің өзінде некролог кісінің өзіне, әке-шешесіне, туған бауырларына ғана беріледі. Бізде де солай-тын. Ал, енді жаңа елдікке ұмтылған мына заманда сол дәстүр тұмауратып тұр.

Қазақ газеттері азаматтың қайын енесіне, балдыз-қайындарына қазанама бере бастады. Нарық кезеңінде адам түгіл, үй жануарлары шығындалса да баспасөз арқылы көңіл айтуға шек қойылмайды, әрине. Жақында бір танысымыздың енесі қайтқанда, белгілі газет «анасының қайтыс болуына байланысты...» деп көңіл айтты. Мүйізі қарағайлардың енесі қайтса, «көңіл айтқыштар» бір жағы ағаларын алдаусыратып, екінші жағы жеңгелеріне де жаны ашығансып, беті бүлк етпестен газетке «Пәленше Түгенбайұлы мен Анаугүл Пәленбайқызына аналарының қайтыс болуына байланысты... көңіл айтамыз» деп некролог жариялауды салтқа айналдырып бара жатыр. Ал, осындай «көңіл айтулар» балдызға (марқұмның иманы саламат болсын!) байланысты ап-анық жазылғанда, не дерімізді білмедік...

Сонда бұл не? Сөз жоқ, бұл – мәдениет пен салттың құлдырауы. Жербауырлатып отырған кім? Әрине, ұлт қамын емес, өз қамын ойлаған пысықтар... Ал, енді елге қамқор, салтқа күзетші болуы тиіс баспасөз осы құлдырауға неге жол береді?.. Бұл сұраққа қатты ойланып қаламыз.

Ташкентте менімен бірге Александр Котов деген орыс азаматы оқыды. Қазір ол РФ Омбы облысының үкіметінде (мұнда әкімдіктің дәрежесі осындай) жауапты қызмет істейді. Біз әлі бір-бірімізбен хабарласып тұрамыз. Таяуда мен одан сұрадым: «Ау, Саша, сендерде үкімет мүшелерінің немесе қайраткерлердің тешасы, девері, золовқасы қайтса, газет арқылы көңіл айтасындар ма?» деп. Сонда Котов: «Что за анекдот?!» деп төтесінен қойып қалды. Ал, мен ол анекдоттың Қазақстан өмірінде онды-солы кездесіп жатқанын айтуға ұялдым...



Серік ЕРҒАЛИ,
саясаттанушы

«ЖҰРТТЫҢ БӘРІ ТҮСІNETІН ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙІК» ДЕУ – ТІЛДІК ОРТАНЫ КҮЙРЕТЕДІ

Тіл мәселесінің мәйегі ретіндегі басты факторға назар аударылмай, қазақ тілінің көсегесі көгере қоймайды. Тіл саясатындағы нысаналы бағыт пен шынайы да нәтижелі шараларды қолға алмау мемлекеттің қауіпсіздігін қолдан әлсіретуге апарып соғады. Бұл тақырыпқа барғыштауымыздың да, оны бұқарамен бөлісуіміздің де себебі – сол.

Тілді өлтіру мен тірілту алаңы

Шындығын айтсақ, қолданыстағы «мемлекеттік тілді дамыту» тіркесі дәйекті қисынға негізделмеген: қалай дамыту, даму көрсеткіштері қандай, даму немен өлшенеді деген сауалдарды жауапсыз қалдыратын жайдақ тұжырым. Кез келген лингвистикалық жүйеге жататындықтан тілдердің барлығы да өзінше даму сатысынан өткен, ал, оны жалпылама дамыту ұғымы қисынға сәйкеспейді. Әр тілге тән ақуал – әрқайсысының тілдік ортасының алуан болуында. Әрине, тілдің белгілі бір саласын немесе аспектісін сапаландыруға, дамытуға болады. Бірақ, ол тілді дамыту дегенді білдірмесе керек. Тілдік орта – тілдің тірлік алаңы. Тілдің тірлігі оның қолдану ортасының бар екендігіне тікелей қатысты. Қатынас ортасы жойылған тіл өзінен өзі өшкен тілге айналады. 2000 жылдай өліге саналған лингвистикалық иврит жүйесі қалай қалпына келтірілді? Бар болғаны – оның тілдік ортасы қайтадан жандандырылды! Осылайша кез келген тілді өлтіруге де, тірілтуге де болады. Тілдік орта – тілдің қолданым аясы; қолданым жойылған тіл өшкен болып есептеледі. Оның тұтынушылары: жазарман, оқырман, көрермен, тыңдарман, айтарман. Ал, орта сәйкес түрде: тілдегі бүкіл жазба ресурс, кітапхана, электрондық кеңіс, оларды қолданушылар, телевидение, радио, алуан түрлі дәрісхана, аурухана, көше, қоғамдық орындар, ойын алаңы, мектеп, балабақша, отбасы, ұжым, мәдениет орындары, базар, т.т.. Осылардың қауқары, саны мен сапасы тілдік ортаның айнасы іспетті, бір жағынан бұлар сол алып ағзаның көрсеткіші (индикаторы).

Бүгінгі мемлекеттік шекара бұрынғыша географиялық қоршаудан гөрі тілдік ортамен шектелетіні жасырын емес. Бүгінде әр

мемлекеттің тілдік ортасы – соның аумағын білдіретін факторға айналды. Ресеймен ортадағы тілдік ортамыздағы айырманың аздығы біздің елдің егемендігін көрер көзге төменшіктетіп, Қазақстанды бұрынғы метрополияға рухани бағынышты етіп тұр. Егер де, мемлекетке тән тілдік орта болса, оның ықпалы саяси шекарадан гөрі мол болатыны сөзсіз. Біз сол шекараны сезіне алмай отырмыз.

Тілдік орта – тілдің қызмет ету аясы мен мүмкіндігіне жол ашатын, адамдардың ақпарат алу мен беру, қарым-қатынас жасаудағы әмбебап жанды алаң. Оған дамуына көңіл бөлмеу арқылы тілдің аясын тарылтып, оның өшуіне жағдай жасайды. Бізде тілді туындататын да, өлтіретін де, үйрететін де орта екені ескерілмей отыр. Елде тілдік пәндер арқылы ғана тіл үйрету міндеті қойылған біржақты ұғым қалыптасқан. Пән ешқашан ортаны алмастыра алмайды, ол бар болғаны тіл туралы түсінік қалыптастыруы мүмкін, тілдік жүйені таныстыру, игертуі ықтимал, бірақ тілді меңгерте алмайды! Сол себепті, әдістемесі тілді үйретуге бағытталған, тілдік ортамен тығыз қатынастағы ағылшын, орыс тілдерін үйрету технологиясы, ортасы ойсыраған қасаң әдістемеге негізделген қазақ тілі пәнін «бөрікпен ұрып» жығатыны осыдан келіп шығады.

Тілдік қауқар. Тілдік ортада қолдану мүмкіндігіне орай тілдік қауқар қалыптасады. Тілдік ортаның қай деңгейінде де, қай саласында да қауқарлы тіл нағыз мемлекеттік мәртебеге лайық болады. Осыған орай, қазақ тілінің қауқарын тілдің қолдану сапасы мен санына сәйкес, біздің қоғамымызға тән шамамен бес деңгейлі топқа жіктеп қарастырсақ:

1. Сәлемдесу тілі – сәлемдесу мен сөз арасында тұздық үшін қазақ сөздерін

келтірумен ғана шектелу: орыстілділермен қатар қалаға сіңген қазақтілді қазақтардың көпшілігінің тілдік қауқарына айналған дағды;

2. Тұрмыстық деңгей – күнделікті тірлікте, сауда-сағтықта ғана қолдану қауқары;

3. Білім беру саласымен шектелу – орта және жоғары білім беру саласы;

4. Шаруашылық пен еңбекті ұйымдастыруға қолдану қауқары;

5. Ғылымда, мемлекетті басқаруда қолдану әлеуеті.

Соңғы үш топқа тоқталсақ: қаладағы қазақ мектептерінің контингенті сабақта басқа уақытта орыс тілін қолданатынын, демек, орыстілді ортада жүргенін; 1-сыныпқа орыстілді балалардың қатаң талапсыз қазақ мектебіне келіп жатқанын; қазақ бөлімдеріндегі студенттер үшін оқулықтар мен сапалы дәрістердің тапшылығын ескерсек, білім берудегі тілдік ортаның қауқары нақтылана түседі. Шаруашылықтар мен өндірістегі ұйымдастыру шаралары мен отырыстар да қазақ тілді тұтынушылар пайдасында еместігі белгілі. Ал, ғылым саласындағы кеңестік кезеңде қалыптасқан біршама қазақтілді орта соңғы жылдары ойсырағанын ғылыми атақ қорғауға қатысты көрсеткіштерден байқаймыз. Бұл сала бойынша дәйектерді келтіріп, дәлелге жүгінудің керектігі шамалы. Оны қазақтілді оқулықтың саны мен сапасы айтып береді. Мемлекетті басқаруға мемтілдің қатысын кез келген мемлекеттік ұйымдар мен органдардың қабылдау бөлмесіне телефонмен хабарласу арқылы оңай көз жетеді.

Тілдік ортаның қаншалықты дамығандығы тіл қауқарын көрсететін басты фактор, ол оның кеңдігі мен тереңдігі арқылы өлшенеді және тілдің дамығандығы да сол өлшемдерге тікелей қатысты. Былай айтқанда, ортаның кеңдігі – тіл қолданымының саны да, ал, тереңдігі – тіл қолданымының сапасы.

Кеңдік. Тілдік ортаның кеңдігі оның қолданыс аясының мүмкіндігімен сипатталады. Тілдік орта бүгінгі қолданыста басты екі бөліктен тұрады: жазбаша және ауызша орта. Адамның аты-жөнінен (қазақтың аты-жөнінен хабар алғыңыз келсе, кез келген мектептегі сынып журналына көз жіберіңіз), СМС-тен бастап, ғылыми-саяси баяндамаларға, заңдарға, том-том кітаптарға дейінгі барлық жазба материал тілдің жазбаша ортасын қамтиды. Тілдің қаншалықты көлемде жазбаша материал өндіру қауқары мен қоры болса, оның жазбаша ортаны игеру мен меңгеру мүмкіндігі де соған сәйкес, оның жазбаша кеңдігі де, кеңісі де сондай. Қазақтілді ақпарат тұтынушы күніге қанша көлемде жазу жазып, қанша көлемде

сол жазбаны оқыса, тілдік ортаның жазбаша бөлігінің саны да, сапасы да соншалықты қалыптасады.

2009 жылы бір топ қоғамдық ұйым атынан жарияланған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің ахуалы жөніндегі сараптамалық баян» атты құжатта (<http://abai.kz/content/kazakhstan-respublikasyndagy-memlekettik-tildin-akhualy-zhonindegi-saraptamalyk-bayan>) тілдік орта үшін барынша қажетті әрі қарапайым ақпарат тарату көзі болып табылатын қазақтілді БАҚ турасында: «Елдегі қоғамдық мәлімет көзіне қарағанда, (бұл сала бойынша ресми мәлімет немесе ғылыми зерттеме жоқ) БАҚ өндірісінің қазақшасы 10%-дан аспайды, қалғаны орыс тіліндегі өнімдер болып табылады да, олар қазақшаға аударылып беріледі» делінген. Бұл көрсеткіш негізінен газет-журналдарға қатысты, оның 4 жыл өткеннен кейін де өзгергені шамалы. Өздігінен алаңсыз түрде ақпарат өндіруге тиісті қазақтілді журналистика бүгінде орыстілді ақпарат көздеріне тәуелді болғандықтан, бұл сала жаппай аударынды мазмұнға түскені өз алдына мәселе. Ал, жазба тілдік ортаның ең шыңы саналатын ғылыми кітаптар мен оқулықтар жөнінде бірен-саран гуманитарлық саланы айтпағанда, әңгіме айту артық. Бүгінде жазба тілдің сапасы мен мемлекеттік қолданымын аңғартатын заң шығару саласындағы заңжобаның тек қана орыс тілінде жазылатыны тағы мәлім. Бұған қатысты қазақ филолог ғалымдарының магистратура мен докторантураға барып, ғылым даңғылына түсу үшін әуелі ағылшын тілінен сүрініп жатқанын тағы ескерейік. Ал, бұл қазақтілді ортамен оның жүйесін көгертуге тиісті ғылымның «бүйректен шыққан сираққа» тәуелділігін аңғартады.

Тереңдік. Тілдік ортаның тереңдігін, яғни сапасын сөз етсек, оны қиналыссыз-ақ бүгінгі журналистика тілінен оңай табамыз. Бұл турасында бүгінде ерінбеген адамның бәрі сынайтын болды. Жазарман мен оқырман деңгейі өзара тығыз қатынаста – қандай жазарман болса, дәл сондай оқырман қалыптасады. Осыған орай, бүгінгі қазақ журналистикасының сауатынан бастап, көркем әдебиет пен өнердің тоқырауы да, оны тұтынушы қазақтілді оқырманның орыстілді жазбалы ортаға ойысуы да осындай қордаланған кешенді мәселенің салдары екені сөзсіз. Бүгінде «тіл – адамдардың өзара қарым-қатынас құралы» деген тұжырым әлдеқашан ескірді. Жақандану үдерісі тіл нысанына жаңа анықтама бере бастады, соның бірі тілдің – ұлттық сана мен ойлау жүйесінің бірден бір көзі екендігі. Былай айтқанда, гендік тегіне қарамастан, өз

тілінде сөйлемейтін адамда ұлттық ойлау жүйесі мен танымы ғана емес, басқаша ойлау аппараты мен талдау тәсілі, соған сай әрекет қалыптасады. Тіпті, адамның антропологиялық түр келбетінің де өзгеріске ұшырайтыны да құпия емес.

Кісінің қай тілде сөйлеуіне байланысты оның ауыз қуысы мен сөйлеу аппараты да өзгеше қалыптасып, соған сәйкес дыбыс жүйелеріне көндігеді. Бұл жағдай адамның есту қабылетіне де қатысты: адам қандай дыбысты естіп, қабылдай алса, сол дыбыстар жүйесінен құралған тілді ғана сөйлей алмақ. Сол себепті, есейген адамды тілге үйрету барынша ауыр және оның қалыптасқан ауыз аппаратын өзгерту мүмкіндігі мейлінше аз. Бұны қыруар қаржы жұмсап, тіл базарына айналған тіл үйрету орталықтары емес, тек қана тілдік ортаның шеберханасы ғана қолға алады. Сондықтан да, әлемдегі тіл үйрету әдістері негізінен тілдік ортаға сүйенеді, соны база мен басты тіл игертүші фактор етеді. Бізде ондай әдістеме жолға қойылса да, оған деген тұрақты ортаны қолдану қолға алынған жоқ. Тіпті, қазақ тілі орыс тілінің делдал болуымен үйретілетін әдістемеден әлі күнге бас тартпағанымыз белгілі. Ал, орта мектептегі ағылшын пәндері болмаса, қазақтілді ортаға ағылшын тілін үйрену үшін орыс тілін білу қажеттігі де ұшырасады. Бұлар – қазақ тілінің қызмет ету аясын тарылтудың бірден бір қитұрқылары. Қазақы тілдік ортаны менсінбеу мен түкке тұрғысыз етудің жолдары.

Кеңестік мемлекет миллиондаған орыс еместерге ешбір орталық ашып, бюджеттен қаржы бөлген емес, бұл мәселені орыстілді ортасы қалыптасқан жұмыс ұжымдары мен мәжбүр болған психологиялық жағдай оп-оңай шешіп берді. Осы жерде осы мақсатқа бюджеттен бөлініп жатқан қыруар қаржы мен оның тиімділігі әрі нәтижесі біздің көзімізге шұқып тұрған салдар емес пе?! Әрине, қызыл империяның бұл жүйесі кісі қызығарлық емес, бірақ, бұл жердегі айтпағымыз – тілдік ортаның тіл үйретудегі орасан қауқарының аяқасты болуы мен тиімділігінің біздің жағдайымызда қарастырылмай отырғандығы.

Тілдік ортаның тереңдігі кейбір тілдерде мұхит секілді, ал, кейбір тілдерде шалшыққа айналуға. Бұл – ортаны ескермейтін болмаса қасақана түрде ол мәселеден айналып өтетін дәрменсіз тілдік саясаттың салдары. Бір тілді ғана мұхитқа айналдыруға тырысып, қалғанын шалшық пен балшыққа айналдыру бізге көрші елдердегі мемлекеттік саясат екені рас. Өкінішке қарай, бұл жағдай мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тіліне теңізге айналмаса да, тартылуға қараған

көл бейнесі тән болып отыр. 90 пайыз тілдік ортасы бар алаңдар көрер көзге өгей тілдік ортаға орын беріп, тереңдік тайыздалып, суалуда. Реті келгенде, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128>) басты құжатта тілдік ортаға қатысты ешбір сөйлемнің жоқтығын келтіруге мәжбүрміз.

Тілдік бедеулік. Қазақ тілді жазбалы ортаның сауатының төмендігі негізінен тілдік ортаның өгейтілді ортаға бодандығынан, ықпалынан туындап отыр. Бүгінгі тілдік ортаның жазба бөлігі шамамен 90-95 пайызға дерлік орыс тілінің аударынды нұсқасы болып табылады. Демек, қазақы тілдік орта өз бетімен ойлаудан қалып, орыстілді ортаның ойлау жүйесінің жетегіндегі күйді кешіп отыр деген сөз. Осыдан келіп, тілдік ортаға тән өзіндік стиль мен сөз орамы өзге тілдің көшірмесі мен жаңғырмасы түрінде ғана көрініс табуда.

Өз кезегінде тілдік ортаның өгей ортаға тәуелді болуы ұлттық ойлау жүйесінің әуелі тоқырап, келесі сатыда жасампаздықтан ажырап, ұлттық болмысқа тән ғылыми, әдеби, өнери тоқырауға ұшырап, сапалы да ықпалды туынды тудыра алмайтын «бедеулікке» ұрына бастайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Тіпті, тілдік ортасы мығым елдер өзіне тән бизнес менеджментін де қалыптастыратыны байқалады. Ұлтты жасампаздыққа жетелей алмайтын Тілдің бедеулігі дегеніміз – тілдік қауқардың ең жоғарғы деңгейі саналатын өнер мен ғылыми ортадағы тілдің жасампаздықтан ажырау ақуалы. Бұл жайт өткен ғасырда белгілі бір деңгейге жеткен әдебиет пен өнердің 21-ғасыр басында еңгіге бастауы, жаңа туындылардың әлдебір көшірмелік сипатпен шектелуінен көрінеді. Кино, театр, сатира саласы сценарий зәрулігіне ұшырауға басты себеп – тілдік ортаның ойсырауынан, ұлттық танымға арқа сүйейтін этнооилам жүйесінің тығырыққа тірелуінен. Бодандық құрсауында болған дәуірдегі ұлттық болмыс-бітімді көрсететін классикалық әдебиет, өнер туындыларының деңгейіне жете алмауымыз – ұлттың басты мәйегі болып табылатын тілдік ортаның осалдығы мен әлжуаздығынан. Демек, тілдік орта- ұлттық сапаның көрсеткіші ғана емес, төлтума болмыстың түпқазығы да.

Ауызекі тілдік шекара. Ұлттың өзімен өзі болуға ұмтылуы – Л.Н.Гумилев дәйек-тегендей, пассионарлық қуаттың жүзеге асу көрінісінің жоғарғы сатысы. Бұл егемен болу үдерісінен де, өз тілі мен руханиятын, болмысын, санасын сақтауға деген ұмтылыстан күннен

күнге көрінуде. Бірақ, біз егемен болған кезден бастап ауызекі тілдік ортаның ауқымын тарылттық. Оны сол кезде «Жұрттың бәрі түсінетін тілде сөйлейік!» деген ұранның пайда болып, оның тілдік ортадағы басты реттеуішке айналу әуселесінен аңғарамыз. Содан бері қазақ тілі ресми-бейресми орталарда толыққанды қатынас құралы болудан қалды. Тіпті, мемлекеттік мәртебе берілсе де, мемлекеттік тілдің ресми тіл болып қалыптасуы тежеліп келеді. Қазақтілді журналистика болса, ресми тіл ретінде тек қана орыс тілін танып, шатасты. Осылайша тілдік ортаның ресми саласы сәлемдесу мен кіріспелік атрибут болумен шектеліп, дамудан тыс қалды. Мемлекеттік тіл мемлекеттік шешуші құжаттар әзірленетін не ресми сөйленетін тіл болып толық қалыптаса алмай келеді.

Ауызша тілдік ортаның әлемге жайылған шекарасы бар, ол – ілеспе аударма, яғни, тілмаштық орта. Ілеспе аударма – ауызекі тілдің шарбағы да, бекінісі де. Ол болмаған жерде төл тілдік ортаны өгей орта бұзып-жарып, өз салтанатын құрады. Өткен ғасырдың 90-жылдарында әрбір әкімдік пен мәслихатта пайда болған синхрон аударма түріндегі тілдік бұл шекара жоғарыда келтірілген «Жұрттың бәрі түсінетін тілде сөйлейік!» науқаны енгізілген соң келмеске кетті. Себебі, қазақтілділердің барлығы да орыс тілін ұғатын еді және оны түсінбеу қоғамда сауатсыздық пен мәдениетсіздіктің, артта қалудың көрсеткішіндей қабылданып, орысша сөйлеу сәнге айналды. Сөйтіп, қос тілдік қазақтілді орта монотілді болып түзіле бастады. Қазақ тіліне қатысты айтылған дауға бір-екі сөйлеммен қазақша білетінін көрсетіп қана құтылу дәстүрге айналды. Сөйтіп, бүгінде қазақтілді ауызекі орта үшін ілеспе тілмаш санаулы орындарда болмаса сирек құбылысқа айналды. Ақыры, ауызекі ортақ ақпасы айқара ашық аула секілді кім көрінген кіріп-шығып, керегін алатындай иесіздік жайлады.

Бірқатар мемлекеттік ұйымдарда, органдарда арнайы аударма бөлімі бар, алайда, ол бөлім негізінен **қазақша-орысша** ілеспе тілмаштықпен ғана айналысып, орыстілділерге ғана қызмет ететіні құпия емес. Арнайы талап етілгенде ғана қазақтілді ортаға арналған **орысша-қазақша** аударма қолға алынады. Ресми форумдар мен отырыстарда ауызекі тілдік ортаға деген саяси көзқарас осылайша әйгіленіп отыр. Сөйтіп, **жазба тілдік орта негізінен аударманың салдары түрінде қалыптасып отырса, ал, ауызекі ортаға керісінше, тілмаштың тілі байланып, шекарасыз қалып отырған жағдай тән.** Соның салдарынан Қазақстан өзге елдермен өгей тілде араласып, қазақ тілінің өзге тілдермен тілмаштық қарым-

қатынасы дамымай, тілдік шекара қалыптаспай отыр.

Тілдік саяси жүйе. Арнайы ілеспе аудармалық техниканың орнына әрбір мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Тілдерді дамыту басқармалары мен бөлімдері құрылғанымен, бұл құрылымдар мемлекеттік тілдің пайдасына қызмет етуге арналмаған, бұлардың басым бөлігі сол ұйым басшыларын тілдік шабуылдан құтқаратындай және ісжүргізімді жазбаша ортаға емес, мұрағатқа ғана қызмет ететіндей қасан да жансыз жазбаша аудармаға жегілген. Және де бұл бөлімшелер мемқызметшілерді мемлекеттік тілге үйретуді ұйымдастырушы болғанымен, оның нәтижесі барынша төмен, өйткені ресми түрде мемтілді білу талабы жоқ, қазақ тілге деген ресми сұраныс қалыптаспаған. Осылайша мемлекеттік бюджеттен бөлінетін айтарлықтай қаржы нәтижесіз, тілдік ортаның қызығын көрмейтін формалды тілдік курстарға жем болуда, оның нәтижесі мен тиімі сұралатындай жүйе енгізілмеген. Қазақ тілін білу деңгейін тексеретін бірден бір құрал – **ҚазТЕСТ** жүйесінің дайын болғанына бірнеше жыл болса да, оны мемқызметшілерді білуге міндеттейтін әлі күнге нормативтік құжат болмағандықтан, бұл сайманды қолданудың мүмкіндігі тағы жоқ.

Мемтілдік ауызша орта әлеуметтік-қоғамдық орындарда мейлінше шеттетілген. Банктерде, дүкендермен басқа да қоғамдық қызмет ету орындарында біртүлді (яғни, орыстілді) қызметшілер монополиясы мен диктаты орнаған. Бұларда қазақтілді қызметшілер ішінара жұмысқа алынғанымен, бірақ, оларға сәйкес еңбек ақы төлемей-ақ қостілді қызметке жету орын алған. Айта берсе, атай берсе, бұл саланың осалдығын айтып тауысу қиын. Себебі, елде мемтілдік ортаны дамыту тұжырымы тіптен талқыланған да, қарастырылған да емес.

Салдар. Нәтижесінде Қазақстандағы тілдік орта мен демографиялық әлеуеттің арасында мейлінше қайшылық туындап отыр. Мемлекеттік мәртебесі бар саяси-ресми бас тіл болып табылатын қазақ тіліне деген көзқарас әлдебір саяси осалдықты қымтайтын көрпе ретінде қалыптасқан ақуал байқалады. Елде қос тілді меңгерген қазақтілді орта мен біртүлді орыстілдік ортаны қасақана түрде қарсы қоятындай жағдай түзіліп келеді. Қоғамда бастама еткен бір кездегі қос тілдік те, үш тілдік те орта қалыптасатындай нақты қадам болмай отыр. Нәтижесінде орыстілді қауым билік пен байлыққа ие жоғары каста рөлін атқарып отыр, оған қарсы қостілді болса да қазақтілді ортаның алақөздігін қоздыра түсуде. Бұдан бірнеше жыл бұрын айтылған философ ақсақал **Амангелді**

Айталының «орыс тілі – байлардың, қазақ тілі – кедейлердің тілі» деген уәжі бұрынғыдан бетер аңғарылуда.

2009 жылы қазанда Қарағанды қаласында қазақтілді қазақ емес жастардың форумы болып өтті. Олар қазақы тілдік ортаға елдік ауқымда жағымды имидж орнататындай әлеуетті ресурс екенін байқатты. Өкінішке орай, әлі күнге қоғамның бұл тобын мемтіл насихатының пайдасына жарату қолға алынбағаны өз алдына, елдегі этносаралық ынтымақты нығайтуға да кеңінен қолдану іске аспай келеді. Тілдік ортаның жағдайы ресми түрде қарастырылмайтындықтан, зерттеу жасалса да құпия ұсталатындықтан, ресми статистикаға жүгіне алмайтынымызды амалсыз мойындаймыз. Барған сайын демографиялық ақуалдың қазақы тілдік ортаның пайдасына шешілуіне қарамастан, аталмыш баянда аталып өткендей, 2009 жылғы көрсеткіш бойынша, Қазақстанда жарнама мен хабарландырудың түпнұсқасы мен тарату үдерісі 100 % -ға дерлік әуелі орыс тілінде жүзеге асады, қазақ тіліне аудару екінші кезекте ғана қолға алынады. Осыдан келіп, қазақтілді жарнама тілдік ортаға икемсіз, өгей мазмұнда. Алматы қалалық Тілдерді дамыту басқармасының мәліметінше, Алматыдағы 200-ден астам жарнама агенттіктерінің бір де бірі қазақ тілінде жарнама жасамайды. Сөйтіп, жарнама берушілер қазақтілді тұтынушылар мүддесін ескергендіктен емес, тіл саясатында тууы мүмкін даудан қашқақтағаннан амалсыз түрде орыстілді жарнаманы үстірт, жүрдім-бардым есеп үшін ғана қазақшалаумен шектеледі.

Қазақстандық коммерциялық құрылымдар істерін бірыңғай орыс тілінде жүргізеді. Тіпті, қазақтілді азаматтар құрған фирмалардың өзі орыстілді қызметшіні жалдап ісжүргізімді орысша жүргізуге мәжбүр. Ал, шетелдік фирмалар ауызекі

тіл ретінде өз тілдерін қолданып, ал, іс жүргізімі – бірыңғай орыс тілінде. Сауда орындарындағы импортталатын өнімдердің болмашы бөлігі ғана қазақша жапсырмалар (этикетка) мен нұсқамаларды (инструкция) қамтиды, қалғаны орыс тілінде не басқа шет тілдерде. Демек, тиісті ведомстволық органдар тарапынан импортталатын тауарларға тілге қатысты талап қойылмайды деген сөз. Мұның бәрі сайып келгенде, коммерциялық құрылымдар мен мемлекеттік сектор арасындағы қатынастың тек қана бір тілде біржақты қамтылғанын көрсетеді.

Елдегі азаматтық ақпарат алу, айталық хабарландырулар мен құлақтандырулардың өзі біртүрлі ортаның пайдасына арналған индустрияға жол беріп, дамудың даңғылына түскен. «Из рук в руки», «Колесо» газеттері, тіпті, коммерциялық жүгіртпе тележолдардың өзі, СМС арқылы таралатын Төтенше жағдайлар саласының хабарламалары да мемтілді ортаны опонай айналып өтіп, қазақтілді ақпарат тұтынушының бар-жоғына мән бермейді. Бұл жағдайды саралап, талдап ресми түрде бағалап отырған уәкілдік органдар жоқ, қазақтілді ақпарат тұтынушылардың құқығы тапталып жатқанымен құқық күзету органдарының да ісі жоқ.

2005 жылғы ақпарат бойынша Алматы қаласындағы 66 жоғары оқу орнында оқитын 205 мың 657 студенттің 39%-ы ғана қазақ бөлімдерінде, 61%-ы орыс бөлімдерінде оқыған. 2013 жылғы көрсеткішке жүгінсек, 30 пайыз қазақ баласы есебінен білім орыс тілінде беріліп, жүздеген орыстілді мектептер саны солардың есебінен сақталуда. Бұл жағдай білім сапасы қазақтілді ортада жоғары болса да, осылай сақталып отыр: нәтижесінде ушығуға жеткізбейтін шаралар жасау мүмкіндігі мол болса да, елімізде тілдік теңгерім мен үйлесім мейлінше алшақ күйінде қалғаны өз алдына, барған сайын тілдік алакөздік ұлғайа түсуде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдік орта – ұлтты пассионарлық жасампаздыққа жетелейтін орда. Жасампаздықтан құралақан ұлт дүбәре топтарға жіктеліп, мемлекетті әлсірететін күштерге айналады. Ішінара және үстірт шолып өтсек те, бұл жарияланым арқылы Қазақстандағы тілдік ақуалды ушықтыру ниетіміз жоқ, керісінше үйлесімсіз тілдік орта мәселесін ашуға тырысып, оның осал тұстарын көрсету арқылы шешу жолына біртабан болса да қоғамдық ортаның назарын аударуға тырыстық.

Атап айтар басты аңғарғанымыз – тілдік саясат мәдениет пен ақпарат саласына қатыстылығынан гөрі, елдің ішкі саясатының бірден бір өзегі екендігі уақыт өткен сайын өзекті бола түсуде. Сол себепті, тіл мәселесімен кәзіргідей Білім және Мәдениет министрліктері, әкімдіктердің бөлімшелері емес, елдің біртұтас Ішкі саясат құрылымдары айналысуы тиіс. Сонда ғана бар мәселе оңалып, оңай шешімін табатынына сенеміз. Және де бұрынғыдай тіл мәселесін жаба тоқитын жауыр сипатынан гөрі тиянақты түрде нәтижелі іс-әрекеттермен әдіптеген абзал. Өйткені, тілдік ортаның ақуалы мен елдегі демографиялық жағдай барған сайын мәселені басқаша қоюға душар етпек.



Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
Қазақстан ҰҒА корреспондент-
мүшесі, филология ғылымдарының
докторы, профессор

МҰРАТАНУ ЖӘНЕ МҰРАТТАНУ

«Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Шөлгез» жырларында Ноғайлы жұртының аңыздарын өзінше баяндайды. Мұраттың алты ақынмен айтысы ғана сақталған. Ал, арнау өлеңдерінің дені би-болыстарға, елдің беделді адамдарына айтылған. Сондай-ақ, хат түрінде жазылған «Оқудан қайтқан жігітке», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» деген үш өлеңі, тойбастар жырлары бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Ақын шығармалары алғаш рет 1908 жылы Қазан қаласында ағайынды Кәрімовтердің баспаханасында басылды. Кітап «Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұғлына айтқаны» деп аталады. Кейбір кітаптарда «Мұрат ақынның Ғұмар қажыға айтқаны» деп те жазылып жүр. Шындығында жинақтағы «Байұлы Байбақты Ғұмар Қазы ұғлына Мұрат ақынның айтқаны» деп аталатын өлеңде баяндалғандай, Ғұмар – әйгілі Сырым батырдың немересі. Ғұмардың әкесі – Қазы. Мұрат ақынның Сырым батырға арналған дастаны бар екен деушілер осы дерекке жете үнілмегендіктен қателесіп жүрген болуы керек. Төте жазумен түзілген кітап небәрі 24 беттен тұрады. Оған не ақын жырларын ұсынушының, не баспагерлердің түсініктемесі берілмеген. Тек соңында Кәрімовтердің баспасынан жуық маңда қандай дүниелер жарық көретіні жөнінде құлақтандыру жарияланған. Ақын көз жұмғаннан кейін екі жыл өткенде бұл кітапты кімнің бастырып шығарғаны жөнінде нақты дерек жоқ. Халел Досмұхамедұлы, бұл тұста, Санкт-Петербургте әскери-медициналық академияда оқып жүрді. Оның үстіне ғалымның әдебиетке қатысты зерттеулері кейінгі жылдардың үлесіне тиеді. «Революцияға дейін Қазанда әртүрлі адамдар қазақ халық әдебиетінің өте көп үлгілерін басып шығарды. Бұл басылымдардың бәрі аса көп қатемен, бұрмаланған түрінде жарық көрген. Сондықтан оны тек дайындығы мол адам ғана пайдалана алады», – деп, Халел Досмұхамедұлы ескерткендей, бұл жинақ та байыппен

Қазақ әдебиетінің тарихында айрықша із қалдырған әрбір шығармашылық тұлғаның мұрасы – елдің рухани қазынасы. Сондықтан, мұратану зерделі зерттеушілердің басты міндеті болуға тиіс. Арғы-бергі дәуірдегі әдебиет өкілінің бүгінге жеткен бірде-бір дүниесі ұмыт қалмағаны жөн. Осылай түгелдеп-тиянақтау арқылы әдебиет тарихының ақтандақ беттерін қалпына келтіре аламыз.

Шығармашылық мұрасы көп қиянатқа тап болған ақынның бірі – Мұрат Мөңкеұлы. Көзқарасы ұлттық мүддемен үйлес жыр жүйрігінің өлеңдерінде отарлаушыларға айқын қарсылық танытатын тіркестер жеткілікті еді. Жалғыз Мұрат емес, жалпы зар заман тобы өкілдерінің қай-қайсысы да осындай қилы тағдырды бастан кешті. Биліктің қысымына қарамастан ақынның шығармалары елдің зердесінде сақталды. Соның бәрі бірте-бірте жазып алынып, мұрағаттар мен қолжазба қорларын толықтыра түсті. Мұрат Мөңкеұлының өлең-толғаулары ұзақ уақыт бойы ел ішінен жиналып келеді. Бұған әр жылдар бедеріндегі ғылыми бастамалардың ықпалы болды. Осы кезеңде бірқатар мақсатты ғылыми зерттеулер жүргізілді. Сөйтіп, бір-бірімен өзектес мұратану мен мұраттану ілімдері қатар өрбіді.

Мұрат ақынның мұралары «Үш қиян», «Сарыарқа» толғау-поэмаларын, «Қазтуған», «Шөлгез», «Қарасай-Қази» жырларын, айтыстарын, бірнеше толғау-термелерін, арнау өлеңдерін қамтиды. Ақын «Үш қиян» мен «Сарыарқаға» халық басына түскен ауыртпалықты арқау етсе,

оқуды қажет етеді. Ептеген әріп қателері бар. Кейбір өлеңдердің жолдары ауысып кеткен. Оның есесіне Мұраттың жарық көрген шығармаларында кездеспеген шумақтар, соны тіркестер ұшырасады.

Бұл кітапқа тек Мұрат Мөңкеұлының шығармалары ғана енгізілмеген. Мұнда **«Байұлы Байбақты Ғұмар Қазы ұғлына Мұрат ақынның айтқаны»** атты ұзақ өлеңі, **«Қазтуған»** жыры, **«Мұрат ақынның заманның түріне қарап шығарғаны»** (*«Үш қиян»*) деген толғауы ғана жарияланған. Кітапқа енген одан басқа дүниелер: **«Жәңгір хан дүниеден қайтқанда Алаша Байтоқ жыраудың айтқан сөзі»**, **«Сұлтан Кенесары батыр қоныстан ауғанда Досқожа ақынның айтқаны»**, **«Беріш Махамбет батырдың сұлтанға айтқаны»** (*жыр Мұраттан жазып алынды деп көрсетілген*), **«Адай Балуанияз батыр жауда өлгенде айтылған сөздер»**. Бүгінде баршамызға белгілі Махамбет жырлары тұңғыш рет жоғарыда аталған жинақта жарияланған. Бұл өлеңдердің бәрін де Мұрат ақын жатқа білген. Мұраттан Ығылман Шөреков жазып алып, батыр ақынның мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізген. Бұл жөнінде Махамбеттің өмірі мен өлеңдерін көп зерттеген, ақын жөнінде роман жазған белгілі жазушы Берқайыр Аманшин: **«1837 жылғы декабрьдің жиырма алтышында Тайсойған құмында Есенқұл Беріш Бабаттың үйінде болған, сол қыс бойы сол құмда, тағы басқа үйлерде болған мұндай сөз базарларында, қазіргіше әдебиет кештерінде, ақындар мүшәйрасында сол елдің адамдары Махамбет өлеңдерін жаттап алып, одан кейін Беріш Мұрат ақын, Мұраттан Ығылман жазып алу арқылы бізге жетті ғой»**, – дейді. Б.Аманшин сонымен қатар, Ығылманның **«Исатай – Махамбет»** дастанын жазғанда оның Махамбетке, Мұратқа еліктегенін, солардан көп үйренгенін атап көрсетеді. Ал, Қабіболла Сыдықов Махамбет өлеңдерінің 1989 жылы басылған жинағындағы түсініктемесінде: **«Махамбет өлеңдерін шәкірті Қуан жырау, Кішкене Қобыланды ақындар жатқа білген. Одан Мұрат ақын үйренген. Мұрат білетін өлеңдерді Ығылман жаттаған. 1925 жылғы жинаққа енген (Ташкент қаласында басылған «Исатай – Махамбет» жинағы – Б.О.) Махамбет өлеңдері Ығылман айтуынан жазылған.**

Бұл жинақтың ақын өлеңдерінің басылымдарын дайындағанда бірден-бір сүйенетін сенімді нұсқа болатын себебі сондықтан», – деп тұжырым жасайды. Осы ретте «Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұғлына айтқаны» жинағына және басқа басылымдарға сүйене отырып, Махамбет өлеңдерінің текстологиясын жасауға сүбелі үлес қосқан Қ.Сыдықов Мұрат мұраларын жұртшылыққа танытуға да көп еңбек сіңіргенін айтуға тиіспіз. Сонымен, Мұрат Мөңкеұлын біз тек ақиық ақын ретінде ғана емес, халықтың ардақты ұлы Махамбеттің өлеңдерін жұртына шашау шығармай жеткізуші, әдебиет тарихының білгірі, мұраттанушы ретінде де бағалауымыз керек. Мұрат пен Ығылманның Махамбетті халқымен қайта табыстыруы – қалың қазақтың игілігі үшін жасалған азаматтық іс. Махамбет – Мұрат – Ығылман сабақтастығы ұлы мұраны бүгінгі күнге жеткізген қасиетті керуеннің алтын көпірі болып қалды. Бұдан соң, профессор Халел Досмұхамедұлы ақынның шығармаларын топтап, 1924 жылы Ташкент қаласынан **«Мұрат ақынның сөздері»** деген атпен кітап етіп бастырып шығарды. Ақын шығармалары 1946-47 жылдарға дейін мектеп оқулықтарына енгізіліп келді. **«Қарасай-Қазы»** жыры 1943 жылы жеке кітап болып шықты. Мұраттың өлең-толғаулары **«Үш ғасыр жырлайды»**, **«Бес ғасыр жырлайды»**, **«Ай заман-ай, заман-ай»** жинақтарына, айтыстары әр жылдарда шыққан айтыс жинақтарына енгізілді. Мұрат ақынның шығармалары 1940 жылы Мәскеуде басылған **«Песни степей»** атты қазақ әдебиетінің антологиясында (жалпы редакциясын басқарған Л.Соболев), 1978 жылы Ленинградта басылған **«Поэты Казахстана»** атты жинақта (құрастырған М.Мағауин) жарық көрді.

Мұраттың шығармашылығын алғаш зерттеген Халел Досмұхамедұлы оның мұрасын жүйелеп, өлеңдеріндегі қайшылықтарға баға беріп, мұраттанудың негізін қалады. Әдебиет зерттеушілері, ақын-жазушылар әр жылдарда Мұрат мұралары туралы пікірлер айтты. Әсіресе, ақын шығармаларына тереңірек тоқталған М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Тоқмағанбетов, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев сынды ғалым-жазу-

шылардың ой-пікірлері Мұрат мұраларының табиғатын ашып, байыпты талдау жасаумен құнды. Философ-ғалым Қ.Бейсембиев те Мұраттың дүниеге, қоғамға көзқарастары жөнінде пікір айтты. Алайда оның тұжырымы сол кездегі идеологиялық ойлаудың өлшеміне сай болды. 1958 жылы Америка Құрама Штаттарының Дьюк университетінің профессоры Томас Густав Виннердің ағылшын тілінде басылған «Ресейлік Орталық Азия қазақтарының ауызекі шығармашылығы мен әдебиеті» атты кітабында Мұрат Мөңкеұлының өлеңдеріне талдау жасалды. Мұрат ақынның мұралары Қазақстан Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының 1940 жылдардың орта шенінен бастап ұйымдастырған ғылыми экспедицияларының нәтижесінде жиналды. Мұраларды Атырау өңірінен іздеп тауып, академия кітапханасының қолжазба қорын дамытуға Б.Қорқытов, А.Әбдірахманов, Ғ.Әбілжанов, М.Тілеужанов, Сұлтанғалиева, Ауатанов т.б. жинаушылар үлес қосты. Ақынның өлең-толғауларының көпшілігі оның ұлы Дәулетқалидың аузынан жазып алынды. Орталық ғылыми кітапхана қорының 1303, 97 Д, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорының 406, 504, 593 папкалары Мұраттың шығармаларына арналған. Сондай-ақ, институттың қолжазба қорының 411, 332, 910 папкаларында Мұрат ақынның өлең-толғаулары бар.

Мұрат ақынның шығармалары қай кезде де әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалып көрген жоқ. Мұратбек Бөжеев филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазған диссертациясының бір тарауын Мұрат Мөңкеұлының өлең-дастандарына арнады. Ақынның ардақты есімі ақталғаннан кейін мерзімді баспасөзде Мұрат Мөңкеұлы жайында бірнеше мақала жарияланды. Ақынның өлең-толғаулары газет-журналдарда жарық көрді. 1991 жылы ғалымдар Қ.Сыдықов пен Ш.Керімов Атырау, Маңғыстау өңірлерінде өмір сүрген төрт ақынның (*Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шығияз Шанайұлы, Насихат Сүгірұлы*) «Алқаласа әлеумет» деп аталатын жыр жинағын құрастырып, бастырып шығарды. Осы жинақта Мұрат шығармаларының бұрынғы басылым-

дарымен салыстырылған текстологиясы жасалып, ұсынылды. Сол жылы шыққан Халел Досмұхамедұлының «Аламан» атты кітабына (құрастырғандар Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов) Мұраттың 1924 жылы Ташкентте жарық көрген жинақта жарияланған өлең-толғаулары енгізілді. «Әлем» альманағының алғашқы санында, «XIX ғасыр әдебиеті» оқулығының хрестоматиясында Мұраттың өлеңдері жарияланды. Ақын шығармаларының баспасөзде жарық көруіне әдебиеттанушы ғалым Сәрсенбі Дәуітов көп үлес қосты. Оның құрастыруымен Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармалары енгізілген «Зар заман» жинағы 1993 жылы жарық көрді. Кейіннен Мұрат ақынның шығармалары жазушы, шежіреші Берік Қорқытовтың кіріспе сөзімен және түсініктемесімен 2001 жылы «Өлке» баспасынан «Қынапты қара қылышпын», «Арыс» баспасынан «Мұрат» атты жеке жинақ болып басылып шықты. Сонымен қатар, ақын өлеңдері 2004 жылы «Тарихи тұлғалар. Есет, Алдар, Мұрат, Шернияз» атты жинақта жарияланды. Биыл «Ана тілі» баспасынан Мұрат Мөңкеұлы шығармаларының толық жинағы жарық көрді.

Академик Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен 1993 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде «Мұрат Мөңкеұлының әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациямыз қорғалды. Ал, 2001 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қорғалған «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы. Генезис, типология, поэтика» атты докторлық диссертациямызға осы ағымның белді өкілі Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы да арқау болды. Сонымен қатар, әр жылдарда жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектерімізде ақынның өлең-жырлары нақты нысанамызға айналды. Осылайша мұраға жанашыр әдебиетші ғалымдардың бірнеше буынының әр жылдардағы жүйелі ізденістері арқылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің соңында қалдырған мұрасының жоқ-жітігі түгелденді. Х.Досмұхамедұлынан басталған мұраттану үрдісі мұраттанудың бір саласы болып қалыптасты. Рухани тамырын тереңге жайған бұл дәстүр алдағы уақытта да жалғаса бермек.



Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ,
тарих ғылымдарының
докторы

*Домбыраның қайта бұрап құлағын,
Шертші, Әлеке, бар еді ғой бір әнің.
Мүмкін мынау шерлі көңіл уанып,
Қояр бір сәт, зар еңіреп жылауын.*

Жан досы Айтан Нүсіпханның
1970 жылы жазған «Әлімғазы Дәулетхан»
деген өлеңінен.

Өмірінде қаншама іс тындырып тастағанымен «Мен тасты шағып, тауды қопарып тастадым» деп жар салмай-ақ «айылы босатылмай ауыздығымен жайылып қоң алып жүре беретін қойшының ақ айыл торысы» сияқты адамдар болады. Арамызда мұндай адамдар аз емес, солардың бірі мен білетін Әлімғазы Дәулетхан. Екеуіміз бірге өсіп біте қайнаған жандар емеспіз, ол Қытайда, мен Моңғолияда туып-өсіп қилы-қилы күй кешкен екі түрлі тағдыр иесіміз. Алғаш 1997 жылы атажұртта таныстық. Содан бері қазақ тарихының киелі қара шаңырағы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында бірге қызмет жасап, бір-бірімізге сүйеу, демеу болып жұбымыз жазылмай келеміз. Әлімғазы қаймағы бұзылмаған қазақ арасында өскендіктен бе екен, өмірде көрген білгені көп, көзі ашық, ұлтына адал, рухына берік, қазақы дәстүр, салт-санаға жетік, досқа адал азамат екеніне менің көзім әбден жетті. Бұл қасиеттер Әлекеңнің туған топырағы, өскен ортасы, әулеттік тәлім-тәрбиесіне байланысты болса керек.

Әлімғазы Дәулетхан 1943 жылы 15 қыркүйекте ҚХР, ШУАР-на қарасты Іле қазақ автономиялық облысы, Күнәс ауданы, Түрген ауылында дүниесігін ашыпты. Аталарымыз Алтайдың күні биіктен шығады, аласаруды көтермейді деп отырушы еді. Әлімғазы осынау биік күннен сәуле алып, күлімдеп аққан Күнестің суын ішіп, Тасқорғанның ақ шаңына аунап, Қорғастың

ТАРПАҢ ТАҒДЫР, ТЕНТЕК ОЙДЫҢ ИЕСІ

қасқа жолдарын арлы-берлі кесе жортып өскен ұл ғой, өр болмай, өнерлі болмай қайтсын. Оның үстіне текті атадан тәлім алып өссе.

Атасы Көбекұлы Шылбы үшбұрылды жайлаған төрт қызай, төрт саманың ұрпағы. 1865-66 жылдары Бәйеке, Боқаш, Сасан билер бастаған қазайлар қатарында Іле өңіріне келіп қоныстанады. Шылбы атасы бала кезінде Құлжадағы Байтолла медресесінде білім алады. Домбыра, сырнайын тарта жүріп ақылға кен, дініне берік азамат болып ер жетеді. Байтолла медресесіндегі діни орталықтың қолдауымен қазақтар арасындағы шариғат істерін басқаратын Әлімахұн деген діни атаққа ие болады. Халыққа діни нәсихаттаудың бір тәсілі ретінде құрамында 50-60 адамы бар топ құрып, күйеу баласы Әубәкір молда шығарған «Ислам әскерінің маршын» шырмап дін исламды нәсихаттайды, айналасын оқу, өнер, ғылым, білімге шақырады.

... Шамамша мектеп ашып, мешіт
салдым,

Елімнің надандығын есіме алдым.

Қазаққа ғылым, өнер үйретем деп,

Көп алғыс, бұқарадан сенім алдым.

Айтысып елу жылдай ғылым үшін,

Жетпістің үшеуіне келіп қаптын – деп ел жұртының ықыласына бөленген абзал жан 1936 жылы 76 жасында дүниесі салған екен (Бұл туралы «Қазақ энциклопедиясының» XII томы және «Ағайын» журналының 2001 ж. №1 санында жазылыпты).

Әлімғазы әліппені әкесі Дәулетханнан үйренеді. 1952-1961 жылдары Бестөбе қалашығындағы орта мектепті бітіріп, 1961-1966 жылдары Үрімжі қаласындағы Шыңжан университетінің қытай тіл мен әдебиеті факультетінде оқып, қытай-ұйғыр тіл әдебиеті мамандығы бойынша диплом алады. Университет қабырғасында жүргенде шағатай тіл, жазуын үйренеді. Ұйғыр тіл, жазуын білетін, Байтұрсынов графикасын онды-солды оқып, жаза білетін азаматқа шағатай тіл, жазуын үйрену қиындық тудырмапты. Кейінірек орыс, түрік тілін үйренеді. Жоғары білім

алып енді-енді алған білімінің жемісін көрем бе деген шағында Қытайда 1966 жылы «Мәдени төңкеріс» деп аталатын атышулы саяси науқан басталып кетеді. Ұлттық құндылықтар жоққа шығарылады. Ұлт зиялылары топ-тобымен айдауға түседі. Тек Мао-Цзе дунды шектен шыққанша мақтайтын жасанды идеология орын алады. Зиялы қауым, әсіресе, ұлт зиялылары бұл қысымға шыдамай ұлт-азаттығы үшін күресін бастайды. Күрескерлер қатарында Әлімғазы Дәулетхан да бар еді. Партия мен үкіметтік ұйымдар шам алып ұлт зиялыларының соңына түседі. «Ұлтшыл ревизионерлердің» кара тізімі жасалып әуелі оларға қағаз қалпақ кигізіп күндіз кара жұмыстарға жегіп, кешке қарай «тәубеме келдім» деген рапорт жазуға мәжбүрлейді. Кешікпей жоғары оқу орынын бітірген жастарды (хүн бей-биндер) «Еңбекпен қайта тәрбиелеу» деген ұранмен алыс аймақтарға жер аудару науқаны басталады. Әлімғазы да әріптестерімен бірге Бұратала моңғол автономиялық облысына айдалады. Әлімғазы Дәулетхан қасындағы екі серігімен бірге 1969 жылы 2 сәуір күні аса жанкештілікпен тас қамалды бұзып Қазақстанға өтеді.

Иә, біздің (оралмандарды айтам) бүгін тайрандап жүргеніміз тәуелсіздіктің арқасы ғой. Әйтпегенде, Қазақстан ол кезде атажұртына аһ ұрып жеткен ағайындарына қамқор болуға қауқарсыз еді. Саяси билік Мәскеудің шеңгелінде болатын. Билік атажұртына бас сауғалап келген қазақтарға көмек қолын созу былай тұрсын, оларды үш әріптің қамағында үш ай ұстап тергеп, ақыры қолдарына «Азаматтығы жоқ тұлға» (*Лицо без гражданства*) деген дүлей хат беріп «Еңбекпен тәрбиелеу» үшін сол кездегі Көкшетау облысы, Уәлиханов ауданының «Золотая Нива» совхозына жер аударады. Тағдыр-ай десеңізші, Қытайда «Еңбекпен қайта тәрбиеленіп» шыққан олар енді атажұртында «қайта тәрбиеленуіне» тура келеді. Азаматтар жергілікті құқық қорғау органдарының тікелей бақылауында мал бағып, трактор айдап, пішен шауып, құрылыстың кара жұмысына жегіледі. «Менің бағыма құдай айдап мұнда досым ақын, сазгер, ұлтжанды азамат Жәркен, Айтан Нүсіпханның бірге келгендігі жанымға қуат берді ғой, әйтпегенде не болар еді» деп Әлекең кейде күңірене еске алып отырады. Иә, қой бағу, шөп шабу деген қазақ үшін ар емес әрине. Бірақ, бөде елде жоғары білім алған, бірнеше

тіл білетін саясаттан тәжірибесі бар, ақын, сазгер, өнерпаз азаматтардың іздеп келгені бұл емес еді. Аңсап келген ізгі мақсатына жете алмай аңырап көз жасына ерік берген кездері де болыпты. Ондайда азаматтарға өнері мен ақынжандылығы көмектескен көрінеді. Әлімғазы Дәулетхан осылайша 17 жыл бойы тиісті органдардың бақылауында болып үкіметке 12 рет өтініш, арыз-шағым жазып жүріп, әйтеуір, 1986 жылы 15 қыркүйекте «Кенестер Одағының азаматы» деген қызыл паспортқа ие болып адам қатарына қосылады.

Әлекең қайсар азамат қой, қаншама қатаң тағдырды басынан өткерсе де «Балалық шағым, жастық өмірім мәнді өтті, осының бәрі адал достарымның арқасы» деп отырады. Иә, өмірдің ащы-тұщысын бірге өткізгендігінен бе екен Әлекең достарына өте адал, ал, қарсылас, дұшпандарына келгенде немесе сөзге сөз келгенде қатуланып ойындағысын бетін-жүзін демей айтатын тіктеу мінезі бар. Осы екі мінездің ара салмағында бойын байыпты да тік ұстайды. Студенттік кезінің жандосы, белгілі саясаткер, ақын Айтан Нүсіпхан, өмірден ерте өткен ақын досы Қалибек Бабайды үнемі еске алып отырады. Олар туралы талай мақала, естеліктер жазды. Өмірінде шығарған оншақты әнінің көпшілігінің сөзін Айтан Нүсіпханұлы жазыпты. «Золотая Нивада» қой соңында жүргенде екеуі бір-біріне сүйеу болып, өлең-жыр, әзілдерімен бірін-бірі жұбатыпты. Қазір Айтан да өмірден өткен. «Қайран Айтан жанпозым-ай, сен кеше ғана қабырған қайыса мұңайып тұрып «қайғынды қайран қазақ арқаладым» деп шерлене жыр төгіп едің-ау! Иә, сен кезінде қазақ, ұйғыр, моңғол, тіптен, қытай жастарының мұңын арқалаған кәтепті кара нар едің, бүгін сенің қайғынды достарың біз арқалап, қайғыдан қапа болып шер жұтып жүрміз» деп жазыпты Әлекең бірде. Ол Айтан досы туралы көп айтады, көп жазады. Солардың бірі Әлекеңнің «Жұлдыз» журналының 2012 жылғы №12 санында жазған «Дос туралы толғанғанда...» эссе-естелігі. Ол досына арнап мрамордан ескерткіш тұрғызбасада осы еңбегі арқылы сөзден күмбез тұрғызғандай сезіледі маған.

Рухтас досы ақын Қалибек Бабай туралы да естелік жазыпты. Ақынның қазақ арасына кең тараған «Қайран жер» атты өлеңіне ән жазды. Біздерді атажұртқа алып келген Қалибектің осы бір от өлеңі еді ғой деп күңіренеді Әлекең.

*Қайран жер, сағымды алқап,
шоқы-құздар,
Қайран ел, қырғи жігіт, тоты қыздар,
Жүрмін мен бейтаныс ел, жат өлкеде,
Жаныма сартамызда өтіп ызғар...* дейді
екен автор өлеңінде.

Сөйткен ақын досы Қытайда қалып, қыршындай жас кезінде орман аралап жүріп жай оғы түсіп дүниеден өтіпті. Осы өлім жайлы естігенде Айтан мен Әлімғазы ақын досын еске алып, ішқұса болып өкініп, екеуі екі түрлі жалынды сөз айтыпты. Әлімғазы **«Найзағай да асылы бар жерге түседі»** десе, Айтан **«Өзі де от еді, отқа оранып кеткен екен ғой»** депті. Досына деген осыдан асқан естелік болама! «Алла ғұмыр берсе достарым туралы әлі де айтарым көп» дейді Әлекең. 1989 жылы Алматыға келіп қазақ телерадиосының «Алатау» бағдарламасына редактор болып орналасуына да Айтан досының көмегі тиеді.

Тәуелсіздік барша қазақ, соның бірі Әлекеңнің басына бакыт әкелді. Тәуелсіздікпен қанаттанған азамат өмірге жаңа келгендей күй кешті, көңіліндегі түйткілі арылып, көкірегіндегі шерінің бұлтты сейіліп, құдды бір өмірге қайта келгендей күйге еніп, екінші өмірбаянын бастады. Қабілетінің көзі ашылып, оқыған, өмірде көрген, білгенін бар даусымен айқайлап ашық айтуға мүмкіндік алады. 1992 жылы Түркияға үш айлық курсқа жолдама алып, үш айдың ішінде бұрын басқа ұлт тілдерін үйренген тәжірибесіне сүйеніп жанын сала оқып түрік тілін үйреніп қайтады. Түркияда көрген, білгендерін түйіндеп бірнеше жолсапарлық мақалалар, белгілеулерін жариялайды. 1993 жылы **«Заман Қазақстан»** газетіне тілші-аудармашы болып жұмысқа орналасып, өрге салған өткір мақалалары арқылы Қазақстан жұртшылығына танылады.

Әлімғазы Дәулетхан алғашқыда Қазақстан жұртшылығына әдебиетші, әдебиеттанушы, өнерпаз сазгер ретінде таныла бастайды. Бұл салада көптеген сын, мақалалар жариялайды. Солардың ішінен қазақ әдебиеттану саласына алғаш түрлен салып ой тастаған екі материалды ерекше атап өткен жөн сияқты. Біріншісі, қазақ-совет әдебиетінде **«Бурзуазияшыл, ұлтшыл, ақындық таланты мен өнерін байшылдыққа жұмсаған, жұқпалы, зиянды күш»** аталып келген ұлы Мағжан Жұмабаевқа іздеу салуы еді. Әрине, шетелдегі саяси күрестің дәмін татып, көзі ашылып қалғандығы ғой, айтпегенде бұл жылдары Қазақстанда

кешегі диссиденттік әдебиетке іздеу салу әлі де бастала қоймаған кез болатын. Ол «Жұлдыз» журналының 1994 жылғы №5-6 санында **«Мағжан және қазақ поэзиясы»** атты мақала жариялайды. Автор мақаласында Кеңестік билік тұсында біздің Қазақстанда орыс, украин, әзірбайжан, грузин, татар-башқұрттар, тіптен, іргеміздегі өзбек, қырғыздардағыдай эмиграциялық диссиденттік әдебиеттің болмауын, 1929-1986 жылға дейінгі уақытта қазақтың басына төнген зұлматтарға қарсы дауыс көтерген бір шумақ өлең, бір жол қарасөздің **(мектеп жасындағы кейбір ереуілшіл астыртын топ жетекшілерінің балаң жырларын айтпағанда)** болмағанын құлдық, ездік таптық психологияның үстемдік алуымен ғана түсіндіруге болатынын ашып көрсетеді. «Советтік сөзге қаламдары мұқалып көрмеген» қазақ-совет әдебиетінің «алыптары» қатарында ұлы Абай да Мағжандар да жоқ екендігіне қапа болады, қапа болады да «Қазақ-совет әдебиеті деген қампиған қалың дүниені қайта сарапқа салып тарих таразысына қоюды ұсынады. **Иә, қазір де қазақ-совет әдебиеті қайта сарапқа түсе қоймаса да Абай, Мағжандар қазақ әдебиетінен алатын орнын алды ғой. Бірақ, осыған Әлекеңнің қосқан үлесі бар деп атын атаған бірде-бір әдебиетші, әдебиеттанушыларын естімедім. Өйткені, Қазақстанда қалыптасқан салт бойынша ғалымдар, зерттеушілер тек лауазымды тұлғалар, атақ абыройы барлар немесе етене жақын танысының жазғанынан қиық (цитата) алады да алтын болса да басқаларының атын атауға дәті бармайды, тіптен, ар көреді. Бұл қазақ ғылымында әлі де таныстық, жағымпаздық бар деген сөз. Әлімғазы болса ғылымнан, әдебиеттен абырой-атақ іздеп жүрген жан емес, тек арман тілегі орындалғанына дән риза.**

Әлімғазы Дәулетханның әдебиет саласында атқарған екінші үлкен жұмысы ол **«Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық дәуірі әдебиеті (1679-1949 жж.)»** атты көлемді монографиясы. Монография бауырлас ұйғыр халқының қоғамдық тарихы мен әдебиет тарихын зерттеуге арналған. Бұл кез келген адамның қолынан келетін шаруа емес. Монографияға Беташар сөз жазған белгілі ғалым, Абайтанушы, проф. Мекемтас Мырзахметұлының айтуынша: **«Монографиялық зерттеуді жазу үшін алға қойылар басты шарт – қазақ тілінен сырт ұйғыр, қырғыз, һәм қытай, орыс, түрік тілдерін түпнұсқадан оқи**

алатын, әрі әдебиет пен тарихқа бірдей даярлығы мол білікті интеллектуалды болуы керек еді. Әлімғазының бойынан осы талап-тілектің бәрі де табылып отыр». Еңбекте 200-ден аса деректемелік материалдар қолданылған, олардың екіден бірі ұйғыр тіліндегі материалдар. Ұйғыр ақындары мен шайырларының өлеңдері, өсиет жырлары қазақ тіліне аударылып алынған. Кітап 2011 жылы жарық көрді. Әлі де мамандардың қолына тиіп тиісті бағасын ала қойған жоқ, еңбектің алатын бағасы алда. М.Мырзахметұлының Әлімғазы Дәулетхан туралы «**әдебиет пен тарихқа бірдей даярлығы**» деген сөзі де бекерден бекер айтылмаған. Әлімғазы әйгілі түрік тарихшысы Баһаддин Өгелдің «**Ұлы хұн тарихының**» екі томдығын қазақ тіліне аударуы автордың тарихқа барар жолына үлкен бастама әрі сабақ болды (*Баһаддин Өгел. Ұлы хұн империясының тарихы. II том. Алматы, «ХАНТ», 1998,- 735 б.*). Б.Өгелдің екі томдық монографиясы хұн зерттеудегі теңдесі жоқ құнды еңбектердің бірі. Л.Гумилевтің «Хұндар тарихын» да мұнымен салыстыруға келмейді. Өйткені, Б.Өгел еңбегін жазу үшін Түркі әлемін түгелдей, Моңғолия, Қытайды оңды-солды аралап, аталған жұрттың тілін ұғып, мұрағатын саралап өмірінің 18-20 жылын сарп еткен зерттеуші. Әлімғазы Дәулетхан Б.Өгелдің еңбегін аудару арқылы түркі әлемінің ғана емес, тарих ғылымының есігін айқара ашты. Оның үстіне «**Қазақ тарихына қатысты қытай жылнамаларының**» хұн тарихының қытай тіліне аударған жылнамасын түпнұсқамен салыстыра редакциялап алғысөзін жазды. Кітап 2004 жылы Түркістан, Тұран баспасынан жарық көрді. Осындай дайындықтардан кейін тарихқа, әсіресе, түрік халықтары тарихын ден қоя зерттей бастайды. Бұл бастамаға оның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында көп жылдар бойы қызмет жасауы әсер етті. Институттың «**Ежелгі және ортағасыр тарихы**» бөлімінде жасалған бірнеше ғылыми жобаларға қатыса жүріп 2002 жылы академик О.Смағұловтың жетекшілігімен «**Түркеш қағанаты (саяси және мәдени тарихын зерттеу 692-766 жж.)**» тақырыбында тарих ғылымының кандидаты атағын табысты қорғады. Бұл Қазақстан тарихы оның түркі халықтары мен мемлекеттілігі тарихының көп зерттелмеген тың тақырыптарының бірі еді. Диссертацияда тақырыптың деректемелік қыры жақсы ашылды. Әсіресе, қытай тіліндегі деректемелер алғаш рет ғылыми

айналымға енді. Диссертациялық кеңесте еңбек бірауыздан қабылданды. Әлімғазы Дәулетханның диссертацияда ашқан жаңалықтарының ішінен төмендегі мәселелерді ерекше атап өткен жөн сияқты.

– Түркеш қағанаты ежелгі Үйсін мемлекеті жерінде ерте ортағасырда құрылған әскери-феодалдық мемлекет ретінде сипатталды. Ал қытай жылнамаларында қазақтарды ежелгі үйсіндердің мұрагері деп танытындығын ескерсек бұл Қазақ мемлекеттілігі тарихы үшін аса құнды тұғырнама.

– Мемлекет 692 жылы Суяб бекінісіндегі ірі шайқас нәтижесінде құрылғандығы анықталды.

– Түргеш қағанатын құраған «Он оқ-Будунның» қалыптасу кезеңдері айқындалып, түріктік ортақ белгілеріне сипаттама берілді.

– Қағанатты құрып кемеліне келтірген әкелі-балалы Өжел мен Сақалдың түркеш тарихындағы орны мен өмірбаянының кейбір жаңа қырлары ашылды.

– Жетісу мен Орталық Азиядағы түрік халықтарының келешек тағдырына айрықша ықпал еткен 751 жылы араб, қарлық, түркештер бірлесіп Атлақ-Талас бойында Таң патшалығының шапқыншы армиясына күйрете соққы берген ұлы жеңіске тарихи баға берілді.

Әлімғазы Дәулетханұлының диссертациясы және «**Ежелгі және ортағасырдағы түркілер: тарихи зерттеу**» атты монографиялық зерттеуін тарихшы ғалымдар «**Түркі тануға қосылған үлес**» деп бағалады. Аталмыш еңбек түркітануға арналған үш топтамадан тұрады. Біріншісі хұнтану мәселесіне арналған. Автордың мұндағы «**Хұндар түрік тарихының таңсәрісі...**» атаудың өзі ұтымды шыққан пікір. Автор мұндай тұжырымға хұндардың тіл, жазу мәдениетін зерттеу арқылы жеткен. Мысалы, «**Ханнаманың**» хұндар баянының I бөліміндегі «**Шань Иуй**» немесе «**Тәңірдің құты**» деген бір сөзді талдау арқылы хұндардың түркілік тегін айқындауға болатындығын дәлелдеді. Мұндай пікір немесе «**Тенри**» деген бір сөз Даниялық проф. Томсенге руна жазуын түркі ескерткіші деп тануға мүмкіндік бергенін білесіздер. Екінші топтама Түркеш және Батыс түрік хандығы тарихын талдауға арналған. Түркештер туралы біз жоғарыда айттық. Автордың мұндағы Батыс түрік қағанаты құрылған аумағы, этноқұрамы, мәдениеті, келешек Қазақ мемлекетін құруға қосқан үлесі жағынан ол

қазақ мемлекетінің үлкен баспалдағы ғана емес, іс жүзіндегі протоқазақ мемлекеті болып табылады деген қорытындысы зерттеушілерді, түркі-қазақ танушыларды бей-жай қалдырмауға тиісті пікір деп ойлаймын.

Монографиядағы үшінші топтамаға қазақ тілінде қолданыста жүрген және қолданысқа ене қоймаған тарихи терминдерді талдауға арналған мақалаларын жатқызуға болады. Біздің тарихымыз терминологиялық дағдарысты басынан кешіріп отырғаны белгілі. Бұл қазақ тарихи терминология болмағандығынан емес, қазақ тарихи атауларына орыс тілі терминдерінің батпандап енуінде жатса керек. Автор, мұнда, қазір де қазақша баламасын таба алмай жүрген немесе бұрмаланған атауларды қытай, шағатай, ұйғырша атауларымен салыстырып қазақша атауларын ұсынған. Мұнда Махмұд Қашғаридың «Түрік сөздігі», Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу Білігі» үрдісіне жете мән бергені байқалады. Моңғолдарда «хурын үнэр» (*құрғақшылықта жаңа жауған жаңбырдың иісі*) деген көшпенділікке тән жақсы сөз бар. Ә.Дәулетхан талдап тексеру, ойдан-ой түйе тәжірибесі біршама жетілген, ғылымда өзіндік ой өрісі, қолтаңбасы бар зерттеуші. Қолданған материалдары жан-жақты әрі ауқымды. Оның әрбір еңбегі тарихтың көгалына тұтқиылдан жауған жаңбыр іспетті. Тарихтан көк күткен жұртқа осындай жаңбыр қажет-ақ. Осы жылғы көктемде Астанада өткен тарихшылар жиынында мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің сөйлеген сөзі, жаңа мақсатынан да тарихтың осындай бір ақ жауынының ісі аңқиды. Мұны тарихшы қауым жақсылықтың нышанына жорып отыр. Бірақ, елімізде соңғы жылдары тарихтан жүйелі білімі, зерттеу тәжірибесі жоқ бола тұра көлденеңнен килігіп, өз дегенін ғылымға күшпен тықпалау, оған көнбегендерге ғайбат айту, өз пікірлерін өткізу үшін лауазымды тұлғаларды айдап салу етек алып бара жатқаны тарихшы біздерді қынжылтады. Тарихты соншалық дөрекі бұрмалаудың бірі б.з.б.ҮІІ ғ. өмір сүрген қытайдың әйгілі ақыны Ли-Байды Шу-Талас бойында туған, дулаттан шыққан Елібай деген қазақ ақыны-мыс деген әфсәне еді.

Әфсәне авторлары Ли-Байдан – Елібай (Елдібай), әкесі Ли Кіден – Алқаби, оның тоғызыншы атасы Ли-Хаудан – Дулат жасауға әрекеттенді. Оларға жол сілтеген ғылымда аты белгісіз «қытай тілінің білгіші» делінетін Мұхтархан Оразбай дегеннің тұрғанынан жұрт жүрексінді ме кім білсін сабаздардың біраз көсілгенін білеміз. Осындай қысылтаяң кезеңде баспа беттерінен үш тарихшының (К.Хафизова, Т.Омарбеков және Ә.Дәулетхан) қарсылық үні естілді. Әрине қытай тіл, әдебиеті мен түркілердің тарихын білетіндігінен бе екен жоғарыдағы бұрмалаушылыққа қарсы Ә.Дәулетханның үні тентек, әрі қисынды естілді. Жоғарыдағы «**тұлға тапқыштар**» алғашқы мақаладан кейін-ақ, «біз жаңылыппыз» дей салса болатын еді. Бірақ, өйтпеді. Олар Ә.Дәулетханды қаралауға кірісті. Сөйтіп екі жақ біраз жерге барды. Ә.Дәулетхан аталмыш айтысқа байланысты шындықтың шегін іздеп шырыпыр болып жүріп ақыры кішігірім кітап жазды. Ал, хикаятшылар өз қателіктерін іштей біле тұрса да, әлі күнге дейін халықтан кешірім сұрауға қажыры жетпеді. Егер, «либайшылдардың» қажыры жетсе олар өз қателігін мойындағаны үшін «рахмет! айтысты осымен тоқтатайық» деп айтуға Әлекеңнің қажыр, қайраты жетер еді. Өйткені, ол мұндайдың талайын көріп, өмірі күреспен өткен азамат. Сөйткен, Әлекеңнің өмір жасы жетпісті еңсерді. Бүгін ол өткен өміріне еш өкінбейді. Өкінбейтіні, ол атажұртында өз шаңырағын көтеріп адал жар, ұл, қыз, немере сүйіп отырған ардақты әке әрі ата. Атқарған ісі де аз емес. Ол тарих, әдебиет, көсемсөз саласында 5 монография, 3 оқулық, 4 аударма, 170-ке жуық ғылыми-публицистикалық мақала, 10-нан аса ән, 4-5 күйдің авторы. Бір адамның басына бұл да жетіп жатыр. Өкінетіні, ақыл, ойы толысып білім, өмір тәжірибесі жетіліп, кемеліне келіп көрген, білгенін сараптап көсіле жазатын шағында науқасқа шалдығуы. Тағдырдың талай қиын өткелдерінен қажымай-талмай өткен мойымайтын қажыр-қайратын, өмірге деген құштарлығың, отбасының жылуы, достарының ақ тілегі саған көмектеседі деп сенемін. Әлі де жасай бер, қаламың мұқалмасын бауырым.



Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,
ақын, Қазақстан Журналистер
Одағы сыйлығының лауреаты

Ілияс Жансүгіровтің Мырзашөлге келуі

I

Отыз бірінші жылы дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров Мақтаарал атырабына келген. Аштықта ауып кеткен әкесін іздеген. Сол сапарында аудандық газеттің бір санын шығарысып, жолға салып беріп кеткен. Сонымен қатар «Жаңа тұрмыс» деген оқиғалы өлең жазып, елдің тұрмыс халін, еңбегін суреттеген. Ол кезде атпен жүреді. Колхоздарды атпен аралап, елмен кездесіп жүрген ақынды жоңышқалықта атын тұсап қойып, жазып отырғанын талай көргендердің көзі тірісіне жолықтым. Мысалы, атқа құмар азамат Сағынтай Өскенбаев әкесінен Ілиястың қызыға тыңдап, тарланбоз, атакты аттар туралы тәптіштеп сұрап, жазып алғанын айтады. «Қызылабад» пен «Жаңа тұрмыс» арасындағы жоңышқалықта отырып әңгімелесіпті. Балғын, Марал деген аттар керемет жүйрік сүйріктей еді. Маралдың баласы – Балғын ақалтеке дон тұқымымен араласып туған, қақпан бел, ешкі бас, дәу ат еді. Кейінірек қартайғанда, дәп сол аталған жоңышқалықта жас айғыр кеңірдегінен тістеп қансырап өлді. Өз бөлтірігін өзі жеп қойған қасқырдай – өзі жырлаған қызылдар өкіметінің Ілияс ақынның тағдырын да кеңірдектен тістегендей еткені еске түседі. Кеңес өкіметінің құлауы – жетпіс жылдан артыққа жетпеуі аруақ атып кеткендей, қан көп төгілген соң ғұмыры қысқа болғандай әсер етеді.

Мұның бәрінің ойға оралып тұрған себебі – Ілияс ақын отырған жоңышқалықта өтіп жатқан көкпар тойға атакты шабандоз Жексенбай екеуіміз келіп едік. Қазір аты өзгерген шаруашылық – Ленин атындағы колхоздың ең кәнігі, көнекөз еңбеккері Аманның тойы еді бұл. Жетпіс жыл ботқасын жегізген...изм жастарға да өз тарихына карауға мұрша бермеген соң, дүлдүл ақын Ілиястың жоңышқалыққа

келгенімен кімнің қандай шаруасы бар – білмейді де.

Салым шыққанша ірі көкпардың қақпасы – ойын көкпарына қарап тұрдық. Атты қыздырып жүрген есебі, жігіттер, бозбалалар өз қызығы өзінде, шулап жүр.

Далада кездескен қазақ өте бауырмал келеді. Жексенбайды кеше ғана келмеді деп жүргендер көріп, бұрылып, сәлем беріп жатыр. Маған таныстырып, мені де таныстырып тұрды.

II

«Құлагер» жинағын («Жазушы» баспасы, 1974 жыл) парақтап отырған адам 273-беттен 1931 жылы жазылған «Жаңа тұрмыс» деген:

*Келдім міне ауылға,
Ауыл жиын қоныпты.
Қонғанының мәнісі,
Ауыл колхоз болыпты.
Колхозының есімін,*

«Жаңа тұрмыс» қойыпты, – деп басталатын оқиғалы өлеңге кездеседі. Онда жаңа ғана колхозға біріккен тамалар (ру аты) ауылының өмірі суреттеледі.

*...Ұқтырды шал мән-жайын,
Кетпен саптап отырған:
– Осы отырған ауылдар,
Біз, шырағым, Тама едік.
Қарақайдың бойында,
Бірталай ел бар едік, –*

дейді ақын. Ілиястай айтулы тіл шебері оқиғалы өлеңін «Тама едік», «Ірге аудардық», «Жарыс», «Колхоз қатындары», «Екпінді жеңгейлер», «Бала майдан», «Жеңілген жалқау», «Біз еңбеккер, біз колхоз!» деген тақырыпшаларға бөліп өзгерген ауылдың бейнесін суреттейді.

Біз сол ауылда тұрмыз. «Жаңа тұрмыс» кейінірек «Қызылабад» делінді. Қазір Ленин атындағы колхоздың (Жетісай ауданы) аттас учаскесі. Оның тарихын, әсіресе, Жабаев Мүсәлі жақсы біледі (бұл кісіні бөле-жара атауымыздың себебі бар).

Учаске меңгерушісі – Қалыбай Зиятов. Мұнда 167 түтін бар. Мақта, жүгері, беде, көкөніс, бақша өсіріледі. Колхозда

соғысқа қатысқан еңбек ардагері Наурызбаев Жассак, құрылыс бригадасының көнекөзі, колхоздың көп үйлерін салуға қатысқан Байзақ сынды ардақты азаматтар бар. Колхоздың негізін қалаған Тұрғара Смаиловтың баласы Жеңіс – білгір механик. Көне бригадир Алкабек Мұсалиев, ұста Ақбалаев Байжігіт, Теміров Халықбай, Есімхан Дархан, Өтелов Кенжебек сынды еңбек және соғыс ардагерлері – елге сыйлы. Ауыл кезінде ығы-жығы отырған. Қазір балабақша, Совет Одағының Батыры Ж. Нұрлыбаев атындағы мектеп бар. Бірақ, клуб жоқ. Кезіндегі колхоз бүгінде кішкентай, көзден таса, көңілден жырақ учаскеге айналды. Өткен-кеткен әңгімені құлағына құя жүретін жанның бірі – колхоз бухгалтері Сақ Садыханов екен.

– Колхоз құрамыз деп 1928 жылы көшіп келгенбіз – деп, бір әңгіменің басын шығара отырып, көнекөздерді санамалай бастады. Баяғы «Жаңа тұрмыс» түгілі, кешегі «Қызылабадты» да бүгінгі жастар түгіл үлкендер біле бермейді. Елдің кешегісін білсе – тек Жабаев Мүсәлі ақсақал біледі.

– *Жаңа қонып жатырмыз,*

– *Қайда сіздің Қарақай?*

– *Қарақайды қой, балам,*

Болды ғой ту-талақай, – деп Ілияс құрған диалог еске түседі.

Оның себебі де бар.

Мал дейтін мал бар ма?

Кедей малға жарып па ед?

Байларымыз «кәмпіс» боп,

Малын біздер алып та ек.

Быттыр колхоз болуға,

Қаулымызға салып та ек, – дейді шал.

Біз кәсіподақ комитеті төрағасы Пердеш Есенбеков пен учаске меңгерушісі Зиятов Қалыбаймен Мүсекең үйінде тоқайластық. Мүсекең-сөзі дәділ, ойы анық, қарапайым, шымыр колхозшы қария – жетпіс жеті жаста екен. Ілияс ақын келгенде көрген, тыңдағанның бірі, көзі тірісі, әттең, жылдар көнекөздің көбін алып кеткен. Біз кеш келіп тұрмыз. Мүсәлі Жабаев айтады:

– Колхоз қылып Қарақайдан көшіріп келді.

(Қарақай-қазір осы аудандағы «Красная звезда» совхозының үшінші бөлімшесі). Суландырылған жерді көркейтеміз деп әкелді. Избасаров Мүсәлі-ең бірінші бастық сол болды. Атка соқа қосып, мақта ектік. Кедейлер-кепшіктер арқын-жарқын, жалаңаш-жалпы еңбек етіп жаттық. «Қарақайыс, көн иық, өңшең бейнет шеккендер» деп теңейді Ілияс. Бұл-байлар кәмпіс болып

жатқан уақыт. Байқоңыр, Ақай (Айғұлы), Шөпеннің баласы Әлімбай дегендер ірі бай ретінде Оралға жер аударылды. Орташа саналған Досбол, Әбдірай, Қозыеке, Жаманқара кәмпіскеленді. Олардың мал-мүлкі, дүние-жиһазы колхоздың ортасына салынды.

Біз, қарасирақ кедей, әйтеуір, құлақшұнақтан аманбыз. Түйенің бір жағына атты қосып, мойынсерік қып, жерағашпен бағара қып бидай, мақта екенді білеміз. Жауын жауса-құдайдың бергені.

«Колхоз болып Қарақай, болдық қой ту-талақай» деп газетке шыққан өлеңді айтып жүретін едік. Кітабы бар ма еді?! Ол кездегі міндет-көшпелі халықты жинап, ұйымдастыру болған. 1931 жылы мартта келдік. Колхозға кіру жарна-бір жирен ат, бір түйе-қара мая бергем. Әркім барын беретін. Қиын уақыт. Ілияс ақын 1931 жылы жазда келді. Екі колхоз арасын атпен аралап, елмен кездесіп жүрді. Жоңышқалыққа атын тұсап қойып, отырып жазып жатқанын талай рет көрдім.

Қарақайдағы, Қырдағы, Сырдағысын түгел айдап әкеп, жинап, малын ортаға салып, колхоз ету-оңай әрі түсінікті шаруа емес қой, түсінбеушілік кикілжіңге, қашып кетуге соқтырды. Сол уақытта Қаз ЦИК мүшесі Оразкелді Зұлмұхамет Тайманов елді көп аралап, түсіндіру жұмысын жүргізді. Байларды Великийге (қазіргі Мақтаарал, Славянка) айдады, кәмпіскеледі. Бізді, бәрімізді колхоз қылып, аузымызды аққа, қолымызды нанға жеткізген Совет өкіметінің қамқор өкілі – Зұлмұхамет Тайманов. (Сөз ретінде Зүлекеңнің маған кейінірек жолыққанда айтқанын еске сала кетейін. Ол кісі: Нұрмұханбетов Әбдібек, Жанұзақ деген кісілердің атын алған. Жүйрік аттың әбзелін сұрағанда, келіні Құралай:

– Астыңда ат, әбзел неге керек? – деп бақанмен ұрған. Құралай бағымды қайтарды, – деуші еді Зүлекең).

III

1987 жылғы тамыздың 23 жұлдызы күні Қызылордаға қарай командировкаға шықтым. Тоқсан алты жастағы большевик Насреддин Тасымовпен кездесуден көп жаңалық күтіп бара жатыр ем...

Бірақ мен күткен жаңалық көрші купеде болып шықты. Онда ардақты ақын Ілиястың тұңғыш ұлы, бел баласы, заңды мұрагері Саят та келе жатыр екен. Тез таныстық. Ол-Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тау-кен істері институтының жетекші

ғылыми қызметкері, техника ғылымының кандидаты.

– Кентауға келісім-шарт жасасуға бара жатырмыз, – деп ол серігін – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбу Өте-ниязовты таныстырды.

... Саяттың анасы, Ілиястың алғашқы әйелі Бәтима Төребаева- жаңақорғандық. 1943 жылы өкпе ауруынан қайтыс болған, мамандығы педагог жан еді.

– Ол туралы негізгі әңгімені мамам Айша Сиқымбаева айтып берді, – деді Саят аға. – Мен онда баламын. 1930 жылы туғанмын. Айша мені өсірген соң мама деп кеткенмін. Жасы қазір сексенде. Майдандық газеттерде машинистка болған. Ғабдолдың інісі Бисенғали Сланов, Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейітов, Құрманғали Ұябаев біздің, яғни Айшекеңнің үйіне жиі келетін. Әкем мен анам – Ілияс Жансүгіров пен анам Б.Төребаева 1929 жылы қосылып, екі перзентті болды. Бірі – мен, Саят та, екіншісі ертерек қайтыс болған қарындасым Сайра. 1932 жылы ажырасқан. Оның бірқатар себептері бар.

Бәтима Төребаева Москвада оқуда жүргенде Ілияспен Талдықорғанның Қапал ауданынан таныс Сүлеев Біләлдің әйелі Фатима Зайнуловна Ғабитова арасында сыйластық пайда болып, екеуі қосылады. Біләл Сүлеев әйелі Фатимадан – Фарида, Жәнібек (соғыста қаза тапты), Азат есімді перзенттер көрген. Ал Ілияс Фатимадан 1933 жылы Үміт, 1935 жылы Ильфа (Ілияс Фатимадан құрастырылған есім) есімді екі қыз, 1937 жылы Болат атты ұл көрді.

Үміт Жансүгірова – дәрігер. Абдолла Қарсақбаевтың әйелі еді. Үміттің екінші күйеуі Ақпанбетов Сардарбек – фотограф. Нұрлан деген альпинист ұлы қайтыс болды. Сұлтанғазина Жаннаға үйленген еді, бір қызы қалды.

Ильфа Жансүгірова – Санжар Жандосовтың әйелі. Ажар, Жанар, Фатима, Динара есімді төрт қызы бар.

Болат Ілиясұлы Ғабитов – Жансүгіров кино саласында істеген. Бірінші әйелінен Жәмила есімді қызы бар. Екінші әйелі Қарлығаш Қаңтарбаевадан, Ләйлә, Үміл (Үміт- Ілияс) атты қыздары бар.

Бұл ұзақ сонар тарихты Айша апай майда тілмен түсіндіріп, себебін ашып, айтып береді. Сурет, документтерді де сол үйден іздеуге болады, – деп Саят аға ойға шомды. Балалығын сағынғандай далаға қарады. Поезд зырлап келеді. Мен Ілиястың Қызылордаға барғанын, осы жолмен жүргенін ойладым. Жүрегім ауырып кетті. Саят та, мен де ақынды жаманатқа қимай,

тура кеше қоштасқандай томсырайып біраз отырдық. (Айша апаймен жолыуды тағдыр маған қимапты. Көп өтпей ол кісі қайтыс болып кетті). Саят аға Түркістаннан түсетін еді. Одан ары Кентау бармақ. Сол мәселе әңгімені өрбітуге де себепші болды:

– Түркістанда анамның Сәдуақас Оспанов деген ағасы аупартком хатшысы болып істеген. Ташкенттегі бірінші детдом директоры болған. Үш баласы бар еді. Тұрғыт (Оспанов) дирижер еді, қайтыс болып кетті. Ал Тұран Москвадағы «Цветметті» бітірген инженер. Нұрашы аурушандау, болат институтын бітірді.

Анам 1932-35 жылдары Түркістанда баспаханада істеген. 1935 жылы жақсы ән салатындықтан Алматыға да шақыртып, Күләшпен бірге ән де салып көрген екен. Қаладағы төртінші мейманханаға келгенбіз, мен бес жастамын. Сонда әкем Ілияс келіп мені жоғары көтергені, сүйгені жадымда еміс-еміс бар.

Анам 1935-ші жылы Тәукелов Ибади-мен қосылды. Сөйтіп, Семейге Абралы ауданына кетеді. Айшаның күйеуі Орынәлі Сиқымбаев онда хатшы болып істейтін. Сол кісі шақыртып алды. Өгей әкем оқу ісінің меңгерушісі, анам мұғалім болып істеген. Саида (Таукелова) деген қарындасым сонда дүниеге келген. (Саиданың күйеуі Бектепов Жүніс журналист, қызылордалық, ССРО Жоғарғы Советінің қазақ тобында аудармашы. Москвада тұрады. Үш баласы бар. Ақылжан, Айжан, Бақыт. Бақыт «Казахстанская правданың» Қызылордадағы меншікті тілшісі болып істейді).

1937 жыл, Ибади Тәукелов- өгей әкем Алматыға көшіп келіп, үй алып жайғасты. Қамауға алу іле-шала басталып Ілияс та, Орынәлі де, Тәукелов те ұсталып кетті...

Далабай Ешпанов деген кісінің Шара деген 1926 жылы туылған қызы, Саида үшеуіміз Айша апаның қарамағында қала бердік. Соғыс басталғанда Айша апай майданға кетті. Анам 1943 жылы қайтыс болды. Шара, Саида және мен Дзержинский көшесіндегі 38 үйде тұрдық. Ұзынағаштан ба, Қордайдан ба Күлшат есімді колхоз председателінің қамқор болып кеп жүретіні, кейде жазғы демалыста біздің ол ауылға сапар шегетініміз есімде. 1945 жылы Айша апай фронттан келді. Біз ол кезде 25-ші мектепте оқитынбыз.

1948 жылдан бастап Ілиястың- әкемнің туыстары бізді іздей бастады. Мұның түп негізінде Ілиясқа деген құрметпен қоса, ертең келіп ұлын сұраса қайтеміз дегендей шарасыздық та бар еді. Ұсталған кезден көп ұзатпай ақынды атып

тастағаны ол кезде мәлім емес-ті. Талап Сұлтанбековтың шешесі Дәмеш апай Айшаға жолығады. Дәмеш үйге келді. Талаппен таныстырды. Айшекең «Ілиястың баласы жігіт болды» дегендей мақтаныш сезімімен таныстырып, екеуінің маған көздері жасаурап қарағаны есімде.

Дирижер Тұрғыт Оспанов мені Радиокомитеттің қазақ аспаптары оркестріне оқушы етіп жаздырып, домбыра тартқызатын, Нұрғиса аға да үйретуші еді. Ол кісі мені әлі оқушым дейді. Туыстар соны да біледі екен.

Тағы бірде үйге еңгезердей қара кісі келді. Ол Ілекеңнің немере туысы Болат Ешмұхамбетұлы Тәшенов болып шықты. Ол кісі маған көп жәрдем берді. Оның айтуынша Тау-кен Академиясында оқып инженер болып шығуына Ілекең жәрдемдескен екен. (Болат аға Д. Қонаевпен бірге оқыған).

Жасым он сегізде. Айшакеңнен рұқсат алып Болат мені қонақ үйге ертіп келді. Ондағы әңгімеден:

– Папаң мені оқытты. Қарыздармын. Енді сені оқытуым керек. Мен ағаңмын – деп борышын айтқаны есімде қалыпты.

Сөйтіп, мен сол кісінің ықпалымен 1949 жылы мектепті бітірген соң Түрлітүсті металдар мен алтын институтына оқуға түстім. Соны бітіргелі осы салада істеп келемін. Әйелім Фарида Бартушева, мамандығы – микробиолог. Ғылым академиясында істейді. Жамал, Резеда деген екі қызымыз бар. Жамал Васич деген югослав жігітімен қосылған. Ілияс (Илюша) деген немереміз бар. Алексей Иванович Васич – театрда жарықтандырушы болып істейді. Ал Резедамыз – Москвада аспирантурада оқиды.

Анықтай түсетін бір-екі жай мынау: Талдықорған облысында Ілияс музейі бар. Музей директоры жас қыз (аты есімде жоқ) қай жылы келіп көп деректер айтып, көп мәселені анықтап маман, папам және 3-4 жастағы мен үшеуіміздің бірге түскен суретімізді алып кеткен болатын. Содан да дерек жоқ. Маман ондағы папамды қиып тастаған...

... Терезе сыртында Түркістан жері созылып жатыр. Ол басталғалы қашан. Міне, Түркістан жеріне де жеттік. Саят аға жолдастарымен поездан түсті. Мен әрі кетемін. Екеуімізде де қимастық оянғандай. Айырық жолға түскенмен біз қосылып тұр ек. Бізді қосқан ақын рухы болатын. Қайран Ілияс!

Саят аға түсіп қалды. Мен жалғыз

отырып, дөңгеленген далаға қарап ойға баттым.

IV

«Абай, Біржан, Ақан, Ахмет, Жүсіпбек, Мағжанға не көрсетпеді бұл қазақ?! 37-жылғы зобалаңда басқаны былай қойғанда рушылдықтың, мансапқорлықтың ізі сайрап жатыр. Сәкен, Ілияс, Бейімбет үшеулері ұсталғаннан кейін Гүлбаһрам, Күлжамал, Фатима апаларды үйлерінен қуып шыққан бір-ақ адам...

1961 жылы Жазушылар одағында болған жиналыста Г. Сейфуллина осыны дүйім жұрттың көзінше айтқан. Шындықтан ешқайда қашып құтылмайсың. Одан жасырына да алмайсың. Ең абзалы – арың таза болсын» деп С. Шаймерденовтың («Мәдениет және тұрмыс» №7. 89) жазғаны есіме түсті.

Алматыдағы Сәкен Сейфуллин үйі әлдеқашан бұзылып кетті. Ал, Жансүгіров пен Майлин тұрған үй бар. Қасиетті босаға, Ілияс үйі – Құрманғазы көшесіндегі 59-үй (Мамандар үйі). Осы үйден мемориалдық музей ашу әлі кідіріп келді. Рас Талдықорған пединститутында, туған ауданы Ақсуда іргелі шығармалар берген шебер ақынның музейі бар. Қызылордада ескерткіш тақта бар болғанмен, жастар жағы біле бермейді-насихат нашар. Республикалық әдеби музей ашу қазір баспасөзде айтылып жүр. Оған- қалалық медучилище орналасқан бұрынғы Совнарком үйі әбден лайық. Содан (ашыла қалса!) үш арысқа үш зал арнау жөн. Онда әдебиет кештері, айтыс, өнер мерекелері өтуге қолайлы. Ақынның әлі күнге толық өмірбаяны жазылып біткен жоқ. Естеліктер де аз, мардымсыз. Ақынның қолжазбалары – жеке адамдарда жүр. Өйткені, жинақталатын жер – музей-пәтер жоқ!

Ақын абыройына лайық еске алу жиындарын республикалық көлемде Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыра алмай-ақ келеді. «Ілияс күндері», «Ілияс жылы» сияқты өнер жәрмеңкесін өткізу де өте бір қиын шаруа сияқты.

Әділетсіздіктің құрбаны болған ақиық ақынды білу – жастарға қажет. Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда, Бурабайда тұрып жұмыс істеген белгілі совет ғалымдарына қамқорлығы шексіз қазақ халқы Ілиясты көріп-біліп, танығандар бірінен соң бірі өмірден кетіп жатқанда селт етпей отыра беретініміз несі екен?! Ілияс туралы толық естеліктер кітабы қашан шығады? Ілияс Жансүгіровтың Алматыдағы музейі қашан ашылады? Бұл мәселелерді тарата айтқан «Арай» (№10, 1988 жыл)

журналының позициясына қосыламыз. Ия, қазақ мәдениетінің нағыз тарихын тірілтіп, өшкенін жандыра кез жетті. Ілияс Жансүгіров жайлы естелік жазған қызы «Асылдың сынығы» десе, «Жоқ, Ілияс – асылдың өзі!» дейміз біз. Осындай күрделі егемендік кезеңінде өмір сүре отырып, іргелі жұмыстарды қолға алмаған, Ілиястай ардақты талай азаматтар туралы ешбір жиын, басқосу, творчестволық кеш өткізбеген жастар самарқаулығына таңдана сын. Жастар ұйымдары саясаттан гөрі осындай шығармашылық, ұлттық жаңару кезінде де ұйқыдан көз ашпаса амал қанша?!

Мына бір жағдайды айтайық. Оңтүстіктегі Жетісай ауданына қарасты «Красная звезда» совхозының директоры Сапар Жаштаев бір әңгіме үстінде: Ілиястың күйеу баласы Санжар Жандосов Жансүгір ақсақалдың Мақтааралда қайтыс болғанын, оның қабірін табуға мүмкіндік бар-жоғын сұрастырып еді деген-ді. Ілияс 1931 жылы аталған аудандарға келіп кеткен (*Оны өз алдына жоғарыда әңгіме еттік*). «Арай» журналының №6 (89) санында жазушы Серік Жанәбілов: «Отыз екінші жылдың көкек айында Жансүгір Ташкенттен әрі солтүстік батыстағы Мырзашөлде, Мақтаарал жерінде тұратын немере інісі Құсайынды іздеп барды. Артында қалған атамекені Ақсуды ашаршылық жайлады. Торғайдай тозған ел жан сауғалап жан-жаққа кетіп жатты» деп жазады «Зауал» әңгімесінде. Осы әңгіменің аяғына таман «Ата, ата, Ілияссың Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болыпты. Бүгінгі газетке шығыпты» – деген сөйлем бар. Осыған орай айтар екі-үш ауыз пікір бар еді. Ілияс 1931 жылы Мырзашөлге келіп «Жаңа тұрмыс» деген оқиғалы өлең жазған дедік. Мен бөлімше тұрғындары арасынан Ілиясты көргендерін іздеп, жолықтым. Ілияс бұдан бұрын да, кейін де Мырзашөлге келмеген. Оның 1931 жылы, ия дәл осы кезде келуіне не себеп болды?

– Ілиястың әкесі Мақтааралда көмілген деген сөз бар. Әкесін іздеген шығар Ілияс, – дейді Өскенбаев Сағынтай, әкем Өскенбай Жұматаев 1929 жылы «Жаңа тұрмыста» бригадир, 1936 жылы «Қызылабадта» председатель болған. 1942 жылы майданға аттанып, Сталинградта хабарсыз кетті. «Қара қағаздың бәрін айта беруге шыдамай соғысқа кетті» дейтін Дәнекүл анамыз. Мың қойды мыңғыртқан, жылқы-түйені көбейткен колхоз председатели әкемнің Балғын, Марал деген екі аты болған. Қызылабад бығы-жығы, ел көп-ті. Ол кешеге

шейін алты көше еді. Ізбасаров Мүсәлі әкем кеткен соң колхозға бастық болған. Сол Қызылабад жылқысы – Қызылқұм өңірінде бәйге бермеген. Колхозда жылқының есебі жоқ-ты. Мотор, Сафуанның Сарқасқасы, Балғын, Марал деген аттар – сурет еді, керемет жүйрік. Сабыр қарақасқа, Бозқоян, Күміскүйрық, Алтынжал, Жызак қарақасқа, Күйіксан сияқты аттарды әкем әңгімелеп, Ілияс қызыға тыңдапты, сұрай түсіп, жазып алып отырыпты.

Ілиястың әкесін іздеп барғанын ауыл адамдарының басқа әңгімелері де дәлел-дегендей. Демек, Ілияс әкесі 1931 жылғы Ілиястың баруынан бұрын сол жақта (*Мырзашөлде*) болған. Елдің айтуында, Ілияс әкесіне тірілей жолықпаған. Қабірін тапқан-таппағаны белгісіз. Екінші пікір мынадай: 1926 жылы құрылған Каз АПП 1932 жылы таратылып, сол жылы Ілияс Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің председатели болады. Сөйтіп 1934 жылғы Кеңес Жазушыларының I съезіне дейін істейді. Ілиястың I съезге қатысқаны, М. Горькиймен суретке түскені, әңгімелескені, кинолентаға түскені мәлім. Сонда жазушы С. Жанәбілов әңгімесінде кейіпкеріне Жансүгірден сүйінші сұратып отырған тұста, Ілиястың жазушылардың төрағасы болғаны газетке шықты дегенде, яғни, 1932 жылы Жансүгір марқұм болып кеткен-ді. Өйткені, 1931 жылы «Жаңа тұрмысқа» келіп, өлең жазған Ілияс әкесіне тірілей жолыға алмады дедік... Сүйінші сұрау артық, жаңсақ дерек. Бірақ, соны деректі – Жансүгірдің де, Ілиястың да Мырзашөлге қатысты дерегін пайдалана отырып, деректі көркем әңгіме жазған, оны қобызшы Молықбай тағдырымен байланыстыра баяндаған талантты жазушы С. Жанәбіловке алғыстан басқа айтарымыз жоқ, әрине.

Біз, бұл, фактілерді жазушы кемшілігі ретінде айтуды тіпті де мақсат етіп отырғанымыз жоқ. Қайта, тарлан ақын өмірінің белгісіз тұстары табылып, қазылып, жазыла бергенінен артық ештеңе жоқ. Өйткені, ежелден естелікке шорқақ елміз ғой...

Бір қуаныштысы, ізденімпаз ғалым профессор Темірбек Қожакеев «Жұлдыз» журналындағы (№2, 1990 жыл) «Журналист Жансүгіров» деген зерттеу мақаласында мынандай тың дерек келтіреді: «Ілияс жергілікті газеттерге қамқорлық жасап, оның қызметкерлерін газет ісіне үйретуден де жалықпаған. Осыған бір дәлел: 1931 жылдың көктемінде ол Оңтүстікке командировкаға барады. Бұл кезде

Мақтаарал ауданы жаңадан ұйымдасып, онда орыс және қазақ тілдерінде газет шығаруға ұйғарылған екен. «Голос хлопковика» газеті шыға бастапты да, қазақ тілінде газет шығаратын адам табылмай отыр екен. Илияс бұл жайды газет жұмысымен таныстырып, алғашқы номерді шығарысып кетейін» дейді. Сөйтіп, ол «Мақташылар үні» газетінің тұңғыш номерін өз басшылығымен жарыққа келтірді. Оның бас мақаласын да өзі жазды. Жас журналистерге газет қызметінің сырларын түсіндіреді. Ұстаз ағаның көмегімен сол газеттің тұңғыш редакторы болған Әділбай Омаров – кейін белгілі журналист ретінде танылды». (Мұхтар Әуезовтің оңтүстікке сапарында серік болған да осы Әділбай Омаров). Ақынның Мырзашөлге сапарына құнды қосымша болған, бұл пікірге қосылмасқа әддіміз жоқ. Мақтаарал ауданының жетпіс жылдығын тойлаған жерлестерім газетінің мерейтойын ұмытып кетті.

...1931 жылғы сталиндік репрессия халықтың арасында қорқыныш, үрей туғызды. Қорку, үрку жүрген жерде қиянат та жүреді екен. Осы қорқудың салдарынан талай адамдар өзінің не істеп, не қойғанын білмей де қалды. «Қазақ әдебиетінде» (1989, 10 февраль) профессор Құдайберген Жұбанов туралы мақала шықты. Авторы – Әмірхан Меңдекеев. Ұлттық мәдениетіміздің үлкен жанашыры Қ. Жұбанов 1935 жылы 14 январьда «Лениншіл жас» газетінде «Із-жас күш» деген мақала жариялап, бір топ жастан зор үміт күтетінін айта келіп, соның ішінде Есмағамбет Ысмайылұлын ерекше бөліп айтады. Екі жылдан соң «Социалистік Қазақстан» газетінің 30 сентябрь күнгі санында осы Е. Ысмайылов Қ. Жұбанов туралы «Грамматикадағы анархия туралы» деген көлемді мақаласын жариялады. Сонда «Жұбанов грамматикасында... екі мысалдың бірі І. Жансүгровтің өлеңдері мен сөздері екендігін және айтпауға болмайды. Бұл грамматика қазақ тілінің мектепте оқылуға тиісті оқу кітабы емес, осы күнгі қолданып отырған емлемізге, үкімет қаулысына қайшы жазылған өте зиянды кітап...» дейді автор. Осыларды білетін ғалым Р. Сыздықова: «Интеллигенциямыздың тарихы – қоғамдық ой-санамыздың тарихы. Бізде ұлттық интеллигенциямыздың тамаша өкілдері туралы, олардың тағдыр-талайы туралы арнаулы зерттеулер өте аз. Біздіңше, осыған көңіл бөлу керек. Зерттеу керек» десе, бұл пікірге қосылмай болмайды.

АДАСҚАН АДАМ - АЗҒЫН АДАМ

Суық тұсымыз – солтүстіктегі сары шаш қоңсымыз туған бауыр, өз қанымызды өзімізге қарсы сөйлетті. Өз қолымызды өзіміз қалай кесеміз?.. Қасиетті Тараз топырағындағы сөз жауапкершілігін сезінбейтін Ермек Тойчыбеков дейтін біреу «Қазақстан Ресейдің бір губерниясы болуы керек» деген еш дәлелсіз де дәйексіз сандырағын әлемдік интернет жүйесіне таратып жіберді (<http://www.youtube.com/watch?v=P2QnSx2UpPk>). Еркін Қазақ Елінің біреудің қолтығына кіруін сөз ету – ең қымбат қазынамыз – тәуелсіздігімізге қол салу – мемлекетімізге қауіп төндіру болып табылады. Бұл әрекет – білместік емес, қасақана ұйымдастырылған «**мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылу**» деп бағаланып, шұғыл әрі қатаң жазалануы керек. Ұлтшыл бір бауырым айтпақшы: «**Бұл идеологиялық теракт!**» Ақпараттық майдан – бұл да майдан. Ақпараттық майдан – бүгінгі таңдағы ең жылдам, ең әсерлі, ең қауіпті майдан. Сондықтан, «Еліміздегі саяси тұрақтылыққа қауіп төндіріп, арандатуға әрекет жасаған лаңкестік ақпарат құралы» деп танылып, Zonakz.net сайты мемлекеттік қауіпсіздігімізге қауіп төндірген іс-шарасы үшін қатаң жазасын алуға тиіс.

Сол Ермек Тойчыбеков: «**Кең көлемді кадрлық тазалық өткізуді бастау қажет. Ресеймен интеграцияға кедергі жасап жүрген шенеуніктерді де, ірі кәсіпкерлерді де «тазалау» керек. Сонымен бірге ұлтаралдық және әлеуметтік жік тудырушы адамдарға қатысты да репрессия өткізу қажет**» – деген адамзатты жаппай қырып-жоюға шақырған лаңкестік тұжырымы үшін де Қылмыстық кодекстің басқа баптарымен де қосымша сотталуы керек. Қазақстанды Ресейге қайта жығып беруді аңсайтындар өз ортамызда да, шекараның сыртында да өте көп. Қазақтың ұлттық рухы там-тұмдап тұтанған тұста тату-тәтті өмірімізге сына қағып, жікке бөлуге ұмтылған әлдебіреу: «Қазақтар тұрымтай тұсымен, балапан басымен қайғы болып, жан-жаққа босып кетсе» дейтін есекдәмелерінен өлгенде ғана ажырайды...

Мұхтар Тайжан бауырымыз: «Бұған дейін бар жоғы белгісіз болып келген Тайчыбеков деген кім? Ол – өзі айтқандай, дінсіз адам. Ал, дінсіз адамда қайбір оңған пікір бола қойсын» – деп тоқетерін тура айтты. Рас, дінсіз адам – қашанда мұңсыз адам әрі адасқан адам. Ал, адасқан адам – азғын адам.

**Қажымұқан ҒАБДОЛЛА,
«Қазақ елі» Халықтық
қозғалысының төрағасы**



ӨНЕР-БІЛІМ – СҰЛУЛЫҚ МЕКЕНІ

Жауқазындай жаз дидакторлы жастар үйі екен – бұл. Қыр гүліндей құлтырған қыздар үйі екен – бұл. Алуан асқақ арманның арна үйі екен – бұл. Бақыт пенен шаттықтың мекен үйі екен – бұл. Өлең-жырға өрілген өнер-ғылым, білімнің ұя-үйі екен – бұл. Сұлу тұлға, сұлу тән, сұлу жүрек, сұлу жан махаббат үйі екен – бұл. Қазақ қыздарының үлкен ғылыми қара шаңырағы – Қыздар Мемлекеттік педагогикалық университеті – бұл.

Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасы 2005 жылы құрылған. Алғашқы 2001-2002 оқу жылынан бастап кафедраны ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымының докторы, профессор Ә. Нысанбаев, 2004-2005 оқу жылынан доцент Е. Найзағараева, 2005-2009 жылдары профессор Н. Сейтахметов басқарды. Ал 2009-2013 жылдары саяси ғылымдарының кандидаты Э. Туғанова, биылғы оқу жылынан бастап саяси ғылымдарының докторы, профессор Б. Иманбекова басқарып отыр.

Қазіргі кезеңде кафедрада – 4 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты, 8 ғылым магистрі қызмет атқарады. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы бүгінгі заман талабына сай кәсіби шеберлігі жоғары деңгейдегі педагог-кадрларды дайындау мақсатында жемісті еңбек етуде. Кафедраның оқытушылық құрамы көп жылдар еңбек еткен тәжірибелі педагог мамандардан құралған. Атап айтсақ, педагогика ғылымының кандидаты Д. Нөкетаева, философия ғылымдарының докторы, профессор С. Оспанов, саяси ғылымдарының докторы, доцент Б.Иманбекова, философия ғылымдарының кандидаты, доцент К. Толысбай, философия ғылымдарының докторы, Б. Аташ, саяси ғылымдарының докторы, профессор Н. Абуева, саяси ғылымдарының докторы, доцент К. Жайшыбекова, саяси ғылымдарының докторы, Э. Туғанова, саяси ғылымдарының докторы, доцент Н.

Әшкеева, социология ғылымының кандидаты, А. Қалиева, саяси ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Ж.Сәрсенбаева, аға оқытушылар Р. Саурбаева, Ә. Сәрсенова, Қ.Туғанбаев, оқытушылар: С. Қосдәулетова, Р. Саутбаева, С. Туленова, Н. Қайдаулова, Г. Отыншиева.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасында 5В010500-«Әлеуметтану» және 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс» мамандықтары бойынша бакалавр және магистратура бар.

Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағыттарына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға белсене ат салысып келеді. Қазақстан Республикасының ЖОО-на қойылған талаптарға сай инновациялық оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеруде. Кафедра білім беру мен ғылымды дамыту мақсатында шетел ғалымдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. 2013оқу жылының 26.09-09.10 аралығында АҚШ-тың Миссисипи Валлей Стейт университетінің PhD докторы Кэтти Голден магистранттар мен студенттерге арналған «Халықаралық саясат және әлеуметтік мәселелер» атты тақырыпта шеберлік класын өткізді.

Жыл сайын қоғамды-гуманитарлық пәндер кафедрасының магистранттары LAMS Ұлыбритания, Түркия университеттерінің ғалымдары мен тәжірибе алмасып отырады.

(Мақалаға қатысты суреттерді мұқабаның 3-ші бетінен көресіздер)




АДАМЗАТТЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІН ЗЕРДЕЛЕЙТІН ЕҢБЕК

Жуырда Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының Көрме залында белгілі саясаттанушы, публицист, Қазақстан Журналистер академиясының және Қазақ ПЕН-клубының мүшесі, «Мысль» журналының бас редакторы **Сейдахмет Құттықадамның «Дао Алтая»** кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітапты «Олжас кітапханасы» баспа үйі жарыққа шығарды.

«**Дао Алтая**» – автордың үшінші кітабы. Бұған дейін автор «Служение нации» және «Казахская драма» кітаптары арқылы оқырман қауымға жақсы таныс болатын. «Дао Алтая» тақырыптық жағынан алдыңғы екі кітабынан өзгеше. «Служение нации», «Казахская драма» кітаптарының мазмұны саяси сипатта болса, «Дао Алтая» – автордың ежелгі тарихқа саяхаты. Сейдахмет Құттықадам бұл еңбегінде зерттеушілік жанрды, яғни бастапқы білімнің және қазіргі өркениетке төніп тұрған қауіптің себеп-салдарын ашып көрсеткен.

Бұл орайда автор әлемдік және отандық тарих туралы өзінің ерекше болжамын жасайды. Қазіргі таңда әлемде көптеген ежелгі археологиялық артефактілер жинақталып қалды, оларға әлі күнге дейін қазіргі заманның тарих ғылымы тұрғысынан түсініктеме берілген жоқ. Сондықтан айналамызда беймәлім аспан денелері және бейәлемдік сана көрініс табуда. Аталған мәселелер жаңа көзқарасты және оларды тарихи парадигма шеңберінде, логикалық, жүйелі тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Сейдахмет



Құттықадам бұл күрделі сауалдарға өзіндік жауабын ұсынады.

Бұл кітаптың қазіргі кездегі өзектілігі – «Халық тарих толқынында» атты Елбасы ұсынған тарихи зерттеу бағдарламасымен, сондай-ақ ұлттық тарихты жаңғырту мәселесімен айқындала түседі. Тұсаукесер рәсімі ұлттық тарихты жаңғырту шараларының жоспарына енгізілген шешімдерді жүзеге асыру аясында орындалады.

Кітап адамзаттың өткені мен келешегіне ой жүгіртетін талғампаз оқырмандарға арналған.

Тұсаукесер модераторы – тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаев.

Шара барысында Сейдахмет Құттықадамның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылды.

Тұсаукесер рәсіміне қоғам қайраткерлері, танымал жазушылар, «Қазақ газеттері» ЖШС және Қазақстан Журналистер академиясының қызметкерлері мен жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Алаш қозғалысына қатысқандар: күрескерлерге тағзым, аяулы есімдерге құрмет

Қазақтың теңдігі мен азаттығы үшін күрескен әрбір тұлғаны тану, олардың өмірі мен қызметіне лайықты баға беру өркениетті елдің, мәдениетті жұрттың жоралғысы. Осы реттен келгенде, XX ғасыр басындағы елдік ұранын көтерген, Алаш атымен күреске шыққан тұлғаларымызды түгендеу, олардың әрқайсысының тарих пен ұлт алдындағы қайраткерлік, күрескерлік істеріне шынайы баға беру – кешегінің аманаты, бүгінгінің парызы, болашақтың қамы.

Қазақ тарихындағы ең ірі ұлт-азаттық қозғалысқа үлес қосқан Алаш азаматтары есімдерінің тізімін жасауды алғаш рет қолға алған көрнекті алаштанушы, академик Кеңес Нұрпейіс болатын. «Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі» деп берілген осы тізімде 270 адамның аты-жөндері көрсетілген. Әлбетте, Алаш қозғалысы тарихын зерттеуде бұл тізімнің өзіндік тарихи хәм ғылыми мәні айтарлықтай. Бұл тізімнің алғаш рет 1991 жылы жарияланғанын, яғни, елімізде алаштану ғылымы енді ғана қалыптаса бастаған шақта жасалғанын еске алсақ, әрине, онда оның нақты әрі соңғы тізім бола алмасы түсінікті. Осыдан өрістетіп, аталған тізімге байланысты үш мәселені ескеру қажет деп ойлаймыз. **Біріншіден**, ілгеріде айтқанымыздай, тізім бұдан әжептеуір уақыт бұрын жарияланғандықтан, мұнда Алаш қозғалысына қатысушылар, әлбетте, толық қамтылмаған. Уақыттың шамасына қарасақ, оның мейлінше толық болуы мүмкін емес те еді. Оны автордың өзі де: «Тізім «Қазақстан коммунисті» (қазіргі «Ақиқат») журналының 1991 жылғы 8, 9, 10-шы сандарында жарияланған, оған осы еңбектің авторы қосымшалар енгізген. Қырмандарға ұсынылып отырған бұл тізім келешекте жаңа деректер табылуына орай толықтырыла бермек» деп атап өтіпті /1, 216/. **Екіншіден**, тізімдегі тұлғалардың тегі мен атының жазылуында бірқатар қателер барын жаңсақтықтар. Мәселен, Боштаев «Баштаев», Омаров «Ғұмаров», Елшіұлы «Емшин», Қоскеев «Қаскеев» деген сияқты. Бұл ғалымның қатесі емес, сол кездердегі құжаттардан келген жаңсақтықтар. **Үшіншіден**, тізімнің атауына «ниеттестер» деген тіркеме қосылған. Бұл, әлбетте, ғылыми дәлдікті білдіретін ұғым емес. Себебі, отаршылдық саясатқа қарсы Алаш қозғалысы сияқты ірі ұлт-азаттық қозғалысқа барша қазақ мүдделі, яғни, тілеуқор, ниеттес болғаны анық. Біз Алаш қозғалысы барысындағы шараларға, оқиғаларға, бастамаларға қатысқан тұлғалардың, яғни, қозғалысқа мүше боларлықтай еңбегі бар азаматтардың мейлінше деректік тұрғыдан нақтыланған, ғылыми жағынан сараланған тізімін жасауымыз қажет.

Алаш қозғалысына қатысқандардың тізімін жасаудағы ең үлкен мәселе, біздің ойымызша, оған кімдерді енгіземіз деген

маңызды жайт. Яғни, белгілі бір тұлғаны «Алаш қозғалысына қатысушы» деп танудың принциптері мен критерилері. Оған, әлбетте, бізге Алаш қозғалысының сипаты, туу, қалыптасу және өрістеу жолдары, олардың ауқымына енетін осы кезеңдегі оқиғалар мен құбылыстар тікелей негіз болмақ. Алаш қозғалысының барысы мен мазмұнына бойласақ, онда біздің топшылауымызша, қозғалысқа қатысушылар ретінде мынадай тұлғаларды танығанымыз жөн. **Ең алдымен**, Алаш қозғалысына қатысқандардың тізіміне 1905 жылдан бастап осы ұлт-азаттық қозғалыс аясындағы оқиғалардың тікелей бастауында тұрған, оларды тікелей ұйымдастырған азаматтар еңбек; **Екіншіден**, 1905-1920 жылдар аралығында отаршылдыққа қарсы осы ұлт-азаттық қозғалыстың саяси, рухани шараларына белсене атсалысқандар; **Үшіншіден**, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле-шала наурыз-мамыр айларында құрылған қазақ комитеттерінің және кейінірек осы комитеттердің облыстарда, уездерде Алаш комитеттері болып құрылғандағы мүшелері; **Төртіншіден**, осы кезеңде Алаш қайраткерлерінің ұйымдастыруымен Торғай, Жетісу, Семей, Ақмола, Оралда өткізілген облыстық қазақ сиездеріне және ұлт-азаттық қозғалысты қолдап осы облыстық сиездер үлгісінде қазақ жерінің көптеген өңірлерінде өткізілген уездік, болыстық сиездерге қатысқандар; **Бесіншіден**, Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқандар және осы сиезде «Алаш» партиясы атынан бүкілресейлік Құрылтайға ұсынылған депутаттар, сонымен бірге Алаш автономиясы жарияланып, Алашорда үкіметі құрылған Екінші жалпықазақ сиезіне қатысқандар; **Алтыншыдан**, «Алаш» партиясын, Алашорда үкіметін қолдаған хазіреттер, ишандар, молдалар және Қазақстанның әр түкпірінен қозғалысқа қолдау көрсетіп хат жолдағандар және еліміздің әр аймақтарында қолдау шараларын өткізген азаматтар да осы тізімге енуі тиіс деп санаймыз; **Жетіншіден**, Алаш әскерінің жетекшілері мен сарбаздары бұл тізімге енеді; **Сегізіншіден**, Алаш автономиясының астанасы болып жарияланған Алаш қаласындағы думада, земствода, мектептерде, мешіттерде жұмыс істеген азаматтар; **Тоғызыншыдан**, Алаш қозғалысының үні болған «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттерінде жұмыс істегендер; **Оныншыдан**, Батыс Алашорда үкіметінің құрамында және әскерінің қатарында болғандар, сондай-ақ, «Жымпиты уәлаяты» үкіметінің мүшелері; **Он біріншіден**, қозғалысты қызу қолдап, оған қатысқан басқа ұлт өкілдері.

Алаш қозғалысы қазақ жерінің барлық түкпірлерін және барша әлеуметтік орталарды қамтып, шын мәніндегі бүкілхалықтық қозғалысқа ұласты. Сол себепті де, оны ұлтымыздың сан ғасырлық тарихындағы

ең ірі, ең ұзақ, ең пәрменді ұлт-азаттық қозғалысы деуге толық мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Сонымен бірге, бұл қазақ тарихындағы зиялылардың тұтас буынын қалыптастырған, қайраткерлер дайындаған саяси қозғалыс. Бұл «елім, жерім» дейтін барша азаматтардың басын қосқан, ортақ ұлт жұмысына жұмылдырған, сонысымен шын мәнінде Алаш баласының басын қосқан айрықша ұлы бұлқыныс. Қозғалыстың тууы мен өрістеуі – ұлттың есейгенін, өзінің құқығы мен теңдігі жолында саяси, рухани күреске бара алатындығын да айқын аңғартқан ерекше тарихи құбылыс.

Алаш қозғалысы – халықтың бойына жинаған айрықша рухани қуаты, ерекше энергиясы. Бұл қуат, бұл энергия берісі – Кенесары дәуірінен тартып отаршылдыққа қарсылық болып қордаланды. Отарлаған елдің зорлығы халқымыздың санасында, көкейінде, жүрегінде сақтала берді. Ара-тұра әрекетке айналып, көтеріліске ұласты. Қазақ өлеңінің өзегіне айналып, Дулат, Шортанбай, Мұрат болып қарсылықты жыр тудырды, Абай, Мәшһүр-Жүсіп болып дәру іздеді. Ал, арысы – қазақ қазақ болып жеке отау тіккен сонау Керей мен Жәнібек заманынан бері әбден піскен дербес ел болу, тұтас мемлекет құру мәселесі еді. Қазақ тарихының үзілмей жалғасып келе жатқанын осы бұлқыну тарихы XX ғасыр басында тұтас қарсыласу қозғалысын тудырды. Оның бойында отарлаушылардан ірге бөліп ел болу, халықты елшілдік мұраттарға үндейтін ояту қам-қаракеттері жатты. Сөйтіп, қазақ санасының, ұлт ойының сан ғасырлық қуатты, кезі келіп, кезені туғанда ұлы дүмпу дәуірін тудырды. Ол әлбетте, «Алаш» атымен халқына ұран салған ұлы қозғалыс болатын. Сондықтан да, осы орасан зор тарихи құбылыстың болмысы мен ауқымын, бастауы мен бағытын, ықпалы мен тағылымын тану үшін – оны дүниеге әкелген, қалыптастырған, өрістеткен азаматтардың аты-жөндерін анықтау, көпшілікке таныту аса маңызды мәселе. Жаратқанға тәуба, ондай жұмыстар соңғы ширек ғасырдай уақыт бойы атқарылуда, атқарыла да бермек.

Біздің тарапымыздан, Алаш қозғалысы мүшелерінің тізімін жасау 2006-2007 жылдардан бастап қолға алынды. Қозғалыс тарихын, оның қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын арқау еткен ғылыми зерттеулерді, энциклопедияларды, анықтамалықтарды және т.б. еңбектерді саралау барысында біз бастапқыда Алаш қозғалысының 583 мүшесінің тізімін дәйектедік. Ол «Руханият» орталығы дайындаған «Алаш қозғалысы» анықтамалығында алғаш рет жарияланды [2, 174-205]. Осы тізім қазақ тіліндегі «Уикипедия» ашық энциклопедиялық сайтында жарияланды. Одан берідегі жылдарда оны толықтыру жұмыстарымен шұғылдандық. Қазір біздің тізімімізде Алаш қозғалысына қатысқан 790 адамның дерегі бар. Алаш қозғалысына қатысқан әрбір тұлғаның тұсына олардың қозғалысқа қатысуы жөнінде мәліметтер берілді. Осыған қоса, ондай мәліметтерді қайдан

алғанымыз жөнінде сілтемелер қоса ұсынылды. Мәселен, *Абылаев Айтқали* – Алашорда офицері. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002. 100-101 б.; *Абылаев Сұлтанмұхамет* – Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқан; *Абылайханов Арынғазы* – Семей облыстық қазақ сиезінде облыстық қазақ комитетіне сайланған. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Алаш, 2004. 1 том, 229 б. деген сияқты. Әлбетте, Алаш қозғалысына қатысқан адамдар саны мыңдап, тіптен, он мыңдап саналады. Өйткені, тарихи деректерге қарағанда, Алаш халықтық милициясының өзіне Бөкей ордасынан 1000 адам, Орал облысынан 2000 адам, Торғай облысынан 3000 адам, Ақмола облысынан 4000 адам, Семей облысынан 1500 адам, Жетісу облысынан 2000 адам шақырылған [1, 250]. Бұған қоса, Алаштың әскери жасақтарында да бірнеше мыңдаған адамдар болғаны белгілі. Сондай-ақ, облыстық, уездік сиездерге қатысқандардың көпшілігінің аты-жөндері бізге жетпеген, тіпті, Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқандардың да толық тізімі белгісіз. Ал, Екінші жалпықазақ сиезінің хаттамасы Ахмет Байтұрсынұлының қолымен сақталған екен. Бұл құнды құжатты Алаш көсемі Аханның сақтап тапсыруы кездейсоқ емес сияқты, себебі, бұл да бір өзіндік ишаралық белгі, ұлы аманат! Жаратқанның жазуымен, біздің заманымызға Алаш қозғалысы барысында айрықша еңбек сіңірген азаматтардың есімдері ғана жетсе керек деп ойлаймыз. Бұл тізімнің болашақта толығы беретініне шүбә келтірмейміз. Бұл тізім, осы салада ізденіп жүрген азаматтарға ой салып, олар оны толықтыруға атсалысса, оларға «Алла жарылқасын» деген тілегіміз бен алғысымызды айтамыз.

Алаш қозғалысы дегенде, баршамыздың ойымызға ең алдымен Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышпаев сияқты қайраткерлер түседі. Бұл дұрыс та. Дегенмен, бүкіл қазақ даласын қамтыған қозғалысты қалыптастырған ірі қайраткерлер тобы болғанымен, оның өрістеуіне, бүкіл елді қамтуына жүздеген, тіпті, мыңдаған адамдар үлес қосқаны белгілі. Сондықтан, Алаш қозғалысына қатысушылардың баршасын деректік мүмкіндіктерімізге қарай қамту тарихи шындыққа сай болмақ. Әлбетте, Алаш қозғалысының жаны да, жүрегі де, оның көсемдері мен қайраткерлері. Енді, осы арада Алаш қозғалысының қайраткерлері деп кімді танимыз деген мәселеге жауап бергеніміз де дұрыс сияқты. Біздің ойымызша, «Алаш қайраткерлері» ұғымына осы қозғалыстың басында болған, оны ұйымдастырған, қалыптастырған азаматтар жатпақ. Олар ұлт-азаттық қозғалыстың бастауы болған, сонау 1905 жылы «Қарқаралы құзырхатын» дайындаған, облыстық және Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерін ұйымдастырған, Алашорда үкіметін құрған, оның жетекшілері болған, 1920 жылға дейін қазақтың теңдігі үшін күрескен, ұлттық мемлекет құруды мақсат еткен және соған қызмет

еткен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Бақтыгерей Құлманов, Мұхамеджан Тынышпаев, Жақып Ақпаев, Жанша Сейдалиев, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Жанша Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай, Уәлихан Танашев, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков десек бұларға қоса және басқа да қайраткерлердің есімдерін атауға тиіспіз. Айталық, 1905 жылы Орал қаласында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құрудың басында тұрған, оның сиезін ұйымдастырған және кеңес үкіметі орнаған уақытқа дейін ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысқан Бақытжан Қаратаев, Ғұбайдолла Бердиев, Нұрғали Ипмағанбетов сияқты Алаш қозғалысының аға буын өкілдерін де ілтипатпен атағанымыз абзал. Ұлт-азаттық қозғалыс барысында белсенділік танытып Алаш қайраткерлері деңгейіне көтерілген азаматтардың үлкен бір тобы 1917-1920 жылдар аралығындағы оқиғалар тұсында айрықша көзге түсті. Бұл ретте «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің, Алаш автономиясының құрылуына атсалысқан Әлімұхамед Көтібаров, Асылбек Сейітов, Ахмет Бірімжанов, Сейдәзім Қадырбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Иса Қашқынбаев, Ережеп Итбаев, Есенғали Қасаболатов, Райымжан Мүрсеков, Мұқыш Боштаев, Омар Алмасов, Аспендияр Кенжин, Молданияз Бекімов, Базарбай Мәметов, Отыншы Әлжанов, Сатылған Сабатаев, Есен Тұрмағамбетов, Әбділхамит Жүндібәев, Садық Аманжолов, Ыбырайым Жайнақов, Батырқайыр Ниязовтарды атауға болады. Бұлардың барлығы дерлік Бірінші жалпықазақ сиезіне қатысқандар, осы сиез атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат ретінде ұсынылғандар, Қазақстанның әр өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырғандар, Екінші жалпықазақ сиезінде Алашорда үкіметінің құрамына енгендер. Ал, Алашорда сияқты мемлекеттік жоғары кеңеске азаттық үшін күрескен ерен ерлер, еңбегі сіңген азаматтар ғана емес керек. Бұлардың біразы әлі күнге дейін көпшілік қауымға, бүгінгі ұрпаққа белгісіз болып, көп жағдайда атаусыз қалып келеді. Себебі, мектептерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында Алаш қозғалысы тарихы өз деңгейінде оқытылмайды, ал, оқулықтардағы мардымсыз мәліметтерде 6-7 кісінің есімдері қайталанып жүр. Сондықтан, жас ұрпақ ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлерін жақсы біле бермейді. Мәселен, Уәлихан Танашевты алайық. 1909 жылы Қазан университетін бітірген. «Қазақ» газеті «Тұңғыш сиез» деп бағалаған Торғай облысы қазақтарының сиезінде мәжіліс төрағасының орынбасары әрі осы сиезді ұйымдастырушылардың бірі, Бөкей Ордасы қазақтарының сиезінде президент төрағасы, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі атқару комитетінің мүшесі, «Шура-и-ислам» ұйымындағы Алашорда үкіметінің өкілі, Алашорда үкіметінің мүшесі, Киевте, Самарада, Челябинде, Петербургта, Уфада

өткізілген бүкілресейлік сиездерде қазақтың мүддесін қорғаған, Алашорда атынан талай келіссөздер жүргізген ірі қайраткер. Есімдері бүгінгі ұрпаққа әлі толық бола қоймаған ілгеріде аталған азаматтардың қай-қайсысы да ұлт үшін сонау қиын-қыстау замандарда тәуекел мен күреске барған қайраткерлер.

Қазіргі кезде, кейбір әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында «Алаш қайраткері» деген тіркесті ретті-ретсіз қолдану байқалады. Біз «Алаш қайраткері» дегенде әдетте Алаш қозғалысына айрықша үлес қосқан тұлғаларды айтамыз. Кейде тіпті осы ұлт-азаттық қозғалысына, оның қайраткерлеріне қарсы болған адамдарды да «Алаш қайраткері» деу тіптен қисынсыз. Сонымен бірге, Алаш қозғалысына қатысқан, бірақ, осы қозғалыста қайраткерлік деңгейде көрінбеген кейбір қаламгерлерімізді де «Алаш қайраткері» дейтін болдық. Ал, Алаштың кейбір нағыз қайраткерлерін олар көркем шығарма жазбаған соң да танымай, білмей жатамыз.

Алаш қозғалысының ірі азаттық қозғалысына ұласуы үшін, ол бүкіл Қазақстанды қамтуға тиісті екендігі белгілі. Бұл қозғалыстың қазақ елінің барлық өңірлерін қамтуы үшін сол өңірлердегі азаматтар ерекше үлес қосты. Біз Алаш қозғалысына қатысқандар тізіміне еліміздің әр өңіріндегі белсенділік танытқан осындай азаматтарды қосқанымыз да абзал. XX ғасыр басында Қазақ жері Торғай, Орал, Ақмола, Жетісу, Семей, Сырдария облыстарына бөлінгені белгілі. Алаш қозғалысы тұсында осы облыстардың баршасында қазақ сиездері бірнеше рет ұйымдастырылды. Бұл сиездердің өткізілуіне Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері, сондай-ақ, ұлт-азаттық қозғалыстың жергілікті белсенділері ұйты болды. Осы жиындарда қазақтың еркіндік алу, партия құру, кіндік үкімет жасақтау және тағы да басқа дәуірлік мәселелер көтерілді. Сондықтан, біз Алаш қозғалысына қатысқандар тізіміне облыстық сиезге қатысқан азаматтарды да енгіздік.

Алаш қозғалысының өрістеуіне уездердің де рөлі ерекше болды. Бұл ретте алдымен Қарқаралы, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Ойыл, Үржар, Көкшетау, Зайсан, Ырғыз, Қойлық уездеріндегі іс-қимылдарды айтуға боларлық. Мәселен, Қарқаралыда Қазақ комитеті құрылып, оның төрағалығына көрнекті ақын Нармамбет Орманбетұлы сайланды. Павлодарда Алашорда үкіметін қолдау мақсатында 1918 жылдың 15 ақпанында уездік сиез өткізіліп, қазақ комитеті құрылды. Осы комитет мүшелерінің ұйымдастыруымен жаңадан орнаған кеңес үкіметі құлатылды. Ал, осы жылдың маусымында II уездік сиезде Алашорданың Павлодар уездік Кеңесі құрылып, оның төрағалығына Қабыш Бердалиев сайланды. Алаш партиясын, Алашорда үкіметін қолдаған, жергілікті қазақ комитеттерін, кейінірек Алаш комитеттерін құрған сиездер Қазақстанның көптеген уездерінде өткізілді. Мәселен, Ырғызда,

Ақтөбеде, Өскеменде, Қостанайда, Көкшетауда, Зайсанда, Үржарда осындай уездік сиездер ұйымдастырылды. Осы жиындарда белсенділік танытқан азаматтардың бірқатары облыстық комитеттерге сайланды, Екінші жалпықазақ сиезіне жіберілді. Уездермен бірге Алаш партиясын, Алашорда үкіметін қолдаған сиездер көптеген болыстықтарда да өткізілді. Бұл уездік және болыстық сиездер жөнінде бірқатар тарихи құжаттар сақталған. Біз осындай құжаттарда есімдері сақталған азаматтарға да Алаш қозғалысына қатысқандар тізімінен орын бердік. Сондай-ақ, Алаш қозғалысы қарқын алған шақта оған қолдау білдіріп, еліміздің әртүрлі өңірлерінен хат жолдаған көптеген азаматтар болғаны белгілі. Айталық, «Сарыарқа» газетінде «Семейдің уездік жергілікті билеушісі» делініп 13 адамның атынан «Біз «Алаш» партиясының соңынан ереміз. Анық көш басшыларымыз сонда» деген хат жарияланды. Осы хатқа қол қойғандардың ішінде, мәселен, белгілі ақын **Көкбай Жанатайұлы** да бар.

Алаш қозғалысына қатысқандардың едәуір бөлігі Алаш әскерінде болған азаматтар. Алаш әскері Алаш автономиясының сол кездегі астанасы Семейде және Батыс Алашордада жасақталғаны белгілі. Сондай-ақ, **Міржақып Дулатов** басқарған Алаш милициясының болғаны да мәлім. Семейдегі Алаш әскерін капитан **Хамит Тоқтамысов** басқарды. Алашорданың Батыс бөлімінің әскері большевиктермен күресте ерекше көзге түскені белгілі. Осы әскери жасақтарды басқарудағы **Б.Құлмановтың**, **Әубәкіровтің**, **Мендікұловтың**, **М.Көздекеңовтің**, **Қ.Есмағамбетовтің**, **Ә.Танқыбаевтың** есімдерін айрықша атауға боларлық.

Алаш қозғалысының өрістеуіне, халқымыздың бостандық, теңдік идеяларының төңірегіне топтасуына діни қайраткерлердің де ықпалы айрықша болды. Қозғалыстың өрістеуіндегі Ислам дінінің маңызы Алашқа қатысты құжаттардан жақсы байқалады. Алаш қайраткерлерінің имандылығы мен кісілік қасиеттері – олардың мұсылманша һәм дәстүрлі қазақы тәрбие мен білім алғанынан дарыған табиғи қасиет. Ұлт-азаттық күрестің бел ортасында қасиетті Ислам дінін халыққа таратуда иманды, ағартушылық бағытта тарихи жұмыстар атқарған имамдар, хазіреттер, ишандар болғаны да белгілі. Олардың ішінде **Қуанай хазірет**, **Мақұл Мағди**, **Мәулімберді қажы**, **Хасан хазірет**, **Сейдолла ишан**, **Шұғыл қажы** секілді дінбасыларының орны ерекше. Сондай-ақ, қозғалыстың қарқынды жүруіне, зиялылардың бас біріктіруіне Алаш зиялылары белсене қатысқан бүкілресейлік Мұсылман сиездерінің, Мұсылман фракциясының, Түркістан мұсылмандары сиездерінің, «Шура-и-ислам» сияқты саяси-қоғамдық ұйымның рөлі айрықша байқалды. Облыстық, уездік сиездерде, сонымен бірге, жалпықазақ

сиездерінде дін мәселесі күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болғаны және «Алаш» партиясы бағдарламасында дін ісі жеке тарау ретінде енгізілгені азаттық қозғалысындағы Ислам дінінің айрықша орында болғандығын айғақтайды. Сонымен бірге, дін бірлігі сол тұста қазақ, татар, башқұрт, қырғыз, әзірбайжан т.б. ұлттардан шыққан елшіл қайраткерлердің ортақ мүдде тұрғысынан серіктесіп, өзара байланыста болуларына, ұлт тәуелсіздігі мәселесі төңірегінде ұйымдасуларына айтулы ықпал жасады. Мәселен, Торғай облысында өткізілген алғашқы сиезде жергілікті дінбасылармен бірге **Қазан мұсылман комитетінен Н.Хальфин**, **Уфа мұсылман комитетінен Ә.Рахметдинов**, **Орынбор мұсылман бюросынан «Уақыт» газетінің редакторы Ф.Каримов**, **Ақмола облыстық сиезіне Омбы мұсылмандар бюросынан өкілдер қатысса**, **Бөкей Ордасы қазақтарының сиезі және Екінші жалпықазақ сиезі халқымыздың теңдігі мен азаттығы үшін құрбан болған азаматтардың рухына құран бағыштаудан басталғаны да мәлім**. Сонымен бірге, **Қойлықтағы мұсылмандар сиезі**, **Жымпитыдағы молдалар сиезі** тікелей ұлт-азаттық қозғалысына байланысты ұйымдастырылды. Осылардың баршасы Алаш қозғалысы барысындағы ислам дінінің маңызы мен ерекше орнын айқындайды.

Алаш қозғалысына қазақтармен бірге, өзге ұлт өкілдері де қатысқаны мәлім. Қозғалысқа, әсіресе, орыстар мен қырғыздар көбірек қатысқан. Айталық, Алаш әскерін дайындауда орыс офицерлерінің рөлі айрықша болса, қырғыз жеріндегі ұлт-азаттығы күресін қолдаған әрекеттерден айырқалпақты бауырларымыздың қозғалыста белсенділік танытқанын аңғарамыз. Бұл ретте, әсіресе, **Ишанғали Арабаев**, **Қасым Тыныстанов** сияқты азаматтардың күрескерлігі айрықша.

Алаш қозғалысына қатысушылардың ұлт пен тарих алдындағы ұлы еңбегіне толық шынайы баға беру – жалғаса, жаңғыра беретін жұмыс. Енді, олардың әрқайсысы жөнінде ғылыми мақсатты ізденіс жасау – тарихшыларымыздың, сонымен бірге, қоғамдық ғылым саласындағы азаматтардың міндеті. Себебі, Алаш қозғалысы қашанда қазақпен бірге өмір сүретін ұлттық намыс пен рухтың тарихи һәм өміршең сабағы.

Ербол ТІЛЕШОВ,
Тілдерді дамыту басқармасының
басшысы, филология
ғылымдарының
кандидаты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995.
2. Алаш қозғалысы. Анықтамалық. Құрастырған Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: Сардар, 2008.

АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТҚА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Қазақтың сан ғасырлық тарихында саяси жолмен, өркениет өрендеріне тән соқпақпен туған халқының азаттыққа жетуіне қам жасаған XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қауымдасқан зор тарихи қызметі – «Алаш» партиясының, автономиясының құрылғанына 96 жыл толуын бүгінгі жас ұрпақ білуі қажет деп санаймыз. **Өйткені, Алаш азаматтары армандаған ұлы мұрат – қазақ тәуелсіздігі Алатаудың баурайында басталып, Арқа төсінде бірлік пен берекенің ұйытқанына айналды.** XX ғасырдың басы қазақ тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл кезең көне Түрік дәуіріндегі «мәңгі ел», Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірінен кейінгі ұлттық сананың жоғары деңгейге көтерілген кезеңі болды. Алайда, әлемдік тұрғыдан қарағанда бұл кезең отаршылдардың күш алған, қазақ халқы тұтынып келген көшпенді өмір тәсілі тұйыққа тірелген тар кезең болатын. Сондықтан, алаш қозғалысы өзінің көздеген мақсатына жете алмады. Дегенмен, Алаш қайраткерлерінің атқарған қызметі, алаш қозғалысының тарихи мәні зор еді.

Алаш, қазақ сөздері синонимдік ұғымдарды білдіреді. Бірақ, Алаш ұғымында саяси реңк те бар. Сол себептен, Алаш сөзі қазақ сөзінің синонимі бола тұрып, саяси қозғалыстың да, саяси партияның да атауы болып қалыптасқан. XX ғасырда Алаш сөзі қазақ тарихына, жалпы түркі және әлем тарихына осы екінші ұғымында таралған. Осыдан тура тоқсан алты жыл бұрын Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ саяси тобы Уақытша үкімет ұстанымын қолдап большевиктермен ымырасыз егеске түсті. Сондай-ақ, бұл алып империяның саяси өміріндегі кезекті бір кикілжіңнің көрінісі емес-тін. **Қазақ саяси ұйым құрып империя өмірін, оның құрамындағы қазақ ұлтының өмірін реформалау арқылы түбегейлі өзгертуді жақтайтын бағдарламалық негізі бар жол ұсынды.** Бұл қазақ тарихында бұрын болмаған, орасан зор маңызы бар жаңа құбылыс еді. Жалпы алғанда, 1917 жылы қазақ халқының өмірін дүр сілкіндірген, оған динамика берген бірнеше ірі оқиғалар болып өтті. Олар: ұлт тарихындағы тұңғыш саяси ұйым – ұлттық-демократиялық платформадағы Алаш партиясының өмірге келуі (шілде); Ресей империясы құрамында Алаш автономиясын құру туралы ұсыныстың жария етілуі; Алаш автономиясының Ұлттық Кеңесі – Ә. Бөкейханов бастаған Алашорда үкіметінің құрылуы еді (5 желтоқсан). Осыдан бірнеше күн бұрын, яғни, 1917 жылғы 28 қараша күні Қоқан қаласында жұмысын бастаған IV-ші Төтенше өлкелік мұсылмандар съезі Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы жариялап, оның 12 орыннан тұрған Уақытша үкіметін бекітті. Оның тұңғыш төрағасы М. Тынышпаев, кейін оны Мұстафа Шоқай ауыстырды. Ал, осы саяси және

мемлекеттік құрылымдардың өмірге келуі негізсіз, кездейсоқ оқиға ма еді? Әрине, күтпеген кездейсоқ оқиға емес-тін.

Осындай, қазақ халқының ояна бастаған тұсында, оның ұлт-азаттық жолындағы күресі туын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың ұлттық әдебиеті болды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, демократтық жолын ұстана отырып, оны саяси күрес идеясымен толықтырды, отаршылдықты, ұлттық езгіні айыптады, халықтың қараңғылыққа қамалып отырған күйін көріп күйініп, оны өнер-білім үйренуге шақырды. Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың осы әдебиеттің басы-қасында болуы, ұлт мүддесі жолындағы саяси күресті әдебиетшілердің бастауы – біздің әдебиетіміз үшін үлкен мақтаныш. Қазақ халқының патриархалдық мешеулікке байланып, орыс отаршылдығының езіп-жанушы күшейген тұсында қиналған халықтың жан ашуын алдымен осы екеуі айтты. Халқына жаңа сөз арнады. Бірі сөз тыңдауға салғырт надан халқының құлағына маса боп ызындап, екіншісі бар даусымен «оян қазақ» деп жар салды, XX ғасыр басындағы қазақтың прогресшіл әдебиеті, оның қайраткерлері осы идеядан нәр алды.

Түрмеге бір түсіп, бір шығып, өмірін қуғын астында өткізген Міржақып ақыры 1913 жылдан бастап Орынборға тұрақтап, Ахметпен бірге «Қазақ» газетін шығарысты. Ахмет пен Міржақып шығарған «Қазақ» газеті олардың көркем туындыларында көтерген идеяны ашық публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. Олар сол бір аласапыран тұста қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарастарын ашық білдіріп отырды. Қазақ қоғамының дамуында ұлттық демократиялық бағыт ұстанды. Патша саясатының қатал сыншысы болды. Бірақ, орыс халқына теріс көзқарас ұстанған жоқ. Ұлтаралық сөзге іске бармады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне, майданға солдат беру мәселесіне, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің мақсат-міндеттері жайлы әңгімелерге қатысты ой-пікірлерінде, олардың үлкен азаматтық, қайраткерлік тұлғасы танылады. Осындай мақалаларды бірге жазысқан Ә. Бөкейханов та қайраткерлігіне қоса әдебиет мәселесін жетік білетін адам еді. Оның әдебиет-сын мақалалары, зерттеулері әдебиеттік фактілер негізінде қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау идеясына құрылды.

«Қазақ» газеті ұлт-азаттық қозғалысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор әсер етті. Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар еді. Ахмет пен Міржақып идеясы елді

оятты. Алдымен ойы бір, ақылы бір жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С.Торайғыров, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, М.Сералин, С.Көбеев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты. Бұл салада Сұлтанмахмұттың таланты айрықша танылды. Ол Алашорда көтерген идеяның жауынгер жақтаушысы болды. Ұлт көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есіміне байланыстырды. «Таныстыру» (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі Айым» деуінің де сыры осында. «Әлиханнның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917. 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласында Сұлтанмахмұт елдің «еңбегі сіңген ерін» күтіп алғанын суреттей келіп: *«Ол ері – елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде алаш үшін зарығып бейнет көрген, басқан аяқ кер кеткен заманда жасымай алашына қызмет еткен, болса да қалың тұман, қараңғы тун, туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жсалданбаған, қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде алданбаған Әлихан Нұрмұхамед ұлы Бөкейханов еді»*, – деп жазды. Осы сөздердің өзі-ақ Сұлтанмахмұттың Әлихан бастаған іске тілектестігін танытады. Ол Алашорда құрылған күндері «Алаш ұранын» жазып, патшаның құлауына, елдің автономия алуына қуана үн қосты.

Жүсіпбек пен Мұхтардың алашқа қатысы, тілектестігі бұрыннан белгілі. 1918 жылы Семейде Алашорда жұмысына араласып, екеуі «Абай» атты журнал шығарды, елдіктің, тәуелсіздіктің туын көтерген өлең, әңгімелер, мақалалар жариялады, Жүсіпбектің «Ұран», «Әскер марсельезасы» өлеңдері сол тұста жазылған. Олар қазақ халқының азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресінің ұранына айналды. Патша құлағаннан кейінгі үмітін ақын Алашордаға артты. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының 20-шы жылдардағы оқу-ағарту саласындағы қызметі қым-қиғаш тартыс, «идеялық күрес» жағдайында өтті. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында алаш қозғалысының зиялылары басымдылық жағдайда болғаны белгілі. Ол туралы алаш қозғалысын зерттеушілердің бірі Хасен Оралтай Түркияда жарық көрген «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» атты еңбегінде: «Алашшылар, яғни, қазақ түріктерінен шыққан ұлтшыл азаматтар, өлкедегі маңызды қызмет орындарын өз қолдарына алып, ұлттық мақсаттары – түрік елінің тәуелсіздігі жолында адам шамасынан асатын күш-қайрат жұмсады. Мәселен, 1920 жылы қазан айында Орынборда өткен ҚазКСР

кеңестерінің құрылтайына қатынасқан 700 делегаттың көбі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының жақтастары болды», – деп жазады. Бірақ, билік большевиктер партиясы мен оның құрған өкіметі – пролетариат диктатурасының қолында еді. Мұндай жағдайда ұлт зиялыларының алдымен ден қойып, қызмет еткен саласы – оқу-ағарту ісі болды. Олар бұл бағытта жаңа оқулықтар, оқу құралдарын дайындауды, саяси және көркем әдебиеттерді басып шығару істерін қолға алды. Мәселен, Қазақстанның мемлекеттік баспасы жанынан Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің шешімімен, 1920 жылы желтоқсанда құрылған оқулықтар мен саяси және көркем әдебиеттер шығару редакциялық алқасына Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Хайретдин Болғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты Алаш қайраткерлері мен Смағұл Сәдуақасов кірген /2/. Оқу-ағарту және ғылыми жұмыстардың ұйымдастырушысы болған алғашқы ғылыми мекеме – 1921 жылы халық ағарту комиссариатының жанынан құрылған Академиялық Орталық болды. Қазақ АССР-інде құрылған мұндай орталықтың жетекшісі Ахмет Байтұрсынов болса, Түркістан АССР-інің Академиялық орталығын Халел Досмұхамедов басқарды. Осы орталықтың тапсыруымен қазақ зиялылары мектептер және басқа оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шықты. Мәселен, А.Байтұрсыновтың өзі бірнеше рет басылып шыққан «Тіл құралының» авторы болды, М.Жұмабаев «Педагогика», Ж.Аймауытов «Психология», Қ.Сәтбаев «Алгебра», Х.Досмұхамедов «Табиғаттану», «Зоология» М.Дулатов «Арифметика» т.б. оқулықтарын жазған.

Қалай болғанда да, 20-шы жылдары ұлттық интеллигенция оқу-ағарту ісінде, әдебиет пен ғылымда шешуші рөл атқарғаны анық. Бір ғана мысал, 1922 жылы Орынборда ашылған қазақтың халық ағарту институтында сол кездегі ұлттың білімді азаматтары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Молдағали Жолдыбаев, Жұмабай Оразалин және басқалары сабақ берген. Қарт жазушы Ғалым Ахмедов осы институт туралы: «Ахаң әдебиет теориясынан, Мұхтар (Мурзин) математикадан, Елдес физикадан, Міржақып жағрафиядан, Жүсіпбек педагогикадан, Телжан мен Жұмабай қазақ тілінен, Молдағали саяси сабақтан лекция оқыды. Сонда, Елдес физика, Міржақып есеп оқулықтарын жазды. Москвада шығып тұрған «Жизнь национальностей» журналының 1923 жылғы екінші нөмірінде 1922 жылы Орынборда Мағжанның «Педагогика» оқулығы басылып шыққаны туралы хабар бар», – деп жазады.

Алаш азаматтары туралы сөз болғанда, ең алдымен, олардың қазақ елінің бүгінгі басты қазынасына айналған жер мәселесіне қатысты ерлік істерін еске аламыз. Біз, тұтас қазақ халқы, дүниежүзіне жеріміздің аумағымен, байлығымен мақтансақ, ұрпағына осындай қазына қалдырған Алаш азамат-

тарын есте ұмытпағанымыз жөн. Жерге жетер, жерден өтер байлық жоқ. Екіншіден, барша қазақ жұртына үлгі-өнеге болар нәрсе – білімді де саналы, озық ойлы Алаш азаматтарының сол кезеңдегі пәлсапалық танымы, алға қойған мақсаттарына жету жолындағы қажымас ерік-жігері, қайсар мінезі. Өздеріне төнген қауіпті біле тұра, олар қазақ тағдыры, ұлт тағдыры жолындағы игі істерге ержүректілікпен, қазаққа тән қайрат-намыспен бел шеше кіріскен еді. Саналы қазақтың барлығы мойындайтын айқын

нәрсе – Алаш азаматтарының бізге қалдырған мұрасы – кең байтақ жер, терең ой, биік рух, қайсар мінез. Біз мұны қай кезеңде болмасын жадымыздан шығармай, қай деңгейде болмасын ашық айтуға тиіспіз.

Әсет АҚАНОВ,
ИМ Алматы академиясы
Философия және ӘЭП
кафедрасының оқытушысы,
полиция аға лейтенанты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Оралтай Х. Алаш-Түркістан түріктерінің ұлт-азаттық ұраны (қазақша аудармасы) // Азат, 1991. № 9 (1-15 маусым).
Нүрпейіс К. Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы, 29 б.
Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы, 367-368 бб.
Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1969. – 32 б.
Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. – Алматы, 1996. – 56 б.
Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – Алматы, 1990. – 99-100 б.
Мұқанов С. Есею жылдары. – Алматы, 1963. – 261 б.
Қызыл сұңқар (Сөкен Сейфуллин туралы естеліктер). – Алматы: Жазушы, 1970. – 100 б.
Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 425 б.
Махат Д.А. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «оңшылдыққа» және ұлтшылдыққа айыптау: тарихи және салдарлары (1925-1933 жж.). Тарих ғыл. канд. диссерт. авторефераты. – Астана, 2000. 21 б.
Жұртбаев Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 254 – 260 б.

МҰСЫЛМАН ДІНІ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ТІРЕГІ

Дінді түзу ұғыну мен өз деңгейінде түсіндіру негізгі мәселе. Өйткені, тәуелсіздік алған жылдардан бергі кезеңде дінді әр түрлі бағытта түсіндірулер көбейіп, соның салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдар ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни – плюралистік көзқарастардың болуы табиғи нәрсе десек те, діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпаратты жақсы игерген тұлға ғана діни адасудан аулақ болады. Елімізде дінді түрлі мақсатпен түсіндіруге діни басқарма тосқауыл қойып, құқықтық органдар олардың заңсыз іс-әрекеттеріне заң жүзінде сараптама жасап отырғанымен, діндер мен діни ағымдарға қатысты проблемалар да жеткілікті. Діни адасушылық ұлттық қауіпсіздікке зор қауіп болып табылмақ. Сондықтан да Абай, Шәкәрім сынды даналардың салған сүрлеуімен мұсылманшылық тұтқасынан берік ұстанып, елдіктің ұйтқысы болуға ұмтыламыз. Бұлай дейтін себебіміз, Абай, Шәкәрім, бір сөзбен қайырғанда Алаш зиялыларының танымы қазақ ұлтының жан дүниесі. Діни сауатты тұлға отбасына, әлеуметіне, ұлтына, жалпы адам баласына ізгілік шуағын шашады.

Түзу дінмен жетілген жан бойында ұлттық рух тамырын тереңге жаяды. Ұлттық рухпен қаруланған жан отбасы мен Отанына адал қызмет етуге қабілетті болады. Қалың оқырман отбасы Отанның құретамыры екендігін де жақсы

ұғынады. «Отан отбасынан басталады» даналығы тегіннен тегін шықпаса керек-ті.

Түзу дін дегеніміз кемел білім. Өйткені, дін теориясында білім мен ғылымға ерекше назар аударылады. Білім мен ғылым адам мәнін, қоршаған орта мен табиғат сырын шындық жүзімен зерттеп, зерделеуді мақсат етеді. Сондықтан, білімі кемел адамның құдайға деген сенімі де күшті болатындығы сөзсіз. Құдайға сенген адам адамға сенеді, жасаған жақсылығын санамайды, ешбір жанға жамандық ойламайды, ысырап пен даңғазалыққа жол бермей, өмірдің ақиқатына бойлайды. Осы тұста қазақы қалыптағы қарияларымыздың тарихи бейнесін көз алдымызға келтірсек те артық болмас та еді.

Құранда Фатир сүресінің 28-аятында Аллаһ Тағала: «Ілімі көптің құдайдан қорқуы да көп» – деп жазылған. Ал, Пайғамбарымыздың (с.а.у) мәшһүр сахабаларының бірі Муаз ибн Жәбәл шынайы білім жайлы: «Білім игеріңіздер. Өйткені, ол Аллаһтан қорқуды күшейтеді. Ғылым іздеу-ғибадат. Білмегендердің көзін ашу-садақа. Білімді лайық адамдарға үйрету-құлды Аллаһқа жақындатады. Өйткені, ілім арам мен адалды, ақ пен қараны ажыратып береді. Ғылым-амалдардың имамы. Амал-ғылымға бағынышты. Ғылым-Жәннатқа бастар шамшырақ, жалғыздыққа дос, алыста жансерік, қайғы мен қуанышта жол сілтеуші, дұшпанға қарсы қару және достардың арасында абырой» [1] – деген екен. Байқап

отырғанымыздай, білімді лайық адамдарға үйрету мәселесіне ерекше ден қойылып отыр. Білім шегі-шеті көрінбейтін ұғым. Таза білім өзіне бейім зердеге құйылса, қоғамға өз деңгейіндегі қайтарымын береді. Білімді адамның тәрбиесі де зор болмақшы. Бұл талай ғұламалардың айтып кеткені.

Жаттанды біліммен қаруланған (жаттанды білім болмайды, білімді жаттандылыққа айналдыратындар ғана болады) адам арам мен адалды, ақ пен қараны ажыратуға қабілетсіз болады. Қазіргі таңда оқығандарымыз көп болғанымен, олардың ел мүддесіне орайласқан ісінің мардымсыз болып отырғандығының бір себебі де осы деп ойлаймыз. Білімді орынды жеріне жұмсауға бағыттайтын таза ақыл. Таза ақылды иеленбеген жанның игерген білімі тәрбиесіз білім болып шығады. Осы мәселе тұрғысында талай ғұламалар тереңнен қалам тербеді де. Абай ғұлама отыз сегізінші қара сөзінде: «Ғылым - алланың бір сипаты, ол - хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды»-десе ал, 32-ші қара сөзінде: «Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды»-деп жазған еді.

Дін, білім, ғылым адамдардың игілігі үшін шыққан дүниелер. Оларды өмір сүрудің құралына оңды-солды айналдыруға болмайды. Білімді ақыл көзімен игермеу салдарынан надандық там тұмдап бас көтереді. Атаққұмарлық, шен-құмарлық, паракорлық, пайдакүнемдік, жем-қорлық, көлгір сөйлеу, сөзінде тұрмау, уәдені ұмытқыш, дйттеген мақсатына адамгершілікті аттап жету және т.б. айта берсек тізіліп кете беретін тексіз істер надандықтың айқын бір көрінісі. Ұлттық рухты дәрменсіз халге жеткізіп, тұтқында ұстайтын да осындай тексіз қылықтар. Қазақ тарихында патшаның отарлау саясаты ұлттық санаға жара салып, қазақты Кеңесары сынды өршіл рухты тұлғаларынан айырып, сан мәрте зар жылатты. Сөзімізге хандар мен батырларға арналған тарихи жырлар дәлел болады. Халыққа жақын болмасаң халық жыр жазбақ түгілі бір ауыз жылы сөзін де қимайтындығы сөзсіз. Ал, қызылдар ылаңы елді бүлдіріп, тексіз қылықтарға жол ашты. 1918 жылы қаңтарда «Қазақ» газетінде жазылған «... Большевиктер дәурені көпке бармас, бірақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер - мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенше талайды болдырып, былғап кетер» [2, 421 б.].- деген мазмұндағы саяси сараптаудың ақиқатына кейінгі ұрпақтың көзі жетті. Шындығына келгенде большевиктер ылаңының әлі күнге дейін кесірі сезілуде (мысал ретінде бір қазақтың ұлт мүддесіне қатысты әртүрлі ойлауының өзін айтуға болады – С.Қ.Қ.). Кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғамның адам санасына салған «жараларынан» құлан-таза айығу үшін уақыт керек. Бірақ, осы кезде ұлттық рухты

көтеру ісінде белсенділік танытпай, мезгілінен кеш қалсақ, онда мемлекеттілігіміздің тұғырлы болуы екі талай. Сондықтан да кемел білімді зиялыларымызды рухани ұстаз ретінде қадірлеп, олардың әлеуметтік қызметтерін жалғастыру қазіргі зиялылардың ұлт алдындағы перзенттік парызы. Зиялылық деңгейін анықтайтын ұғым адалдық десек-те қателеспеген болар едік. Адалдық ар қуатының көзі. Ойшыл Шәкәрім айтқандай – ұждан дәлелі [3, 121 б.].

Дін мен білім, дін мен ғылым бір-бірімен біте-қайнасып жатқан ұғымдар. Мұсылман дінінің кәсіби білгірлері білім мен ғылымның теориясы мен методологиясын шебер зерделейді. Әрине, бұл өз алдына жеке пайымдалатын мәселе болғандықтан, тоқталуды жөн көрмейміз. Осы тұста ғалым сахаба Абдуллаһ ибн Омардың: «Адамның бойында мына үш қасиет болмайынша, ол шынайы ғалым бола алмайды. 1) Өзінен білімі мол адамды күндемейді; 2) Өзінен төменгілерді кемсітпейді; 3) Ілімін дүниелік пайда үшін сатпайды» [1, 228 б.] – деп жазғандары да ойымызға оралып отыр. Нағыз ғалымдардың айналасына ізгілік шапағатын шашып жүретіндігінің сырын осы айтылғандардан ұғынамыз. Сондықтан нағыз ғалыммен сөйлесудің өзі зор ғанибет.

Мемлекетті, халықты өзгелермен теңестіретін күш білім, ғылым, мәдениет, техника. Осы құндылықтардың қоғам өміріне тамырын тереңге жаюына басты себепші саяси жүйе екендігі анық. Ал, саяси жүйенің адамдар арқылы басқарылатынын ескерсек, мәселенің түйіні тағы да айналып келіп кемел білімге тіреледі. Саяси элита бойындағы кемел білім болса, ол халыққа жақын болады. Халыққа жақын болу дегеніміз, халықты дамыту деген сөз. Ал, бір жақты, демек тәрбиесіз білім халықтың соры. Бір жақты білім адамды таяздыққа сүйрейді, өз-өзіне ор қаздыртады, сөйтіп өзін де, айналасын да қор қылады. Биліктің трагедиясы деп, билік мәнін ұғынбауды айтамыз. Билік мәні паракорлықпен емес, халыққа қамқорлықпен айқындалады. Бұл мәселені айттып отырған себебіміз, халықты жеп шет ел ауғандардың кесірінен мемлекет пен халықтың арасына салкындық түсетіндігі. Паракорлыққа қарсы күрес жылдан жылға күшеюде. Алайда, адам санасы түзелмейінше, өмір бойы күресе беруге болады. Әлихан Бөкейханұлы паракор адамды қысты күні үңгірде жатып өз аяғын өзі сорған аю мысалында түсіндіріп еді... Діни сауатты тұлға дүние байлығының уақытша, ал, халықты жеудің ауыр күнә екендігін түсініп, обал, сауап категорияларының мәнін жете ұғынып арын лайламай, адалдық ұғымын ту етіп өмір сүреді. Бұл үшін имам, молда болу шарт емес. Түзу діни түсінікті ақылмен жүрекке сіңірсе жеткілікті.

Қазақ тарихы даналыққа толы. Алайда, бірнеше ұрпақ санасына тигізген отаршылдық жүйенің зардабын сан қырынан зерттеудің қажеттілігі артып тұр. Мәселен, паракорлық секілді жат құбылысты зерттеу қажет секілді. Өйткені, патшалық, одан қалды кеңестік Ресейдің империялық пиғылдағы саясатының нәтижесінде қазақ ұлты әлеуметтік әділеттіліктің тетігі, қоғамды дамытудың қозғаушы күші болған сая-

си элитасынан айрылды. Қорғанышсыз қалған халық жат ниеттен қорлық көріп, тұрмыстың тепкісінде қалды. Ең сұмдығы ең даланың иесі болған қазақ, өз жерінде өзі кіріптарлық көріп, «орыстар неге бізге жер сыйлауда, ол жерлер онсыз да бізге тиесілі ғой» (Кенесары даналығы) деген өршіл рух жасып, ел бірлігі қожырай бастады. Ұлттық рух тірегінен айрыла бастаған уақытта, қазақ тағдырына араша болған Алаш зиялылары тарих сахнасына шығып, ұлттық сананы дүр сілкіндірген еді. Олардың ұлтты сүю қасиеті ерекше бір феномен.

Алаш зиялыларының ұлтты сүю қасиеті діни сауаттылық пен ұлтының жан-дүниесін жете ұғынғандықтан да ерекше болды. «...Теңдік жолында адам дәрежесі кім болса ол болсын тең боларға тиіс. Түрі, діні, тілі, тегі, күші, ісі, әл-ауқаты бірдей болмағанмен адам баласының адамдығы бірдей. Дінсіз болсын, тілсіз мақау болсын, тексіз құл болсын, малсыз жарлы болсын адам емес деп ешкім айта алмайды. Адам болған соң адамдық дәрежесі бірдей болуы тиіс» [2, 328 б.], – деп жазғандарынан олардың барлық мәселеге адамдық өлшеммен қарағандығын көреміз. Демек, олар «өзіне» де «өзгеге» де өркениетті көзқараспен қараған. Қазақ даналығымен тәрбиеленген зиялыларда «өзгелерді» менсінбейтін өркеуде ұлтшылдықтың болуы мүмкін емес те еді. Өйткені, қазақтың өмір философиясының субстанциясы «тіршіліктің қызығы адамға жақсылық қылумен көрінеді» – деген мазмұннан бастау алатыны белгілі.

1915 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Шаруашылық өзгерісі» деген мақалада: «Неліктен бір жұрттың тұрмысы, я хакімшілігі екінші жұрттан өзгеше болады деген мәселені шешуден бұрын бір адамның түрі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы неге екінші адамға ұқсамайды дескен мәселені шешу керек. Оны ғылым әлі шеше алған жоқ. Бұл күндегі ғылымның білетіні адамнан-адам, малдан-мал, астықтан-астық туатыны һәм адамды жақсы тәрбиелесең жақсы болатыны, астықты жақсы ексең жақсы шығатыны. Сондай-ақ хакімшілік турасында да біздің білетініміз: хакімшілік жақсы болса, ел де жақсы болатыны ғана сондықтан» [2, 252 б.] – деген мазмұндағы жолдар жазылса, ал, Әлихан Бөкейханов «Мәдениет өмірі – күдірет өмірі» деп тұжырымдаған еді. Мәдениет өмірін зерделейтін тарих ғылымы. Түзу жазылған, демек саясаттандырылмаған тарих жеке адамды ғана емес, тұтас ұрпақты, тіпті ұлтты да тәрбиелемек.

Тарихтың мәнін түсіну үшін алдымен адам болмысын зерделеуіміз шарт деген түсінікті де жиі кездестіреміз. Ақиқаттан қия баспаған тарихпен тәрбиеленген этностың мәдениеті, яғни тектілік келбеті жоғары қалыптасатындығын тарих жүзі әлдеқашан дәлелдеген-ді. Тектілік келбеті жоғары этнос дүниежүзіне өзіндік мәнін танытпақ. Тұжырымдап айтар болсақ, ұлттық рухтың қорғаны түзу жазылған тарих, демек ұлттық мәдениет. Оның қорғанышы дін. Өйткені, таза дін адамға өмір ақиқатын ұғындырады.

Өмірдің мәні имандылықта. Пайғамбарымыз иман туралы бір хадисінде былай деген екен: «Иман-мүміндердің көңілінде бейне 7 мүшеге

қарай өсіп, 7 түрлі жеміс береді. Біріншісі жүрекке ұласады. Оның беретін жемісі – дұрыс идея. Өйткені, идея азат әрі дұрыс болған адамда жақсы ниет болады. Ал жақсы ниет көптеген сауапты іске апарады. Екінші бұтағы тілге ұласады. Оның беретін жемісі – шын сөйлеу. Өйткені, шыншылдық-иманның нұры, жалғандық қараңғы беті» [1, 169 б.]. Өмірдің ақиқаты да осы. Ғұлама Қожа Ахмет Йассауи «Ең алдымен иманды түзеу арқылы адамды, сосын ортаны, содан кейін заманды түзеуге болады», деп жазған еді. Ал, Абай дана отыз алтыншы қара сөзінде: «Пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің хадис шарифінде айтыпты: «мән лә хаяһүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен», – деп ұғындырған еді. Қазіргі күні біздер осы бір келелі мәселеге ойлы көзбен қарауымыз тиіс. Материалдық өмірді түзеуге айрықша мән беру дұрыс. Дегенмен де, рухани құндылықтар материалдық құндылықтардан оқ бойы озық тұрмаған жағдайда қоғамдық дамуды түзеу ісінің диттеген жеріне жете бермейтіндігі де ақиқат.

Иманы зор адам ұлт рухының қорғаны. Осы тұста ғұлама Шәкәрімнің 1912 жылы «Айқап» журналының № 5 санында жарияланған «Білімділерге бес сауалын» келтіре кетуді жөн көріп отырмыз. Онда: «білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын. ...адамның екі дүниесіне бірдей керек. Бұл сөздерге дін кітабынан дәлел көрсет деймін, тура ғана ақыл қабыл аларлық дәлел болса екен.

Бес сауал мынау:

1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұды не?

2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

3. Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат-бейнет (сауал-азап) бар ма?

4. Ең жақсы адам не қылған кісі?

5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып жатыр ма?» [3, 5 б.] – деп өмірдің ақиқатын білуге бағытталған сауалдар қойылады. Бұл сауалдар төңірегінде қазіргі білімділердің де тереңнен толғанғаны абзал. Сонда ғана өмір ақиқатына көзімізді жеткізіп, діннің ғылыми негізін зерделейміз. Иманның сырына қанығамыз. Шәкәрім ғұлама білімсіз, өнерсіз ақылдың тұл болатындығын, мансаптың тағы үшін мақтанға салынбаудың қажеттігін ұғындырып, «нәпсіңе билетпе басыңның бағы үшін» деп түйіндейді. **Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбекті** ұстанғандар ғана шын адам мәртебесін иеленетіндігін тұжырымдайды. Шын адам мәртебесі иманның сапасына қарай анықталды. Ал, ғылыми негіздегі ой-тұжырымдар иманның сапасын жоғарылатады. Сөйтіп, иман сапасы иман дәрежесін анықтайды. Иман сапасы дін негіздерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тәуелді. Адамдар пендешілікке салынып иманның мәнін жете ұғынбай, иманды өмір сүрудің құралына айналдырмауы тиіс.

Абай данышпан 28-ші қара сөзінде «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір

иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ» [4] – деп түсіндірген еді. Осы тұста «біз Абай ғұламаның даналығын, өсиетін толық түсіндік пе?» – деген сауал да алдымыздан кесе көлденең шығып тұр.

Ақылды адам жан қуаты арқылы өмір мәнін ұғынып, мүмкіншіліктерін жүзеге асыруға ұмтылады. Бұл мүмкіншіліктер Отаныңды көркейтуге бағытталуы тиіс. Отаныңды қадірлеу дегеніміз болашақ ұрпақтың қамын жеу деген сөз. Отанның қадірін аяқ асты ету надандықтың биік шыңы. Осы тұста тағы да Шәкәрім ғұламаға жүгінуімізге тура келіп тұр.

*Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап тұр.*

*Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен,
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр* [3, 23 б.] – деген жыр жолын пайымдасақ, адам болмысының құпиясын сезінеміз. Жанның тән қамын жеп, таза ақылды елемей кету қаупін де ұғынамыз. Жан қуатын арттыратын ар алдындағы адалдықты бетке ұстанамыз.

«Отанды сүю иманнан» – деген сөздің мағынасы биік. Иманды адам ұлттың қадірлейді, ұлтына барлық болмысымен қызмет етеді. Демек, ұлттық рухпен қаруланған жанның бойында ғана Отансүйгіштік деңгей жоғары қалыптасады. Ұлт ісі кісілік келбеттің қоғам өмірінде терең тамыр жаюына қатысты дамымақшы. Сондықтан рухани жетілген жан ғана ұлттық рухтың мәнін түсініп, оны қорғаушы ғана емес, кейінгі ұрпаққа жеткізуші қызметті атқарып, Отан алдындағы азаматтық борышын, ұлт алдындағы адамдық парызын адал орындайды. Сөйтіп, өзін өзгелерге қадірлете біледі.

Мұсылман дінінің Отансүйгіштік қасиетке айрықша мән беретіндігін көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) көптеген хадистерінде Отан қорғаудың қаншалықты сауапты іс екендігі туралы айтқан. Сондай-ақ, Отанын сатқан опасыздардың жазасы да ауыр екендігін де мұсылман баласы жақсы біледі. Сонымен, мұсылман діні – ұлттық рухтың тірегі екендігі даусыз. Мұсылман дінін таза ақылмен қабылдаған адам өз басына, жақындарына, қоршаған ортасына, бір сөзбен айтқанда Отанына адал қызмет ете біледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисте былай деген: «Әрқайсысың жауапкерсіңдер. Баршаң да қарамағыңа жауаптысыңдар: Ел басшысы – жауапкер; ол – қарамағыңа жауапты. Ер адам

– отбасының басшысы; ол – отбасына жауапты. Әйел – ерінің үйіне басшы; ол – меншігіне жауапты. Қызметші – мырзасының мал-мүлкінің басшысы; иелігіне жауапты. Әркім – жауапкер: әрбірің қарамағыңа жауаптысыңдар» (Бухари, Жума, 11; Уасайа, 9; муслим, Имара, 20; Әбу Дәууд, Имара, 1) [5, 184 б.]. Көңіл көзі ашық адам жауапкершіліктің аманат екендігін ұғынады. Осы тұста «Расында, Аллаһ сендерге аманаттарды лайықты орнына тапсыруларыңды, адамдардың арасына билік етсеңдер, әділдікпен билік етулеріңді әмір етеді. Расында, Аллаһ сендерге неткен жақсы өсиет айтады. Күдіксіз, Аллаһ – барлық нәрсені естуші, күллі нәрсені көруші» (Ниса, 4/58) [5, 183 б.] – деген мазмұндағы аятты келтіруді жөн көріп отырмыз. Қазақ тарихын жетік білетіндер қазақ баласының аманатқа қиянат жасамайтындығын да біледі. Қазір біздер ХХІ ғасырдың тағалдырығын аттаған уақытта атадан қалған аманатқа адалдық танытып отырмыз ба? Жауаптылық пен аманатты өз деңгейінде ұғынуға қабілеттіміз бе? – деген сауалдар да туындайтындығы анық. Өйткені, күнделікті өмірде жемқорлық, паракорлық секілді надандық істердің етек алуынан есті адамның өзі үшін емес, ұрпағы үшін шошынатындығы да белгілі. Естілік келбетті иеленгендер ұлттың қамы үшін қайғырады. Ессіздік ұлт тағдырын ойыншыққа айналдырады. Шәкәрім ғұлама айтқандай: «Қазақтың көзсіз баласын, қаңғытып қайда барасың? Арыңды сатып арамға, адалдап қалай аласың?» [3, 138 б.].

Адам болмысының мәнін ұғынған жан өмірдің өткіншілігін сезініп, өзгелерді өзіндей қадірлейді. Кейінгі ұрпақтың алдындағы парызын ойлап ұлттың қамын жейді. Ұлтына, Отанына деген зор махаббат оның екі дүниенің рахатына бөленуіне жетелейді. Бұл талқылауға келмейтін ақиқат. Шәкәрім ғұламаның:

*Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.*

*Ол жаратты, сен-дағы жаратып бақ,
Бардан барды шығарсаң болады сол* [3, 213-214 бб.] – деп түзу өмір сүрудің формуласын ұсынғанын да көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Құранның ақиқатын білген данышпан «Бір Құдайың сабырлы, сен де шыда» деп, одан әрі

*Мұны білсең, боласың сүйікті құл,
Құлы болсаң, Қожаңның сүйгенін қыл.*

*Шын мұсылман болайын деп ойласаң,
Құдайға құл болудың мәнісін біл* [3, 214 б.] – деген керемет философиялық ой түйінін жасайды.

Біздің басты мақсатымыз мейірімді болу, бардан бар шығару. Біздің ашқан керемет жаңалықтарымыз, айтып жүрген тамаша идеяларымыз өмірде бұрыннан бар нәрселер. Біздер тек қана бардан бар жасаймыз. Жоқтан бар жасау адамның қолынан келетін дүние емес. Бұл өмір ақиқаты. Сондықтан Ақиқаттың Алладан, шындықтың адамнан екендігін тағы да бір мәрте есімізге түсіре отырып, ақиқатты бұрмаламай, шындықтың жүзіне тура қарағанда ғана ұлттық рухымызды асқақтатуға зор үлес қосатынымызды ұмытпауымыз тиіс. Мұсылманшылықты ғылыми негізде ұғыну арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулимыз. Адам ниетін адалдыққа

бұру арқылы, тектілік келбетімізді биіктетіп, дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Сонымен, дамудың кілті жемісті идеяда. Жемісті идея кемел білімді тұлға бойынан шығады. Кісілік келбетті иеленгендер ұлттық рухтың қорғаны. Осы тұста қазбалап жазбасақ та тектілік мәселесі өздігінен бас көтеріп тұр. Тектілік өмірдің ақиқатын ұғынудан басталады. Осы бір іргелі мәселені жан - жақты зерттеп, ұрпақтың есті болып жетілуіне қамқорлық жасап жүрген қазақтанушы ғалым, философ Ж. Молдабеков тектілік ұғымының көбінесе үш мағынада, яғни тұқым мен қан тектілігін, азаматтың өз басының тектілігін, халықтың тектілігін тереңнен талдай келе былай дейді: «Тектілікті атадан балаға қалыптасқан күйінде қалатын мұра деп ұғыну өбестік. Тектілік - келбетті мен кемеңгердің, есті мен еріктің әлеуметтік жемісі мен жемісі, ұлағаттылық пен рухани ұстаздыққа кісілік жол. Нағыз тектінің тірегі мол, жұбанышы жетерлік. Кісілікті тұтатқан, ойында арамдығы, адалдығы мол қатынаста жарастықты, істе үлгіні іздестіріп, бетке ұстайтындар - тектіліктің нағыз жеткіншегі дерлік. Адалдық пен адамдық рәсімін жөн мен риясыз қадір-құрмен ететін, ел жұртында перзенттік ізет-құрметтің өлшемі ұмыт қалдырмайтын, жанашырлығы көп, бұра тартпасы жоқ. Өмір сүйгіш, ел сүйгіш ынтызар - тектіліктің бекем ұйытқысы» [6. 108 б.]. Сонымен, тектілік ұлттық рухтың қуаты, мемлекеттіліктің іргетасы. Себебі, нағыз текті тұлға өзінің Отан алдындағы перзенттік борышын адал орындайды. Тектілікке жетелейтін тарих тағылымы. Ж. Молдабеков текті жанның өнер жолын қуатындығын, сертінде тұрып, уәдесін орындайтындығын, қолы ашық, көңілі жайдары, әрекеті батыл болатындығын жаза келіп, одан әрі «...Нар қалыпты, әдебі табанды азаматтардың қатары толыққан сайын халық тектілене түседі. Текті орта сыпайы да есті адамның кісілік қасиеттері мен онды қимыл – әрекетін елеусіз қалдырмаған» [6.109 б.], – деп тектіліктің мәнін тереңнен қозғайды.

Адам болып дүниеге келген соң адам атауына толық сай болу басты мақсат. Адамның адамдығы өзіне, отбасына, ұлтына, Отанына қызмет ету деңгейімен парықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адилбаев А. Саңлақ сабақтар. А.: «Алтын қалам», 2007.-169 б.
2. Қазақ/ Құраст.: Субханбердина Ү. және т.б.- А., «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.- 560 б.-
3. Шәкәрім. Иманым.-А.: «Арыс» баспасы, 2000.-321 б.
4. Абай. Қара сөздер. Алматы: Өнер, 2006.-124 б.-Б.55.
5. Гүлен Ф. Ғаламның рақым нұры МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР саллаулаһу алейһи уәсәлләм. Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2009.-656 б.
6. Ж. Молдабеков Тектілік – өнеге ажары //Ұлт тағылымы.- № 3.- 2000.-108 - 115 бб.

Құралай СӘРСЕМБИНА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің доценті

ЖЕЛТОҚСАН

Дс.	2	9	16	23	30
Сс.	3	10	17	24	31
Ср.	4	11	18	25	
Бс.	5	12	19	26	
Жм.	6	13	20	27	
Сн.	7	14	21	28	
Жс.	1	8	15	22	29

Қыстың бірінші айы. Бұл айдың атауы «жел» және «тоқсан» деген сөздің қосындысынан шыққан дейді этнографтар. Өйткені желтоқсан үш ай желді болады деген мағынаны білдіреді. Ежелгі түріктер де бұл айды жел айы деп атапты («ҚКЭ»,12 том, 369 бет, 1974 ж.). Желтоқсандағы ауа райы осы айда қыс күшіне енеді. Боран соғады. Желтоқсанның 22-інде күн барынша қысқарады. Ол – «күннің тоқырауы». Қырбастың қызылы. Бұл – желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз. Текенің бұрқылы (бұрқағы). Желтоқсанның қатты боран соғатын соңғы онкүндігінде киік текесінің маталуын осылай атайды.

ОҚИҒАЛАР

04 – Бұдан 95 жыл бұрын (1918 ж.) Атбасарда қолчакшыларға қарсы «Мойнақ көтерілісі» болды.

08 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993 ж.) «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылымы туралы» заң қабылданды.

10 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993 ж.) ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлығы жарияланды.

12 – Осыдан 90 жыл бұрын (1923 ж.) Батыс Қазақстан облыстық мұрағатының ұйымдастырылғанына 90 жыл.

– Осыдан 55 жыл бұрын (1958 ж.) Мәскеу қаласында қазақ әдебиеті мен өнерінің үшінші онкүндігі басталды.

20 – Бұдан 85 жыл бұрын (1928 ж.) Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің латын алфавитіне көшу туралы қаулысы жарияланды.

26 – Бұдан 30 жыл бұрын (1983 ж.) Алматы қаласы Ленин орденімен марапатталды.

28 – Бұдан 25 жыл бұрын (1988 ж.) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы Ахмет Байтұрсынұовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіру керек деген ұйғарым жасады.

30 – Осыдан 40 жыл бұрын (1973 ж.) Ислам даму банкі құрылды.

МЕРЕЙТОЙЛАР

01 – Жазушы Мәди Хасеновтың туғанына 75 жыл (1938-1992).

04 – Тарих ғылымының докторы, профессор Жәкен Таймағамбетов 60 жаста.

05 – Ақын Бәтима Батырбекованың туғанына 85 жыл (1928-1987).

– Ақын Әбіраш Жәмішевтің туғанына 85 жыл (1928-1995).

06 – Қоғам қайраткері, көсемсөзші Мұхаммед-Мақсұт Бекметовтың туғанына 130 жыл (1883-1912).

08 – Ұлт-азаттық күресінің қаһарманы Барак батырдың туғанына 270 жыл (1743-1840).

– Ақын Ермек Қонарбаевтың туғанына 75 жыл (1928-1984).

10 – Белгілі ғалым, генерал-майор Бәрімбек Бейсеновтің туғанына 90 жыл (1923-1997).

12 – Ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы, профессор, Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі

Араб Ғаббасовтың туғанына 110 жыл (1903-2002).

13 – Белгілі жазушы Жекен Жұмақановтың туғанына 100 жыл (1913-1978).

– Ақын Әскен Нәбиевтің туғанына 90 жыл (1923-2012).

– Жазушы Эрнест Төреханов 70 жаста.

15 – Көрнекті қазақ ақыны, Халық жазушысы Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл (1913-1990).

18 – Белгілі жазушы Өтебай Қанахиннің туғанына 90 жыл (1923-1990).

– Жазушы Әбулақап Райымбековтің туғанына 90 жыл (1923-2012).

– Ақын Сейфолла Оспанов 85 жаста.

– Жазушы Файзолла Оразов 85 жаста.

– Балалар жазушысы Арасанбай Естен 60 жаста.

20 – Қазақстанның халық әртісі Шәріпбай Сәкиевтің туғанына 100 жыл (1913-1989).

– Ақын Әдия Сексенбаева 75 жаста.

22 – Белгілі күйші Бей-

сенбі Дөненбайұлының туғанына 210 жыл (1803-1872).

23 – Жазушы-журналист Уақап Қыдырханұлы 80 жаста.

24 – Аса көрнекті актер, халық әртісі Шахан Мусиннің туғанына 100 жыл (1913-1999).

– Қазақстанның халық жазушысы, драматург Қалтай Мұхамеджановтың туғанына 85 жыл (1928-2001).

27 – Аса көрнекті ғалым, тіл маманы Сәрсен Аманжоловтың туғанына 110 жыл (1903-1958).

– Жазушы Темірхан Момбекұлы 60 жаста.

29 – Жазушы, сыншы, драматург Асқар Сүлейменовтің туғанына 75 жыл (1938-1992).

30 – Белгілі әдебиетші-ғалым Әбіш Жиреншиннің туғанына 100 жыл (1913-1975).

– Жазушы Нұркенже Хасенов 70 жаста.

МЕРЕКЕЛЕР

01 – Қазақстан Республикасы Президентінің күні.

– Жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісіне (ЖҚТБ) қарсы халық-аралық күрес күні.

02 – Құлдықты жою үшін күрестің халықаралық күні.

03 – Мүмкіндігі шектеулі жандардың халықаралық күні.

05 – Экономикалық және әлеуметтік дамуға көмек көрсетуші еріктілердің халықаралық күні. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1985 жылы үкіметтерге жыл сайын осы күнді атап өтуді ұсынды.

06 – ҚР Прокуратурасы қызметкерлерінің күні.

07 – Азаматтық авиацияның халықаралық күні.

08 – Балалар телеарнасының халықаралық күні.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық күні.

10 – Адам құқықтарының халықаралық күні.

– Дүниежүзілік футбол күні. БҰҰ-ның шешімімен атап өтіледі.

– Нобель сыйлығын тапсыру күні.

11 – Демікпенің дүниежүзілік күні.

– Халықаралық танго күні.

– Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт.

– Халықаралық тау күні.

12 – Кеденшілер күні

13 – Халықаралық зағиптар күні.

15 – Энергетик күні.

16-18 – Тәуелсіздік күні.

18 – Халықаралық көші-кон күні.

19 – БҰҰ-ның «Оңтүстік-Оңтүстік» ынтымақтастық күні.

– Халықаралық кедейлерге көмек көрсету күні.

20 – Адамдар ынтымақтастығының халықаралық күні.

22 – Мұрағаттар қызметкерлері күні.

28 – Халықаралық кино күні.

СОДЕРЖАНИЕ

Маннан Тургунбайұлы. Национализм.
Н.А. Назарбаев. «Стратегия «Казахстан-2050» и политическая доктрина «Нур Отан, Создавая будущее».
Сейлбек Мусатаев, Гадылбек Кинаулы. Какой опыт может получить Казахстан от «Экономического чуда Китая»?
Жания Абдибек. История, историки и власть.
Оразак Смагулов. Влияние власти на историю велико.
Эльмира Телеуова. Хотелось бы, чтобы политические события из истории учитывались в государственной политике.
Абдрашит Бакирулы. Еще раз о государственном патриотизме.
Досай Кенжетай. «Интеллигент» по Яссауи.
Еркебулан Алимханұлы. Сохранение национального облика в процессе глобализации возлагается на СМИ, на государство и на интеллигенцию.
Амантай Тойшыбайұлы. Один из множество векторов на национальную ценность это – отрицание своей нации.
Амирхан Мендеке. Можно ли использовать непризнание своей нации в качестве политического инструмента государства.
Абдижаппар Бакир. Нужно отрегулировать религиозные отношения, чтобы получить диалог.
Игилик Аймен. Жизнь – это вы, Смерть – это мы.
Дихан Камзабекұлы. Положение казаха.
Серик Ергали. Говорить, что нужно общаться на языке понятным всем разрушит языковую среду.
Бауыржан Омарұлы. Изучение творческого наследия и Муратоведение.
Зардыхан Кинайтулы. Человек с крутым нравом.
Мылтыкбай Еримбетов. Приезд Илияса Жансугирова в Мырзашол.
Кажымукан Габдолла. Человек, сбившийся с правильного пути – потерянный человек.
Центр искусств, образования и красоты.
К. Койтай. Труд, анализирующий прошлое и будущее человечества.
Ербол Тлешев. Участники Алашского движения: низкий поклон борцам, почет и уважение величественным именам.
Асет Аканов. Влияние деятелей Алашорды на национальную духовность.
Куралай Сарсембина. Мусульманская религия является опорой национального духа.
Год-двенадцать месяцев Декабрь.
Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Mannan Turgunbaiuly. Nationalism
Nursultan Nazarbayev. Strategy “Kazakhstan -2050” and the political doctrine “Nur Otan. Creating the Future”.
Seilbek Musataev, Gadylbek Kinanuly. What kind of experience should Kazakhstan get from Chinese Economic Miracle?
Zhania Abdibek. History, historians, and power.
Orazak Smagulov. The influence of power upon history is great.
Elmira Teleuova. If only the political events in history had influence over state policy.
Abdrashit Bakiruly. Again about the national patriotism.
Dosai Kenzhetai. Who are “Intellectuals» according to Yasawi.
Erkebulan Alimkhanuly. Preservation of national identity in the process of globalization is the responsibility of the mass media, the state and the intellectuals.
Amantai Toyshybaiuly. One vector out of many on the national worth is the denial of the nation.
Amirkhan Mendeke. Can non-recognition of own nation be used as a political tool of the state.
Abdizhalel Bakir. Religious relations must be adjusted before starting any conversation.
Egan Aymen. Life is you, death is us.
Dikhan Kamzabekuly. Kazakhs' condition.
Serik Ergali. To say that we need to communicate in a language understandable to all will destroy the language environment.
Bauyrzhan Omaruly. Legacy research and studies on Murat Monkeuly.
Zardyhan Kinayatul. A man of indomitable temper
Mylytkbay Erimbetov. Arrival of Ilias Zhansugirov in Myrzashol .
Kazhymukhan Gabdolla. A person who walks from the straight path is a lost person.
Center of art, education and beauty.
K. Koitay. Work that analyzes the past and the future of mankind.
Yerbol Tleshev. Participants of Alash movement: low bow to the fighters, honor and respect to the majestic names.
Aset Akanov. The influence of Alashorda figures on the national spirituality.
Kuralai Sarsembina. The Muslim religion is the backbone of the national spirit.
Year - twelve months. December.
Table of contents of the magazine in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 10. 2013 ж. қол қойылды. Көлемі 70x108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Қыдыралы ҚОЙТАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Қанафия Телжанов. «Көкпар».

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.